



1921 жылғы
қыркүйектен
шыға бастады

АҚИҚАТ

ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ – САЯСИ ЖУРНАЛ

Журнал 1976 жылы Халықтар Достығы орденімен, 2002 жылы Қазақстан Журналистика Академиясының «Алтын Жұлдыз», 2008 жылы Қазақстан Журналистер Одағының сыйлығымен марапатталды

№11, ҚАРАША, 2014

МАЗМҰНЫ

ЗАМАНХАТ

Жүсіпбек АЙМАУЫТОВ. Қазақтың өзгеше мінездері.....3

ҰЛЫТАУДАН ӨРГЕН ҰЛАҒАТ

Жанабек ЖАҚСЫҒАЛИЕВ. «Қазақ тарихын сүю – қазақ халқын сүю!».....4

КЕЛЕЛІ КЕҢЕС

Жания ӘБДІБЕК. Әлемдегі Исламофобия кімге тиімді?.....10

КЕЛЕЛІ КЕҢЕСКЕ ОРАЙ

Амангелді АЙТАЛЫ. Ислам феномені және Исламофобия.....20

Бақытжан САТЕРШИНОВ. Ислам фобиясы және стереотиптер.....25

Исламофобия туралы Фейсбук әлеуметтік желісіндегі оқырмандар пікірі.....30

ЕРКІН ОЙ МІНБЕРІ

Сейілбек МҰСАТАЕВ. Қазақтың жаны қандай?.....32

ОЙТОЛҒАҚ

Серік ЕРҒАЛИ. Ұлт пен ру және шаңырақ.....39

МӘНІ ЖОҒАЛМАҒАН МАҚАЛА

Аманхан ӘЛІМҰЛЫ. Ұлт боламын десек «Руыңмен у ішпе қазақ!».....45

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Серік АБАС-ШАХ. Ел басына күн туса не істер едік?.....50

ТАНЫМ

Мұстафа ШОҚАЙ. Түркістандағы басмашылар қозғалысы.....55

ӘДЕБИЕТ СЫНЫ

Жанат АЙМҰХАМБЕТ. Көне түркілік танымның қазіргі қазақ поэмаларындағы көркемдік-эстетикалық қызметі.....63

ДІНТАНЫМ

Бахтияр АЛПЫСБАЕВ. Қазақтың ұлттық дүниетанымында Исламның орны қандай?.....73

КЕЛБЕТ

Қыдыралы ҚОЙТАЙ. Тауларға табынған ақын.....77

МЕНИҢ ҰСТАЗДАРЫМ	
Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ. Ұстаздардың ұстазы.....	81
ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ	
Зәкір АСАБАЕВ. Өндерімен де танылған.....	91
ӨЗ СӨЗІМ ӨЗІМДІКІ	
Игілік ӘЙМЕН. Проза және прозаиктер.....	94
ЖОЛЖАЗБА	
Тұрсын ЕЛЕУСІЗҰЛЫ. Италия туралы аңыз бен ақиқат.....	98
СЫРЛЫ ӘЛЕМ	
Әбілмәжін ЖҰМАБАЕВ. Ақсарай аңызы.....	104
ҒАЛЫМ МІНБЕРІ	
Зәріп САБЫР. Бауыржан Момышұлының есімі жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу құралы.....	110
Сералы ПАРМАНОВ, Серік ТАДЖИБАЕВ. Исмаилиттердің Орта Азияға таралуы.....	111
ҚАЛАЙ БОЛСА СОЛАЙ	
Толымбек ӘЛІМБЕКҰЛЫНЫҢ әзіл-оспақ беті.....	114
Журналдың орысша, ағылшынша мазмұны.....	116

ҚҰРЫЛТАЙШЫ ЖӘНЕ ШЫҒАРУШЫ:

«Қазақ газеттері» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор – Редакторлар кеңесінің төрағасы Жұмабек КЕНЖАЛИН

БАС РЕДАКТОР: Аманхан ӘЛІМҰЛЫ

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ: Ораз ҚАУҒАБАЙ, Қыдыралы ҚОЙТАЙ (редактордың орынбасары – жауапты хатшы), Серікқали ХАСАН.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС: Сарбас АҚТАЕВ, Есберген АЛАУХАН, Әділ АХМЕТОВ, Бүркітбай АЯҒАН, Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ, Раушанбек ӘБСАТТАРОВ, Ғарифолла ЕСІМ, Әбіш КЕКІЛБАЕВ, Уәлихан ҚАЛИЖАН, Ғалымқайыр МҰТАНОВ, Нұрлан НЫҒМАТУЛИН, Серік ПІРӘЛИЕВ, Кенжеғали САҒАДИЕВ, Қуаныш СҰЛТАНОВ, Ерлан СЫДЫҚОВ, Кеңес ҮШБАЕВ, Әбдісағит ТӘТІҒҰЛОВ, Бектұр ТӨЛЕУҒАЛИЕВ, Зарема ШӘУКЕНОВА.

«ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ» ЖШС-нің облыстардағы өкілдері: Жанғабыл ҚАБАҚБАЕВ (Ақтөбе облысы) – 8-713-2-55-31-48, Батырбек МЫРЗАБЕКОВ (Қарағанды облысы) – 8-710-2-90-19-73, Толымбек ЫБЫРАЙЫМ (Астана) – 87013457938 Оразалы ЖАҚСАНОВ (Қостанай облысы) – 87772307184.

ҚАЗАҚТЫҢ ӨЗГЕШЕ МІНЕЗДЕРІ

Газета жүзінде қазақтың әртүрлі кемшіліктері түртіліп жазылып жатыр. Мысалы: ұйымсыздық, күндестік, паракорлық, партия, әділетсіз билік, әйелдің халі деген сияқтылар. Рас, мұның бәрі аянышты халдер, бірақ, бұлар әр міннің бұтақтары. Роман, өлең, мақала жазушылар да осындай ұсақ кемшіліктерді көрсетпек. Қазақтағы неше түрлі болып тұрған ауыр халдердің түпкі негізгі, тамыры қайдан тарап, бұл күйге ұшырағанын ешкім қолға алып, мәтбұғат жүзінде қозғап көрген жоқ. Соның үшін бұл терең сауалды жұрттың есіне салып, жүректерді қыздыруға сөз бастап отырмыз.

Бұрынғы уақытта қазақ елі ұйымшыл, ері жауынгер, биі әділ, намысқор, адамы әрі бітімді, қайратты, сауықшыл болған екен. Досымен достасып, жауымен жауласуға табанды, қайғыра да, қуана да білетін халық екен. Рас, бұл уақыттағы ұйымшылдық күні үшін болса да, жүре-бара бет түзеп, қалып алатын сүрені бар сияқты еді, естүімше (*Әрине, халық болған соң түгел самдай, мұнтаздай деуге келмейді, надандық уысында талай оқиға мінездер болған, оған орын беруді артық деп білеміз*).

Ол қылықты түсініп, түзу жолға салушылар болса да дүниәні ғылымдарда кіріп, тамырлап, бұтақтап кетуге ықтимал еді, бірақ, *қожа, молда, ишандардың схолистик (алық) ғылымын таратып, елдің ойын, рухын, қол-аяғын кісендеп, бір кесімді тар жолға тығып, адамшылықты тағдырдың қазығына қылқылдатып байлады да қойды*. Түсінгенше қазаққа дін де оп-оңай сіңіп кеткен жоқ, түсінген соң табандап іске асырғыш еді. Сол кезде халықты меңгеріп ұстап тұратын азулы, айдынды хан сықылды бір күш керек еді, халықтың бақытсыздығына қарай жақсының сиреген кезінде күш кетіп, мынадай соққы жолықты. *Қазақтың ұлттық қалпы өзгерді. Тірлігі, мақсұты басқа, ниеті шалғай, суық бауыр жаттың қолына тиді. «Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса» деген халге ұшырады. Кемеңгер билердің заманы құрып, адамды мал мен пұлға сатып алатын заманға киікті.*

Қазақтың тұрмысы өзгерді. Киіз үйде қыстап, суыққа шынығып, қуатты, қайратты денелі өсетін қазақ тазалығы жоқ, аласа жер үйге кіріп, аурулы, нашар болып, мыжғырланып, еңсесі көтерілмей өсетін қалыпқа түсті. Осы себепті адамның есімі де кеміді. Әрине, тән қуатты болса, жан қуатты, ажарлы болады. Нашар жаннан осал мінездер туады. Мысалы: ойнас, өтірік, өсек сияқтылар. Бұл – бір. Екінші, сол уақта, өзі сүйреп алмаған бірлікке қырсықтың қара басы боп партия деген қағынды тиді. Жауыздық, залымдық қара бұлттай қоршап, халықты астаң-кестең қылып, өзді-өзімен атыстырып, көзді шөл қаптады. Күннен-күнге өршіген қалың сасық тұманнан

шыға алмай адасып келіп-келіп түсіп отырған халіміз, міне – осы күнгі.

Партиядан тарайтын фитнәнің бірсыпырасын айтайық: партия басталғалы мал азайып, кедейлік киікті. Себебі: болыс болатындар аямай малын шашып, құрып болған жағдайда сол малын өзіне түсіре алмай, қалғаны онан жаман құриды. Екінші, партияның малын жаудың малындай ішіп-жеген халық (оны) қайта құсып, қолындағы өз малын азайтты. Партия кәсіпке кіріспеуге үлкен себеп болды. Шаруа жағының қырсығы бұл.

Енді «дін» жағымызға не келтірді?

Қай жұрттың болсын қасиеті уағдашылық, ант-қор еместік, құдайдың атын жеңілге салмаулық еді. Біздің қазаққа аруақ, құдай, ант-иман, құран дегеніміз бержебайшының ісіндей қадырсыз. Құдайға қылған құлшылық, қайыр-садақа партияның бірінсегіне жүріп кетеді. Дінге келген кемшілік осы.

Енді қазақтың мінезіне (ахлаққа) тигізген зияны мынау: ұрлық, зорлық, қорлық, өтірік, өсек, алдау, құлық, сұмдық, айдату, байлату, кісі өлу – рақымсыздық, жалған мақтан, ынсапсыздық, тұрақсыздық, настық, жалқаулық деген нәрселерге шайтанның ұясынан артық болмаса, кем болған жоқ. Бір туысқан түгіл әке мен бала партияға таласып, күндескен соң, адамның жақыны кім болмақ? Әрине, жақыны, досы – жалғыз ғана басы, құлқыны.

Партия халықтың бірлігіне, ерлігіне қолқабыс қылды ма? Намысты қоздырды ма? Жоқ. Бұған таласымыз жоқ. Бірлікшіліміз, ұйымшылмыз, жауынгерміз дейтіндер табыла қоймас, алтыбақандық, қазанбұзарлыққа мақтансақ мақтанайық.

Сүйтіп, ұсақтап келіп, жаужүрек батырларымыздың батырлығы ауыл-үйдің малын ұрлауда қалды. Бұрынғы билердің жұрнағы кішкене дөңгелек жер болып қалды.

Осындай ортада өскен бала да жамандыққа салынып, жігі оқығандарында да көпке шейін таты кетпейтін көрінеді. Мысалы: «құлым», – деп оқып шыққандар халық арасына келсе, қарая бастайды.

Сайып келгенде, қазаққа қалып тұрған өзгеше мінездер: тілі айтқанды қолы қылмайтын – тұрақсыздық, ұйымсыздық, басынан аспайтын – өзімшілдік, ездік.

Халықтың өзіне айтып, мінезін түзеу қолымыздан келмейді. Жалғыз-ақ үмітіміз, қаруымыз – оқығандарда. Оқығандар ендігі жас балаларға өздері үлгі болып, надандықтан шығарып, адамшылықтың жарық жағына сүйреуге міндетті. Соларға қазақтың мінездерін тастатып, айнымай, қажымай, таза жүректен кемшіліктерге қарсы тұрып, бірлік жібіне жармасуларынан басқа не тілей аламыз.



Жанабек ЖАҚСЫҒАЛИЕВ,
тарих ғылымдарының кандидаты

*«Тәуелсіз халықта ғана ұлттық мінез
болады»
(Жеремин де Сталь)*





Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Қайтсем Қазақ елін мәңгілік мемлекетке айналдырам?!» дейтін аса ұлы мемлекетшіл мүдде жолында тынымсыз ізденіс үстінде жүрген халқымыздың аяулы перзенті һәм Ұлт Көшбасшысы. Мәңгілік ел болуды көздеген мемлекет, алдымен өз тек-тамырының тереңнен тартатынын және ата-бабасының өте бай тарихы бар екенін есінен бір сәтке шығармауы тиіс. Ұлттық идеяның өзегі – ұлт тарихында. Мұны Елбасы ешқашан назардан тыс қалдырған емес. Ел тәуелсіздігімен бірге елімізде жаңа ұлттық тарихи сана қалыптастыру бағытында қыруар жұмыстар атқарылды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Ұлытауда туған халқымен бірыңғай ана тілінде бөліскен, көңіл түкпірінде жүрген жан тебіренерлік сыр-толғанысының өзегі де ұлт тарихымен біте қайнасып жатыр. Иә, «Қазақ тарихын сүю – қазақ халқын сүю!» ХХ ғасырдың басындағы Алаш ұлттық саяси элитасының ұлт тарихына арналған соны зерттеулері мен жарқын істері бұған дәлел. Сөздің қысқасы, Қазақ үшін қасиетті де құтты мекен Ұлытауда Н.Ә. Назарбаев тамылжыған тамыз айының соңында көпшіліктің көкейінде жүрген күпті ойларды дөп басатын салиқалы сұхбат берді. Елбасы: «Біз Тәуелсіздік жариялағанда Қазақстандағы қазақтың саны 40 пайыз болатын. Қазір, міне, қазақтың саны 65 пайызға жетті... Құдайға шүкір, жыл сайын халқымыздың саны артуда. Оның ішінде қазақтың саны көбеюде»,

«ҚАЗАҚ ТАРИХЫН СҮЮ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫН СҮЮ!»

– деді. Бұл жерде Президент статистиканы сәл жұмсартып айтып отыр. 2009 жылғы халық санағы бойынша жергілікті халық – қазақтар біршама көбейіп, жалпы тұрғындар арасындағы үлесі 67%-дан асқан (**Қозыбаев М., т.б. Қазақстан тарихы (1914-2009 жж.): 9 сыныпқа арналған оқулық – Алматы: «Мектеп», 2009. – 205-б.**) болатын.

Еліміз тәуелсіздік алғанда мемлекеттің негізін қалаған ұлт – қазақ өзінің кіндік қаны тамған туған топырағында небәрі 40-ақ пайыз болғаны тарихи шындық еді. Тіпті, солтүстік облыстарда байырғы ұлттың саны 20%-дан да төмен құлдырағаны ешкімге жасырын емес. **1959 жылғы халық санағы бойынша, республикада тұратын жергілікті ұлт өкілдерінің саны 2 млн 787 мың, яғни, Қазақстанды мекендеген барлық тұрғындардың не бары 29%-ын ғана құрап, өз жерінде ұлттық азшылық жағдайына түскенімізді қазір мектеп оқушысы да біледі. Сол төменгі көрсеткіш халқымыздың балажандығының арқасында ғана 1960-1991 жылдар аралығында азда болса көтеріліп, еліміз тәуелсіздік жариялаған тұста қарақөздердің ұзын саны 7 млн-ға жетіп, соның өзінде республика халқының тең жартысын да құрай алмаған еді. Бұған қандастарымыздың көпшілігі өз ана тілін білмегенін қосыңыз және мұның зардабын әлі де тартып келеміз. Тарихи тәжірибеге сүйенсек, мемлекет тарихында мемлекет құраушы ұлттың саны ерекше рөл атқаратындығы белгілі.**

Біз осындай ауыр халге қалай түстік? Ол үшін тарихқа сәл шегініс жасағанымыз дұрыс. 1913 жылы «Қазақ» газетінде қайран Ахаң, Ұлт Ұстазы А. Байтұрсынов «Әлхамдүллаһи, әйтеуір қазақ 6 миллионға жеттік» деп қуанған екен. Тура бір ғасыр, яғни, жүз жыл өткеннен кейін республикадағы қазақтың саны 11 миллионнан сәл ғана асса, деректер бойынша



сол кезде шамамен 700 мыңдай болған «өз ағамыз» өзбектер қазір 30 миллионға жетіпті. Көршілеріміз сияқты еселеп өсудің орнына қазақ халқы атамекенінде тұрып-ақ

құрып кетудің алдында тұрды. Неге? XX ғасырда қазақтай азап көріп, «мың өліп, мың тірілген» халық Жер бетінде жоқ. Біріншіден, кенестік кезеңде қазақ қолдан жасалған ашаршылық, ұлт асылдарын қынадай қырған қуғын-сүргін, нәубет пен зобалаңдар, әр түрлі қақтығыстар мен соғыстар, т.б. салдарынан қырылды. Қазақ даласында өліктер тау-тау болып үйіліп жатты. Кремль қожайындары қазақты шыбын құрлы көрмеді. Екіншіден, «голощекиндік геноцид» кезінде жан сақтау мақсатында көрші елдерге миллиондаған қандастарымыз көшіп кетуге мәжбүр болды. Үшіншіден, әуелі патшалы, кейін кеңестік Ресей тұсында әртүрлі делимитациялар (шекара межелу) тұсында «кесіліп қалған» жерлерімізбен бірге қандастарымыз шекараның арғы жағында көздері мөлдіреп қала берді. Бағзыдан бүгінге жеткен топонимдік деректерді зерделесек, Қазақ халқы бодандық дәуірінде ата мекеннің үштен бірінен айрылды. Еділ (Волга), Хажығархан (Астрахань), Сарытау (Саратов), Селебе (Челябинск), Қорған (Курган), Орынбор (Оренбург), Төмен (Тюмень), Барнауыл (Барнауыл), Үстікүт (Усть-Кут), Ащылы (Ачинск), Байкөл (Байкал), Енесай (Енисей), Аңғар (Ангара) деп аталатын ондаған-жүздеген елді мекендер мен жер-су атауларының күні бүгінге дейін таза түркілік-қазақтық мән-мағынада айтылуы көп жайды аңғартатын айғақ.

Тек қана Кеңес заманында 5 миллион қазақ репрессия мен аштықтың құрбаны болып, 2 миллиондай қазақ шет елді паналауға мәжбүр болды. Қазір 4 миллионнан астам қазақ дүниежүзінің 32 мемлекетін паналап, тілі мен діні әртүрлі ортада ғұмыр кешуде (Жолдасбекұлы М., Салғараұлы Қ., Сейдімбек А. Елтұтқа. Астана, 2001, 10-б.).

Елбасы Н. Ә. Назарбаев айтқандай: «Тарихын білмеген ұлттың болашағы бұлыңғыр. Мысалы, керемет үлкен еменнің тамыры терең болмаса, ол дауылға шыдап тұра алмайды. Сондықтан, тарихымызды таныту үшін көп нәрсе жасап жатырмыз». Нағыз ұлтжанды Алаш баласын тәрбиелеу үшін көршілеріміздің көңіліне қарамай нағыз ақиқат айтылуы керек. Сондықтан, тарихтың бұралаң жолдарында үштен бір жерімізден айрылып

қалғанымызды, соған байланысты Ресей мен Қытайдың жер аумағы кеңейіп, қазақ жері тарылғанын бүгінгі мектеп партасында отырған әрбір жас өскін біліп өсуі тиіс. Тарих әділдікті іздейді, бұрмалауға жол берілсе, ол тарих болудан қалады. М. Шоқай айтпақшы, «Тарих ешқашан ешкімді аямайды». Айтуға ауыз бармайды, халқының саны көп, бірақ, мемлекеті жоқ, жат жұрттың жетегінде жаутандап өмір сүріп жатқан тарихи тағдырлары баянсыз халықтар (*ұйғырлар, курдтар, т.б.*) қаншама?! Ұлтымыздың басынан өткен талай тауқымет пен өзімізбен тағдырлас халықтардың тартқан азабын таным таразысына салсаң, қазіргі тірлігімізге тәуба демеске лажың жоқ. Француздың ұлы гуманист ғалымы Ашиль-Клод Дебюсси «Кез келген билікті бағалаудағы өлшем сол мемлекеттегі мемлекет құраушы халықтың санының өсіп немесе кемуінен байқауға болады», – деген екен. Бұл даналық сөз қазіргі Қазақстан билігі ұстанып отырған ішкі-сыртқы саясаттың өресімен өрісін аңғартқандай. Осылай, «ел аман, жұрт тыныш болса» қазақ халқының саны өз Отанында әлі де көбейе беретінін уақыттың өзі көрсетіп отыр. Қазақтың саны – Қазақтың айбары! Қазақтың саны – Қазақтың рухы! Қазақтың саны – Қазақтың болашағы! Қазақ «Көп қорқытады, терең батырады», дегенді бекер айтпаса керек. Одан әрі Президент Н.Ә.Назарбаев қаққан қазықтай қылып: «Елімізде жыл сайын 100 мыңнан астам бала мектеп бітіреді, соның 80 пайызға жуығы қазақ тілінде оқыған. Қазір орыстікі болсын, басқаныкі болсын, барлық мектептерде қазақ тілін оқыту міндетті болып саналады», – деді.

Қазір Құдайға шүкір, өзіміздің қаламызда да тәуелсіздік тұсында ашылған №№1 0,27,30,33,34,36,37,38,40,41,42,43,44,45,46 мектептердің бәрі қазақ тілді. Бейнелеп айтсақ, қаламыздың шеткі аудандарында жаңадан салынған қазақ тілді мектептер шаһарды сақиналап, шеңберлей бастағандай. Бұрынғы орыс мектептерінің өзі алдымен аралас мектепке айналып, сосын қазақыланып жатыр. Мысалы, №№1,2,4,5,12,19,20,22,25,26 т.б. мектептер. Әрине, Қазақстанның Ресейге шығатын батыс қақпасы, яғни, шекаралық қала саналатын өзіміздің Орал шаһарында

да қазақ мектептерінің жыл өткен сайын көбейіп, қарадомалақтардың саны еселеп артып келе жатқанына жаның сүйсінеді. Сұхбатында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Кеңес Одағы кезінде тікелей орыстандыру саясаты жүргізілгенін» ашық айтты. Тың және тыңайған жерлерді игеру жылдарынан бастап, яғни, 1954 жылдан 1986 жылға дейінгі аралықта елімізде академик К.Нұрпейісовтің дерегінше, 700 қазақ тілді мектеп жабылған. Кеңес өкіметінің қазақ даласын отарлауды, «орыстандырудың ең төте жолын – мектептен» бастағанын қазір ғалымдар індетте зерттеуде. Кеңестер билігі тұсында ұзақ жылдар астанамыз болған, миллионнан астам тұрғыны бар Алматы қаласының өзінде бір ғана қазақ мектебі болса, сол тұста Орал қаласында да жалғыз-ақ қазақ мектебінің (бұрынғы атауы пансион, қазіргі С.Сейфуллин атындағы №11 мектептің) болғанын осы ретте айта кеткеніміз жөн. Сөз орайында оқырманның назарын мына фактіге аударғым келеді. Орал қаласында тілге қатысты өткен бір конференцияда Қадыр Мырза Әлі ағамыз жақсы мысал айтты. Сол кеңестік кезеңде Өзбекстанның Ферғанасында, қателеспесем қаланың өзінде 20 қазақ мектебі болған екен. «Өз ағаларымыз» бізді ойлағаннан қазақ мектептерін ұстамаған, егер, олар жабыла қалса, бұларды өзбек мектебі емес, орыс мектебі қылатынын білгендіктен солай істеген. Өзбектер айтады екен: «орыс болғың келсе, әуелі қазақ бол» деп. Бұл жерде Қазақтың Қадырының айтқысы келген негізгі ойы біздіңше, өзбекті дәріптеп, қазақты кеміту емес. Керісінше, бодау замандағы бауырлас екі халықтың ұлттық мәселедегі іс-әрекетін шендестіру арқылы қазағына жеткізген назы деп түсінгеніміз жөн.

Ұлтымыздың алтын бесігі саналатын Ұлытауда Елбасы «Біздің елдігіміз, қазақ жұртының арғы түбі ғұндардан басталады. Ғұндардан кейін көк түріктерге жалғасады. Одан кейін Алтын Орда орнығады. Сөйтіп, хандық дәуірге ұласып, кейін біртіндеп Тәуелсіздікке келіп тіреледі. Осындай үлкен тарихымыз бар. Жастарымыз мұны білугі керек. Біз кеше ғана пайда болған халық емеспіз», дегенді нығырлап тұрып айтты. Сөйтіп, Елбасы қазақ мемлекеттілігі – тарихи тамы-

рын тереңнен тартатынын және тақыр жерге шөп шықпайтынына жалпақ жұрттың назарын аударды. Бұл санасы бар жанға сіңіріле айтылған сарабдал сөз. Иә, Атыраудан Алтайға дейін, Арқадан Алатауға дейін созылып жатқан, ұшса сұңқардың қанаты, шапса тұлпардың тұяғы талатын ұланбайтақ дала – ұлы бабалардан бізге қалған киелі де қасиетті мұра.

Таққа отырған Ежелгі Рим императорлары *«Тарих менен басталады»* деп айтқанды ұнатады екен. Кешіріңіз, осындайда француз жазушысы Александр Дюманың (әке Дюма) *«Құдай болашақты ғана өзгертіп, жаңарта алады, ол өткеннің ештеңесін өзгерте алмайды»* деген аталы сөзі ойға оралады. Тарихқа жүгінсек, қазақтың мемлекеттілік тарихы, ерлік һәм жауынгерлік дәстүрі мен мәдениеті аса бай ұлт екенін көруге болады. Сақ дәуіріндегі бабаларымыз алтыннан соғылған сауыт киді. Соның өлшемдерін байқап көрсе, қазіргі әлемдік деңгейдегі ірі зауыттардан шыққан алтын бұйымдардан сәл ғана қалыс қалады екен. Сапасы қай жағынан болса да жоғары деңгейде жасалған. Мұның бәрі тамырымыздың текті екенін білдіреді. Тарихта төрткүл дүниені дүбірлеткен талай империялар өткен. Сайын даланың апшысын қуырып, сәйгүліктері құйындай жүйткіген қаһарман бабаларымыз да ешкімнен қалыспаған. Айбынды Ғұн державасын құрған құдіретті Мөде Тәңірқұттың: *«Жер дегеніміз – мемлекеттің негізі, оны қалай береміз?»* деген айбынды сөздері айналасындағы көршілердің аяғын тартқызып. Ұлы даланың жауынгер оғландары ғұндар мінген атты әскердің дүбірі қарақұрым қытайды талай мәрте аяғынан тік тұрғызып, тіпті, оларды алым-салық төлеуге мәжбүр еткен. Бір бойда үйсіндер 180 мың, қаңлылар 120 мың жауынгерді атқа қонғызған. Алғашқы орта ғасырда Еуразияда құрылған Түрік қағанатының жер аумағы шығыста Алтайдан бастап, батыста Каспий теңізіне дейінгі аралықты алып жатты. Қағанат оңтүстік-шығысында Қытаймен, оңтүстік-батысында парсы елімен шектесіп, ұланбайтақ аумаққа билік жүргізді. Кейінгі орта ғасырда Ертіс пен Дунай өзендерінің аралығында жалпағынан жайылып жатқан Қыпшақ хандығының жер аумағына әлемде

теңдесетін бірде-бір мемлекет болмаған екен. Елбасы атап көрсеткендей келесі кезең – Алтын Орда дәуірі. Бұл мемлекеттің негізгі халқын қыпшақтар құрады. Соған сәйкес мемлекеттік тіл – қыпшақ тілі болды. Кезінде орыстардың өзі Алтын Ордаға бағынышты болып, кейін олар қолайлы саяси жағдайды қапы жібермей Алтын Ордан бөлініп шыққан хандықтарды (Қазан, Астрахан, Сібір, Ноғай, т.б.) жеке-жеке жаулап, бағындырды. Ресей империясын құру жолында орыс патшалары Алтын Орданың саяси-мемлекеттік құрылымының ұңғыл-шұңғылын мұқият зерттеп, оның мықты және осал тұстарын сүзгіден өткізді. Әлі күнге дейін орыс отаршылдығы зерттелмей жатқан тың тақырып. Алып империя құрған халық осал емес. Сайып келгенде орыстар өзіне керектінің негізін Алтын Ордан үйренген. Деректерге сенсек, кезінде орыс патшасы Мәскеудегі атақты Қызыл алаңды салдырарда оның жоба-үлгісін Сарайшықтан, Кремль қорғанының жоба-үлгісін Бату Сарайынан алыпты (Тәттіғұлов Ә. *Өмірдің өзіндей мәңгілік. // Ақиқат, №3, 2000, 43-б.*). Бірақ, орыстар Алтын Орда тарихын империя мүддесіне орай бұрмалап жазды. Куликово шайқасындағы орыстардың жеңісі маркстік-лениндік кеңес тарихнамасында асыра дәріптеліп, сол кезеңде білім алған ұрпақ – бұл соғыста өзінің ата-бабасы жеңіске жеткендей сезінді. Бұл, сөз жоқ, кеңестік идеологияның мықтылығы еді. Осы шайқастан кейін іле-шала Тоқтамыстың Мәскеуді өртегені кеңестік тарих оқулықтарында солғын баяндалды. Елбасы сұхбатында: *«Мына тұрған қайындар, мынау жер сонау Жошы ханның да, Алаша ханның да, Тоқтамыстың да, Едіге батырдың да – бәрінің көзін көрген шығар»* дегенді айтты. Мәскеу жорығының шынайы тарихын қазіргі зерттеушілер «Тоқтамыс 1381 жылы Алтын Орданың ханы болып сайланады. Тоқтамыс хан мен Едігенің біріккен кезінде Алтын Орда бәрін біріктірген көршілері үшін айбынды мемлекет болды. 1382 жылы Мәскеу князі Дмитрий Донскойды тәубесіне келтіру үшін өзі бастап жорыққа аттанады. 1382 жылы тамыздың 23-інде Кремльге ат басын тіреп: «Дмитрий осында ма?! – деп айғай салады. Қаланы жусатып сап, қайтып кетеді. Дмитрий Донской қаланы өлік-

тен тазарту үшін әрбір сексен өлікке 1 сом күміс ақша беріп көмдіреді». Осыны көрнекті орыс тарихшылары Соловьев пен Карамзин өз жазбаларында қазынадан төленген барлық күміс ақша 20 мыңдай болды деп тәптіштеп тұрып көрсетеді (*Боранбай Ж. Тарих таразыланбай таным түзелмейді. //Ақиқат, №3, 2014,61-62бб.*). Алтын Орданың соңғы тұяғы – Қазақ хандығы.

Қазақтың саяси дүниетанымындағы мемлекетшілдік сана өз алдына жойқын зерттеуді қажет ететін күрделі тақырып. Соның бір ерекше әдіптелетін қыры – дәстүрлі қазақ қоғамында қара халық ешқашан Ресей тарихындағыдай патшаға қарсы (*И. И. Болотников, С. Т. Разин, К. А. Булавин, Е. И. Пугачев*) қылыш суырып, найза кезмеген. Біздіңше, мұның сырын «Көшпенділер өркениетінің күдіретінің бірі – хандық билеу құрылымынан (*М.Қозыбаев*)» іздеген жөн сияқты. Әйтпесе, алақандай Нарында он күн бойы Хан ордасын қалтыратқан Исатай Тайманұлының «өз мүмкіндігін мүлті жіберуін» басқаша түсіндіру қиын. Дәстүрлі қазақ қоғамында бұқара мен билік арасында ғасырлар бойы сақталған тепе-теңдік бодау заманда бұзылды. Бұдан қара қазақтың басындағы қасіреттің негізгі төркіні отаршылдық саясатта жатқандығы нақтыланады (*Жақсығалиев Ж. Исатай батыр Жәңгір ханның Ордасын неге шаппады?// Орал өңірі. 11 шілде 2013 жыл*). Сондықтан, Қазақ даласында болған көтерілістер негізінен отаршылдыққа қарсы бағытталып, ұлт-азаттық сипатқа ие болды. Бірақ, соған қарамастан кезінде орыс патшалары шегінен кеменгер ретінде дәріптеліп, мұны ақын Ғафу Қайырбеков «Басқаның патшасының бәрі жақсы, неліктен біздің хандар жаман болған» деп жырға қосты.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев бұл жолы геосаяси мәселелер жөнінде де тарқата айтты. Президент сөзінен мысал келтірейін: «Картаға қарайық, Қазақстан құрлықтың дәл ортасында орналасқан. Теңізге шығатын жолымыз жоқ. Қазақстанда екі қабатты бір үй салу бағасы Малайзияда сондай 10 үй салу құнымен бірдей. Неге? Біздің елдегі суық

40 градусқа дейін жетеді. Ыстығымыз да солай. Ал, Малайзияда да, Сингапурда да ауа райы біркелкі. Бізде зауыт, фабрика салу Малайзиядан 5-6 есе қымбат. Ал, енді, олар теңіздің, мұхиттың жағасында отырған соң тауарын кемеге тиейді де, арзан жолмен жібере салады. Біз мына Қарағандыдан, Жезқазғаннан мысты пойызға тиіп, анау Қара теңіздің жағасына жеткізгенше әр шақырымына ақша төлейміз. Қытайға, Ресейге жеткенше ақы береміз. Анау Еуропаға барғанша қыруар ақша жұмсаймыз. Сонда, біздің «теңізіміз» не болды? Біздің «теңізіміз» – Ресей территориясы. Біздің «теңізіміз» – Қытай территориясы. Осы екі мемлекетті теңіз деп санасақ, біз солардың жағасында тұрмыз. Енді, біз осылармен сауда-саттық жасамасақ, онда экономикамыз қалай өседі?» деді. Осылай, орналасқан жеріміздің геосаяси тұрғыда қиындығын Ұлт Көшбасшысы қисынды қылып айтты. Мұны Өтемістің ұлы Махамбетше айтсақ, «Бұл қонысқа қондырған, ата-бабам оңбасын, танда сират басында». Қазақ халқында бағзыдан келе жатқан «Көршіні Құдай қосады» деген тәмсіл бар. Қазақстанның экономикалық жағынан тұйық кеңістікте орналасуы өз алдына, әлемдегі алып мемлекеттердің қатарына кіретін ұлы көршілерінің ырқында кетпей, дербестігін сақтап, мемлекеттілігін нығайтуы қай заманда да өткір тұрған мәселе. Экономикалық мүдделердің қашан да саяси мүдделермен ұштасып жататындығы тағы рас. Өз дәуірінің ірі геосаяси ойыншылары Әбілқайырдың Ресей және Жоңғариямен, Абылайдың Ресей және Қытаймен барынша арбасып баққанын, соның нәтижесінде империялардың жемсауында жұтылып кетпей елі мен елдігін сақтап қалу жолында нағыз шығыс саясатшысына тән стратегиялық айла-амалдар мен тактикалық әдіс-тәсілдерді Қазақ дипломатиясының өзегіне айналдырғанын тарихтан жақсы білеміз. Олардың да басқалай жолы болмаған. Елбасының бұдан бұрын айтқан «Менің кабинетімде Абылай мен Әбілқайыр ханның портреттері ілулі тұр» деген сөзі осы ойымызды қуаттай түскендей.

Қазақстанның қуатты державалардың нақ ортасында орналасуы, оның мұнайдан түсетін мол қоры, елдің көл-көсір табиғи байлығы, көптеген елдердің қуат көздеріне зәрулігі еліміздің халықаралық сахнада өзіндік салмақты орны һәм саясаты бар мемлекет екенін көрсетеді. Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Қазір үлкен мемлекеттердің мүдделері Қазақстанда түйісіп отыр. Біріншіден, біздің энергетикалық ресурстарымыз үшін түйісіп отыр. Оған Америка, Ресей, Қытай, Еуропа және басқалары мүдделілік танытуда. Ал, біз мұнда тек Қазақстанның мүддесін көздейміз» (*Назарбаев Н. Ә. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан туралы салиқалы сұхбат // Алтын Орда. 2007. -17-19 көкек*) деді. Қай кезде де ел басқару оңай болған емес. Қай заманда да, қай қоғамда да дара тұлғаның жөні бөлек. Солай болған, солай бола да береді. Елім деген, жерім деген ерлердің тарихтың тар тұстарында қандай іргелі істер атқара алғанына кәрі тарих куә. Әлемдік саясатта кез-келген уақытта оқтын-оқтын болып тұратын саяси ойындар мемлекет тізгінін ұстаған билеушінің бойынан дара бітімді, харизматикалық тұлғаға тән көптеген меритократиялық қасиеттерді талап етеді. Оның үстіне Қазақстанның геосаяси орналасуы жағынан ғасырлар бойы аз зардап шекпегенін қосыңыз.

Ұлытаудағы толымды толғанысын Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев: «Біз мұнайды, темірді, көмірді тасымалдап жатқан елміз. Біздің мемлекетіміз бұдан қаншама пайда тауып жатыр... Экономика өсіп-өнбесе, басқа шаруаның бәрі шешілмейді. Тіл де, дін де жайына қалады. Қазақтың да жағдайы жақсармайды. Сондықтан, бұған түсіністікпен қарау керек», – деді. Қазақстан Республикасы Менделеев кестесіндегі элементтің бәрі бар, минералды энергетикалық ресурстарға өте бай мемлекет. Осы байлық, Қазақ жерінің астындағы, үстіндегі барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет жасауы тиіс. Ә.Бөкейхановша айтсақ, «Оның әрбір түйір тасы әр қазақтың өңіріне түйме болып қадалу керек». Жер асты байлығы өте мол елдің иесі болу, жас ұрпақтың

елін, жерін, ұлтын сүюден басталады. Рухани азыққа бай, ұлт мүддесін жүрегімен сезетін саналы ұрпақ тәрбиелеу өзекті. Тіршілік заңы – күрес. Әлемде геосаяси ойындар әдеттегідей тоқтаусыз жүріп жатыр. Бұрын бабаларымыз ғасырлар бойы ұлт азаттығы жолында қанын төгіп, жанын берсе, ендігі күрес, ендігі мақсат – тәуелсіздікті мәңгілік ету. Осы ретте аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, білімі кемел Ә. Кекілбайұлы: «Мынау өліп-талып келген тәуелсіздікті ақымақ иттің алдына қойған ас сияқты төгіп алатын болсақ, ертең біздің күніміздің не болатыны әлі белгісіз. Оның үстіне бізге алтын сандықтың үстінде отырған алты жасар бала деп қарайтындар бар. Мен баяғыда тәуелсіздік алған жылы да осылай сөйлегенмін. Соған әлі де көзім жетіп келе жатыр. Жер астында жатқан байлық қазақтың бағы ма, соры ма, оны тарих шешеді... Тарихтың өрмегін сен тоқымайсың, ұлт тоқымайды. Тарихтың өрмегін бүкіл адамзаттың коллизиялары тоқиды. Сен соның қайсысына шыдам бере аласың, қайсысына ақылң жетеді, қайсысына күшің жетеді, қайсысына айлаң жетеді, қайсысына арамдығың жетеді» деген еді (*Кекілбайұлы Ә. Сырым – дала демократиясының реформаторы // Орал өңірі. – Орал. 2007. -13 қыркүйек*). Осы айтылғандардың бәрі ел тізгінін ұстаған ел ұстарларының, игі жақсылардың мойнында, өз халқының алдында қаншалықты жауапкершіліктің жүгі бар екенін көрсетеді. Осы орайда, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың нағыз Ұлт Көшбасшысына тән асқақтықпен: «Біздің ең жоғары бағалайтын байлығымыз – Тәуелсіздік! Ата-бабамыздың қанымен, терімен келген тәуелсіздікті біз ешкімге бере алмаймыз. Оны қасық қанымыз қалғанша қорғауымыз керек. Сондықтан, бұл жөнінде ешқандай күдік болмасын» деп Алаш жұртының ешкімге жалтақтамайтынын әлем алдында паш етіп, бек сенімді сөйлеуі, қалың қазаққа қарата айтқан Ұлытаудағы ұлағатты сөзінің тобықтай түйіні.



Жания ӘБДІБЕК,
журналист

ӘЛЕМДЕГІ ИСЛАМОФОБИЯ КІМГЕ ТИІМДІ?

немесе

Исламофобия: себептері мен салдары

Әлемде «Исламофобия» ұғымына әртүрлі анықтама беріледі. Дүниежүзіндегі ең танымал Википедия сөздігінде: «Исламофобия – ислам дініне қарсы реакциялардың жиынтық түсінігі және сонымен байланысты қоғамдық құбылыстар» делінсе, Г. Энгельсгардт и А. Крымин атты зерттеушілер «Исламофобияны» мұсылман халықтары өздеріне қарсы деп бағалаған әрекеттер мен пікірлер жиынтығы» дегенді айтты. Ал, британдық профессор Гордон Коннуэй, «Исламофобия БАҚ арқылы қоғамның барлық саласына таралатын Ислам мен мұсылмандардан үрей мен жсеккөрушілік» деген анықтама берді. Іс жүзіне келсек, Исламофобия 2001 жылы 11 қыркүйектегі АҚШ-тағы теракттан кейін мүлде ушығып, қоғамда қорқыныш тудыратын терминге айналды. Сонда, Исламофобия табиғи ресурстарға бай мұсылман елдерін «құбыжық» етіп көрсетіп, әлемді өшіктірудің амалы ма? Әлде, АҚШ халқын топтастыратын «мүдде», яғни, идеология құралы ма? Осы және өзге де мәселелер журналымыздың «Келелі кеңесінде» талқыланған болатын. Кеңеске Абай атындағы ҚазМҰУ оқытушысы Әзімбай Ғали, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, з.ғ.д., профессор Зайлағи Кенжалиев, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ф.ғ.д., профессор, әл-Фараби Орталығының директоры Жақыпбек Алтаев, қоғам қайраткері Дос Көшім, философ Әбдірашит Бәкірұлы, ф.ғ.к., PhD доктор Әсел Байелі, дінтанушы Рақымжан Әкімбеков қатысып, Исламофобия себептері мен салдары туралы ойларын айтқан еді...

– Әлемде Ислам әлеміне қарсы түрлі әрекеттер жасалып жатыр. Оның бір жарқын дәлелі – дүниені дүр сілкіндірген Бен Ладен секілді қолдан жасалған «образдар», Құранды өртеу, антиисламифильмдер, ақпараттық бұрмалаулар, Қиыр Шығыстағы бітпейтін лаң, «Араб көктемі», т.б. Бірақ, осындай «өзгенің қолымен от көсейтін» «сыртқы күштердің» әсерінен Ислам халықтары қалай қорғана алады? Исламофобия неліктен туындады және кімге тиімді?



Әбдірашит Бәкірұлы: – «Исламофобия» пайда болуы себептерін анықтау үшін өте күрделі зерттеулер жүргізу қажет. Оны қазіргі глобалды-жаһандану, өркениет – мәдениет – діндер қақтығысы, батыс пен шығыс әлемі, экономикалық және адамзаттың психологиялық күйзелісі сияқты

мәселелерімен біріктіре қарап, «Исламофобияны» соның ушыққан көрінісінің бірі деп санау қажет. Мұнда, «Исламофобияны» өршітуге мүдделі сыртқы күштерді анықтаумен бірге, қазіргі ислам әлемінің ішкі жағдайына да сыни көзбен қарамаса болмайды. Әсіресе, өздерін «мұсылман елдеріне» жатқызатын халықтар мен Ислам мәдениеті өкілдері мұны ашық түрде талқылап, жариялап отырулары тиіс. *Бәленің бәрін сырттан іздеу – «Ислам әлемінің дағдарысы» мен оның қайшылықты ішкі жағдайын өздігінен шешіп бере алмайды. Мысалы, Ислам әлемі өздерін «мұсылмандық арқылы біріккен біртұтас әлем» деп санайды. Бірақ, шын мәнісінде, мұсылмандар «біртұтас әлем» емес. Олар жыл сайын қажылыққа бару арқылы бір рет бастарын қосып, тұтастығын осы әрекетпен танытып отырса да, одан өзге уақытта олар өз бетімен өмір сүруде... Бір жағынан, бүкіл мұсылман қауымының басын қосатын «Қажылық»*

та өзге әлемде алаңдаушылық тудыруға қабілетті, яғни, «Исламофобияны» тудырушы фактордың бірі бола алады. Алайда, бүкіл мұсылман қауымының бірігуіне негіз болатындай ол «тұтастықты» (қажсылықты) Ислам өкілдерінің өздері «Халифат құру» идеясы арқылы жоққа шығаруда. «Халифат» идеясы, басқа әлемді айтпағанның өзінде, қазіргі көптеген тәуелсіз Ислам елдерінің өзіндерінде «тәуелсіздікке төнетін қатер» деп бағаланып, көптеген мұсылман халықтарды «Ислам әлемі тұтастығына» сезікпен қарауға жетелеп жатыр. Сөйтіп, ондай сезік әлемдік кеңістікте «Исламофобияны» тудырушы қосымша факторға айналып отыр. Ол аз десеніз, қазіргі діндердің адамдарды өзіне тарту бәсекелестігі күшейген кезде өзге діндерге «Халифат дүниежүзілік соғысқа әкелуі мүмкін» дегенді алға тартып, мұсылман қауымы есебінен өз қатарларын көбейтуге мүмкіндік беріп жатыр. Яғни, бүгінде Ислам діні атынан әрекет ететін «ислам сарбаздарының» «Ислам жихады» немесе террорлық әрекеттері – әлемдік діни ортада онсыз да күшейе түскен «Исламофобиялық көңіл-күйдің» артуына ықпал етуде. Ең өкініштісі, мұндай «сылтауды» Ислам әлемінің өзі ұсынып отыр. Тегіннен-тегін! Ал, бұл нені білдіреді? Бұл – қазіргі заманда Ислам өзін-өзі жетілдіріп отыруы керек дегенді білдіреді. Мысалы, Халифат заманынан қалыптасқан Ислам қағидалары халифат жойылғаннан соң, әр халықтың мәдениеті, салт-дәстүріне икемделініп, өзгерістерге ұшыраған. Бірақ, осыны ескергісі, тіптен, мойындағысы келмейтін ортадоксті Ислам – өзінің діни-теориялық дамуы тұрғысынан кенжелеп, ұтылып жатыр. Сондықтан, әлі күнге дейін Исламды тек қана «Араб әлемімен» байланыстыра қараудан арыла алмай келеді. **Қазіргі Ислам өзінің ымыраға келе алмай отырған ішкі тармақтарын айтпағанда (сүннит пен шиит), «мұсылмандық» «дегеніміз қазіргі заманда «араб», «түркілік», «үнділік» әлемдердің, одан қалса – Африка зеңгілері мен еуропалықтар әлемінің тұтастығы екенін, соған байланысты ондағы елдер мен географиялық кеңістікте тек соларға ғана тән «дәстүрлі Ислам» қалыптасып үлгергенін және де, бұл «дәстүрлі Ислам» – Исламның негізгі канонына қайшы еместігін жария етуден тартынып отыр.** Содан келіп, дәстүрлі Ислам

елдеріне өзге діндер келіп, «Исламофобия» деген мұсылман қауымның өз ортасына егуге жол ашты. Ендеше, жағдай осылай болғасын, ислам әлемі «Исламофобияны зерттеуді» емес, «оны болдырмау жолын» көбірек іздестіруі қажет сияқты. Әсіресе, бұл қазіргі адамзаттың рухани дағдарысты кезеңі басталғанда – тез қолға алынуы тиіс шара! Менің ойымша, бұл миссияны қазір «Араб әлемі» атқара алмайтын сияқты. Олар өздерінің гегемонды жағдайын сақтап қалу үшін, Ислам атынан жасалып жатқан террорлық әрекеттерді ашық айыптаудан тысқары қалып отыр. Оған сыни баға бермеуде. Ал, «үнсіздік» – «оны қолдау» деп қабылдануда. Олай болса, бұл миссияны атқаратын, әлемді Исламофобиядан арылта-тын бірегей күш – «Исламдық түркі әлемі» десем – қателеспеймін! Олай деуге толық негіз бар.



Жақыпбек Алтаев:

– ХХІ ғасыр жаһандану дәуірі тұсында Ислам діні мен құндылықтары трансформациялық кезеңін бастан кешіріп отыр. Еліміздегі діни құбылыстардың үлес салмағы Ислам діні төңірегінде өріс алуда. **Исламның әлемдік көрінісіне баға берсек, Исламды ескі еуроцентристік, біржақтылық көзқараспен қарау қалдықтары әлі де бар екендігіне көзіміз жетеді. Исламға деген тұрпайы көзқарас, яғни, Исламофобия деген көзқарас әлемдік деңгейде белең алды.** Жалпы алғанда, «фобия» деген сөз қандай да бір құбылысқа үрей мен қорқыныш дегенді білдіреді. Ал, «Исламофобия» деген түсінік Ислам діні мен құндылықтарына және мұсылмандарға теріс көзқарастан, қорқыныштан туған ұғым. **Белгілі еуропалық шығыстанушы ғалым Этьен Дине 1922 жылы жазған «Батыстың көзімен қарағандағы Шығыс» деген эссесінде «Исламофобия» ұғымын алғаш айналымға енгізді. Тіпті, қазіргі таңда да кейбір БАҚ беттерінде Ислам мен шариғаттың ғылымға, жергілікті дәстүр мен мәдениетке қарсы сипаты жайлы әңгімелері мұсылман мәдениетін азырақ білетін адамның күлкисін келтіреді.**

Егер, тарихқа үңілетін болсақ, Ислам діні таралған уақыттан бастап, VII-XVI ғасырлар аралығында үлкен өркениет қалыптасып, ғылым мен білім, мәдениет пен

әдебиет айтарлықтай дамыды. Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с) көптеген хадистері мұсылмандардың білім алуға деген ниетін оятуға бағытталған. Тіпті, мұсылман заңына байланысты мұсылмандардың белгілі бір білім мен өнер саласын білмеуі, түсінігі болмауы барлық әлемдік мұсылман қауымдастығында күнә деп танылған. Ондай болмас үшін әрбір мұсылман белгілі бір білім мен өнерді толық, мүлтіксіз меңгеруі тиіс болған.

Орта ғасырларда исламдық Араб халифатының Еуропаның біраз аймағында, Андалусияда үстемдік етуі – Еуропаға сол дәуірдің алдыңғы мәдени жетістіктерін апарды. Ондағы епископтардың жазуынша, сол кездегі Испаниядағы христиан жастары араб тілін үйреніп, араб тілінде оқып, өлең жазған. Тіпті, Араб тілін жақсы білгені сондай, Латын тілдерін ұмытып, қасиетті мәтіндерді оқып-түсініктеме беретін адамдардың қалмағандығын өкінішпен айтады. Яғни, Ислам діні Еуропаның мәдени өрлеуіне өте жақсы ықпал еткен деп толық айта аламыз. Еуропалықтар ислам мәдениетін үйрену арқылы антикалық мәдениетті бойларына сіңірді және «Исламдық ренессанс» Еуропадағы қайта өрлеу дәуірінің ұйытқысы болды. Себебі, математика, философия, астрономия, физика секілді ғылымдар арабтық Андалусия арқылы Еуропаға жетті. Тіпті, қазіргі арабтық цифрлардың Еуропаға таралуын айтсақ та болады. Философия ғылымы тарихында араб-мұсылман мәдениеті мен философиясы XIX ғасырдан бастап, Ислам мәдениеті немесе философиясы деп атала бастады. Мұның өзін шығарған еуропалықтар.

Ислам философиясы туралы орысша, қазақша екі кітап шығардым. Бұған біздің кейбір оқырмандарымыз дінтанулық деген пікір айтты. Алайда, бұл дұрыс емес. Мұндағы «Ислам» деген тек дінді емес, сол философияның, ғылымның шыққан ортасы, географиялық аймағын көрсетіп тұр. Мысалы, грек философиясы, орта ғасырлық христиан философиясы деген түсініктер бар емес пе? Сол секілді біз грек, неміс философияларын классикалық философия дейміз. Неге Ислам философиясын классикалық философия демеске? Өйткені, ортағасырлық классикалық Ислам философиясы әлемдік өркениет деңгейінен өз орнын айшықтап берді, оған екінші ұстаз атанған әл-Фараби

мирасы мен оның рухани шәкірттерінің еңбектері дәлел бола алады. XXI ғасыр мұсылман, ислам әлемінің ғасыры деп айтсақ қате емес. Себебі, шынында, демографиялық, табиғи ресурс, білім мен өркениет жағынан Ислам әлемі бай және дамып та келе жатыр. Онда дін мен философияның, рухани құндылықтың рөлі мықты. Осы артықшылықтар Батысты қатты үрейлендіруі де мүмкін.

2012 жылы АҚШ-тағы Огайо университетінде магистранттар мен докторанттарға «Ортағасырлық Ислам философиясы» деген тақырыпта дәріс оқыдым. Тыңдаушылар бұл курсты Ислам мәдениеті мен философиясына, ғылымына қызығып, арнайы таңдаған екен. Дәріс барысында байқазаным, расында, 2001 жылы 11 қыркүйектегі оқиғадан кейін әлемде исламға деген теріс түсінік қалыптасып қалғанын аңғардым. Ислам дініне қатысты және оның Қазақстанға таралуы туралы да көп сұрақтар қойылды. Бұдан байқалғаны, оларға Ислам туралы бұрмаланған ақпараттар таралғаны белгілі болды, мұны америкалық дәріс тыңдаушылар да мойындады.

Қазіргі таңда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі әл-Фараби орталығының директорымын. Өздеріңізге белгілі, әлемнің екінші ұстазы, кемел ойшыл әл-Фараби түркілер этносынан шыққанын мақтанышпен айтуымыз керек. Ол әлемдік ғылым мен философиясының өркендеуіне ықпал еткен бірден-бір ғалым. Мұны, тіпті, еуропалық ғалымдардың біразы мойындайды және онда іргелі зерттеулер, исламтану факультеттері баршылық. Алайда, кейде ескі еуроцентристік көзқарас қалдықтары бәрібір алға шығып, исламдық мәдениет пен ғылымның кемшіл тұстарын әшкерелеп, қатаң сынға алушылар өте көп. Еуропалық ғылым белгілі бір кезеңдерде мұсылман ойшылдарының еңбектеріне сүйенгендерін, олардан бастау алғандарын мойындағылары келмейді. Мәселен, Д. Скот, Р. Бэкон, Р. Декарт, Б. Спиноза, тіпті, Ж.Ж. Руссо сынды еуропалық ғалымдар еңбектерінің идеялық маңызы әл-Фарабидің ойларына өте жақын. Бұл еуропалықтардың Ислам өркениеті арқылы ғылым мен білімді бойларына сіңіріп, ары қарай дамытқандығын көрсетеді, яғни, әлемдік өркениеттер мен мәдениеттер арасында сұхбаттастық үнемі жүріп отырған.



Әзімбай Ғали: – Жақында орыс және ағылшын тілдерінде *«Причины стогнация Арабского мира»* деген Исламофобия мен Арабофобия деген мәселелер қамтылған мақала жазған едім. *Қарап отырсақ, араб елдерінің арасында үш-төрт мемлекет болмаса, басқа арабтардың жағдайы мүшкіл. Оның басты себептері: авторитаризм, бюрократиялық жүйе, әскери жүйе арқылы басқару, «брайберри систем», олардың демографиялық өсуі жақсы болғанымен, ондай халықты әлеуметтік тұрғыда қамтамасыз ету өте қиын. Тағы бір мәселе, олар идеологиялық теріс жолдың болуы: ескі Араб социализміне сай, бәріне мемлекет көмектесуі керек деген масыл идея, Араб ұлтшылығы және т.б. – бәрі дағдарысқа ұшыратады. Сонымен, арабтардың экономикалық, саяси дағдарыстары, шейіт, сунид деп бөлінуі, бір біріне қарсы қарым-қатынас, өктемдік, Араб тілін сыйламау секілді өзіндік өткір мәселелері бар. Бұл үлкен дағдарыстың көрінісі. Екінші мәселе, сунидтік фундаментализм. Арабтардың іштен ыдырауы, фундаментализмі Исламофобияны ушықтырып отыр. Тағы бір «Значение ислама: через 7 лет и после» мақаламда біздегі 7 жыл көлеміндегі Ислам мәселесі туралы сөз болады. Жеті жылға дейін ислами дағдарыс болып, Исламды сынау, коррупция, молдалардың жағымсыз қылықтары, басқа да өткір мәселелер болуы мүмкін, ал, ол 7 жылдан кейін басылуы мүмкін деген болжам жасадым. Екінші бір мәселе, еліміздегі универсалдық Исламның күшеюі. Мәселен, қазір қазақтар қайтыс болған кісіні ағайын-туғанын күттіріп емес, жедел, ізін суытпай жерлеу, жылқы етіне теріс көзқарастың болуы т.б. мәселелер. **Исламофобия қандайда бір деңгейде біздің елде де бар: қазір мектептерде араб тілі оқытылмайды, басқа ислам әлімен өте сақтықпен қарайтынымыз рас. Ал, мұның алдын алу үшін дәстүрлі исламды сақтауымыз керек. Ол үшін бізге, Қазаққа, дәстүрлі Исламның фундаменталды негіздерін жасайтын ислами ғалымдар керек. Оны философтар мен діндарлар Исламның негізгі қағидаттарын ұлттық руханиятпен ұштастыра отырып,***

жазулары абзал. Исламофобияның бізде де болуы үлкен дағдарыс. Ол дағдарысқа мүмкіндігінше кірмеген жөн.



Дос Көшім: – «Исламофобия» деген ұғым бұрыннан бар. VII ғасырда Араб елдері Испанияға дейін жаулап алған уақытта Еуропада, түріктердің Балқан түбегін жаулап алған XIV ғасырда, қысқасы «сәлде» көрсе қорқатындай кезеңдер болды. Бұл кездегі Исламофобия сол ұлттардың өздерін сақтап қалуы, қарсыласуы деген оймен астасады. «Исламофобия» екі мәселеден шығады. **Біріншіден**, құндылықтар жарысы. Әрбір ұлттың, діннің өз құндылықтары бар. Ислам құндылықтары мен христиандық құндылықтарына бір-біріне қарама-қайшы болуы мүмкін. Исламофобияның негізінде сол жатыр. **Екіншіден**, осындай қайшылықты фобияға айналдырып, әлемге тарату – ірі мемлекеттердің саясаты. Батыс елдерінің қорқынышының себебі, біріншіден, мұсылман әлеміне қосылатын христиандардың көбеюі. Мәселен, XX ғасыр басында әлемде 2% мұсылман болса, бір ғасырдан кейін 20% асып кетті. Үлкен көрсеткіш. **Батыс осы үрдістен қорқуда. Бұрынғыдай соғыс, басқыншылық емес, мұсылмандар қатарының артуы қорқынышқа айнала бастады. Өздері азайып бара жатқан Еуропа елдеріндегі мұсылмандардың көбеюі үлкен проблема туындатып отыр. Сондықтан, Исламға қарсы идеологиялық қарсылық жүріп жатыр. Мұсылман әлемін құбыжық етіп көрсету өте жоғары дәрежеде, жоспарлы түрде жүргізіле бастады.** Бұл тек Американың ғана емес, бүкіл христиан әлемінің идеологиясы. Мұндай жағдай мемлекеттік деңгейде болмаса да, қоғамдық деңгейде өте көп жүргізіліп жатыр. Сөйтіп, мұсылмандарды қорқынышты етіп көрсету идеологиясы қоғамның санасына сіңірілуде. **Ірі мемлекеттер Ислам әлеміне қатысты арнайы «саяси ойын» ұйымдастырып, бұны «Исламофобия» деп атады. Исламофобия – құндылықтар жарысы және әлемдегі қарапайым адамдар арасынан сол құндылықтардың қолдау табуынан қорқыныш деп ойлаймын.**

Жақыпбек Алтаев: – Мұсылмандардың көбеюі туралы бірер дерек келтіре кетейін. Күн сайын Исламды қабылғандар саны қарқындап көбеюде. Қазіргі таңда Испанияда 500 мың, Швецияда 120 мың мұсылман бар, Оңтүстік Кореяда 200 мыңнан астам. Германияда әрбір екі сағат сайын бір адам Ислам дінін қабылдайды. 20 жылдан кейін Еуропада 104 миллион мұсылман болуы мүмкін. Андалусияда Крест жорығы кезінде қиратылған мешіттер мен моншаларды қайта қалпына келтіріп жатыр екен. Бұл процесс Батыс үшін расында фобия туғызуда. Исламофобияның тағы бір себебі арабтардың өз мәдениеті мен тілін менсінбеуі. Ислам дінінің нағыз діңгегі саналатын Сауд Арабиясы аз дап консервативті. Мектептер мен колледждердің бәрі ағылшын тілінде. Шамасы келгенше балаларын Америка мен Канадада оқытуға тырысады. Балаларымен ағылшынша сөйлеседі.

Дос Көшім: – Тағы екі мәселе бар. Даму деңгейі еш уақытта бірдей жүрмейді. Кезінде Египет өркендеді, одан кейін Греция, сосын мұсылман әлемі дамып, ғылымды дамытып, таратып, күшейткен. Алайда, Араб елдері төмендеп, диалектиканың заңы бойынша, қайта көтерілуі мүмкін. Осыдан Батыс қорқады. Екіншіден, «Нобель сыйлығын неге мұсылмандар алмайды?» деген сұрақ. Бұл Еуропаның ойлап тапқан сыйлығы және оны кімге берілетіні алдын ала шешіліп қояды. Міндетті түрде осындай жарыстары арқылы Батыс өздерінің білім деңгейін жоғары екендігін көрсетіп, өздері ойлап тапқан жаңалығын алға шығарады. Бұл жарыстың бір түрі. Мұсылман елдері рухани дамуды бірінші орынға қойса, ал, Батыста негізгі даму материалдық қоғамда деп есептейді. Материалдық қоғамға өнертапқыштар, саяси бағыттағы шығармалар, саяси мәселелерді көтеретін шығармалар керек. Бұл Қазақстанға да тікелей қатысты. Еуроцентризмдік көзқарас қайдан қалыптасады? Мектеп оқулықтарында көбіне ғылымдардың негізін қалаған бәрі орыстар және т.б. Өйткені, ол оқулықтарды жасаушылар бір бағытта зерттеушілер, Мәскеудің жүйесімен білім алғандар. Өз ұлыларын биік қоюға тырысады. Әрбір жарыс, олимпиада мемлекеттердің күшін, әлеуетін көрсетуге бағытталатын нәрсе.

Әзімбай Ғали: – Исламофобия себептерінің бірі, араб қоғамдары жабық қоғамдарға айналып бара жатыр. Ешқандай инновацияны керек етпейді, мұсылман әлемінде ортақ тілі Араб тілі емес, Ағылшын тілі болып отыр. Екі мұсылман өзара ағылшынша сөйлеседі. Кейбір Араб елдерінде импульс жоқ, бірі-бірін жек көреді, қабылдамайды. Гранададан қазіргі оңтүстікте Қазақстанға дейін технология аз дамыған. Бірлік-береке, прогресс жоқ. Прогресс жоқ жабық қоғам кімге ұнайды?

– Исламофобия тақырыбын қазақ, Қазақстан жағдайына бұрсак, қазаққа бұл ұғымның қаншалықты қатысы бар? Батыстың жүргізіп отырған ақпараттық саясаты Исламофобияның біздің елде болуына әсер етуі мүмкін бе? Осы мәселе туралы айта отырсаңыздар...



Әсел Байелі: – Исламофобия ХХІ ғасырдың ғана құбылысы емес. Мысалы, өзім зерттеп жүрген поляк жазушыларының бірі Генрик Сенкевичтің ХІХ ғасырдың екінші жартысында жазылған тарихи трилогиясы «Алла деп ұрандатқан түрік әскерлерінің шабуылынан, шығыстан келген жаудан, тіпті, табиғаттың өзі шошып тосын мінез көрсетіп түнеріп тұр» деп басталады. Яғни, Еуропадағы Исламофобия құбылысы сонау ерте кезеңде басталған араб, түрік әскерлерінің шабуылынан бастау алады.

Ислам мәдениеті мен философиясының дамуы, Еуропа тарихындағы орны туралы ғалым ағалар айтып кетті. Сондықтан, мен енді тек Исламофобияның Еуропада өзім көзіммен көріп, ойыма түйген көріністері жайлы ғана айтып өтейін. Өйткені, мен Еуропада, нақтырақ айтқанда Польшада төрт жыл тұрып, PhD докторантурада білім алдым. Еуропаның біраз елдерін араладым, шетелдік достарым көп болды. Олармен Қазақстан туралы, Ислам туралы жиі ой бөлісеміз, кездесулер өткізетінбіз. Содан түйгенім, Исламофобияның бар екенін анық көруге болады. Еуропада дамыған мәдениет пен ғылым түрлерінің біразын араб елдерінің жаугершілігінің нәтижесінде, Ислам діні негізінде жетті. Бірақ, бұл жайлы халыққа таратып, насихаттап жатқан ешқандай ақпарат жоқ. Ал, батыстық телеарналар арқылы мұсылмандардың бәрі тер-

рористер мен экстремистер деген ақпарат, әйелді тұмшалау, тіпті, әлеуметтік желіде отырғаны немесе т.б. түкке тұрғысыз әрекеттер үшін ислам сені аямайды деген идеология қарқынды жүріп жатыр. Яғни, ақпараттық кеңістіктің алашапқын ақпараттары – Исламофобия тудырудың бірінші жолы. Ал, Ислам дінін терең түсінетін оқыған адамдарды көп кездестірдім.

Еуропада протестанттардың діни орталықтары мен католиктердің діни ордендері мықты жұмыс істеп жатыр. Бұл еуропалықтардың Ислам дінін қабылдауының алдын алатын және өз діндерін сақтау үшін жасаған шарасы. *Қазір Африканың және Араб елдеріне өз діндерін насихаттап, енгізумен арнайы айналысатын миссионер достарым бар. Олар бірнеше тілде сөйлейді және христиан діні туралы жағымды ақпарат айтқанда, сол діннен керемет дін жоқтай көрінеді. Адамның жанына жол тауып, ауырған нүктесін дәл таба біледі. Монахиялары бұрынғыдай оранып, тас шіркеулердің ішінде қамалып отырмайды. Халықтың ішінде жұмыс істеп, христиан дінін сақтап қалудың түрлі шараларын жасап жатыр. Түрлі топтармен ашық түрде байланысқа шыға алады. Ал, Арабтар керісінше, өздері туралы теріс көзқарас қалыптастыруда.*

Бұл жерде айта кететін бір жайт – көптеген Еуропа тұрғындары үшін Исламмен Араб ұлты деген атаулар бір ұғым. Еуропадағы университеттерге жылына лек легімен араб елдерінен көптеген жастар келіп оқиды. Өкініштісі, көп жағдайда олар ешкімді менсінбейді, қоғамдық көліктерде және басқа да жерлерде әйел адамдарға орын бермейді, әйел оқытушыларды тыңдамайды. Арабтардың мұндай теріс қылықтары арқылы мұсылмандар туралы теріс стереотип қалыптасады. Яғни, ол елдерде орын алған жаман жайттардың бәрі тек Ислам дінінің нәтижесі деп қабылданады. Күнделікті тұрмыста адамдар ортасында Исламофобия осындай жағдайлардан да келіп туындап отыр. *Ислам дінінің керемет философиясы мен мәдениетін дәл қазір жаңа уақытқа жеткізіп, көрсете алмай отырмыз. Тағы бір көріністі көзім шалды. Ол – араб азаматтарының өз тілдерінен, діндерінен қашуы, құрметпен қарамауы. Менің Марокколық екі құрбым болды. Екеуі де Францияда тұрады және отбасыларында тек французша немесе ағылшынша сөйлеседі. Мұсылманмын деп*

айтқанымен, Исламның құндылықтары, құрбын ұстанбайды. Ал, көптеген түрік студенттерін мұсылман деп атауға аузың бармайды. Түнгі клуб пен көңіл көтеретін орындарда жүретін тек солар. Бұл біздің қазақтың студенттеріне де аздап қатысы бар.

Исламофобияның екінші себебі – мигранттар және олардың әлеуметтік жағдайлары мен әрекеттерінен туындайтын стереотиптер. Еуропада арзан тамақ – халал тамақты мұсылмандар сатады, көбінесе қайыр тілеп отыратындар да мұсылман бауырларымыз. Бәріне материалдық тұрғыдан баға беретін еуропалықтар көбінесе осындай көріністен кейін мұсылмандарға менсінбей, аянышпен қарайды. Менің ойымша, көптеген мұсылман елдерінің экономикалық әлеуметтік жағдайларының төмендігі де Исламофобияның туындауына бір себеп болып отыр.

Қорыта айтқанда, Еуропада Исламофобияны арнайы тықпалап, елдің үрейін қанша ұшырғанмен, ақиқат дініміздің мәнін түсініп, Алланың ақ жолына түсіп, пайғамбарымыздың үмметі болып жатқан адамдар саны күннен күнге артып келеді. Бұған жәй турист болып барсаң да көшеде көз жеткізуге болады. Тағы бір айта кететін жайттың бірі – еуропалықтардың атеистеніп бара жатуы. Кейбір қалаларындағы шіркеулерге ешкім бармайды, біразын туристік орталықтарға, керек десеніз мейрамханаларға айналдырылған. Міне, Еуропадағы дінге байланысты құбылыстар осылайша бір-бірімен қайшылықта дамып жатыр.



Зайлағи Кенжалиев: – Әлемде Исламға байланысты бір-біріне қарама-қайшы екі үрдіс (ағым) жүріп жатыр. Оның біріншісі, және ең бастысы – Исламофилия немесе фило-

исламия, яғни, Исламды сүю, Исламды жақсы көру. Ал, екіншісі – Исламофобия, Исламнан қорқу. Исламофилияның, яғни, Исламды жақсы көрудің ең басты көрінісі – Исламның әлемге еш соғыссыз, зорлықсыз кең тарауы, әсіресе, бұрын христиандық көп тараған Европа, Корея түбегі, АҚШ мемлекеттерінде.

Әлем халқының 20-25% мұсылман болуы – Ислам дінінің таралуына Жаратқан иеміздің жаңа күші беруі. Екінші көрінісі – Ислам қаржыландыруының, банктерінің экономикалық күйзеліске төтеп беріп дамуы, соған байланысты дамыған елдердің исламдық қаржыландыруға назар аударуы. Ұлыбритания өз экономикасының 20% исламдық қаржыландыруға негіздеуге тырысуда, Қазақстан да осы межені алуға тырысуда. Сөз орайы келгенде айта кетейін біздің университеттің заң факультетінде менің басшылығыммен «Ислам қаржыландыру құқығы» орталығы да ашылып, жұмыс істей бастады.

Исламофобия – бұл туынды, жанама құбылыс, Исламофилияға қарсы реакция. Исламофилияны түсінбей және оның әлемдегі Исламға байланысты ең басты құбылыс екенін мойындамай, Исламофобияны дұрыс түсіне алмайтынымызды ескеруіміз керек. Сондықтан, Исламның әлемдегі сүйікті дінге айналу себептерін басты назарда ұстай отырып қана, оны иеге «сүйкімсіз» қылып көрсетуге тырысушылардың жанталасуын ұғына аламыз.

Келесі мәселе, Ислам дінінің тарихын Алланың елшісі Мұхаммед пайғамбардан (с.ғ.с) бастау қателік деп ойлаймын. Шын мәнінде, Ислам діні Адам атадан басталады. Адам ата расул десек, одан кейінгі келген барлық расулдардың бәрі ислам дінін алып келген. Нұқ пайғамбар, Ибраһим, оның балалары, Иса Масих Мәриямұлы, ал, ең соңғысы Мұхаммед нәби (с.ғ.с) еді. Ислам діні – Алланың діні, жалғыз ақиқат дін. Қалған діндердің бәрі жасанды, не Ислам дінінің бұрмаланған түрлері. Христиан дінінің өзі Иса расул әкелген діннің бұрмаланған түрі екендігін христиан дінінің өкілдері өздері де мойындауда. Алайда, Адам Ата дәуірінен бастап ислам дініне қарсылық, одан қорқу жүріп жатыр. Исламофобияның күшейген кезі – расулдардың түскен кезеңі. Алла тағала «Мен өздерімнің расулдарымды қатты сынамаймын» деген. Басқа дін өкілдерінің расулдарды өлтіруге әрекет жасауы да «исламофобияның» көрінісі. Исламофобия ақыретке дейін қалады, себебі, ол Алланың жіберген сыны. «Фобия» – ауру, психологиялық ауал, ессіздіктің бір түрі және ол жеке адам ғана шалдығатын ауру емес, қоғам болып шалдығатын да «әлеуметтік психоз». Бұл ақиқаттан қашу, ақиқаттан қорқу, жалғандықта

өмір сүру, білімсіздікке ұрынып, соның ішінде қалып қою, білімсіздікті нағыз білім деп есептеу. Исламофобия – жалпы адамзаттың рухани өміріндегі кесел. Екінші мәселе, Исламофобиямен қалай күресеміз? Біріншіден, сабырлылық керек. Сабырлылық – Исламофобиямен күресудің ең басты жолы. Исламофобияның білімсіздік және психологиялық ауру екенін білгеннен кейін ақиқат өмірдің бар екенін мойындау, келесі өмірге сену керек. Исламофобия мына өмірден басқа өмірдің бар екенін мойындамау зой. Құранда мұндай адамдардың бар екендігін және мұсылмандардың оларға тиіспеу керектігі, сабырмен қарау керектігі туралы айтылады. Ондай адамдар өз сенімдерімен қалады. Олар – Құранды өртеп жатқандар, Исламды әдейі жамандайтындар. Оларға сабырмен қарау керек. Абайдың айтқанындай, «Ит балағыңды қапты деп, сен де қапсаң иттен айырмашылығың не?». Ол адамдардың жазасын Алла тағала бұл өмірде де, ақыретте де өзі береді. Екінші жағы, шынымен адалсып, қорқып жүргендер бар. Адам 18 жасқа дейін діни идентификациялануы керек, яғни, бойына діндердің біреуін сіңіреді. Олар Ислам туралы теріс сөздерден қорқуы мүмкін. Оларға Ислам дінін түсіндіргенде ғана, Ислам алып келген шындық нағыз эмпирикалық-эксперименталды ғылымдардың шындықтарына сай келетін бірден-бір ақиқат екеніне көзі жетеді. Сондықтан, адасып жүргендердің діни сауаттылығын арттыру керек. Қазақстанда Исламофобияның көріністері бар. Заң саласына қатысты ойымды айта кетейін. Бізде «діни экстремизм» және «діни терроризм» деген идеологиялық терминдер айналымға еніп кетті. Мұндай терминдердің қазақстандық қоғамдық санаға толық қабылданып кетуі – діни сауатсыздық. Екіншіден, заң жүзінде бекітіп жібердік, кейбір заңдарымызға діни терроризм және діни экстремизм деген терминдер кіріп кетті. Терроризм мен экстремизмнің бар екені рас. Олар – қылмыс. Терроризм мен экстремизммен күресудің орнына осы заңды Ислам дінімен күресуге бағыттап, әрекеттеніп жүргендер бар. Біздің заң сондай мүмкіндік береді. Исламның қылмысқа қарсы құбылыс екенін ұмытпауымыз керек. Қазір христиандық экстремизм, христиандық терроризм деген терминдер де бар. Сондықтан, діни араздыққа апаратын терминдерден, діни және ұлттық алауыздық

тудыратын «идеологиялық вирустарды» байқамай қабылдап, заң жүзінде бекітіп жіберіп жатырмыз. Осыдан сақ болуымыз керек. Біздің тағы бір қатты қателескеніміз, қоғамдық санадағы вирус идеяны – «дінсіз адам болуы мүмкін» деген ойды – ақиқат деп қабылдап жібердік. Дінсіз адам болмайды. Ал, дінсізбін деген адам нағыз діндар, бірақ, әлемде адамнан басқа ақыл иесі жоқ деп, адамды «Құдайға» айналдырып жібергендер, сөйтіп, Алланың дініне қарсы шығатын адамдар. **Осындай атеистік ойды бүкіл қоғам, әлем болып қабылдадық. Кез-келген адам дінсіз болып жүре алады деген қағида біздің заңымызда да бар. Бұл барып тұрған қателесу. Себебі, бұның өзі атеистік діннің ұстанымы.**

Кез-келген философия діннің қызметшісі, соның саналық және логикалық түрі ғана. Ол философия бір діннің ішінде екенін өзі байқамауы мүмкін. Сондықтан, қазір өзі үш діни сенім бар және соған сай үш дүниетаным бар: «Құдай жалғыз» дейтін ислам ахидасы, «Құдай жоқ» деген атеистік философия, «Құдай көп» деген басқа діндер философиясы. Кезіндегі Марксизм-ленинизм идеясы атеистік идеяға негізделген философия еді. Бұл философия кеңес үкіметімен бірге кетті. Кеңес үкіметін дінсіз мемлекет болды дейміз ғой. Ал, шын мәнінде, Кеңес үкіметі нағыз атеистік дінді басшылыққа алған діни мемлекет болды. Исламофобия дегеніміз Ислам дініне қарсы діндердің Исламға қарсы ойлап тапқан жалған түсінігі. Әлімсақтан жалған діндер ақиқат дінге қарсы болды. Солардың Исламға қарсы ойлап тапқан жалған пікірлері және қорқыныштары, сақтануы және күресі. Және өздері қорқып отырғандарын білдірмеу үшін, жұртты қорқытқысы келеді.

«Исламофобия» – дерт, дерт болғанда сана дерті, жүйке дерті. Мұндай дертке тап болған адамдарға, әлеуметтік топтарға аянышпен және сабырлықпен қарап, емдеу керек. Ал, емнің ең бастысы – діни сауаттылық, ислам дінінің ақиқат дін екенін саналарына сіңіре білу. Ал, ғылыми жаңалықтар үшін берілер сыйлыққа келсек, Ислам ғылымы бойынша әлемдегі толық және жан-жақты білім иесі – бір Алла ғана. Сондықтан, Алла ғана – Ғалимман. Ол әр нәрсені алдын да артын да біледі. Расулдар, Нәбилер Алла қалауымен ғалимун бола алады. Ал, қалған адамдар – ғұламаху, не мұғалім дәрежесіндегі ғана білімдерге ие бола алады. **Мұсылман ғұламасы**

сыйлықты Алладан күтеді, адамнан дәметпейді. Оның үстіне біздің ғылым деп жүргеніміз – эмпирикалық және экспериментальды ғылым. Оның ашатын жаңалықтары абсолютті шындыққа ие емес, олар уақытша өмірдің уақытша шындықтарын ғана ашады. Әрі оның жаңалықтары адамның бұл дүниедегі күн көріс мүддесін қамтамасыз етуден арыға жарамайды. Ал, Нобель сыйлығына келсек – ол саясат және идеология құралына айналып кетті. Айталық, Нобель сыйлығын алған батыстың экономист ғалымдары көп. Мінеки, солардың еңбектеріне сүйенген батыс елдері экономикалық тоқырауға келіп тірелді. Одан шығар жолды өздері таба алмағасын – Ислам қаржыландыруын басшылыққа алуға мәжбүр болуда. Ал, осы Ислам экономикалық ғылымын дамытқан бірде-бір зерттеуші әлі күнге дейін Нобель сыйлығының иелері болған емес.

Жақыпбек Алтаев: – Дін мен философия бір-бірін ешуақытта жоққа шығармайды. Ал, Орта ғасырларда Еуропа дін мен философияны ажыратқан кезеңде төрт ғасырға жуық қара түнек орнап, даму болған жоқ. Ғылым дамымады. Ол екеуі де қоғамдық сананың бір формасы. Дін қалай қызмет жасаса, философия да солай. Екіншіден, Исламофобияның қазіргі замандағы белең алуына себепкер – БАҚ. Діндер бірін ешуақытта жоққа шығармайды. Мұны қолдан жасап отырған Бұқаралық ақпарат құралдары, журналистер. Орыстарға қарсы ақпараттардың кең таралуы русофобияны туындатып жатыр. Исламофобия – журналистердің сенсация қууының салдары болуы да мүмкін.



Рақымжан Әкімбеков: – Исламофобия адамдардың тікелей өздеріне байланысты құбылыс. Кеңес үкіметі кезінде «Дін – апиын» деп қоғамды қорқытып, ұстап отырушы үшін шығарылған идея болатын. Жалпы, коммунизмді ойлап тапқандардың бәрі кейбір аз ұлт өкілдерінің ойыныша, бір адамды, жалпы қоғамды өз айтқанымен жүргізіп, толық билеу үшін бірінші кезекте дінінен аластату керек екен. Оның жан дүниесіндегі анти-вирусы – дінді жоюдан бастайды. Оны жаман әдеттер мен әрекеттерден сақтап қалатын рухани иммунитетінен алыстатқан уақытта оған білгенінді істетуіне болады. Сондықтан, алдымен осы механизмін

жүзеге асырып, енді ішімдігін сатып, ойын-ханалар ашып, адамды манипуляциялауын еркін жүргізіп жатыр. **Батыстың Ислам әлемінен қорқып отырған себебі, Еуропа қоғамының 25% ғана жастар болса, мұсылман елдерінде 60% жастар құрайды. Кейбір болжамдар бойынша жақын болашақта Батыстағы мұсылмандар көбейеді. Себебі, мигранттар мен мұсылмандықты қабылдайтындар өте көп. Екіншіден, мұсылман елдері табиғи ресурстарға өте бай. Араб елдерінің ғылымға ден қойып, технологияларды меңгере бастаған кезеңде ғылыми күштің мұсылмандарға ауып кетуінен қорқып, «Исламофобия» секілді ұғымды ойлап тапты. Сондықтан, араб елдеріне тыныштық бермей жатыр. «Араб көктемі» де бекер болған жоқ. Тыныштық жоқ жерде ғылым дамымайды, «байтал емес, бас қайғы» болды. Батыс өздерінің тұтынушыларынан айырылғысы келмейді. Экономика мен ғылыми күшінің артып кетпеуі үшін күш салып жатыр.**

Әбдірашит Бәкірұлы: – Орыс философы Н. Бердияев былай деген еді: *«Наши век слишком поглощен человеком и человеческим. Плохие христиане заслонили собой христианство. Дурные дела христиан, их искажение христианства, их насилия более интересуют, чем само христианство, более бросаются в глаза, чем великая истина христианства. О христианстве люди начали судить по христианам ненастоящим, внешним, выродившимся»* – деген еді. Әрине, Бердияев христиан болғандықтан, ол өз діні туралы жазып отыр. Енді, осы ойды Ислам дініне қарай бұрсاق, Бердияевтің сөзі қазіргі Исламға дәл келіп тұр. **Қазір Исламның діни құндылықтарын насихаттауды нашар, надан «мұсылмандар» жасап жатыр. Күні кеше әлемдік видеожеліден «сақалды мұсылмандардың» елуден астам жас жігіттерді жатқызып қойып, «олар темекі тартты» деп айыптап, оларды біртіндеп атқаны түсірілген видео тартылып жүр. Қазір заман басқа, мемлекет бар, сот бар, бұрынғыдай заман емес. Қолына автомат ұстап, адамның өмірін алатын ол Құдай ма? Тіптен, ол мұсылман емес, нағыз кәпір ғой! ...Міне, осындай әрекеттер әлемде қорқыныш тудыратыны сөзсіз. Қазіргі Ислам дінінде осындай нашар мұсылмандардың кесірінен «жиһадизм» деген ұғым тіпті өзгерді. Ислам діні қанша рет «жиһад – адамның**

өз кемшілігімен күресуі» деп әлемге жар салып, айтып жатса да, «жиһад» дегенді оқымаған мұсылмандар басқаша қабылдап, қару асынып, басқыншыл боп барады. Бұл Исламофобияның пайда болуының негізгі факторларының бірі. Сонымен қатар, Ислам дініндегі әйелдерге деген көзқарас төмен. Қазір біздің елімізде өте жаман әдет пайда болды, ол – азаматтық некеден ешбір айырмашылығы жоқ «Исламдық неке» деген нәрсе. Бізде заң бойынша екі-үш әйел алуға рұқсат жоқ. Сондықтан, көп адамдар «неке қидырып» үйленіп жатыр. Болашақта ұнамай қалса, «талақ» деген бір ауыз сөз айтып, әйелін де, одан туған баланы да тастап кете беретіндер бар. Оларда ешқандай жауапкершілік жоқ, бала-шағамен қалған ондай әйелдер толып жатыр. Сенбесеңіз, мешіттің айналасына барып қарасаңыз, тастанды әйелдер мен балалардан аяқалып жүре алмайсыз. Сонда мұның қай жері мұсылмандық? Яғни, Исламның атын жамылғандар – ислам дініне, исламдық өркениетке залал келтіріп жатыр. Өркениет өркениетке жалғаспаса, ол үзіліп қалмай ма? Мәселен, Еуропада ғана емес, біздің арамызда жүрген христиан миссионерлері әңгімеге тартқанда іші-бауырыңа кіріп, тікелей адаммен жұмыс істейді. Христиан діні қорқыныш тудырмасын деп, әуелі басыңнан сипап, аяушылық көрсетеді. Ал, Исламда ше? Қазіргі біздің заманда көмек сұраған ауру жандарға бірінші болып көмектесетіндер кімдер? Әрине, өзге діндегілер. Мұсылман байларының ешқайсысы ондайға үн қатпайды. Мейірім жоқ. Ал, адамдарды күнәсі үшін берілетін жаза, қорқыту, үркіту жағзына келгенде – біздің уағыздарымыз бірінші орында. Осының бәрі Исламды жақсы түсінбейтін халықтар тарапынан фобия туғызады. Және де, оларды «Исламды білмейсің» деп жазғыра да алмаймыз – оны білу оларға міндет емес! Сондықтан, қазіргі Исламға да «жүзінде Алланың нұры бар» тұлғалар аса қажет. Бүкіл жамағат сондай тұлғалардың сөзіне құлақ салсын. Ал «ислам содырларының» артынан ере берер болсақ – Ислам дінін ешқашан дамыта алмаймыз.

Жақыпбек Алтаев: – Бізде діни адаушылық бар. Ол үшін діни орталықтар жақсы жұмыс істеу керек. **Мешіттер жүйесіз, ұйымдасушылық жоқ. Жаңа айтылғандай, Еуропада діни**

насихатшылар мықты жұмыс істейді. Сол практика Исламға да керек. Қорыта айтқанда, Исламофобия қоғамға кедергі келтіретін болады. Ислам дініне әлем сыйластықпен қарауы керек. Себебі, Ислам – гуманистік дін.

Зайлағи Кенжалиев: – *«Заңды білмеу заңды бұзған адамды жауапкершіліктен құтқармайды».* Мінеки, осы принципті бүкіл әлем қабылдады, бірақ, осы принциптің Ислам құқығының басты принципі екенін жұрт біле бермейді. Мен мұны неге айтып отырмын. Исламды білу және оның талаптарын орындау – әрбір есті (вменяемый) адам үшін – заң. Ахирет күні Алла алдына барған кезде, *«Мен Исламды білмедім, «ғафыл болдым», сондықтан, оның талаптарын орындай алмадым»* деген сылтау ешбір адамнан (ол қай дінде болса да) қабылданбайды. Ол адам өз ісіне сай жауапқа тартылады. Бұл ой Құранның «Бақара» сүресінің 36 аятында, басқа да аяттаранда айтылған. Тек мұсылмандарға ғана «қорқу жоқ», «үрей жоқ», не болса да, олар сабыр сақтайды делінген осы көрсетілген аятта. *Көздеріне «қос көрініп», көрінгенді жау көріп, қылмысқа барып, заңсыз адам өлтіріп не өз-өздерін өлтіріп экстремизм мен терроризм жасап жүргендердің көбісі де «фобияға» шалдыққандар. Себебі, Ислам дінін жоққа шығаратындар ғана емес, оны бұрмалап өздерінің саяси не өзге де «бас пайдасына» пайдаланатындар да – «Исламофобия» қармағына ілеккендер.* Ислам ғылымы «Алла – тірі» деп үйретеді, және Алланың бар әлемді өзі ғана билейтінін, жақсылық – Алладан, жамандық – адамның өзінен, мен-мендігінен (нәпсісінен) екендігін ескертеді.

Рақымжан Әкімбеков: – *Қазірде көп келіспеушілікке баратындар діни сауатсыздықтан туындайды. Ол діни сауатсыздық діндарлар немесе зиялылар арасында байланыс жоқтығынан шығады. Діни сауаттылар қоғамдық өмірге, ал, қоғамдық зиялылар діндарларға жатырқай қарайды. Бәрі үйлесімде болуы керек. Дінсіз қоғам ешуақытта болмаған, дінсіз адам да болмайды.* Сондықтан, әзірге айтатынымыз, біз сауатсыздықты бассалып молдалардан көрмеуіміз керек. Біздің мемлекет өзінің Ислам дінін, Ханафтік бағытты, өзінің идеологиясы ретінде қарамай біздің елде тыныштық тоқтамайды.

Уахабизмның артында Англия мен Америка екенін бүкіл әлем біледі. Жақсылап қаржыландырады. Дінді саясатқа айналдырды. Дін арқылы адамдар бір-бірін айдап салады. Сондықтан, бұл іс тек молдалардың ғана емес, өздеріңіз секілді оқыған зиялы азаматтардың қолында.

Зайлағи Кенжалиев: – Әр адамның ар-ұждан, діни бостандығы бар. Осыны дұрыс түсінбеушілер көп. Бұл норма әркімнің тек шын дінге ғана құқы бар дегенді білдіреді. Жалған дін ұстауға құқы жоқ. *Шын мәнінде, заң бойынша, адам шын дінді ұстануға құқы бар. Зайырлы мемлекет деген ұғымды дұрыс түсінуіміз керек, ол «діни зайырлы», «діни төзімді» мемлекет деген сөз.* Әлемде діни төзімді мемлекеттердің көптеген модельдері бар. Айталық *«христиандық дайырлы мемлекет» (Европа мемлекеттері), «атеистік зайырлы мемлекет» (коммунистік мемлекеттер), «Исламдық зайырлы мемлекет» (ислам мемлекеттері) деген сияқты.* «Зайырлы мемлекет» идеясының ең осал тұсы – қандай дін ақиқат діні деген сұраққа жауап бере алмайды. Бұл сұрақты әр адам өзі шешуі керек, себебі, бұл сұрақтың жауабына әр адам өзі жеке дара жауапты, зайырлы мемлекет адамның діни таңдауы үшін жауап бермейді. Зайырлы мемлекеттің басты мақсаты – адамның діни таңдауының дұрыс болуына бар мүмкіндікті жасау, дін аралық қарым-қатыныста бейбітшіліктің болуын қамтамасыз ету, зорлық-зомбылыққа, алдау-арбауға жол бермеу.

Әсел Байелі: – *Еуропадағы «терроризм әлемді құртады» деп үрейленіп жүретіндерден «Ислам туралы кітап оқыдың ба?» деп сұрасаң, тосылып қалады. Өйткені, ақпарат оларға өңі өзгертіліп жеткізіледі.* Қазақстан жағдайында, діни мерекелерді тұрмысқа енгізіп жіберу керек. Мысалы, поляктара 4-сыныпқа келгенде әр бала Костельға барып, Христиан дінін қабылдайды. Оған екі жыл дайындалып, әліппесін оқиды. Бүкіл Христиан жұрты Иустың туған күніне екі апта бұрын дайындалып, сол туған күнді сезіну үшін демалысқа жіберіледі. 12 апостолына арналған 12 түрлі тамақ пісіреді. Сол секілді айт мерекелеріне ұзақ демалыс беріп, қоғамды сезіндіру керек. Ислам тек мешітке барып, садақа тастаумен шектелмеуі тиіс.



Амангелді АЙТАЛЫ,
философия ғылымдарының
докторы, профессор

Исламофобия немесе мұсылмандар христиан көзімен

Ұлы діндердің ішінде алуан түрлі пікір тудырып, біреулерді үрейлендіріп, біреулерге қуат беріп, күллі әлемнің ынта-назарын өзіне аударып отырған Ислам діні. «Ислам қайта өркендеу дәуірі», «Ислам ренесансы», «Ислам феномені» сияқты тенеулер XX ғасырдың 80-90-шы жылдарында айтыла бастады. Ғалымдар, сарапшылар ислам діні туралы қалыптасқан тұжырымдарды ой елегінен өткізіп, жан-жақты ойланып пікір бөлісті. Егер, феномен ұғымын таңқаларлықтай құбылыс десек, Ислам XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басындағы феномен болып отыр. Бұл феноменнің, әсіресе, тәуелсіздік алып, демократиялық даму жолына түскен, өз діндерімен табысып жатқан халықтар үшін маңызы өте зор. Сонымен бірге, бұл феномен Исламға қарсы әртүрлі ағымдар туғызды.

Кезінде сарапшылар XX ғасырдың жантүршігерлік қайғысы неміс фашизмі мен сталиндік тоталитаризмді христиан дінімен байланыстырған. Себебі, фашизмнің де, марксизмнің де отаны – Германия, ал, советтік тоталитаризм К. Маркстың пролетариат диктатурасы теориясының жемісі ғана. Сондай-ақ неміс, национал-социалистерінің еуропалық еврейлерді ұлт ретінде жоюға арналған Освенцимді христиан дінінің күйреуінің басы деп бағалаған. Дегенмен, фашизм де, советтік тоталитаризм де жеңіліс тапты. Христиан діні мен мәдениеті өз құндылықтарын мойындатты. Дін мен тоталитаризм, фашизмнің арасында байланыс жоқтығын уақыт дәлелдеді.

XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың

ИСЛАМ ФЕНОМЕНІ және ИСЛАМОФОБИЯ

басында шабуыл Ислам дініне, оның құндылықтарына бағытталуда. Олардың пікірлеріне қарасаңыз әділдік, демократия, еркіндік мұраттары тек еуропалық, христиандық мәдениеттен туындайды-мыс. Кедей, езілген, қысым көріп жәбірленгендерді христиан діні ғана қолдайтындай көрінеді. Әйгілі америкалық ғалым Сэмьюел Хантингтон адамзаттың дәстүрлі діни мәдениетіне қарай бөлінуі, іргелерін аулақ салуы ХХІ ғасырда қақтығыстарға әкелуі туралы пікірі әртүрлі ойға жетеледі. **1995 жылдың қаңтарында РФ Сыртқы істер министрлігі жанындағы Дипломатиялық академияда сөйлеген сөзінде, ол ойын жалғастыра келіп, тоталитаризм мен либералдық демократияның арасындағы қайшылық либералдардың пайдасына шешілгенмен, бүгін әр халық, әр мемлекет капитализм мен социализм текетіресі жойылғаннан соң енді: «Біз кімбіз?» деген сұраққа жауап іздеуде. Ол адамдардың тегін, ұлттын, дінін, ділін, тарихын, салтын білуге итермелейді. Ізденіс тайпалық, этникалық, жақын діни қауымдастықтарға, өркениеттерге апарады. Ал, ол бөтен құндылықтарға қарсы тұрумен, қақтығыспен бірдей дейді С.Хантингтон.**

Оның концепциясының осал тұсы да осы. АҚШ, Еуропа, Қытай, Ресей, Үндістан, Араб мемлекеттері, басқа да өркениеттер, олардың бәсекелестігі жанжалдарға әкелмей тұрмайды делінеді. Сондай-ақ, өркениет ішіндегі тайпа, этносаралық қайшылықтарға басқа мемлекеттер араласып, олар халықаралық сипат алады. Сонымен, халықтарды бір-біріне қарама-қарсы қойып отырған бүгін таптық қайшылықтар емес, мәдени, діни құндылықтар, олардың бір-бірімен үйлеспеуі. Дегенмен С. Хантингтон аса қауіпті күш деп Ислам мәдениетін атайды: «Я говорю о том, что у Ислама кровавые границы, такими они по видимому останутся. ... Западу придется при- выкать к тому, что он уже не в состоянии

как раньше, навязывать свои ценности незападным странам» (С.Хантингтон (США). «Столкновение цивилизаций и что оно может означать для России» «Общественные науки и современность» 1995 ж. № 5, 135-6.).

Ресей славян, православие мәдениеті мемлекеті болғандықтан, славян емес мемлекеттерді оның ішінде Қазақстанды да атап өтеді автор. Айтқан ойы: қазақтар өз мәдени, діни жолын іздейді, түрік мұсылман қауымдастықтарына енеді дегенге саяды. Анығына келсек, Ислам және басқа діндерден төніп тұрған қауіпте емес, керісінше, әлемдік және дәстүрлі – ұлттық діндердің батысқа мойынұсынбай, өз тәуелді жолымен дамуға ұмтылысында болып отыр. Сонымен, бүгінгі әлем өркениеттер, мәдениеттермен діндердің өзара ынтымақтастығы мен қайшылықтарына толы. Бұл жағдай жер жүзін астан-кестен оқиғаларға соқтырмас үшін қандай «жаңа әлемдік тәртіп» орнату қажет? Осы орайда 2000 жылы жарық көрген екі публицистикалық еңбек еуропалықтардың назарын аударды.

2000 жылы жарық көрген «Искусство управления государством. Стратегия для меняющегося мира» еңбегінің авторы – Ұлыбританияның 1979-1990 жылдарғы премьер-министрі болған М.Тэтчер («Социально-гуманитарные знания», 2004 ж. №5, 54-138 беттер). Сол жылы шыққан «Смерть запада. Как вымирающее население и нашествие иммигрантов губят нашу страну и цивилизацию» кітабының авторы Патрик Бьюкенен – белгілі америкалық саясаткер, АҚШ-тың үш президентінің кеңесшісі болған, 2000 жылы өз кандидатурасын президенттікке ұсынған белгілі тұлға («Социально-гуманитарные знания», 2003 ж. №4, 3-19 беттер). М.Тэтчер Ислам мемлекеттерін, әсіресе, Ирак, Сирия, Иран, Ливия, Суданды «жауыз мемлекеттер» қатарына қосады. «Олар демократиялық мемлекеттер емес, ол елдер біздің түсінігіміздегі заңдармен басқарылмайды», – деп оларды кінәлайды. «Жаңа әлемдік тәртіпті» АҚШ қана енгізе алады. «Американың ғана моральдық құқы бар, сонымен бірге, оның материалдық қуаты оған дүниежүзінің жетекшісі болуға мүмкіндік береді», деп түйеді М.Тэтчер. Ал, НАТО блогы болса – АҚШ бастаған 19 мемлекеттің Еуропа мен бүкіл жер жүзінде бейбітшілік орнататын қорғаныс одағы. «НАТО шындығында әлемдік полицией

болуға таянды», – деп қанағаттанарлық сезіммен атап өтеді, автор. М.Тэтчер көксеп отырған Батыс үстемдігін христиан дінінің үстемдігін аңсау деп қабылдамағанмен, мұсылман әлемі бұл күшке үлкен сақтықпен қарайтыны, оны отаршылық, миссионерлік мүдделердің көрінісі деп күдіктенетіні сөзсіз.

П. Бьюкененді басқа мәселелер толғандырады. Толғандырып қоймайды, тіпті, Батысқа ажал төнді деп айқай салды. «Исламофобия» туғызып отырған демографиялық фактор болады. Оның болжамы мынадай деректерге негізделген. XX ғасырдың 60-жылдарынан бастап Батыстың байырғы ұлттары сан жағынан ұдайы азая бастаса, Азияда, әсіресе Ислам елдерінде, халықтың саны өсуде. Мұсылмандар және басқа да ұлттар өкілі Еуропа мен Америкаға ағылды. П. Бьюкенен мына деректерге сүйенеді. 1960 жылы әлемде 3 млрд. адам тұрса, оның төрттен бірін еуропалықтар, америкалықтар, австралиялықтар, канадалықтар құраған. 2000 жылы әлем халқы екі есеге өсіп, 6 млрд.-қа жеткен, бірақ еуропалықтардың үлес салмағы алтыдан бірін ғана құраған. 2050 жылы әлем халқы 9 млрд.-қа жетіп, еуропалықтар оның тек оннан біріне тең болады. Бүгін Германияда миллиондаған түріктер, Францияда миллиондаған алжирлықтар өмір сүруде. «Еуропаның күні санаулы, – деп түйеді Бьюкенен. — Ислам әлемінен жаппай қоныс аудару ескі континенттің этностық құрамын өзгертеді...» Еуропа халқының келбеті барған сайын арабтық, «исламдық сипат алып барады».

2003 жылғы 1 ақпанда «Известия» газетінде «Бельгия халифаты» атты мақала жарияланды. Оның авторы Э.Гусейнов, жақын арада Еуропада, Бельгия жерінде жаңа Араб мемлекеті пайда болады, деп жазады. Қалай болғанда да халқының саны жағынан төртінші орын алатын Бельгияның бай қалаларының бірі – Антверпен көшелерін полициямен бірге мұсылмандардан жасақталған қара киімді морокан милициясы күзетеді. Еуропаның Араб лигасы арабтарға мемлекеттік қызметке квота талап етіп қана қоймай, мұсылмандарды еуропаландыруға қарсы әрекеттенуде.

Әрине, мұның барлығы да шындық. П.Бьюкенен Батыстың «Исламның тасқынымен» қорқытып, ашулы амалдарға шақырады. «Христиандар өз елдерінен айырылғысы келмесе, оларға

жақсы сілкініс қажет. Оларға сондай-ақ шайқасқа әзір лидерлер қажет». Сонымен, М. Тэтчер де, П. Бьюкенен де Батысты төзімсіздікке, мұсылмандармен егеске шақырады. Олар ХХІ ғасырда крест жорығын жаңғыртуды ұсынды.

«Қаралы Сейсенбі» және Исламофобия дағдарысы

«Қаралы Сейсенбі» («Черный Вторник») деп аталып кеткен 2001ж 11қыркүйектегі АҚШ-тағы террористік уақиға Ислам туралы жаңа және әртүрлі қайшылы пікір-таластар туғызды. Бірқатар мемлекет қайраткерлері, саясаткерлер, бұқаралық ақпарат құралдары саяси әдептілік сақтап, «террорист» деген ұғыммен «мұсылман» ұғымдарының арасында ажыратуға, мазмұнын анықтауға тырысты. АҚШ-тың Ирак, Ауғаныстан, олардың жақтастарын қарсы-әскери қимылдары исламға қарсы емес, сол мемлекеттерде тамырын жайған «халықаралық терроризмге» қарсы әрекет деп түсіндіруге тырысады. Сонымен бірге, «Ислам» мен «террор» егіз, себебі, дәл осы Ислам дінін ұстанушылар ғана дін үшін құрбандыққа барып отыр делінеді. Мұсылмандардың санасында ислам азапқа, бейнетке, ажалға дайын болу идеясы терең ұялаған. Олар соқыр сенімнің, алдын ала маңдайға жазылып қойған тағдырға тәуелді. Мұсылмандарды қаралау қуатты елдерге қарсы күресті де үдетті. Ал, мұсылмандар арасында Ауғаныстанға қарсы соғыс қимылдары батыс елдеріне, американдықтарға, израилдіктерге қарсылықты, одан әрі үдетті. Қарапайым мұсылмандар талибандарға қарсы соғыс «кәпірлердің Исламға қарсы «крестілер мен еврейлердің соғысы» десе, ислам елдерінің лидерлері ол ұстанымды қабылдамады. Усама бен Ладеннің Ислам дініндегілердің атынан пікір білдіре алмайды деп, Араб мемлекеттер Лигасы мәлімдеме жасады.

Мұсылман әлеміне, Исламға батыс әлемдік қауымдастығы 2001жылдың 11 қыркүйегіне, Қаралы Сейсенбіге, дейін де көз тігіп келген. Ол түсінікті де. Мәселе, мұсылман мемлекеттерінің саяси маңыздылығында, сонымен бірге, бұл өңірде мұнай қорының молдығында. Пайданы әріректен ойлайтын батыс саясаткерлері Ислам тұрақтылықтың факторы ма, әлде тұрақтылықты шайқалтатын фактор ма? – деген мәселенің төңірегінде терең ойланады.

Бұл мәселе төңірегіндегі пікір алмасулар да әртүрлі фобиялар (үрей, алаңдаушылық, қауіп-қатер, негізсіз ақпараттар, абыр-жу) көрініс алғаны белгілі. Исламды көп жағдайда стереотипке айналған үш ұғымға тіреді: «ксенофобия, (бөтенді жау көру), зорлық-зомбылық, әйелді жеккөру (жено-ненавистничество)». Сонымен бірге, «ұлы үрей», оның әртүрлі көріністері, ұлтшылдық, нәсілшілдікті де исламмен байланыстырды. Осындай пікір, әсіресе, Шешенстанмен соғыс кезінде Ресейде де өрбіді, оған постсоветтік ислам деп ат қойды. Исламға қызығушылық бұл елде де тек ғылыми мақсаттан тумағаны белгілі, саяси мүдде басым болды. Себебі, Ресейде 20 млн. жуық мұсылмандар бар және Ресей теңіздей толқыған көптеген мұсылман елдерімен, соның ішінде Қазақстанмен де шекаралас. 2001 жылғы АҚШ-тағы қаралы сейсенбіден кейін Исламға деген көзқарас одан әрі бұзылды. Ол көңіл-күй қазақстандық славяндар арасына тарады. Қоғамдық пікір Ауғаныстанды бомбылауды қолдады. Сонымен, батыстық және Ресейлік қоғамдық пікірге Исламмен экстремизммен, терроризмді жақындастыру, тіпті, бір деген пікір ұялай бастады. Ал, тарихта христиан, буддист және иудизм, басқа да көптеген діни қауымдастықтар арасында да шектен шыққан әрекеттер өте көп, сондықтан, бөтен дінді айтарлықтай шыдамсыздықтың үлгілері жеткілікті. Мұсылмандар тек бөтен діндермен ғана емес, өзара да соғысқа барып жатыр.

Біріншіден, өткен тарихта да, бүгін де мұсылмандар арасында соғыстар аз болмаған, мысалы 1980-1988 жылдар аралығындағы Иран мен Ирак немесе 1990 жылғы Ирак пен Кувейт арасындағы соғыстар. Мұсылмандар арасында алауыздық Пәкістан, Сирия, Ливия, Ливанда қақтығыстар болуда. Сондай-ақ, мұсылмандар арасында ғана емес, мұсылман емес елдерде жанжал, қақтығыстар жиі болып тұрады. Мысалы, Солтүстік Ирландияда ұзаққа созылған католиктер мен протестанттар соғысы, Шри-Ланка мемлекетіндегі тамил-индустер мен сингал-буддистердің жанжалдары. Екіншіден, сунниттер мен шииттер, шииттер мен басқа секталар арасындағы қақтығыстар сияқты жанжалдар христиандар арасындағы өте жиі кездеседі, кейде, тіпті, өткір сипат алады. Мысалы, орыс православ шіркеуі мен Ватикан, болмаса украин униттермен қарым-қатынас өте күрделі. Есімде, 2001жылдың 22-

25қыркүйек аралығына Рим Папасы Иоанн Павел II Астанада болды. Оның даналық парасатқа мол сөздері тек католиктерді ғана емес, барлық дін өкілдерін, әсіресе мұсылмандарды таңқалдырды. Бірақ, сол кездегі ҚР Парламенті Мәжілісінің орыс депутаттарын таңқалдырмады, керісінше, ашуландырды, шамырқандырды. Сапары аяқталып католик шіркеуінің билеушісінің еліне қайтуын асыға күтті. Бірақ жағымсыз пікірлер ресми түрде емес, пікір алмасу ретінде айтылды. **Үшіншіден**, Ислам дінін адамдарды өлімге әдейі дайындайды, олар «тірі бомбаға» айналдырады, есесіне ол дүниеде рахат көреді деп жұбатады деп сынау орынды, бірақ, осылай адамның көңілін аулау барлық діндерде бар.

Ресейдегі эсер-бомбистердің, Жапониядағы камикадзе-лерді, айтсақ та болады. Бүгін Ресейдің Санкт-Петербург қаласында террорист-революционерлерге арналған ескерткіштер жеткілікті. Ол ескерткіштер терроризммен күресіп жатқан Ресей басшыларының бүгін басын қатырып отыр. Ал, Индияда ұлты тамил террорист-әйел өзімен бірге Раджив Гандиді жарып өлтірді. Бұл мысалдарды жалғастыра беруге болады. Бір сөзбен айтқанда, идея үшін құрбандық исламға ғана тән құбылыс емес. Ал, Ислам діні біреудің өміріне қастандық жасауға, дүниесін меншіктеп сіңіріп кетуге тыйым салады. Ірі мұсылман мемлекеттері, олардың арасында Сауд Арабиясы да бар, 2001ж. 11қыркүйектегі террорлық әрекетті сынап, «барлық әлемдік діндердің қағидасына, барлық адамгершілік және адамзаттық құндылыққа жат» деп бағалады.

Ислам қуатты да қасиетті дін, сонымен бірге, тек жаратушыға ғана сенім емес, ол өмір сүру амалы, тұрмыс қалпы, жүйесі, тұтастай өркениеттің негізі. Ислам ілімі, қағидалары өмірге келген күнінен бастап, өмірден озғанша мұсылман пендесін өз ықпалында ұстайды, мінезін, тәртібін айқындайды. Ислам қоғамның экономикалық сипатын, ел басқару жолдарын, әдістерін айқындайтын діни-мәдени дәстүр.

Сонымен бірге, Ислам біртұтас дін деп тек шартты түрде айтуға болар.

Қасиетті Құран Кәрім Араб тілінде Арабеліне түскенмен, кейінгілі, мәдениеті, дәстүрлі басқа да елдерге тарай бастады, Ислам діні басқа ұлттар ерекшеліктеріне бейімделді, басқа халықтар да исламға икемделді. Сондықтан, бүгін африкандық Ислам, кавказдық Ислам, евроислам, посткеңестік Ислам, қазақы

Ислам деген ұғымдар пайда болды. Ұлттар, бір жағынан, өз бойына ана тілімен бірге төл мәдениеті, дәстүріне сүйенсе, екінші жағынан, мұсылман ілімімен, мәдениетімен байыды. Оны ғылыми әдебиетте синкретизмнің бір ерекше, сәтті көрінісі дейді. Бүгін «Ислам экстремизмі, «Ислам терроризмі», «Ислам радикализмі» деген сияқты ұғымдар Ресейден аударған қазақстандық оқулықтарда ғана қолданылады. Ал, әлемдік саясат тілінде ұғымдар бүгін пайдаланылмайды. «Исламофобия» осылай дағдарысқа ұшырады.

Негізгі қайшылықтар

Дегенмен, христиандар мен мұсылмандар арасындағы қарым-қатынастарға өркениеттер ерекшеліктеріне байланысты қайшылықтар ықпал етіп отыр. **Біздің заманымыздың маңызды белгісінің бірі – Исламның қайта түлеуі. Исламтану ілімінде капитализмнің де, социализмнің орнын басатын үшінші бағыт Ислам өркениеті болып есептеледі. Батыс капитализмі мен демократиясы ар-ұяттан аттауға әкеліп, елдерін аздырды. Ал, марксизм болса, ашық құдайсыз, атеистік ілім, ал, имандылықты сақтайтын, дін мен заңды ұштастыратын Ислам ілімі ғана.**

Әлемде бүгін бір жарым миллиардқа жуық мұсылман бар деп есептеледі. 57 елде олар сан жағынан басым, ал, 30 мемлекетте сан жағынан аз болғанымен, дін жағынан ықпалды топтар. Жаңарған исламдану жолын таңдау барысында «Исламдық мемлекет», «Исламдық экономика», «Исламдық демократия» модельдері жүзеге асырылуда. Бұл модельдердің христиан дініндегілерден басты айырмашылығы діннің қоғамдағы алатын орнына байланысты. **Христиандар үшін дін мемлекеттен бөлінген, мемлекет зайырлы болып есептеледі. Исламда зайырлы мемлекет деген ұғым жоқ. Дін мен мемлекет, дін мен қоғам, дін мен саясат, экономика, тәрбие біртұтас қауымдастықты құрайды. Өз кезегінде Ислам діні христиандардың «Богу божье, а кесарю кесерево» деген қағидасын дін мен елді бөледі деп сынга алады. Батыс адамдарының моральдық азуын, жыныстық қатынастардағы шексіз еркіндігін, отбасылық қатынастардың дағдарысын, зорлық-зомбылық, нашақорлық пен маскүнемдіктің себебін діннің мемлекеттен бөлінуінен, діннің тәлім-тәрбиелік мәнінің әлсіреуінен деп**

түсіндіреді. Батыстың рухани дағдарысқа ұшырап отырғанымен еуропалық сарапшылар да келіседі.

Мұсылмандар ұстанып отырған демократиялық үрдіс, Ислам әлеміндегі адам құқы, әйел құқы туралы түсінік батыстық үлгіден өзгеше. Сондықтан, Батыстың демократияны мұсылман елдеріне күшпен енгізуге тырысуын Ислам дінін жоюға арналған әрекет деп қабылдады. Батыс болса Ислам дінімен емес, экстремизммен күресеміз деп ақталады. Ислам әлемінде де адам құқы мәселесі қатып қалған қағидалар деу орынсыз, шариат талаптарын халықаралық талаптармен ұштастырудың жолдары 1990 жылғы Ислам конференциясында қабылданған «Исламдағы адам құқы Декларациясында» көзделген. Қайшылықтардың экономикалық негізі бар. Ислам мемлекеттері, егер, мұнайға бай бірнеше мемлекеттерді айтпағанда, артта қалған елдер. Олардың мұнай мен газды айтпағанда, шет елдер шығаратын тауарлары бір Финляндияның өндіретін тауарларынан аз. Соңғы 20-жылда 22 Араб елінде адам басына шаққандағы табыстың өсуі 0,5% ғана. Бір ғана Израильдық ғалымдардың саны барлық Араб елдерінен көп. Араб тіліне шет елдер тілінен аударылатын әдебиет мысалы, Грециямен салыстырғанда 5 есе аз. Оның себебі қашанғы отарлау саясатымен ақтауға болады? Түркия кезінде Араб елдері сияқты артқа қалған ел еді. К.Ататюрк саясаты елді жаңартуға жол ашты. Араб елдерінің бүгінгі тарихи көштен қалып қояуының басты себебі, әлеуметтік-экономикалық жүйеде, әлі де мемлекеттік биліктің үстемдігінде, кәсіпкерліктің дамуына құқықтық кепілдіктің жоқтығында. XIV ғ. өмір сүрген Араб тарихшысы Ибн Халдун халифат экономикасының дамуын тежеп отырған биліктегілердің меншік құқын таптауында, халықтың меншігін иеленіп кетуінде деген. Осыдан да халық еңбек етіп байлығын асыруға мүдделі емес, технологиялық даму да алға баспады. Өнеркәсіп техникалық жағынан ілгерілемеді, индустриалдық құлдырау басталды. Мұсылман ойшылдары Құран мен хадистың бұлжытпай орындауын қадағалап, жаңа қоғамдық идеяларға, прогреске қарсы болды. Батыстың озық технологиялық идеяларын қабылдамады. Осылай мұсылман елдері оқшаулана берді, догматизм мен схоластика үстемдік алды. Мәдениет, білім мен ғылым жағынан мұсылмандар бір кезде Еуропадан жоғары болғандарын біледі. Бірақ, ол заман өт-

ті. Бүгін «кәпірлер» алға шықты. Олар мұсылман әлемін кемсіткісі келеді, оларға жат құндылықтарды тағып, Исламды таптағысы келеді.

Дегенмен, мұсылман елдері мен батыс елдерінің байланыстары соңғы онжылдықтарда терең сипат алуда. Түрік, Араб, басқа да мұсылман дініндегі ұлттар өкілдерінің Еуропа мен АҚШ-қа қоныс аударуы бұрын бір-бірінен алыс халықтар мен діндердің араласуына, жақындасуына жағдай жасады. Мұсылмандар мен христиандар жұмыста, базарларда жиі кездесіп, көрші болып қатар өмір сүріп жатыр. Батыстың азаматтары мұсылман дінін қабылдай бастады. Батыс технологиясы ешқандай кедергісіз мұсылман елдеріне ену де. Студенттер, профессорлар, ғалымдар, инженерлер батыс елдерімен жиі байланыста. Сонда да Батыста әлі де болса Ислам діні туралы мәлімет тапшы, болса да жиі бұрмаланған. Араб елдерінің кейбір топтары радикалдық идеяларды қолдайды. Осыдан «Ислам фундаментализмі», «Ислам терроризм» сияқты исламды бұрмалайтын ағымдар пайда болды. Олардың мәніне еуропалықтар терең бойлай бермеді. Мысалы, әрбір экстремистік ой-пікір терроризмге ұласа бермейді, бірақ, әрбір терроризм ол экстремизмнен басталады. Фундаментализм мен терроризм де әртүрлі ұғымдар. Фундаментализм діннің бастауына, ірге тастарына, фундаментіне оралуды білдіреді. Фундаментализм қай дінге де тән. Ислам фундаментализмі (*арабиша «салафия»-салаф-ата-бабалар*) дінді бұрмалаудан тазарту, байлыққа кенелген ысырапшылыққа жол берген азғындардан аластау. Фундаменталист бола тұра экстремизмді сынауға, ал, терроризмді айыптауға болады. Ислам еш уақытта зорлыққа, күш жұмсауға шақырмайды. Сондықтан, бүгінгі саяси лексикада «Ислам» мен «Исламист» ұғымдарын айырып айтады. «Исламист» саясаттанған ислам, Ислам құндылықтарынан аулақ, зорлық-зомбылық, жолына түскендер. Оның себептері де бар. Әсіресе Таяу Шығыстағы дау-жанжалдар.

Бүгін бүкіл әлемнің назарын аударып, көп айтылып та, жазылып та жүрген жалғыз дін – ол ислам. Мәселе, мұсылмандардың санының өсуінде ғана емес, оның саяси белсенділігінде. Ислам бүгін ең қуатты, ең өміршен дін. Жан қиярлықтай құштарлықпен берілу басқа діндерге тән емес. Ислам – өмірдің тірегі, барлық дүниенің өлшемі. Сонсымен де өз үмбеттерін көбейтеді, біреулерге қуат береді, біреулерге үрей туғызады. Ислам феноменінің де, ислам фобияның да себептері осында.



Бақытжан САТЕРШИНОВ,
философия ғылымдарының
докторы, доцент

ИСЛАМ ФОБИЯСЫ және СТЕРЕОТИПТЕР

өзінде де аяқ астынан өздерін Ислам өкілдеріне жатқызатын күмәнділер бір-неше терактілер жасап үлгерді. Соның салдарынан біздің қоғам да осыған дейін таңсық көрінген «Исламнан үрейлену» немесе «Ислам фобиясы» құбылысымен бетпе-бет келді. Яғни, 2011 жылы біздің еліміздің батысы мен оңтүстігінде орын алған терактілер тізбегінен кейін Исламофобияның едәуір ұлғайғаны аңғарылады.

Осындай өзектілікке ие болып отырған Исламофобия құбылысының концептуалдық және дефинициялық түбірі мен мағынасына келер болсақ, алдымен «фобия» ұғымының сөздіктерде қандай да бір нәрсеге қатысты шамадан тыс қорқынышты, негізсіз үрейленушілікті білдіретінін ескеру керек. Демек, кез келген фобияның шығу тегі объективті шынайылықтан гөрі, көбіне соқыр түсінікке негізделеді деп түйіндеуге болады. Тура мағынасында исламофобия «Исламның алдындағы ақталмаған қорқыныш» деген мәнді білдіреді, бірақ, ол «Исламға қарсы стереотип» (таптауырын) мағынасын да аңғартып, өмірдің барлық қырларына қатысты қолданылатын басқа да 500-ден аса анықталған фобиялардың қатарына кіреді.

Исламофобия ксенофобияның бір түрін, Исламға деген, сондай-ақ, онымен байланысты қоғамдық құбылыстарға деген жағымсыз реакцияның әртүрлі формаларын жинақтап анықтауды білдіреді. Дүниетанымдық дискурстағы Исламофобияның қалыптасуын діни тұрғыдағы әртекті өркениеттердің өзара тарихи қарым-қатынасы барысында орныққан әлеуметтік-мәдени стереотиптерден көруге болады. Гуманистік қоғам құруға бет бұрған бүгінгі ХХІ ғасыр биігінен көз тастағанда, Исламофобия – діни

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына 2013 жылғы Жолдауында: «Біз мұсылман үмбетінің бір бөлігі екенімізді мақтан тұтамыз. Ол – біздің дәстүріміз. Бірақ, бізде зайырлы қоғамның дәстүрлері де бар екенін, Қазақстан зайырлы мемлекет екенін ұмытпауымыз керек. Біздің дәстүрлері мен мәдени нормаларына сәйкес келетін діни сана қалыптастыруымыз керек» дейді. Бұл сөздер әлемдегі және біздің еліміздегі діни ахуалдың өзектілігінен туындаған еді.

Америка Құрама Штаттарындағы 2001 жылдың 11 қыркүйегіндегі трагедиялық оқиғалардан соң батыстық мемлекеттердің Ауғанстан мен Иракқа интервенциясы, ал, оның алдындағы екінші «шешен соғысы» мен Ресейдегі бірқатар терактілерден соң Батыста да, Ресейде де, кейінгі кеңестік елдерде де Исламофобияны жүйелі түрде де, жоспарлы түрде де күшейту үрдісі байқалады. Екінші жағынан күтпеген жерден басталған «Араб көктемі» мен осы үдерістегі мұсылман белсенділері рөлінің күшеюі, жалпы ислам әлемінің барлық елдерінде дерлік орын алған мұсылман белсенділігі дін мен саясат, дін мен мемлекет арасындағы қатынастар тақырыбын өзектілендіріп алдыңғы орынға шығарды. Сондай-ақ, тәуелсіздік алғалы бері жиырма шақты жыл бойы дінаралық төзімділік пен рухани келісім саясаты насихатталып келген Қазақстанның

надандықтың белгісі, сондықтан, бұл білімнің осы саласында жан-жақты ғылыми зерттеулер жүргізуді қажет етеді. 2014 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетіне қарасты Философия, саясаттану және дінтану институты «Қазақстан үшін дәстүрлі дін: ханафиттік мазхабтағы суннизмнің мәні мен ерекшеліктері» атты ғылыми-зерттеу жобасының аясында әлеуметтанулық зерттеулер жүргізді. Арнайы жасалған сарапшылық сауалнамада Қазақстанда Исламофобия пайда болуының мәселелік аймақтары айқындалды. «Исламофобия неге пайда болады, оның бастаулары мен тудырушы шарттары қандай?» деген сұраққа мамандар былай деп жауап берді:

1) Исламофобия – бұл Батыстың белгілі бір идеологиялық саясаты.

2) Біздің ақпараттық саясатымыз сауатты емес. Дербестік қатарымызды нығайтпай жатып-ақ, Ислам экстремизмі мен терроризмі деген сияқты жапсырмалар мен клише батыстық және ресейлік БАҚ-на көшіп алды. Нәтижесінде ол, тұрғылықты халықтың діни сауатының төмендігіне қосылып, адамдардың Ислам туралы жағымсыз стереотиппен өмір сүруіне әкелді.

3) БАҚ-ың сауатсыз жұмысы: Ислам дінінен сақтануды насихаттайтын ақпараттың ағымы.

4) Бүгінгі террористік топтардың әрекетінің салдары.

5) Исламофобия Христиан және Ислам әлемдерінің бөлектенуі ретінде орта ғасырлардың қойнауында пайда болды, бірақ, өзінің шырқау шыңына ХХІ ғасырда жетті. Бұл геосаяси және экономикалық мәселелермен, жаһанданумен, әлемдік саясаттағы екіжүзді стандарттармен, БАҚ рөлімен, Ислам әлемінің батыстық әлемнің либералдық парадигмаларына қарсы тұру дискурсымен байланысты.

6) Ислам (қоғамдық деңгейде) өзінің жағымды қасиеттерін тиісті деңгейде көрсете бермейді, ал, жағымсыз жағы көшіріліп көбейтіле береді. Исламофобияның негізгі себебі міне осы.

7) Әлемдік державалардың насихаты; радикалды Ислам ұйымдарының

әрекеті; дін ішіндегі қажетсіз үрдістерді тыншытудың ішкі исламдық тетіктерінің әлсіздігі; кейбір қайраткерлердің жауапкершіліксіздігі мен залымдығы.

8) Дәстүрлі емес ағымдар Ислам дінінің бейнесін бұрмалағандықтан Исламофобия дамиды.

9) Өздерін ислами деп көрсететін террористік ұйымдардың адамзатқа қарсы әрекеті.

10) Өз тұрғылықты халқының бойында Исламофобия қалыптастыру мен дамытудағы кейбір елдер үкіметтерінің саяси мүдделері.

11) Үстем діндер соншама маңызды саяси мән беретіндей қоғамда міндетті түрде болатын құбылыс.

12) Исламды бұрмалау, оның ұғымдарын бұрмалап түсіндіру, діни ыдыраңқылық – Исламофобия таралуының негізгі себептері осылар.

13) Бұл діни көпшіліктің ішкі интеграциясы.

14) Исламның ішкі логикасы мұсылмандарды «Исламофобияға» ренжіп жүретін және үнемі сыртқы күштермен күресіп жүретін жағдайға әкеледі.

15) Рухани кемшілік.

16) Өйткені діни сауатсыздық бар.

17) Белгілі бір топ Исламофобияны діни терроризм мақсатында қолдана алады және қоғам мүшелерінде бұл исламофобияны тудыратынын түсінеді. Олар бұл діни сауатсыздық салдарынан екендігін біледі.

18) БАҚ-да көрсетілетіндей, Исламның экстремизммен және лаңкестікпен өзара байланысы, Исламның саясиалануы, әйелге қатынасы.

19) Өмірдегі әл-ауқаттың төмендігі экстремизмге әкеледі.

20) Имамдар мен сауатты жетекшілердің жетіспеушілігінен.

21) Халықтың кедейлігі, барған сайын қаталданған заңдар, бұл жұртты ызаландырады және олар оппозицияға жинала бастайды.

Бір қарағанда тұрғылықты халқының басым көпшілігін мұсылмандар құрайтын елде Исламофобия феномені болмау керек сияқты. Алайда, бұл құбылыс, әлемді, әсіресе, Еуропа мен АҚШ-н айтпағанда, Қазақстанмен қатар Орталық Азияның

басқа да елдеріне таралып отыр. Өйткені, бұл посткеңестік елдерде көршілес Ресейден тарайтын ақпараттық ағынның ықпалы зор. Бұл бір. Ал, екіншіден бұған ғибадатын қатаң ұстағанымен, жүрегіндегі мейірімін өшіріп алған мұсылмандардың өздері кінәлі. Мәселенің түбі өзгелерден түрпідей жиырылып, өзіншілдікке салынған мұсылмандардың өздерінде жатыр. *«Қазіргі мұсылмандарға не болған?»* Исламтанушы Ғалым Жүсіпбек осындай сұрақ қойып, оған жауап табуға тырысады. Біз де оқырманды осы еңбекпен танысуға сілтей отырып, Исламофобиядан құтылу үшін, ең алдымен, мұсылмандар іштей өзгеруі, иляхи ахлаққа қайта ие болуы, пайғамбарлық моральға, ізгілікке, тазалықпен еңбексүйгіштікке қылау түсірмей, Жаратушының разылығына жету бүкіл адамзатқа қызмет ету арқылы болатынын түсінуі және бұл әлемді рухани тұрғыда да, материалдық тұрғыда да өзгерту арқылы болатынын түсінуі тиіс деп ойлаймыз.

Стереотиптік сана ретінде қалыптасқан Исламофобия құбылысын немесе Исламнан үрейлену феноменін әлеуметтік-мәдени аяда тарихи қырынан және бүгінгі батыс әлеміндегі мұсылмандар миграциясы аясында қазіргі заман қырынан қарастыруға болады. **Исламофобияның соңғы онжылдықтарда қоздырылып отырғаны рас, дегенмен, стереотип ретінде ол ғасырлар қойнауынан бері келе жатқан сананың вирусы.** Діни негіздегі стереотиптер мен Ислам фобиясы, әсіресе, мұсылман әлемі мен еуропалық өркениет арасындағы түсініспеушілік қатынастар өзінің бастауын ерте орта ғасырлардан, мұсылмандардың VIII ғасырда Пиреней түбегін алуынан және XVI ғасырдағы Реконкистадан (*испандардың қайта жаулауынан*), олардың аралығындағы айқыш (*крест*) жорықтарынан және османлылардың Византияны басып алуы мен Наполеонның Мысырға жорығынан, еуропалықтардың Азия мен Африка елдерін отарлауынан алады. Еуропаның шығысында X ғасырдан бастап еділдік бұлғарлар Исламды ұстанса, XIV ғасырдан бастап түрік

экспансиясымен бірге ислам Балқан түбегіне енді.

Итальян тарихшысы Франко Кардиниң *«Еуропа және Ислам: түсінбестік тарихы»* атты кітабы осы тақырыпқа арналып, басым бөлігінде, ортағасырлар мен жаңа заманның басындағы саяси, халықаралық қатынастарды және мәдени байланыстарды қамтиды. Сондықтан, болар, орта ғасырлардағы діни таптауырындар мен қазіргі Исламофобияның айтарлықтай айырмашылықтары бар екені аңғарылады. Бұл туралы «ЦентрАзия» сайтының материалдарына сүйене отырып, Андрей Игнатъев *«Сарациндер»* «айқыш жорығына қатысушылардың көзімен» деген мақаласында жазады. Егер, орта ғасырларда крестшілер сарациндерді (*грек тілінен аударғанда – «Шығыс адамдары», грек ғалымы Птолемей мен ерте римдік тарихшы Аммиан Марцелин еңбектерінде айтылатын қарақшы тайпалар, бәдәуилер*) Магомет деген құдайға сыйынатын пұтқа табынушылар ретінде немесе ақиқаттан адасқандар деп санаса, керісінше, өздері сол күйге түскен қазіргі заманғы еуропалық пұтқа табынушылар исламды **«ыбырайымдық монотеизмнің шектен шыққан көрінісі»** деп есептейді. Аскеттік оңаша өмірді ұстанған ортағасырлық монахтар исламды **«жыныстық жүгенсіздіктің»** діні ретінде қарастырса, әйелдер эмансипациясы мен гедонизм үстемдік етіп отырған қазіргі Еуропа тұрғындарына ислам **«толыққанды өмір сүруге»** мүмкіндік бермейтін **«жыныстық репрессивті»** дін болып көрінеді. Қазіргідей хиджаб мәселесін талқылау ортағасырлық адамдардың түсіне де кірмейтін, өйткені, католиктердің де, православтардың да әйелдері жабық киінетін. Жаңа заман мен Ағартушылық дәуіріндегі (*Вольтер фанатик Мұхаммедтің бейнесін сомдады*) секуляризация (*қоғамда дін рөлінің төмендеп, зайырлылықтың басым болуы*) барысында ислам ақыл мен прогрестен алыс сенім деп саналды, ал әр алуан ғылым салалары мен философия, әдебиет пен өнердің көптеген түрлері Еуропаға мұсылмандық Мағрибтегі (*Андалусия,*

Севилья, Кордова, Гранада) өркениеттен келгені ұмыт қалады.

Бұл туралы Монтгомери Уоттың **«Ортағасырлық Еуропаға Исламның ықпалы»** кітабынан да оқып танысуға болады. Мұсылман өркениеті өзге мәдениеттерге төзімділігі мен сұхбатқа ашықтығының арқасында Алдыңғы Азиядағы иудейлер мен сириялық арамейлердің, Солтүстік Африка халықтары мен мысырлықтардың, батыстағы андалусиялықтар мен шығыстағы үнділіктердің, сонымен қатар Хорасан мен Орталық Азиядағы түркілер мен парсылардың жергілікті мәдениеттерін бірегей исламдық арнада тоғыстырды. «Араб-парсы-түркі» мәдени синтезі орын алған бұл кезеңде қазақ топырағынан әл-Фараби, Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Йасауи тәрізді ғұламалар шықты.

Алайда еуропалық христиандардың мұсылман әлеміне деген қатынасы жаппай «жау бейнесіне» теңгерілді деп айтуға болмайды. Еуропада еуроцентризм дертіне ұшырамай, мұсылман мәдениетіне деген қызығушылығы мен құштарлығын жасырмаған адамдар (көбіне алдыңғы қатарлы, озық ойшылдар мен қайраткерлер) да болды, мысалы: Раймонд Луллий, Роджер Бэкон, Эразм Роттердамский, Фридрих II Гогенштауфен, Альфонс Кастильский, Лессинг, Гете, Пушкин, Толстой және т.б. Яғни, Исламофобиямен қатар, Исламофилияның болғандығын атап өту керек. Немістің атақты ойшылы Фридрих Ницше өзінің **«Антихристиан: христиандықты сынау тәжірибесі»** еңбегінде Испанияның керемет мавритандық мәдени әлемін дәріптей отырып, Реконкиста кезінде «христандардың бір Кордованың өзіндегі 300 қоғамдық моншаны «мұсылмандықтың көзі» деп құртып, «рухтың ғана емес, тән тазалығына да қарсы шыққанын» уытты тілмен жазады.

Бүгінгі біздің заманымызда исламофилияның таралуы екінші дүниежүзілік соғыстан кейін мұсылмандардың Еуропаға миграциясымен байланыстырылады. Исламнан үрейленудің Еуропада қаншалықты таралғанын «Бүгінгі Ислам» сайтындағы тақырыптардың атауынан

аңғаруға болады, мысалы: *«Мұсылмандар исламофобиядан қалай құтылады?»*, *«Калининградта жүргізуші мұсылман жүкті әйелін шығарып жіберді»*, *«Лондонда Исламофобиялық шабуылдар 65 %-ға жиіледі»*, *«Австрияда бір айдың ішінде 3 мұсылман әйелі, 3 мешіт және медресе Исламофобиядан жапа шекті»*, *«Австралиялық мұсылман әйелін пойыздан лақтырып жіберген»*, *«Исламофобтар қайтыс болған полицей мұсылман әйелінің бейітін қорлады»*, *«Грузияда медресе есігіне шошқаның басын іліп кетіпті»*, *«Саясатшы мұсылман әйелі Италиядан қашты»*, *«Венада орамалына бола мұсылман әйелі жапа шекті»*, *«Данияда саясаткер мұсылмандарды Гитлермен салыстырды»* және т.б. (<http://islam-today.ru/islamofobia/>). Тізімді ары қарай жалғастыра беруге болады. Мәдениеті дамыған өркениетті ел дегендердің сиқы осы.

«Мұсылмандар қаптап кетті, келешекте олар жергілікті халықты ығыстырып шығарады» деген мифтің негізсіздігін А.Крупман: «Шындығында, қазіргі демографиялық трендтерге (иммиграцияны қоса алғанда) сәйкес, 2010 жылы 6 %-ды құраған аймақты мекендеуші мұсылман тұрғындарының өсімі 2030 жылы 8 %-ға ғана көтеріледі. Халықтың сегізпайызы – бұл еуропалық өркениеттің құрдымға кетіп, барлық жерде шариат заңдары енгізіледі, деп байбалам салатындай деңгей емес. Мұсылмандардың осы қарқынды өсімі сақталғанның өзінде 2050 жылы олар 11 %-ды ғана құрайды, яғни, ұзақ уақыт бойы азшылықта болады. Демек, Исламофобтар тыныш ұйықтаса да болады» – деп жоққа шығарады.

Қазіргі кезде Еуроодақ елдерінде 15 миллиондай мұсылман, орта есеппен алғанда, Нидерландыда - 10%, Францияда - 6-7%, Германия мен Швейцария - 5%-дан, Ұлыбританияда - 3% ислам дінін ұстанушылар тұрады. Еуропалықтардың мұсылмандарға деген негізгі наразылықтары: жұмысқа деген жалқаулығы мен жатыпшіерлігі, жергілікті дәстүр мен мәдениетті сі-

ңірмеуі, тілді үйренбеуі, мешіттердің көбеюі, азанның айтылуы, көшелерде жұма және айт намаздарын өтеу, хиджаб немесе паранджа киюі және т.б. Ал, мұсылмандардың еуропалықтарға арта-тын айыптары: білім алудағы, жұмысқа тұрудағы кемсітушіліктер, қоғамдық орындардағы дискриминация және т.б. Рим папасы Бенедикт XVI 2006 жылғы Регенсбург қаласында Исламға қатысты айтқан сыни сөздері, Франциядағы хиджаб киюге тыйым салу, Швейцарияда мешіт мұнараларын салуға тыйым салу, Даниядағы каррикатуралық даңғаз, Норвегиядағы Брейвиктің жасаған теракты Исламофобияның шоғын қоздатты.

Кейбір зерттеушілердің пікірінше, қазіргі Еуропадағы антиисламизм XIX ғасырдағы антисемитизмді айна-қатесіз қайталайды: «Жөйттің орнын иммигрант, мұсылман, «қаралар» басты. Большевиктік бүлік «әлемдік терроризммен» алмасады. Масондар исламшылдарға айналады. Жүз жылдан кейін дін қайтадан Батыс Еуропадағы саяси пікірталастардың тақырыбына айналады. Бірақ, бұл жолғысы католиктер мен протестанттар арасындағы ескі пікірталас емес, Ислам туралы мәселе». Бұл тұста украиндық сарапшы Артем Кирпиченко ресейлік маман Б. Кагарлицкийдің пікірін келтіріп отыр. Ол, сонымен қатар, американдық тарихшы әрі көсемсөзші Михаэл Дорфманның пікірін де келтіреді. Ол бойынша, антиисламдық мәтіндер жөйттерді арабтарға, иудазимді исламға алмастырған антисемиттік мәтіндердің қайта өңделуі болып табылады. Еуропадан да, Ресейден де 2000 жылдардың басында «Исламды соқ та планетаны құтқар» (бұрынғы «жөйтті соқ та Ресейді құтқар») деген ұрандар мен лозунгтар жазылған плакаттарды кездестіруге болатын. Осылайша, Батыс әлемінде ислам фобиясы стереотип ретінде, дүниетанымдық дискурс ретінде кең етек жайып отыр.

Иә, қазіргі заман адамның өзін өзі пайымдауы үшін, өз мүмкіндіктері мен өмірлік стратегиясының мақсаттарын айқындау үшін, моральдық және құндылықтық бағдарларын бекіту үшін көп нәрсе береді. Коммуникациялық технологиялардың

қарқынды дамуы қоршаған әлем туралы ақпарат алудың жолдарын, әлеуметтік-мәдени жүйелерді өзгертудің жолдарын жетілдірді. Еркіндік пен либерализм шекарасының кеңеюі, демократиялық шаралар мен азаматтық қоғам институттарының көптеп құрылуы қазіргі адамның дүниетанымдық ізденісі мен шығармашылығын оятты. Сонымен қатар, әлемдік дүниетанымдық дискурстар бүгінгі адамның өз дүниетанымдық картасының идеялық қондырғысын іздестіруінің негізгі «күшіне» айналып отыр. «Батыстық» және «шығыстық», «оңтүстіктік» немесе «солтүстік» құндылықтардың тайталасын ғаламтордың әр алуан торабындағы ақпараттық «соғыстан» айқын аңғаруға болады. Әлемді екіге жарып отырған бұл үдеріс ақырында Бейбітшілік пен Иманға шақыратын бір бейтарап үшінші күштің араласуын күтіп отырғандай. Пікірлердің плюрализмін мойындамаудың салдары қарулы қақтығыстар мен рухани дағдарысқа әкеледі. Біз «дүниетанымдық дискурс» деп жұмсартып айтып отырған айғақтың бар екенін, біз бүгінгі күні Украинаның батысы мен шығысы арасындағы дүниетанымдық қақтығыстан көріп отырмыз.

Жалпы, мұсылман қоғамдарында болып жатқан үдерістерді объективті зерттеу мен түсіну мүлдем жана тәсілдерді қажет етеді, оның ішінде, Исламофобия феноменін, Исламнан үрейлену құбылысын Исламға тән дүниетанымға сәйкес көру, дінге сенетін адамның көзімен қарау, яғни, «ішінен көру» қажет. Зерттеушілердің көбі, **біріншіден**, исламдық діни ілімнің (әсіресе, *әлемдегі мұсылмандардың 90 пайызын қамтитын суннилік бағдардағы исламның, сондай-ақ, бұл бағдардың ішіндегі жартысына жуығын құрайтын ханафилік мәзһабтың*) негіз құраушы ұстындарын, мұсылман ғұламаларының ілімдері мен мұсылман қауымының өмір қамын білмеу, **екіншіден**, қазіргі мұсылман қоғамында болып жатқан саяси және әлеуметтік-мәдени үдерістер мен бүгінгі мұсылмандардың саяси, интеллектуалдық және діни өміріндегі «акторларды» білмеу ислам туралы қайшылықты пікірлерге, тіпті мүлдем дұрыс емес ой қорытындыларға әкеледі.

Исламофобия туралы Фейсбук әлеуметтік желісіндегі оқырмандар пікірі:

Зікірия ЖАНДАРБЕК: Бұл мәселенің негізі, Ислам дінінің алғашқы ғасырларындағы талас-тартыстың шығуымен тікелей байланысты. Сол кездегі Ислам ғұламалары түрлі ағымдарға бөлініп, күрделі діни-танымдық жіктелушіліктің негізін салған. Сол жіктелушіліктің соңы 4 мазхабтың қалыптасуымен тынышталған болатын еді. Бірақ, соның өзінде Ислам қоғамы Ахл ал-Хадис және Ахл ар-Рей болып іштей екіге бөлінген. Ахл ал-Хадис Исламға ешқандай өзгеріс қажеті жоқ. Біз ешқандай жаңалық қоспаймыз, Пайғамбар заманындағы Ислам бізге жетеді деген пікірде болды. Олар Құранның аяттарына талдау жасауға, оның ішкі мәнін ашып, Ислам қоғамын алға жылжытуға қарсы еді. Ал-Абу Ханифа бастаған Ахл ар-Рей өкілдері болса, ақылға көбірек мән берді. Құран аяттарының ішкі мазмұнын аша отырып, ғылым мен білімнің, жалпы қоғамның алға жылжуына мүмкіндік берді. Ислам ғұламалары ашқан жаңалықтардың дені осы топ өкілдеріне тиісті болды. Олар ақылды қолдана отырып, ислам дінінің, ұлығын, Алланың хикметтерін терең тануға күш жұмсады. Құран аяттарының ішкі мазмұнына талдау жасады. Бұл сол кезеңдегі әлемдік деңгейдегі жаңалықтарды ашуға мүмкіндік берді. Абу Ханифа жолын жалғастырушы Имам Матуриди Ханафи мазхабының сенімдік негіздерін қалыптастырды. Қожа Ахмет Йасауи болса, сол негіздерге сүйене отырып, түріктің Исламдағы жолын айқындап, рухани-мәдени болмысының негізін қалады. Біздегі Ислам осы. Бұл Ислам халықты алға сүйремесе, артқа тартпайды. **Қазіргі Ислам атын жамылған тобырдың тууына Батыстың барлау орындарымен Ислам дінін зерттеу орталықтары көп қызмет жасады. Олар сол 7-8 ғасырлардағы тартысты, іштей жіктелушіліктің себептерін жеріне жеткізе зерттеген Батыс зерттеушілері Ахл-Хадис ұстанымдарын алға тарта отырып, Исламды жаңалықтардан тазарту жолдарын көрсетті. Уаххабилік ағым дүниеге осылай келді. Ол Османлылар қоластындағы арабтардың азаттық күресінің идеологиясына айналды. Ол күрестің нәтижесі Османлы империясының күйреуіне әкелді. Бүгін келіп, бұл ағым бүкіл Ислам әлемін күйретуге бағытталған идеологиялық қаруға айналып отыр.**

Қуаныш НҰРҒАЗЫ: *Екі мүдде болған соң, бір-біріне деген фобия болады – бұл өзін қорғанудың шарты. Қазақ болса, орыстану фобиясынан, арабтану фобиясынан, жалаңаштану фобиясынан және т.б. фобиялардан өзіндік мүддесін қорғайтын қорғаныш амалдарын, саясатын жасайды. Бұл барлық егеменді ұлттар сақталған*

елдердің барлығында бар. Тек ұлттық келбетін жоғалтқан, бодан елдерде ғана жоқ. Өйткені, олардың бұл қорғаныш сезімдерін өлтіріп тастаған, не басқа құндылықтарға айналдырып жіберген. Сондықтан, Қазақтың тегіне, ұлттық құндылықтарға басқаның, не басқаша ойлайтын адамдардың қолдарын салудан қорғануы заңдылық. Оларды әшкере-релеп, жазалау керек. Ұлттық мүддеге және қауіпсіздікке нұқсан келтіруші деген қазақ елінің заңдық шекарасы болуы тиіс. **Қазіргі уақытта қазақилану деген ойды көпшілік адамдар исламдану, кейбірі арабтану деп түсінеді. Бұл қауіпті адас. Бұл саясаттың артында үлкен қаражаттар келіп жатыр және жан-жақты, өмірдің сала саласы бойынша арабтандыру саясаты жүріп жатыр.** Кітаптар мен бағдарламалар, әңгімелер мен өсиеттер қазақ қоғамына ата-бабадан қалған-мыс аманат ретінде көрсетіліп, құлақтарына құйылуда. Ең қиыны биліктің бақылауының әлсіздігі. Олар тек терроризмге ғана байланысты бақылаудан аса алмай жатыр. Сондықтан, бұл өзекті мәселе! Исламның түрленуі де қауіпті, біздің ел үшін басқаның түсіндіргені емес, ата-бабамыздан қалған дінді түсіну шеңберінен шықпаған абзал. Мысалы, Қағбаға кіргенде барлық адамдар, еркегі мен әйелдері бар тең дәрежеде құлшылық жасайды. Ал, Қағбадан сыртқа шыққан кезде анау еркек емес пе, мынау әйел емес пе деп бөліне қалады. Неге? Өйткені, Қағбаның ішіндегі тәртіп әу бастағы мұсылмандықтың теңдік кездегінен көрініс береді. Сырттағы тәртіп бүгінгі мұсылмандықтың өзгерген кезінен көрініс береді. Басқамен бас ауыртпай Қазаққа қазақилығын сақтау керек.

Ғани ЕСБӨЛОВ: Ислам діні тарихын жоғарыдағы ағаларымыздың айтқанына алып қосарым жоқ. «Исламофобия» неге керек дегенге келсек: Ол батыстың «ірткі салу» басты құралына айналып отыр. Біз Исламнан қорықпауымыз керек және балаларымызды да үрейлендірмей, нағыз қазақи тәрбиемен өсіруіміз керек. Себебі: Қазіргі таңда өзінің кім екенін, түбін білмеу салдарынан жастар түгiлi орта буын өкiлдерi түрлi ағымдарға түсiп кетуде. Сондықтан, бiз «Исламофобиямен» емес, өзiмiздiң төл мәдениетiмiз бен дәстүрiмiздi насихаттауымыз керек! Түбi мықты, ерiк-жiгерi мол адамды ешқандай да үгiт ала алмайтынына кепiлдiк беремiн. *Сол үшiн де, «Баланы бастан»... деп бекер айтылмаған. Бұл мәселе бiр ғана бағдарлама немесе бiр-екi мақаламен шешiлетiн дүние емес. Ел болып, ел ағалары болып бiрлесiп келешек ұрпақ үшiн қоғамдас жұмыс жасауымыз керек!*

Ерболат ҚОШҚАРБАЕВ: *Негізі Исламофобия дегенде көз алдымызға исламнан жиірену, үрейленіп, қорқу келеді. Исламның осындай күйге түсуіне кім кінәлі? Көзімізді шөл басатыны сонша тек негативтен басқаны көзіміз шалмайды. Исламның осы жағдайға түсуіне кім кінәлі? Басқа жақтан іздемейік кінәні. Біз, өзіміз кінәліміз. Өзіміз қолдан үрей туғызып жүрміз. Өзіміз деп қазақты ғана емес, ислам дінін ұстанатын бүтін жасамағатты айтып отырмыз.* Алысқа көз жіберсек, бүкіл Ислам елдеріндегі «қалаймақан»: «Араб көктемі», Кеңес өкіметі кезіндегі Иран-Ирак соғысы, Кувейт-Ирак текетіресі, Пәкістан мен Ауғанстандағы үздіксіз терактілер, Сириядағы төңкеріс, Ливиядағы жағдай, Мысырдағы «Жасыл кітап» авторына жасалған озбырлық, тізе берсе шыға береді. *Бұл фобияның бір факторы делік.*

Кейін Бен Ладен және басқалары бар әр жерде жойқын жарылыстар ұйымдастырумен айналысатын топтар көбейді. Ауғанстандағы Талибан секілді құрылымдар шын мәнінде қауіп төндіргені рас. Одан қалса, өзін-өзі құрбандыққа шалатын камикадзе жасаушылар ылаң салды, әлі де ылаңдап келеді. *Бұл екінші фактор болсын.* Халифат құру мақсатын көздеген, жаппай жихадқа шақырған содырлар *фобияның үшінші факторын* құрасын делік. Бахайдан бастау алған сансыз секталар, салафиттер мен құраниттердің көбейіп кетуі *төртінші фактор*. Бұған кім кінәлі! Әрине, мұсылмандардың өздері кінәлі. Жақынға көз салайық: Түркіменстанды мысал етіп алсақ, Құранды Рухнама алмастырды, Ниязов өзін Пайғамбар деңгейіне дейін көтерді. Тәжікстаннан шииттер мен сунниттер қарсылығы тұтанып, Бадахшанымен қоймай біздің өлкеге де ұшқыны жетті. *Бұны бесінші фактор дейік.* Өзіміз де мәселеден кенде емеспіз.

Енді, өзімізге келейік. Исламофобияның *алтыншы факторы*: Дінімізге бетбұрыстың ең бір өліара шақта токсаныншы жылдардағы зобалаң кезеңінде басталғаны. Небір рэккет, мафия заманында дінге секталық қағидалар сыналап енгені рас. *Жетінші фактор*, Құран Кәрімнің аудармасының бір ізді емес екені. Алғашқы Халифа Алтай аударғаны бір басқа, кейінгілері бір басқа, соңғы Малайзияда аударылып шектеулі түрде таратылған нұсқаның мәні бір басқа. Ал, осы жолдарды жазып отырған пақырыңыз Құран Кәрімді ең алғаш төте жазумен басылған «Шалқар» газетінен оқып танысқан болатын. *Сегізінші фактор*, молда, имам болып кезінде қай қайдағы қылмыскер, отырып шыққан, алқаш, қыз зорлап сотталған т.б. қызмет атқарғаны. Бұлардың көбі кейіннен

қайтып арақ ішіп кетті. *Тоғызыншы фактор*, зиярат орындарының түгелімен бизнеске айналып кеткені. *Оныншы фактор*, балағы қысқа, сақалы ұзын «пенделердің» көбейіп қазақы болмысқа қарсы шығуы. *Он бірінші фактор*: қыпша бел, ақ тамақ, ақбілек қыздарымыздың хиджап жамылған, қала берді пәренже киген кемпір қызға айналғаны. *Он екінші фактор*, басқа емес «намазхан» деген сөзден жұрттың шошитын болғаны. Себебі, статистика бойынша көптеген қылмыстар, алаяқтық әрекеттер, аманатқа қиянат жасау фактілері, аферистің «НАМАЗХАН» екеніне сенгендіктен, және олар тек адал болады деген адасушылықтан жасалуда. *Он үшінші фактор*, Дін мемлекеттен бөлінгендіктен криминалдық кездесулер, бандалардың есеп айырысу жағдайлары мешіттерде жүргізіліп келгендігі. *Он төртінші фактор*, ҰҚК араласуымен бір мүшел уақыт бұрын Қарсудағы мешітке тексеру жүргізіліп Сымаатолла «тақсырдың» жауапқа тартылуы. *Он бесінші фактор*, ауызекі тілде орысқұл тіркесімен қатар «арабқұл» тіркесті енгізуге мәжбүр болғанымыз. Алғаш осы ФБ бетінде сәуір айында қолданып көргенмін. Қазір басқа жамағат қолдана бастапты. *Яғни, арабқұлдар өзінің қазақы болмысына, діліне, тіліне, дәстүріне қарсы шығып келеді. Олар ашық қарсы шыға бастады. Тілімізді де ұлады. Алланы Аллах, АдалдыХалал, Арамды Харам, Некені Никах деп, Екі сөзінің бірі маш Аллах, субханаллах, фарыз, уәжіп т.б. Оларға салса жетішелік пісіріп иіс шығаруға, зиярат жанынан өтіп бара жатып зиярат жасауға, ырақты музыка тыңдауға, портрет, сурет ітуге, адыраспан, аришамен үйді аластауға, қымыз ішуге, қазы-қарта мен жылқының етін жееуге, келін ата-енесіне сәлем салуына, марқұмның жетісін, қырқын, асын беруге, егер намаз оқымаса ораза ұстауына, қансырап жатса да, егер, көмек сұраушы арақ ішкен болса көмектесуге, айға сәлем жасауға, НАУРЫЗ тойын тойлауға болмайды деген секілді толып жатқан негативтер мұңкиді. Он алтыншы фактор*, заңымыздың осалдығы. Ата Заңымызда еліміздің зайырлы деп көрсетілуі. Мейлі зайырлы болайық. Бірақ ислам дініне басымдық беріледі деген бір ғана сөйлем болуы керек еді. Уақыт алда!Тізе берсе толып жатыр. Исламофобияны туындатқан факторлардың бір парасы осылар. Ал, басқа діндерге және елдерге келсек олар өз діндері үшін, оның қанат жаюы үшін Исламның атын жамылғандарды террорист т.б. деп отыр. Осылай етуге тиіс те. Бұл олардың миссиясы ғой. Бұл іс олар үшін өте сауапты іс. Олар өле өлгенше исламмен күреседі.



Сейілбек МҰСАТАЕВ,
әл-Фараби атындағы Қазақ
Ұлттық университеті Саясаттану
кафедрасының профессоры, саяси
ғылымдарының докторы

ҚАЗАҚТЫҢ ЖАНЫ ҚАНДАЙ?

Адамзат қауымын ежелден ойландырып келе жатқан сұрақтар – өмір мен өлім, жан мен тәннің арақатынасы, сана мен болмыс ұғымдарының мән-мазмұнын түсінуге талпыну сан-алуан көзқарастар мен теориялардың туындауына арқау болды. Осы сұрақтардан өрбіген идеализм мен материализм арасындағы бітіспес күрес барысында ғылымның атасы саналатын философия пайда болып, одан әрі тармақтала келе, түрлі қоғамдық ғылымдардың салалары туындады. «Идея», «рух», «жан» деген ұғымдарды түсіндіруге ұмтылыс күшейген сайын сұрақтар да көбейіп, бұлар мәңгілік ғылыми мәселелерге айналды. Өйткені, идея шым-шықтырық болса, рухани жан дүние жұмбаққа толы, қайшылығы мен сыры да сондай көп. Жан жеке тіршілік иесіне тән жалқы ұғым болғанымен, тіршілік атаулының бәрі топтасып тірлік жасауы оған топтық сипат береді. Сондықтан да, қандай да бір ұлттың өзіндік ерекшеліктерін сипаттап көрсету мақсатында әлемдік деңгейдегі көптеген ғұлама ойшылдар «жан» ұғымын пайдаланады. Орыс жаны, неміс немесе француз жаны, т.б. ұлттардың жандары туралы айтылып-жазылып жатқанда, біз неге қазақтың жаны туралы ой толғамаймыз? Қазақы рухты, яғни, «қазақтың жанын» немесе «қазақы жан-дүниені» жан-жақты зерттеудің отандық қоғамтану ғылымы үшін маңызы аса зор. *Қазақтың жанын тану – қазақты тану деген сөз, олай болса, қазақтану мәселесі бір мақалалық емес, өзінше бір ғылым саласы болуға сұранып-ақ тұр. «Жан» деген ұғымды түсіну қандай қиын әрі қарама-қайшылықты болса,*

«қазақтың жанын» түсіну де сондай күрделі мәселе.

Жалпы, «жан» ұғымы туралы ортақ пікір жоқ, оны әркім өзінше түсінеді, сәйкесінше, сан-қырлы түсініктер қалыптасып, күнделікті қолданысымызға еніп кеткен: жан бір жағынан жеке (*әр адамға тән*), екінші жағынан көпше түрдегі (*ұжымның, қауымның, ұлттың, елдің, ұлттың жаны, яки, рухы т.б.*) ұғым; жан – ішкі рухани дүние (*жан-дүние, рухани дүние*); қандай да бір сезімнің немесе іс-әрекеттің сапасы (*мысалы, жан-тәніңмен беріліп сүйу, жанындай жақсы көру, жанын салып жұмыс істеу т.б.*); мінез-құлықтың сипаттамасы ретінде (*момын жан, адал жан, абзал жан, жаны жайсаң т.б.*); адам ұғымына мәндес сөз (*синоним*) ретінде (*көшеде жан жоқ, бір үйлі жан, «Мал-жан аман ба?»*); өмірді немесе өлімді бейнелеуші (*жанды, жансыз, шыбын жан*), адамның әлеуметтік-рухани азып-тозуын бейнелеуші (*тірі өлік, жаны жоқ адам, жаны ашымас т.с.с.*).

Жоғарыда айтқанымыздай, қазақтың жаны да жұмбаққа толы, өйткені, қазақ ұлтының өзіндік ерекшеліктері өте көп. Ол ерекшеліктер ғасырлар бойы қазақтардың тұрмыс-тіршілігі өткен географиялық орта мен табиғат құбылыстарына (*климатқа*), өмір сүру салты мен шаруашылық жүргізу әдістеріне, діни наным-сенімдеріне, мәдениетіне, салт-дәстүріне, тарихына, көршілес елдердің тигізген әсеріне қарай қалыптасып, бірте-бірте дамыды. Олай болса, осы факторлардың қазақ жанына қалай ықпал еткенін талдап көрейік.

Ең алдымен, қазақ жанына географиялық фактордың тигізген ықпалына тоқталсақ, қазақ ұлтының генезисі (шығу, пайда болу тегі, қалыптасу кезеңі) болған ру-тайпалардың тұрмыс-тіршілігі ғасырлар бойы Еуразияның кең-байтақ даласында өтті. Қазақ елінің жер ауқымы қандай кең байтақ болса, қазақ ұлтының жан-дүниесі де сондай кең. Қазақтардың

жаны еркіндік пен кеңшілікке құмар болуы сондықтан. Дала демократиясы да қазақ жанының ашықтығына негізделді, еркіндік пен жариялылықты қазақтың жаны сүйеді. *«Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ»* деген қазақ сөз бостандығын ежелден қастерлей білген. Тіптен, *«Дат, тақсыр»* деп, қадүілгі қараша да, өлім жазасына кесіліп бара жатқан айыпталушы да, талап-тілегін немесе ақтық сөзін басқа емес, Ханның өзіне де айтуына құқығы болған. Қазақ әділетті әрі ақылмен айтылған сөзге тоқтай білген халық. Еуропалық сот институты қазақ жеріне келмей жатып-ақ, *«Есім ханның ескі жолын», «Қасым ханның қасқа жолын»* ұстанған қазақтарда бұрыннан билер соты болған. Би атану үшін адамның бойында әділдікпен қатар ұшқыр ой, шешендік, батылдык, өткірлік, көрегендік, данышпандық сияқты асыл қасиеттер кешенді түрде болуы тиіс. *«Би»* атағы ешқашан мұрагерлікпен берілмеген, халық бидің харизматикалық (*«Құдай берген»*), яғни, *тұмысынан берілетін ерекше қасиет, дарын, қабілет*) билігін өзі мойындап, легитимді (заңды) түрде *«Би»* деген асқақ атау берген. Дау-дамайларды билер әділ шешкен, *«Қара қылды қақ жарған»* тура билердің жасаған бәтуасына жүгінуші тараптар әрқашан ризашылықпен мойынұсынған. Компенсацияны да қазақтар ертеден қолданып, Өз-Тәукенің *«Жеті жарғысы»* негізінде құн төлеуді, ер мен жер дауын, жесір дауын әділ әрі мәдениетті түрде шеше білген. Қазақ даласында зындан, түрме сияқты адамды бостандығынан айыратын тар қапастар болмаса да, қазақтың жаны әділдік пен теңдікке, заңды сақтау мен тәртіпке бағынуға әуел бастан-ақ икемделген.

Жаны еркіндікті сүйетін қазақтардың ақырып теңдік сұраған ұлт-азаттық көтерілістері де тарихта көп болған. Бәрін тізіп айтпасақ та, Ресей империясы мен Хиуа, Қокан сияқты Орталық Азия хандықтарының отаршыл озбырлықтарына қарсы халық көтерілістерін бастаған Сырым Датұлы, Кенесары Қасымұлы, Ағыбай батыр, Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы, Байзақ Датқа, Жанқожа батыр Нұрмұхамедұлы, Есет батыр Көтібарұлы, Аманкелді Иманұлы т.б., Қытай отаршылдарына қарсы күресіп, *«Үш аймақ»* көтерілісін бастаған Демежан, Бөке, Зуға, Оспан, Елісхан, Әкбар, Сейіт, Бүркітбай,

Сұлубай, Дәлелхан т.б. батырлар, Кеңес Одағы кезінде *«қызыл террордың»* 1928-1934 жылдары аралығындағы зобалаңына қарсы шыққан Адай, Батпаққара, Созақ, Ырғыз, Бостандық және т.б. жүздеген ірілі-ұсақты көтерілістері, Шұбар-Балқаш-Шоқпар наразылықтары, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі қазақтың жанының еркіндік сүйгіш және күрескерлік қасиеттерін дәлелдейді.

Қазақ жаны – батыр, ерлік жасау – қазаққа тән сапалардың бірі. *«Нар тәуекел!»* қазақтың жақсы көретін сөз тіркестерінің бірі. *«Батырлар жырын»* сәби кезінен ұйып тындап, жатқа айтқан жас қазақ өсе келе, намысы өрекіпген, батылдығы мен күш-қайраты тасыған ер азаматқа айналатын болған. Ал, батыр атану үшін ер азамат Отаны үшін отқа түсіп, жаумен соғысқанда ержүректігімен, қайтпас қайсарлығымен, әділдігімен, тапқырлығымен көзге түсіп, батырлығын іс жүзінде дәлелдеуі керек. *«Би»* сияқты, *«Батыр»* атағы да ешқашан мұраға берілмеген, нағыз ер батыл іс-әрекеті арқылы ерлігін дәлелдесе ғана оны *«Батыр»* деп, дүйім жұрт мойындаған. Сондықтан, қазақ халқында әрі батыл, өткір де тапқыр, қажырлы да қайратты адамға *«батыр»* деген құрметті атақ берілген. Тарихшылар қазақтың арғы тегі саналатын сақ (скиф, массагет, хаомаварга, тиграхауда) және ғұн тайпаларының ержүрек болғанын жазады. Сақтар Ескендір Зұлқарнайынның Азияға жасаған басқыншылық жорығының бетін қайтарса, Томирис ханша соғысқұмар парсы патшасы Кирдің әскерін талқандап, қанішердің басын алған. Ал, ғұн тайпалары болса, Еуропаны билеген: ғұнның Руа патшасына Шығыс Рим императоры Феодосий II салық төлеп тұрса, Едіге патша (Атилла) Қара және Жерорта теңіздерінен бастап Рейн өзеніне дейінгі аймақты билеген. Көне тарихты қазбай-ақ, қазақ тарихындағы белгілі батырларды айтқанның өзінде, Ер Төстік, Алпамыс, Қамбар, Қобыланды, Ер Тарғын, Еділ, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Қарасай деп ұрпақтан ұрпаққа жалғасып кете береді. Ерекше айта кетерлік мәселе – қазақтың батырлары түрлі рудың өкілдері болып табылады, сөйте тұра, *«Үш ішсең, руыңмен»* деген қағиданы бұзып, қазақ батырлары атамекен ел-жұрты үшін сын сағатта күш біріктіре білген.

Сол игі дәстүрді ХХ ғасырдағы екінші дүниежүзілік соғыста қазақ жауынгерлері жалғастырып, неміс фашистеріне қарсы күресте ерен ерліктерімен көзге түскен: 96 қазақ Кеңес Одағының батыры атанып, 30 ұлт өкілдерінің ішінде 6 орынды иеленген. «Батыр аңғал келеді» демекші, бейбіт күнде қазақтан момын жан жоқ болар. Ақиқаты сол, бірігіп, тізе қосса, батыр қазақтың жеңбейтін жауы жоқ, қазаққа қашанда керегі – ұлттық бірлік.

«Кең болсаң, кем болмайсың» дейтін қазақ жанының тағы бір сапасы кеңшіл, ағыл-тегіл молшылықты жақсы көреді. «Құласаң, нардан құла» деп, қазіргі қазақтар да қолынан келсе, аянып қалмауда: той жасап, ас бере қалса «Ақ түйенің қарны жарылғандай» ас та, төк қылып, шашылады, үй салса патшаның сарайындай етіп, көліктің де ең үлкенін, ең қымбатын мінуге құлшынады. Мұндай кезде қайран қазақ ынсап, ысырап, обал, қанағат деген ұғымдарды ұмытады. Сонымен қатар, арқаны кеңге салып, жайбарақат жүру, кеңістік пен уақытты өзгеше мөлшерлеу (кеңістікке қатысты иек астындағы жер, қозы көш, атишаптырым, таяқ тастам жер десе, уақытқа қатысты сүт пісірім, ет пісірім т.б., яғни, нақтылық жоқ) де қазақтарға тән қасиет. Қанға сіңген әдет болғандықтан, қазақтар әлі күнге дейін жайбарақат: «Асықпаған арбамен қоян алады», «Асыққан шайтанның ісі» деп, уақытпен де, хал-ахуалмен де санаспайтын кездері көп. Ұлы Абай атамыз айтқандай, қазақ қолын кеш сермеп, үнемі кешігіп жүреді. Осынысынан қанша опық жесе де, ешбір қайтпайды, асықпайды-ау шіркін, асықпайды.

Алтай мен Атыраудың арасын қамтитын қазақ жерінде сан-алуан географиялық белдеулер бар: асқар таулар мен ұсақ шоқылар, құмдар мен тақырлар, орман-тоғайлар, өзендер мен көлдер, ұлан-ғайыр Бетпақ дала мен Сары арқа, Қарт Каспий мен Арал теңіздері жатыр. Мекен еткен жерінің табиғаты қайшылыққа толы болса да, қазақтар ежелден-ақ табиғатпен де, қоғамдық болмыспен де өзара үндестікте өмір сүруге тырысқан. Қазақтардың киіз үйінің ешбір бұрышсыз, дөңгелек формада болуы тегін емес. Геометрия заңдылығына сай, бұрыш болуы үшін екі түзу сызық қайшыласуы тиіс, яғни, бұрыш қайшылықты. Ал, дөңгелеген сызық ешбір

қайшыласпастан үздіксіз жалғаса береді. Қазақтар өздерінің тұрғын үйлерін адамның көзі жетер көкжиектің дөңгелеген формасына, кең даланың көк аспанына қарай отырып, дөңгелек формада жасаған. Киіз үй дөңгелеген әлемнің шағын моделі іспетті: шаңырақ киіз үйдің төбесінде, дәл ортада орналасып, аспан мен күн сияқты көрінсе, шаңыраққа айнала шаншылған уықтар бейне бір жан-жаққа таралып, шуағын шашқан күннің сәулелері сияқты болып келеді де, дөңгелене құрылған керегемен жағасып кетеді. Қоршаған ортамен үндестікте өмір сүруді қалайтын қазақтың жаны ертеден бейбітшілікке бейім. Қазақ қазақ болғалы көршілес елдеріне басқыншылық соғыс ашқан емес, басқа ұлттармен жауласып, жанжалдасқан да кезі жоқ. Керісінше, көршілес елдердің басқыншылық соғыстарынан, отарлық езгісінен қазақтар қаншама қайғы-қасірет шекті. Қазіргі Қазақстандағы бейбіт өмірдің ұйтқысы болып отырған қазақтар екені даусыз, мемлекет құрушы қазақ ұлтының кеңпейілдігі мен сабырлығы еліміздегі бейбітшіліктің кепіліне айналып отыр.

Қазақ жанына климаттың да тигізген ықпалы зор. Еуразия қоңыржай климатты ендікте орналасқан, мұны басқаша «күрт континенталдық климатты аймақ» деп те атайды. Мұндай климаттың ерекшелігі – ауа-райының құбылмалы болуы, қыстың суықтығы да, жаздың ыстықтығы да қырық-елу градусың ол жақ, бұл жағында, бір шектен екінші шекке шығып кетеді. Сол сияқты, қазақтың жаны да бірде ыстық, бірде суық. Бір нәрсені жақсы көрсек, көзсіз жақсы көреміз, жек көрсек, иттің етінен жек көреміз. Мақтасақ асыра сілтейміз, жамандасақ, жер-жебіріне жетеміз. Мақтансақ, ісіп-кебеміз, ұялсақ, жерге кіріп кете жаздаймыз. Аншамұншаға үндемейміз, ал, ашулансақ қиын, қопарып-төңкереміз. Орысша үйренсек, орыстан озып, қазақ тілін ұмытып кетеміз. Өткен ғасырда ғана атеизмге ұрынсақ, бүгін міне, діни фанатизм мен экстремизмге душар болып отырмыз. Қазақтың жаны бір шеттен екінші шетке, ұшқарыдан ұшқарылыққа қарай аласұрады да жатады. Буырқанған қазақтың мінезі де құбылмалы, жылқының мінезі іспетті, «Ат ердің қанаты» дейтін қазақтың мінез-құлқы да Қамбар атаның төліне ұқсап кеткендей.

Табиғаттың қатал мінезіне әбден көндіккен қазақтың жаны көнбіс. «Мандайға жазғанды көреміз» дейтін фатализм қазақ жанына жақын, тіпті, кейде қазақтың төзімділігі түпсіз, шыдамдылығы шексіз сияқты көрініп кетеді. «Сабыр түбі сары алтын» дейтін мақал құдды бір момақан қазақ жанына арналғандай. Әріден ойласақ, мойынұсыну мен бағынуға қазақ жаны сәбилік жастан бастап үйренетіндей-ақ: бесікке бөленіп, бесік баумен тас-түйін таңылған сәби түйсіктік деңгейде мәжбүрлеу мен бағынудың не екендігін сезінеді. «Алланың заңдарына бағыну, мойынұсыну» деген мағына беретін Ислам дінін ұстанып, мұсылман атанғалы бері, бұрыннан көнбіс, шыдамды қазақ өзін күндегенге жәбір көрсетпейтін, Алла Тағаланың қамқорлығына лайық болу үшін зұлымдық пен қысымшылыққа сабыр сақтап, тәубе ететін, патшасына хидаят-тауфиқ пейіл, қанағат-ынсап тілеп, билікке ләм-мимсіз бағынатын мүмкінге айналды. Қаншама ғасырлық шапқыншылықтар (*ойрат-қалмақ, қытай, араб, хиуа-қоқан т.б.*) мен орыстың отарлық езгісіне шыдауы – Ж. Молдағалиев жырлағандай, «Мың өліп, мың тірілген» қазақ жанының көнбістігін көрсетеді.

Қазақтың жанына өз әсерін тигізген ерекшеліктердің бірі – тұрмыс-салт. Қазақ жерінің кең, табиғатының қайшылықты, ауарайының аумалы төкпелі болуы қазақтардың көшпенді мал шаруашылығын ұстануына ықпал етуші факторлар болды. Сөйтіп, әлемдік тарихта теңдесі жоқ, көшпенді халық мәдениеті туындады. Көшпенділік өмір-салты қазақтың жанына да, тәніне де өз әсерін тигізді: әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі, наным-сенімі, ділі, мәдениеті, әдебиеті, халық шаруашылығы, киімі, тамақтануы т.б. жер бетіндегі басқа халықтардан өзгеше. Отырықшы мәдениеттегідей табиғатты өздеріне «бағындыруға» күш салмай-ақ, қазақ халқы жайлау, күздеу, қыстау, көктеу деп, жылдың төрт мезгіліне сай, табиғатқа бейімделе отырып өмір кешуге әбден дағдыланды. Осыдан келіп, қазақ жанының тағы бір қасиеті – бейімделгіштігі келіп шығады. Қазақтар шынымен-ақ, қоршаған ортаға да, қоғамдағы өзгерістерге де тез бейімделе кетеді. *Алысқа бармай-ақ, ширек ғасыр бұрын тоталитарлық*

жүйеде коммунист болғандар, тәуелсіздік алып, демократиялық жүйеге өткелі бері шетінен демократ. Жоспарлы экономикадан нарыққа өтіп едік, саудасаттықты жаппай меңгердік: осы күні бізде сатылмайтын ешнәрсе қалмады... Бұрын көрші өзбекті «саудагер сарт» дейтін қазақ бүгінде сол өзбекті он орап кеткен сияқты. Ауыл халқы стихиялы болса да, урбанизацияға тартылып, қалалық мәдениетке бейімделуде. Ғаламдануға да барынша бейімделіп барамыз, бейімделген сайын қазақы жанымыз да бөгіделініп, батыстанып бара жатқандай...

Көшпенді өмір қалыптастырған салттардың бірі – «Құдайы қонақ болу». Ұлан-байтақ қазақ даласында алыс жолға шыққан жолаушы жолай кездескен кез-келген ауылға тоқтап, қалаған үйіне келіп, қонақ болып, қонып, өзі де, астындағы аты да демалып, тамақтанып, есін жинаған соң, қайтадан жолға шығып, сапарын жалғастыратын болған. Асылы, «қонақ» деген сөздің түбірі де «қон», «қону» болса керек. Ойламаған жерден келетін мұндай қонақты қазақтар құдайдың жіберген қонағы болар деген оймен «Құдайы қонақ» деп атаған, «Қырықтың бірі қыдыр» деп, сый-құрмет көрсеткен. Мұндай құдайы қонаққа үй иесі қонақжайлық танытып, түсіністікпен қараған, өйткені, әрбір қазақ күндердің күнінде өзі де алыс жолға шыға қалса, құдайы қонақ боларын білген. Көшпелі өмір аралас-құралас тұрмыс-тіршілікке негізделген, осының барлығы жиналып келгенде қазақ жанының ашық, мейірбан, қонақжай болуына өзіндік игі ықпалын тигізген. Қазақ жанының қонақжайлығы арқасында тағдыр тауқыметімен жер ауып келген қаншама жат жұрттық қазақтың жомарт қолынан дәм татып, жайлы қонысқа ие болды, қаншама өзге ұлттардың өкілдері елімізге құдайы қонақ болып келіп, тоқтап, тұрақтап, Қазақстан Республикасының азаматтарына айналды.

Бөтенге қонақжай болғанымен, қазақ жаны кейде мақтау сүйгіш, кейде өздері танып-білетін жандарға қатысты іші тар көрсексызар: қазақтардың арасында көре алмаушылықтың көп болатыны бәрімізге мәлім. Ресейге бодан болғанда патша билігі Сібір, Орынбор генерал-губернаторларына құпия тапсырма беріп, қазақтардың бір-бірін көре алмаушылығын барынша

өз мүдделеріне сай пайдалануды, қаз-акты өзара сағыстырып, іштен іріту арқылы отарлау қажет деп ақыл айтқан. Р.Нұрғалиевтің бас редакторлығымен 1995 жылы шыққан «Айқап» Энциклопедиясында П.Екатерина патшаның Орынбор генерал-губернаторына жолдаған құпия жарлығында: *«1) Қырғыз-қазақ халқының бір ру басшыларын екінші ру басшыларыменен араз етіп, бірі менен бірін қас етіп, бірінің етін бірі жегуге себеп болыңыз; 2) Сұлтандардың бірі менен бірін араз қылып, бірі менен бірін иттей тартыстырып, бірінің етін бірі жегуге себеп болардай іс қылыңыз; 3) Қырғыз-қазақтың басшы адамдарын сұлтандарымен араз қылып, сұлтандарын өз қол астындағы ақсақал адамдарымен араз қылыңыз. Арасына от түскен уақытта жанып кетердей көкір-сөкір даяраты беріңіз. Осылайша арасына от тұтатып береке-бірігін алсақ, өзара азып, тозғандығынан қазақ-қырғыз жұрты бөтен патшалық қол астына көшіп кетерге дәрмені болмас. Өз-өздері қырық пышақ болып, қырылысып, жеңілген жағы жеңген жағынан өш алар үшін, күш алар үшін Россия патшалығына жақындар уа патшалыққа қорғалар. Сол уақытта Россия хукіметі араларына төре болып, төрелеп, ретіне қарай я анасына, я мынау жағын қуаттап тұру керек. Түрлі амалменен сұлтандарының күшін кетірсек, өзімізден озып ешқайда кете алмас. Келетін, кететін жері өзіміз болып, тілегенімізше қақпалап жортармыз»* деп көрсетілген. «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді» деген осы болар. Қазақтың жанын жегідей жеген мұндай жымысқы саясаттың нәтижесі М.Әуезовтың «Абай жолы» романында шебер суреттелген. Негізі, қазақтың жаны бәсекеге құмар, қазақтың ұлттық спортында да бәс тігіп бәйге шаптыру, көкпар тарту, көмбе алу, қыз қуу, күресу, күш сынасу сияқты бәсекелер көп. Сол сияқты, қазақтың күнделікті өмірінде де бәсеке тоқтаусыз жүреді. Бәсекеге шыдай алмаған кейбіреулері қызғаныш пен пасықтыққа ұрынып, І.Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасында баяндалғандай трагедиялық іс-әрекеттерге барған. Көре алмаушылық, қызғаныш қазақ жанының ең жағымсыз қасиеттері. Кеңес Одағы тұсында шала сауатты шолақ белсенділердің қызғанышы мен кара ниет ішітарлардың домалақ арызды қарша боратуынан қазақтың

қаншама ардақты азаматы қуғын-сүргін көрді. Бұл 1930-1937 жылдардағы саяси репрессияға қазақтардың көп ұшырауының, бетке ұстар зиялы қауымынан айырылып, аңырап қалуының да бір себебі болды.

Қазақы өмір салты қазақ жанын бейімделгіш етіп қана қойған жоқ. Көшпелі мал шаруашылығы қазақ жанын шыдамдылық, ептілік, табиғатты сүйю сияқты толып жатқан жақсы сапалармен де, еріншектік, жалқаулық, қызық құмарлық, тойшылдык, мақтаншақтық сияқты әдеттерге де ұрындырды. Өйткені, қазақтардың мал бағуы жыл мезгілдеріне сай, науқандық сипаттағы шаруашылық болатын: негізінен көшіп-қону, көктемде төл алу сақманы, жазғытұрым жүн қырку мен сауын, күзгі күйек, қыста қыстауға қону, соғым сою сияқты. Ал, төрт түлік малды жайылымға жайып бағумен малшылар қауымы айналысып, олардың басты қызметі малды ит-құстан, ұры-қарыдан қорғау мен өрістегі малдың бағыт-бағдарын бақылаудан тұрды. Өзен аңғарларына жақын орналасқан жатақ ауылдар болмаса, қазақтардың дені егіншілікпен айналыса қоймаған. Көшпелі өмір болғандықтан, үй салуға деген қажеттілік аса болмай, құрылыс дамымады. Сондықтан, науқандардың аралығында ауылдағы халықтың басым бөлігінің қолы ұзарып, той тойлауға, көңіл көтеруге кең мүмкіндіктер туындаған. **Бұл дүниеде тойлайтын тойлары ең көп халық қазақтар болса керек:** шілдехана, бесік той, тұсау кесу, сүндет той, сырға салу, құда түсу, қыз ұзату, келін түсіру, беташар, үйлену тойы, мерейтой, қоныс тойы, наурыз мейрамы, қыз қуу, көкпар, бәйге т.с.с. жалғасып кете береді. **Бейне бір, шыр етіп дүниеге келген сәттен бастап, қазақтың өмірі той тойлаумен өтетіндей көрінеді. Тойлауды жаны сүйетін қазақтың даңғазалығы, ауыр еңбектің бейнетінен қашатын жалқаулығы осыдан келіп шығады. Әлі күнге дейін солай, ауылдарда жаппай жұмыссыздық болса да, той тойлаудан қазақ алдына жан салар емес.** Зауыт-фабрика ашпаймыз, оның есесіне тойхана, мейрамхана, ойын-сауық орталықтары көбейген үстіне көбейіп барады. Той жасау тұтас индустрияға айналды: сый-сияпаты мен киіс-киігі, дастархан мәзірінен бастап, тойханасы, аспазы, күтушісі, лимузині, әртісі, әнші-бишісі, асабасы бар... қайсы бірін айтасыз, қысқасы не керек, қазақы той бизнес

қызып тұр. Жаңа қазақтар той жасаудан өзара жарысып, сән-салтанатпен бәсекелесетін болды. Қазақ жаны мақтанғанды, мақтағанды ұнатады. Бұл туралы Абай жиырма бірінші Қара сөзінде: *«мақтанишақ деген біреуі «демесін» демейді, «десін» дейді. Бай десін, батыр десін, қу десін, пысық десін, әрдайым не түрлі болса да, «десін» деп азаптанып жүріп, «демесінді» ұмытып кетеді. Ұмытпақ түгіл, әуелі іс екен деп ескермейді. Мұндай мақтанишақтардың өзі үш түрлі болады. Біреуі жатқа мақтанарлық мақтанды іздейді. Ол – на-дан, ләкин надан да болса адам. Екіншісі өз елінің ішінде мақтанарлық мақтанды іздейді. Оның надандығы толық, адамдығы әбден толық емес. Үшіншісі өз үйіне келіп айтпаса, я ауылына ғана келіп айтпаса, өзге кісі қостамайтын мақтанды іздейді. Ол – наданның наданы, ләкин өзі адам емес»* дейді. Ал, енді, тойшыл қазақтың еріншектігін қараңыз. Елімізде мыңдаған қазақтар жұмыссыз жүрсе де, «гастарбайтер» аталатын өзбек, қырғыз, тәжік ағайындар Қазақстанға келіп, құрылысшы болсын, егінші не малшы болсын, таңдап-талғамастан, түрлі жұмыстарға жалданып, нәпақаларын тауып жүр. Сонда қалай, гастарбайтер істеген жұмысты қазақ істей алмай ма? Істей алады, бірақ ерінеді, себебі, қазақ аз бейнетпен көп пайда табатын «мықты» жұмыс іздейді. Қаз-екемнің көбі жандарын қинап, бастарын ауыртқысы келмейді. Қазақтың жаны кейде бір осындай аянкес.

Қазақ ежелден ру-тайпалық өмір кешкендіктен, қазақ жаны ұжымдасып өмір сүруге бейімделген. Жеке жүріп, дарабоз болу қалың қазақтың ішіндегі жүрегінің түгі бар, батыр тұлғаларына ғана тән, ал, жалпы, қараша қазақтың жаны жалтақ. «Бөлінгенді бөрі жейді» деп, топ жарып шығуы қиын. «Жаңғыздың даусы шықпас, жаяудың шаңы шықпас» демекші, ішінара бас көтеріп, елім деп еңіреген, жұртым деп шырылдаған қазақтың нар қасқаларына халықтың қолдауы жетіспей, опық жеп, опат болғаны қаншама. Біз тарихтан сабақ ала білуіміз қажет, тарихты тұлғалар жасайтыны, бір ғалымның ашқан жаңалығы барша адамзаттың тағдырын өзгертетінін ұмытпайық. Жеке адамды, оның ішінде, талантты, нағыз интеллектуалдарды дамытуға жағдай жасауымыз қажет.

Интеллектуалды ұлт болуымыз үшін интеллектуал жеке адамдарымыз көп болуы шарт. Алайда, «У ішсең руыңмен іш» дейтін қазақ ұжымдасып өмір сүруді қалайды, өйткені, не болса да, ым-жымдары ішінде. Сондықтан болар, сыбайлас жемқорлыққа қазақтар белшесінен батып, кейбір билеуші элита өкілдері «команда», «клан», жершілдік, рушылдық сияқты ұжымдасудың жағымсыз түрлерін қанға сіңген әдеттей тез арада игеріп алды. Мемлекеттік деңгейде де ұжымдасуға барынша күш салып жатырмыз. Кеңестік дәуірде ұжымдасып өмір сүріп едік, КСРО ыдырағалы бері де ұжымдық қауіпсіздік пен экономикалық ықпалдасудың (ТМД, ҰҚШҰ, Шанхай ұйымы, СВМДА, ЕурАзЭҚ, Кеден Одағы т.б.) бастамашысы Қазақ елі. Еуразиялық одақ құру идеясын ұсынушы да біздің Елбасымыз. 2015 жылдың басынан бастап Елбасы идеясы шынайылыққа айналып, Еуразиялық экономикалық одақ нақты құрылып, өз жұмысын бастамақ. Осылайша, тәуелсіз Қазақ елі Ресей, Беларусь, Армениямен ұжымдасып, болашаққа бірге қадам жасамақшы. Бұған қоса, Дүниежүзілік сауда ұйымына кірмек ойымыз тағы бар. Тоқ етерін айтсақ, рулық-тайпалық өмір сүруден бері ұжымдық өмір сүруді қазақтың жаны ұнатады.

Қазақ елінің батыс пен шығыс өркениеттерінің арасында орын тебуі қазақ жанын әрі-сәрі күйге түсіріп, оның бойына еліктегіштік, ксенофилия, толеранттылық сияқты қасиеттерді дарытты. Қазақ даласын Ұлы Жібек жолының басып өтуі Қытай мен Еуропа арасындағы сауда керуендерімен бірге жүрген түрлі діннің, мәдениеттің, ұлттың өкілдерінің қазақтармен қарым-қатынас жасауына игі ықпал етті. Қазақ жерінде бұдан бөлек араб шапқыншылығы, Ислам дінінің таралуы, Шыңғысханның жорықтары, жоңғар соғыстары, Ресейдің боданына айналу, кеңестік кезеңдегі индустрияландыру, тың игеру сияқты түрлі тарихи-саяси процестер сапырылыса жүріп, шартараптан жиналған түрлі мәдениеттер тайқазандағы еттің сорпасындай бүлкілдеп қайнап, қойыртпаққа айналды. Осылайша, қазақ жаны шығыс пен батыстың өзара үнқатысуындағы (диалог) рухани дәнекердің ролін ойнады. Мұндай жағдайда басқаға еліктеудің орын алуы заңдылық. Қазақ жаны еліктеудің арқасында өзге мәдениеттерден

жақсыны да, жаманды да бойына сіңіріп, гибриді (*аралас*) күйге түсті. Таңқаларлық түгі жоқ, қазақтың жаны да, тілі мен мәдениеті де, діні мен ділі де гибриді. Қазақ жанының еліктегіш болуы ксенофилияға (*ксено – бөгде, филия – сүйу*) ұласып, қолында бардың қадірін білмей, бөтендікіне қызығуды, өзінікіне қарағанда өзгенікін артық көрушілікті туындатты. Кейбір қазақтар нағыз ксенофилге айналып, ана тілінен гөрі шет тілін ардақтайтын, төл мәдениетіне қарағанда бөтеннің мәдениетін дәріптейтін, бейтаныс дінді ұстанатын рухани дертке шалдықты. Гибриді жан толерантты келеді (*түсіністікпен төзе білу, яғни, адамгершілік тұрғыда ұлты, тілі, діні, ділі басқаларға түсіністікпен қарау*). Қайғы-қасіретті, азап бейнетті, отарлық езгіні көп көрген қазақ жаны басқа ұлттардың басына түскен ауырпалықты бөлісуге, олардың ұлттық ерекшеліктерін сақтауына көмектесуге қашанда даяр. Қай ел Қазақстан халқы ассамблеясы сияқты арнайы саяси институт құрып, диаспоралардың өкілетті билігіне ашық жол беріп отыр? Мұның бәрі қазақ жаны мен мемлекеттік билігінің толеранттылығы арқасында іске асты. Толерантты қазақ басқаларға «Мынауың қалай?» – деп, шекеден қарауды білмейді. Тіптен, ел мен жердің қожайыны өзі бола тұра, кейбір бөгде пысықайлардың есіктен кіріп, төр менікі дейтін есірген құқайына да, ың-шыңсыз, жылыстап еніп алып, іштен шалатындарға да төзгіш қазақ үндемейді. «Жаман үйді қонағы билейді» дейтін көне мақалы бола тұра, көңілшек қазақ жаны кейде толеранттылық пен намыссыз ынжықтықты айыра алмай жатады.

Қазақ жаны туралы мәселе бір мақалаға сиярлық дүние емес. Бұл кешенді зерттеуді қажет етеді, сондықтан, мақаланы қорытындылау да қиын. Сөз соңында қазақ жанының тағы бір ерекшелігіне тоқталсақ. Еуропа мен Азияның, батыс пен шығыс өркениеттерінің арасында өмір сүруді Құдай маңдайына жазған қазақтың жаны сан ғасырлар бойы өзін-өзі қалай айқындарын білмей (идентификациялау), іздеумен, адасумен келеді. Бабамыз Қорқыт ата да өлімнен қашып, мәңгілік өмірді іздеп, дүниенің төрт бұрышын кезсе де «Қорқыттың көрінен» құтыла алмаған. Асан Қайғы бабамыз да желмаясына мініп алып құтты мекен боларлық «Жерұйықты» іздеген. Бабаларымыз

туралы аңыздардан да қазақ жанының ерекшелігін байқауымызға болады. Қарапайым тілде бейнелеп айтсақ, қазақ бірнәрсесін жоғалтып алып, жоқ іздеп жүрген адам іспетті. Қазақ жаны ежелден романтик, қиялдағыны іздегіш. Арман қуып, от пен суға түсуге даяр. Қазақ жаны сайын далада жортқан, сәттілікке сеніп, азық іздеген бөрі қасқырға ұқсайды. Қазақ «қасқырдай» десе мақтанады, «итсің» десе ренжіп, намыстанады, өздерін көк түркіміз, көк бөрінің ұрпағымыз деп санайды. Қазақ «Ер азығы мен бөрі азығы жолда» деп, ғайыпқа сеніп, жолға шығады. «Ер үйде туады, түзде өледі» дейтін қазақ іздеумен, жоғалтумен, адасумен келеді. Өркениеттің көшіне, саясаттың ағынына ілесеміз деп, өз жолынан адасып, ұлттық ерекшеліктерін жоғалта жаздаған кездері көп. Ресейге бодан боламыз деп, одан кейін коммунизм құрамыз деп жүріп, қалай орыстанғанын, мәңгірттеніп үш ғасыр адасқанын аңқау қазақ жаны байқамай да қалды. Тәуелсіздік алғалы бері қазақ есін жинап, жоғалтқанын тауып, өшкені жануда. Мұндай қазақ «Адасқанның несі айып, қайта үйірін тапқан соң», «Ат адасса, қазығын табар» деп ақтала салады. Қазір де қазақ жаны ізденіс үстінде. Қазақтың жаны да, елі де ерекше – не еуропалық емес, не азиялық емес, таза батыстық емес, болмаса таза шығыс өркениетіне де жатпайды. Қайсысын таңдаймыз, қандай даму жолымен жүрсек адаспаймыз деген сұрақ өзекті болып тұр. Нақты идеологиямыз да жоқ, Ата заңымыздың 5-бабында «Қазақстан Республикасында идеологиялық және саяси әр-алуандылық танылады» деп жазылған. Сыртқы саясатымыз да көп векторлы, бір мезгілде бірнеше одаққа мүшесіміз. Аяғы не болар екен деп, қарапайым қазақ жаны аңырып, аңысын аңдып отыр. «Қалай болғанда да, қазақ жаны өзінің бет-бейнесін, табиғи болмысын, ұлттық ерекшеліктерін сақтай отырып, өзіндік даму жолын табуы тиіс» – дейтін ең соңғы сөйлемнен кейін – «Диалектика заңы бойынша, қазақ та өзінің жанын заманға сай жетілдіруі қажет: жәнтәніне сіңген жағымсыз кемшіліктерден арылып, өзгелердің жылтырағанына еліктей бермей, әлемдік рухани кеңістіктен барлық жақсы құндылықтарды өзінің жан-дүниесіне сәйкестендіріп, бейімдеу арқылы байыппен байытуға талпынуы керек».



Серік ЕРҒАЛИ,
«Тұран-Астана» университетінің
магистранты

Біз көшпелі қоғамның мемлекеттік бөлінісін талдау арқылы оны насихаттаудан аманбыз және де мазмұны мен құндылығы күн өткен сайын құлдырап бара жатқан отырықшыл қоғамның идеалдық әділ формациясы болып табылатын демократиялық ел билеу үлгісіне де тиісуден аулақпыз. Мақсат – елдік құрылымды өзгенің ықпалды көзқарасынсыз қарастыру.

XXI ғасырдың «қорасына» кірдік. Заманымыз жаһандану құйынын тұрғызуда. *Жаһандану дегеніміз – аула таңдамайтын құбылыс, қай ұлт екенің есепке алынбайды, ең бастысы - 7 млрд. адам үшін «таңдаулы» жасампаздар мен өндірісшілер болады да, сол «таңдаулы» жалпыадамзаттық билеушілер мен байлардың тауары мен идеологиясының 7 млрд. Адам ата ұрпағы жаппай тұтынушысы болмақ.* Бұл тұтынушылық күнделікті күйбең тірліктен арыла алмайтын әлеуметтік ахуалмен шектеледі және даму жолындағы елдер солардың жоспарымен жатып-тұрып, жерін экологиялық қатерге тіктірген үлкен зауыт-фабрикалардың күресіне, күл-қоқыстардың үйіндісіне айналдыру қаупі бар. Ал, рухани салада материалдық және идеологиялық жоспармен тірлік кешетін халықтардың бойынан өзіне тән етенелік (этникалық) сипат өшірілмек. Ол өшіру қасақана жасалмағанның өзінде, жаһандық үдерістің барысында басқарылуға ыңғайлы бірыңғай жаһандық халық түзілсе, Алла жаратқан «бірін бірі тануға» қажетті қасиеттен қағыс қалатын нәрсе аз болмақ. «Көппен көретін ұлы той» бола тұра, бұл құбылыс ірі ұлттардың өзі үшін қатер бола бастады, сондықтан,

ҰЛТ пен РУ және ШАҢЫРАҚ

жер бетін антижаһандану қозғалысы шарпуда. Сөйтіп, жаңа заманның жаңа үрдісі әлемнің сан жұрттарының алдына екі мәселені қазқатар қойып отыр:

* жаһандану құйынына жұтылып кетпеу;

* әлемдік «төре» халықтардың табанында тапталмау.

Осы жаһандану үрдісіне сәйкес әр халық өзінің өмір қадамын өлшеп-пішіп, «қайтсек, тірі қаламыз» деген жанталасқа ұрынып, бұл сергелден экономикада да, саясатта да, мәдениетте де, әлеуметтік салада да басты әрекеттің мәйегіне айналууда. Бұл жанталасты мемлекеттік аумағы әлемдегі 9-орынды иеленіп, жер байлығы жағынан ағыл-тегіл болып отырған қазақ халқы да кешуде. Алайда, біздің халық жаһандану үдерісіне әзірше өзін тек қана экономикалық жағынан тырбынып, рухани құндылыққа мұршасы келмей, біржақты ғана дайындалып жатқан сыңайы бар. Бұл әрекеттің қазіргі қарқыны қазақтардың тек қана жақсы тұтынушы болып қалуымен шектелуі ықтимал. Ал, біржақты тұтынушы дегеніміз – тауарды өндіруші мен ұсынушыға тәуелді болу деген сөз. Себебі, қазақтар өз елінде де, өңірде де жасампаздыққа толық көшіп болған жоқ, әзірге ата-баба қалдырған материалдық мол байлықты сатушы ретінде ғана көзге түсуде. Оның үстіне баба ұрпақтың идеологиялық мұрасына кісімсі қарайтын менмендік пайда бола бастағандай... Бұл ұлттық мәңгүрттік пе, әлде аңғырттық па? Ата-бабамыз байлықтың үстінде мыңдаған жылдар бойы тірлік ете жүріп, зергерлікпен түйін түйсе де, жерасты байлығын игеруге неге кіріспеді деген сауалдың жауабы, көшпелі ұрпақ талай отырықшыл елдерді бағындыра жүріп, өздері сол жұрттардың демографиялық құшағында неге «еріп» кете барды деген сұраққа берілетін жауаппен астасып жатқандай. Ал, бұл жұтылыс әлі

жаһандануға кезікпегендегі сыйқымыз.

Егемен болса да бүгінгі қазақ қазіргі жағдайда, отырықшы елді басып алып, өзі соған сіңіп кете барған кешегі баба ұрпақтың күйін кеше бастағандай әсер бар. Оған өз елінде барған сайын саны арта түссе де, өз тілі мен ділін сақтау мұң болып бара жатқан қазақы тірліктің шындығы ешкімге шүбә келтірмей отыр. **Қазір елдегі қазақтың көпшілігі өгей тілмен күн кешуде. Қалалық ұлт бола бастаған қазақтардың көбі өз тілі мен ділін өз тірлігіне қолданудан қалып бара жатқандығы құпия болмауда, қалғаны солардың соңынан жетектегі сөмпең қағуда! Барлықділдік нәрі көшермендікке негізделген қазақтың ұлттық иммунитеті қызыл империя кезінде-ақ жаншылған. XX ғасырда бірнеше қоғамдық үдерісті бірге бастан кешкен қазақ пен өзбекті салыстырсақ, өз ділінен өзбектің соншалықты ажырамауына не себеп деген сауал көлбеңдейді. Бұған басты жауап – қазақтың көшпелі өмір салтын жоғалтып, отырық өркениетке ұшырап, ал, өзбектің өз заманында көрген қай құқайды да, өз өмір (отырық) салтымен қарсы алғандығында еді. Яғни, қазақ өмір салтын өзгертті, соған сәйкес идеологиялық және қоғамдық формацияның өзгерісін бастан кешті, ал, өзбектерде өмір салты өзгермегесін, қоғамдық формацияның өзгерісі олар үшін түкке тұрғысыз күйінде шыбын құрлы әсері болмады.**

Аумақтық және аталық құрылымдар. Әр ұлттың тілі мен дінінен басқа өзіне тән этностық ішкі иммунитеті болады, бұл иммунды қалыптастыратын ұлттың әкімшілік-аумақтық бөлінісі. Бұндай құрылым отырықшыл халықтарда кеңістік-материалдық ресурс бойынша, ал, көшпелі қоғамда адам ресурсы бойынша бөлініс болып табылады. Мысалы, өзбек тірлігі үшін бұндай құрылымның ең төменгі звеносы – қышпақ. Ал, көшпелі қазақ (*қазіргі отырықтанған қазақ үшін – ауыл*) үшін – өзінің жеті аталығы. Отырықшыл халықтарда бұл құрылым тек қана аумаққа тәуелді, ал, көшермен жұрттарда бұл туыстық-қандық жақындыққа тәуелді. Алайда, қонысты жұрттарда индивидуализм – жекедарақты да сол аумақ туындатады, көшермендерде ұды да, суды да руымен ішетіндіктен коллективизм-ұжымдасу аса мығым келеді. Сол себепті,

жеті атаға ұйысқан қазақ әлемнің кез келген жеріне ығысса да тұтас күйінде аман қалу көшпелі өмір салтын өзгертпеген орталарға тән. Бұны шығыстүркістандық қазақтардың бірнеше мың жолды кешіп, бірнеше ондаған жылдарға созылған сапарларының сәтті болып Түркияда бір қауым елге айналғанынан көреміз. **Дегенмен, отырықшыл жұрттарда индивидуум сипаты басым да, көшермен ортаға социумдық феномен ғана тән.**

Қазақтардың жетіаталық құрылымы көшпелі ортада қазіргі жергілікті мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін өзі басқару аталатын бүгінгі қоғамдық-мемлекеттік институттардың орнын басып келген. Бұл құрылымнан тыс қалу елден жырақ кету деген сөз еді. Шамасы, осындай құрылымнан аумақтық-отырықшыл ортаға жылыстаған қазақтар бұрынғы кезде «сарт» аталған. Сірә, «сарт» саудагер немесе тек қана қалалық тұрғын емес, ол жеті аталық құрылымнан ада, өз бетімен дара ғұмыр кешумен шектелетін адам ұғымын білдірген. Сол себепті, кез келген қазақтың қазақтығы - оның белгілі бір жеті аталық етенелікке тиістілігімен өлшенген. Тіпті, қазаққа кірген басқа кірме жұрттардың өзі де өзіне сай «аспан алып», таңбаға ие болып, өз аталығын жасақтайтын. Бұл әрине көшпелі дүниеге тән еді.

XX ғасырдың үштен екісін қамтыған қазақты отырықшылдық саясаты қазақ халқын бірнеше формацияны былай қойғанда, этнос үшін аса қатерлі өмір салтын өзгертуге мәжбүрледі. Осының салдарынан қазақ әрі қасақана түрде қырғынға ұшырады, әрі қасақана түрде этностық мінезі мен болмысын өзгертіп, өзінің ата-бабасының өмір салтына алақөз болуға итермеленді. Десек те, тарихи мұрағатқа айналған рулық бөліністі аңсамасақ та, қайта қалпына келтірмесек те, қазақ үшін жаһандану алапатына этностық деңгейде қарсы тұрарлық қауқарды қанша жасырсақ та, жеті аталық туыстық қарым-қатынастан ғана ұлттық иммунның ұшын аңғарамыз. Бұл туыстық шетелге шашыраған қазақтардың өмірі арқылы сынақтан өткен бүгінгі ең тиімді этностық құрылым болып отыр. Бір аталық туыстыққа біріккен шалғай шетелдік қазақтар бізге шашырамай жетуде, керісінше бұл құрылымнан жұрдай болып, аумақтық құрылымға көшкен ресейлік және өзбекстандық қазақтардың жағдайы аландарлық. Қазақтың бұл аталық

құрылымы – біртұтас ағзаға тән жасушаның ауырмаған, вирусқа ұшыратпайтын иммундық қабылеті іспетті.

Туысшыл қоғам мен әкімшіл орта. Барлай қараған адамға көшпелі қоғамда адамдар қоғамдастығы генеалогиялық бөлініске ұшырайды да, ол бір уақытта әкімшілік бөлініс рөлін атқарады. Бұл жайт көшпелі қоғамға ұжымдық (коллективизм) сипат таңады. Ал, генеалогиялық туыстықты тәрк ететін отырықшылық қоғамда адамдар қоғамдастығы механикалық сипаты бар кеңістік-аумақтық бөлініске ұшырайды да, адамға жекедаралық (индивидуализм) құлық сіңіреді. **Көшпелі қоғамдағы туыстық деңгейдің шеңбері былайша түзіледі: адам; отбасы (ата-ана және бала); әулет (бір атадан өрбитін отбасылар тобы); аталық (бірнеше әулеттер жиыны); ру (бірнеше аталық жиынтығы); тайпа (бірнеше рудың бірігуі); ұлыс (тайпалар бірлестігі); ел (ұлыстардың тұтастығы).** Сонда отбасынан елге дейін көшпелі қоғам жеті деңгейлі бөліністен тұрады, ал, адам – соның құраушы құрамтасы. Бұл бөліністің руға дейінгі сатысының тұтастығы барынша берік келеді де, тайпаның, ұлыстың, елдің ыдырауы жиі жүретін құбылыс болғаны рас. Сол себепті, көшпелі қоғамдағы мемлекеттің құрылуы мен ыдырауы жылдам жүреді де, тарих жадында тек қана айтулылары ғана сақталған. Ал, отырықшы қоғамды қарастырсақ, бөлініс былайша өрбиді: **адам; отбасы; маңай (микроаудан немесе көше); мекен (кент немесе қаланың бөлігі); аудан (қала); аймақ (облыс); ел.** Көзіміз жетіп отырғандай, көшпелі қоғам адамдар қауымдастығын сатылай біріктіріп басқарса, отырық қоғам кеңістікті (аумақты) бөлініске салып адамдарға сол арқылы билік орнатады. Сол себепті де, көшпелі қоғамда адамның ішкі рухани дамуына қажетті құндылықтарға ден қойылса, отырық қоғамда кеңістікке, айналаға керек жасампаздыққа мән беріледі. **Бірінші** ортада адамның рухани экологиясы нығайса, **екінші** ортада керісінше адамның руханияты құлазып, қоршаған орта да экологиялық қатерге ұшырайды. Көшпелі қоғамда басты ресурс адам болса, отырық қоғамдағы негізгі басқарылатын ресурс материалдық-кеңістік сипатқа ие, ал, адам екінші пландағы ресурс сипатында. Осының өзінен көшпелі өмір салтының сипаты гумандық мазмұнға ие екені байқалады. Ал, қонысқұмар қоғам адамның бар күш-қуатын

материалдық игіліктер мен өндірімпаздық-жасампаздыққа бағыттаумен жүргенде адами құндылықтарды амалсыз аяққа басуға мәжбүр болатын сипатқа ие. Өндірімпаздық әруақытта әкімшілдікке ұрынады және соны өркениетке балап, адамзаттың озат жетістігі санайды. Сол себепті де ежелгі елдер көшпелі қоғамды «командар» (**аққу мінезді адамдар - бұл ұғымға аққу құсты кие тұтқан бейкүнә ел деген ұғым сый-ып тұр**) деп атауын этноним ретінде ғана емес, көшпелі қоғамның сипатын мойындағанына да көз жіберетін уақыт жетті. Сонымен бірге бұл сөзге «гуман» ұғымы да тегін туыстасып тұрған жоқ.

Қазақ мемлекеттігіне аса ежелгі киелі (сакралдық) ұштағандық қасиет тән. Бұл философиялық тұжырымды мемлекет орнатушы абыздар математикалық «үшбұрыштың беріктігі» деген қағиданы біліп жүзеге асырғандай қайран қалдырады. **Көшпелілер мемлекеті далалық өмірге тән басты үш саланы – билікті, батырлықты, байлықты бөліске салып басты үш тарапқа бөлінген. Осылайша, қазірге дейін өшпеген «ұлы жүзді қауға беріп малға қой, орта жүзді қамшы беріп дауға қой, кіші жүзді найза беріп жауға қой» деген миссия бөлісудің өзі әрбір жүздің тараптың ішіне де сұғына таралғанына назар аудару қажет. Әр жүздің, тайпаның ішіндегі миссиялардың бөліске түскендігі де рас. Және бұған басқа ру-тайпалар тарапынан соншалықты қол сұғу байқалмайды, соған қарағанда әрбір ру-тайпаның өз миссиясы мен қоғамдағы рөлі болған және содан ауытқымау қасиетті мұрат тұтылған. Ал, бұл жағдай рулық құрылымның бірыңғай көшпелі ұлыстың тұтас мемлекеттік жүйесінен хабар береді. Бұл жүйенің ыдырауы бертін келе, ресейлік отарлау кезінде қазақы рухтың «өңкей қықым» деңгейіне түскен, көшпелі сипаттың тәрк етілуінен көрініс табады.**

Көшпенділерге о баста «жол ұстау» – дәстүрге айналған далалық заңға бойұсыну тән болған. Сонымен бірге, бір ұлысқа енген тайпалар өз ара міндет бөлісуді жүзеге асырып қана қоймай, оны жазылмаған заң түріндегі далалық құқық дәрежесіне дейін әспеттеген. Осылайша миссия бөлісу мен оны мүлтіксіз атқару – әркімнің өз жолын біліп, одан тайқымау секілді қатал заңға айналған. **«Ханның басын хан алар, қардың басын қар алар, қараның басын**

қара алар» деген мәтелде ежелгі жол ұстау заңдылығы аңғарылады. Осы қисын әу баста монархиялық билік мазмұны Ұлы далада пайда болған деген болжам жасатады.

Қожалық құрылым мен Дала идеологиясы. Әдетте қазақ ру шежірелегенде төре мен қожаны, төлеңгіттерді халықтан бөле қарайтыны бар. Алайда, рулық жүйені көшпелі мемлекет құрылымы тұрғысынан қарасақ, мұның ағаттығына көз жеткіземіз. Айталық, төренің хандық мәртебеге лайық топ екені, ал, төлеңгіттің оған қызмет ету міндеті бар екені белгілі. Ал, қожаларды алсақ, олардың әр руда бір-бір әулеттен болғандығын және оның миссиясы теологияға негізделген көшпелі халықтың идеологиясын жүргізу болған. Қазақ молданың «істегенін істемей, айтқанын істеп», қанша келемеждесе де, қожаға ондай келеке қарым-қатынас жүрмеген. Бір сөзбен айтқанда, қазақ хандығындағы қожалық құрылым кеңес өкіметінен үш ғасыр бұрын «парторгтық ауқымдағы» идеологиялық қызметті атқарған. Әр рудың өз қожасының болуын осымен ғана түсіндіреміз. Қожалардың қазақ қоғамындағы рөліне қатысты олардың сопылықпен қаншалықты арақатысы бар екеніне де мән беретін уақыт келді. Бұл жөнінде жастай марқұм болған маңғыстаулық зерек ғалым Қоңдыбай Серікболдың қазақ хандығының құрылымына ноғайлы кезеңінен қалған Есен-қазақтардың идеологтары болған сопылардың бірден бір араласы болу мүмкіндігін жазуы назар аударуға тұрарлық. Тіпті, қазақ қоғамындағы қожа институтының қашан, қалай пайда болғанын арап-тармен ғана шектеу күмәнді екеніне зер салатын уақыт туды. Қожалардың өздері мұсылмандық идеологиялық институт болса да, тарихи тереңдігі одан әріде жатқан сопылық институттың ықпалы басымырақ болуы әбден мүмкін. Сайып келгенде қожалық институтты қалыптастырған сопылық бастама болуы ықтимал.

Аталық құрылым – қазақы жергілікті өзін өзі билеу институты. Қарап отырсақ, өзбектердің жергілікті өзін өзі меңгеруі сол баяғы қышлағы мен қаладағы махалласы арқылы жүзеге асып жатыр да, бұл құрылым өзбек халқын сырттан келетін идеологиялық, тіпті, экономикалық қауіптен құтқаратын бірден бір қорғаныш рөлін атқаруда. Ал, бізде бұл жағынан кеңестік

қоғам орнатқан колхоз-совхоздар ресми шаруашылық құрылым болғандықтан, оларға тәуелді ауылдық қазақтардың ахуалы сол ыдыраған шаруашылықпен бірге рухани күйзеліске түсіп отыр; ауылдағы аталық құрылымның рөлі жүрдай болып, қазақтың төменгі құрылымы болып табылатын ақсақал институтының орнын колхоз-совхоздың зейнетке шыққан шал-кемпірлері ғана басып, халықтың ділінен ажыраған олар төменгі деңгейдегі ұлттық қауқарды қамтамасыз ете алмай қалды. Сөйтіп, қазақ жұмыртқаның ақ уызындай қорғаныштан айырылып, ұлтқа тән рухани құрылымдық иммунитеттен жүрдай ахуалда. Егер де, бүгінгі қазақ ауылында Аталық құрылымға негізделген ақсақалдық институттың міні құрымағанда арап-парсыны жағалаған сақалды діндарлар нағыз исламдық мазмұнды сіңірген ұлттың мінезі мен болмысына қарсы шабар ма еді?! Ал, ауылдық қазақы кеңістен қалаға келген жастар өгей кеңістікке тап болып, қалыптасқан бұралқы тілді, өгей ділді қауымның дегеніне мойынсұнып, өзге тілге бет бұрып, өгей менталдық құлыққа амалсыз көндігіп, бейімделуде. Бұл жағдай ауылдық қазақтардың емес, жалпы қазақтың бойындағы «мәдени шарасыздық» ретінде қабылдаған қоғамдық пікірге ұласты. Мұны зерттеген, зерделеген ешбір этноәлеуметтік ғылым саласы болған жоқ, болса да, жекелеген ғалымдар мен көсемсөзшілер тарапынан айтылған пікірмен шектелді. Сөйтіп, көз алдымызда өзіміздің өмірлік кеңістігімізден ажыраған ұлтымыздың жағдайымен санаса алмау шарасыздығы қалыптасты.

Әрине, өзбектің қышлағына қарсы біз қазіргі ауылды мысал етуімізге болады. Бірақ, бұл тамырын тереңге жайған этностық құрылымнан жүрдай, ауыл әкімінің ауызына қараған ресми мекен ғана емес, кешегі кеңестік саяси келіден шыққан «қоғамдық талқан» екенін жасырып керек емес. Мұндай «қазақы өмір ортасын» кеңес өкіметі қазақ халқының жартысына жуығын аштықпен қыру арқылы алғышарт жасағаны белгілі. Тіпті, қазақ ауылы дегенде шалғайдағы шөл мен шөлейт, сұрықсыз даланы ғана елестететін қасаң көрініс қалыптасқаны тағы рас. Сөйтіп,

бірінен соң бірі жасалған отырық қоғамның үдерістері тарапынан рухани тәркіге ұшыраған бүгінгі қазақ өзіне тән жергілікті өзін өзі меңгеру (ЖӨМ) құрылымынан ада болды. **Өзін өзі рулық меңгеру ұлттың өзіне қарсы құрылым ретінде насихатталып, қызыл идеология ұлттық сананы сансыратты.** Дегенмен, қазіргі ауылды туыс-тамырсыз елестету қиын, алайда, ол өзбектің жаһандануға қарсы тұрарлық етене рефлексі қалыптасқан біртұтас ұлттық ағзаның жасушасындай (клетка) қышпақ емес, қашан зейнетақы мен жәрдемақы береді деген тілемсек психологияны бойына сіңірген, жасампаздықтан жұрдай етілген кешегі совхоздық ресми қауымнан арыға бара алмауда.

Бір атадан тараған жеті арыстық әулет қазір бұрынғыдай біртұтас ұжымдық қауқарға ие емес, кімнің баласы қайда, қалай жүргендігін тергеп, тегін түптеп, түгендеп, тәртібін қадағалап отыратын «заржақ шалдар» қазір көзден бұлбұл ұшты, солармен бірге ұлттың мәйегі іспетті жеті аталық тұтастық та келмеске кететін сыңайы бар. **Қазақтың қазіргі рухани туыстық құрылымы той-садақаны қамтумен ғана шектеліп примитивтік сипатқа түсті. XX ғасырдың басына тән кез келген идеологиялық-экономикалық зауалға қарсы тұру мүмкіндігі бар, әр ауылдың «қой» дейтін қожасы мен «әй» дейтін әжесі болған, ежелгі шежіре шертер рухани ақсақалдың орнын, жай ғана зейнеткерлер басты.** Қақпаны қаққан ұлы жаһандануға қарсы сайман ретінде ұлттың ішкі қорғанышы болатындай жеті аталық туыстық құрылымды қайта түлету, керісінше қазақ үшін зауал емес, сауап болар еді. Онымен бірге ақсақалдық институт қалпына келіп, халықтың рухани салауаттануы мен дәрменденуі жүзеге асары сөзсіз. Бұл құрылым қазақ халқының ескілікті есіркеу үшін ғана емес, жаңа заман талаптарына шыдас беруге қажетті ұлттың ішкі әлеуетін жаңғырту болар еді.

Руға көзқарас. Негізінен көшкермендерге тән болып келетін рулық құрылымның мәні әлі күнге зерттеліп біткен жоқ және өз бағасын алған жоқ. Бір қызығы, адамдар қауымының рулық бөлінісі көшпенділіктен отырықшылыққа өткенде, әлгі қауымның рулық құрылымнан ада болатынын әлі күнге тарихшылар ескермей келеді. Қазақ халқы

XX ғасырды көшпелі өмір салтынан ажырау дәуірі ретінде сүріп өтті. Ал, жаңа ғасырда қазақтар толықтай қоныстанып бітумен бірге, көшкермендік басты ұстанымның бірі – рулық бөліністен ада болуда. Бұл біздің халық үшін қаншалықты пайда-зиян екендігі өз алдына бөлек әңгіме. **Жалпы, ру дегеніміз – қазақтардың бір-бірінен жіктелу үшін ойлап тапқан басқатырғысы емес, керісінше, көшпелі қоғамның генеалогиялық, әкімшілік, әскери, тарихи, әлеуметтік, тіпті, идеологиялық салаларды қамтыған біртұтас мемлекеттік-әлеуметтік жүйесі екендігіне көз жеткізер кезең келіп жетуде.** Сөйтіп, көшпелі қауымды отырықшыл мемлекеттік құрылым кеулеген кезде, **рулық жүйе өзінен өзі жойылып, онымен бірге көшкермендік өмір салты мен санасы хош айтысады.** Сондықтан, рулық шежіреге бір шалдан тараған жұрттың тізбесі деп қарау қаншалықты қисынсыз болса, тізбені ойдан құрай салған есімдер тізімі деу де соншалықты тұрпайы. Өйткені, рулық бөлініс – ең алдымен біртұтас көшпелі қоғамның құрылымдық жүйесі. Сайып келгенде, руға көзқарасты қазақтың ұлт болып жымдасуына кедергі ретінде қарамай, оны жаңашыл санамен саралай, заман қағидасын қолдана отырып, сәйкес түрдегі генеалогиялық, әкімшілік, әскери, тарихи, әлеуметтік салалар бойынша сараптап, ел пайдасына икемдей таратуды ойластыратын уақыт жетті.

Рулық жүйенің ақыры мен Аталық жүйенің болашағы. Рулық жүйе аттылар (номад) мемлекетінің құрылымы болғандықтан, оны ығыстыратын да басқа жүйе. Дәлірек айтсақ, қазіргі заманның өмірін билеген отырықшылдық өркениетті жүйе бұдан былай рулық бөліністің тамыр соғуына бірден бір қарсы жағдаят. Оны қазірдің өзінде ырықты экономикаға бет бұрған қоғам өкілі ретінде көріп отырмыз: ру түгілі әулеттік байланыс үзіліп, отбасылық топтың өзі әрі-сәрі күй кешуде. Сол себепті, рулық ұжымдасу келмеске кетуі ғажап емес құбылыс екеніне көз жете бастады. Дегенмен, тарихи кез келген құбылыстың жаңа жаманға бейімделе алу мүмкіндігі бар. Алайда, бетімен кеткен рулық жіктеліс саяси құбылыстың көрінісі ретінде әлсін әлі шаң беруі де әбден мүмкін.

Жасыратыны жоқ, қазіргі қазақ шежірені білуді насихаттаса, екіншісі оны рулық жіктелу деп ұғып, өз тарихынан ат-тонын ала қашып жүргені. Бұл «ауруды» о баста кеңестік шовинистік идеология енгізген болатын. Енді, сол «аурудың» асқынғаны сондай, ру туралы не айтылса да, мән берместен ат-тонымызды ала қашатын күйге түстік. Бұл да қазіргі қазақтың тәуелсіз ұлттық идеологиясының қалыптаспағанының және отарсыздану насихатының жүрмегенін көрсетіп отыр. Осы жерде бір мәселенің басын ашып алған жөн. Шежірені білу керек пе? Ол жіктелуге жата ма, ұлттық ұжымдасуға кереғар ма? Шежірені қарапайым қазаққа қаншалықты білу керек? Білу керек. Кімге қаншалықты қажет болса, оған соншалықты білген жөн. Алайда, оны әркімге, әсіресе, жас ұрпаққа 25-30 ұрпақты қамтитын ұзын сонар «қара шалдар тізімін» жаттатуға айналдыру артық. Қазіргі ұрпақ үшін өзін қосқанда 7-8 ұрпақты қамтитын жеті аталық шежірені ресми түрде (*мінті, оқу бағдарламасы негізінде*) білдірсе, өзінің тегі қайдан шығатынын білгізудің өзі бірталай сауап болар еді. Сонда шежіре жай ғана тізім емес, генеалогиялық тазалық факторы қызметін атқармақ. Біздің бұл әрекетіміз ұлтымыздың әжетке жарайтын артықшылығын халықтың гендік тазалығын арттыруға қатысы бар **геноэкологиялық сайман** деуге әбден болар. Бұған қоса айтарымыз – тарихқа тайпалық бірлестіктер мен тайпалар тарихын, рулық қауымды беріп, оларды тарихи мұрағатқа өткізу керек. Айналыста жеті Аталық құрылым мен шежіре қалса – жеткілікті. **Шежіре тарату** (*яғни, жеті атаны білу*) әлі рулық жіктелу емес. Рас, рулық жіктелудің «көкесі» – ұлтымыздың осы қоғамдық құрылымын қазіргі билік жасақтайтын сайлауға қатыстыру немесе мемлекеттік қызметке қызметкер іріктеуге қолдануда жатыр. Сонымен бірге, ұлттық санада қалыптасып қалып отырған, шежіре тарату мен рулық жіктелуді шатастыруды тыятындай әрекет қажет. Бұл жағынан алғанда, рулық жіктелу қазақтың басындағы сорға айналды дегенге сену ертерек, 2004 жылы өткен Мәжіліс сайлауында, Қызылорда

облысы ешбір рулыққа бармай, Алаштың қос арысы Мұқтар мен Токтарды таңдауы сүйінішті емес пе? Ендеше, ұлттың осы құбылысын одан әрі неге маздатпасқа?

Шежіре таратудан аталық ұжымдасуға. Әрі-беріден соң бұл жеті аталық ұғымды шежіре тарату аясынан гөрі аталық ұжымдастыруды қолдап отыру да, мемлекеттік, ұлттық тұрғыдан әлеуметтік мәселені шешуде бірқатар роль атқарар еді. Сөйтіп, руды жіктелу көзінен ұлттық генеалогиялық тұтастық органы етуге икемдеудің ерсілігі бар ма? Басқаша айтқанда, рулық ұжымдасуды тарих қойнауына беруге асықпай, оның ұлт игілігіне айналар тұсын қайта түлетіп байқаудың ерсілігі де жоқ, зияны да болмауы керек. Ол үшін рулық ұжымдасудың рулық жіктеліске апарар зиянын кесіп тастап, пайдаға асырудың жолын қарастырған жөн. Оны жүзеге асыру үшін жеті-сегіз ұрпаққа дейінгі аталастар қауымдасып, ақсақалдар алқасын құрып, оның қызметін әлеуметтік, туыстық, имандық, мейірбандық тұрғыдан адамдардың бір-біріне деген жанашырлығын қалыптастырып дамытуға бағытталған шараларды іске асыратын тетікке айналдыруға әбден болады. Алайда, мұндай жайт қолға алынар болса, рулық-тайпалық деңгейдегі қауымдасуға шек қойылғаны дұрыс. Өйткені, ол жағдай көптің азға әлімжеттік жасауын жүзеге асырар құралға айналуы мүмкін және ұлтты ірі тайпалық жіктеліске итермелеп, ірітуге апарып соқтырады. Сол себепті де, қазір ұранға айналып кеткен тайпалық этнонимдер әлгі жеті-сегіз ұрпақтық деңгейден әрі жалғаспай, одан әрі жаңа аталық тармаққа бөлінуі тиіс. Аталмыш идея ұлтты рулық-тайпалық жіктелістен арылту мен оның ішкі рухани бірлігін нығайту, рухани-әлеуметтік салауатын арттыруға қадам деп қана қарастыру керек. Мұндай нақты мемлекеттік-ұлттық мүддені қолға ала отырып, бейресми түрде тайпалық-рулық құрылтайларды болдырмауды ресми шектеу абзал іс болар еді. Осындай істермен шаңырақ қасиетті ұғымнан ұлттық бірегей брендке айналатын рәміз болмақ.



Аманхан ӘЛІМҰЛЫ,
«Ақиқат»

ҰЛТ БОЛАМЫН ДЕСЕҢ «РУЫҢМЕН У ІШПЕ, ҚАЗАҚ!»

немесе ұлттық идея туралы ой

Қазақстан Еуропа мен Азия, жалпы Батыс пен Шығыстың арасын жалғастыратын алтын көпір болу үшін, ең алдымен Еуразия кеңістігінде қазақ ұлт ретінде өзінің РУХАНИ және МАТЕРИАЛДЫҚ құндылықтарын көздің қарашығындай сақтап қана қоймай, оны онды-солды аты-жөні жоқ шашпай, жан-жақты заман, уақыт талабына сай пайдалана білуі керек. Міне, ұлттық идея мен идеологияның негізі сонда жатыр. Бұл алысты-жақынды шетелге өзге емес, тікелей олардың өздерімен жариялы да ашық түрде байланысқа шыққанда ғана орындалатын қадір-қасиеттер. Ендеше, бізге қай мемлекетпен байланыспайық, араға делдал салмайтындай, ешкімге жалтандамайтындай дәрежедегі экономикалық-мәдени, саяси-қоғамдық тәуелсіздігі мен егемендігі толыққанды қалыптасқан мемлекет болуға тиіспіз.

Әрине, Еуразия кеңістігінде өзіндік отау тігіп шыққан ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНЕ қарсы тұрушыларды былай қойғанда, оны ұлт ретінде жойып жібергісі келетіндер де аз емес. Бірақ, олардың қазаққа қарсы күресі заман, уақыт талабына сай су асты ағыстарындай әртүрлі қитұрқы іс-әрекеттер және құбылыстар мен құндылықтар арқылы жүргізілуде. Оның бірден-бір көрінісі — қазіргі әлемді экономикалық-мәдени, әлеуметтік-тұрмыстық, қоғамдық-саяси іс-әрекеттер арқылы ғаламдастыру терісін жамылып келе жатқан жайыңқұлық нарықтық қатынастардың адамзатты бір қалыпқа түсіруге тырысуы. Жалпы, ғаламдастыру деген ұғым-түсінік ұлтты жоққа шығарып, жалпыхалықтық, жалпыелдік, яғни, бір орталыққа бағынған әлемдік экономикалық-саяси, қоғамдық-идеоло-

гиялық баланстағы қаржылық-интернеттік жүйе қалыптастырғысы келеді. Яғни, бұл Тургеневтің «Отцы и дети» шығармасындағы Базаров тілімен айтқанда, «все люди должны со временем стать между собою схожи, как березы в роще» деген принциптегі, ұлтты жұтып қоятын құбылыс. Әрине, біз заман ағымы әкеле жатқан ғаламдастырудан еш қашып құтыла алмаймыз. Оған біз қарсы жүрмесек, ол бізге барынша қарсы жүріп, жұтып қояды. Сондықтан да, Қазақстан мемлекет ретінде өзінің кіндік ұлты қазақтың менталитетіне тән құндылықтар мен қасиеттерді жоғалтпай, ғаламдастыруды тік тұрып қарсы алуы керек. Әйтпесе, ғаламдастыру атты түсінік-тұжырымды, мақсат-мүддені, бағыт-бағдарды ұсынушылар орыс философы Константин Леонтьевтің: «Они (яғни, ғаламдастыру принципін ұстанушылар — А.Ә) усиливают сходство строя и быта; они ускоряют все общую ассимиляцию нравов... Современная политическая борьба, оканчивая по очереди один за другим все племенные вопросы, приготавливает этим путь республиканскому космополитизму» дегеніндей жағдайдағы қоғамға бізді нокталап енгізуге тырысып-ақ бағуда. Ендеше, әйгілі философтың өз ұлтына жаны ашып: «Какую же роль должна играть Россия в этой трагедии явного всеразрушения...», — деп толғанғанындай, біз де Қазақстанның ғаламдастыру атты саяси-қоғамдық құрылымға қалай енетінін үлкен-кішіміз болып ойлануымыз керек-ақ. Осы тұста, менің есіме өткен ғасыр басындағы қазақ ұлтының тәуелсіздігі мен егемендігі үшін күрескен Мұстафа Шоқайдың: «Халқымыз жай әшейінгі адамдардың жиынтығы емес, өзіне тән мәдениеті бар қауым (ұлт деген сөз — А.Ә.) екенін,

сондай-ақ, қазіргі жүріп жатқан саяси талас-тартыстар тек «күн астынан бір жағрафиялық орын» алу үшін ғана емес, өз мәдениетін күллі әлемге, соның ішінде Еуропаға да таныту екенін білуге тиіспіз. Біздің ең басты саяси міндетіміздің бірі, міне, осындай», – дегені еріксіз есіме түседі. Осы бір қанатты қағидаға, мақсат-мұратқа, бағыт-бағдарға, идея мен идеологияға айналатын сөздер дәл осы кездің өзінде де, болашақта да өзінің құндылығын мән-мағынасын жоғалтпайтын қасиеттен өрген тұжырым негізі. Оған қасиетті Құранның 49-Хұжрат сүресі, 13-аятындағы «О, люди! Мы сотворили вас от (пары) мужа и жены. И создали из вас (семейные) роды и (разные) народы (ұлт деп түсініңіздер – А.Ә.), Чтобы вы могли друг друга знать» (Порохова аудармасы – А.Ә.) дегенді қоссақ, онда мәселе, тіпті, күрделене түседі. Ендеше, біз өзіміздің ұлт екенімізді Алла жаратты, табиғи-тарихи құбылыс ретінде қабылдап, оны болашаққа нық та ұялмай-қысылмай жеткізуге тиіспіз. Ал, өзін философ санайтын Ғарифолла Есім болса: «Егер, біз «Қазақ ұлтымыз» деп сөйлер болсақ, онда елімізде өмір сүріп жатқан басқа этнос өкілдері де «біз – ұлтпыз» деп айтуға құқылы. Сонда көпұлтты мемлекет болып шыға келеміз», – деп сәуегейлік танытады да, әлемдік айналымға түсіп кеткен «ұлт» сөзінен бізді бас тартқызырғысы келеді. Яғни, Ғарифолла мырза өзіне дейінгі сан ғасырлар бұрын өмір сүрген әлем, соның ішінде неміс философтарының халық – объект (objekt), ұлт – субъект (subjekt) деген қанатты қағидаға айналып кеткен пікір-тұжырымдарын білмейтін секілді. Немесе біле тұра қасақана білмейтіндей пиғыл танытағын тәрізді. Тіпті өзіміздің Мұстафа Шоқай: «Халықты ұлт деңгейіне көтеру, яғни, жері, суы, қазынасы, тілі мен діні бір болған халық бұқарасын бірлестіріп, олардың санасын біртұтас саяси, әлеуметтік, ұлттық санаға жеткізуде ұлы тарихи міндеттің маңызды бір бөлігі зиялылардың үстіне жүктеледі», – дейді емес пе? Ендеше, біз осынау жолдан, ұлт сөзін айтудан бас тартуға итермелеп отырған, өзін философ санайтын Ғарифолла Есімді кім дейміз? Сол Мұстафа Шоқай атамыз енді бір сөзінде: «Атақты алман философтары Кант пен Фихтелер: Халық

бірін-бірі және өзін-өзі басқара алмайтын, басқалардың басқаруында ғана болатын тобырлар. Ұлт – басқаларға тәуелді болмаған, өзінің мекемелеріне (мемлекеттеріне деп қабылдаңыз – А.Ә.) ие және өзінің бірыңғай мүддесі бар халықтар жиынтығы», – десе, неге бізге де осыған жалпы ұғым халық емес, жалқы ұғым ұлт ретінде қол қоймасқа? Біздің түсінігімізде халық, ел, жұрт жалпы есім де, ұлт – жалқы есім. Осы екеуінің арасын ажырата алмай, көпті жаңылыстырып жүрген Ғарифолла Есім сияқтыларға не дейміз? Мұстафа Шоқайша айтқанда: «Қазір бәріміздің бір ғана ортақ мақсатымыз бар. Ол – Тәуелсіз ұлттық мемлекет құру». Міне, осы жолда тайлы-тұяғымыз қалмай әрқайсысымыз өз орнымызда ұлттың бір мүшесі ретінде қызмет етуге тиіспіз. Бізге ұлттық идея мен идеология сол үшін керек. Әйтпесе, кейбір біздің бетке ұстар деген адамдарымыз ұлттық идея туралы ойларын жалпыхалықтық, жалпыадамзаттық, баяғы кеңестік кезеңдегідей коммунизм елесін қуған коммунист – космополиттердің насихаттаған ұстанымдарын бетке ұстайтындықтарына еріксіз таңғаласың. Олар нарық заманы жеке тұлғалардың қадір-қасиетін қаншалықты арттырса, сол жеке тұлға бір мүшесі болып саналатын ұлттық қадір-қасиетті де соншалықты алға шығарғанын елеп-ескермейтін сияқты. Солардың бірі болғанда бірегейі, Кеңес Одағының туы жығылмаған сардарларының бірі – Олжас Сүлейменов. Ол өзінің ұлт тіліне деген көзқарасын ешкімнен ешуақытта да жасырған емес. Оған жеке тұлғаларға тән жалпыхалықтық, жалпыадамзаттық, өз сөзімен айтқанда, «ғарыштық сана» керек. Оның, яғни, ғарыштық сана-сезімнің тек ұлы тұлғаларға, яғни, генийлерге ғана тән екенін ол кісі білмейтін секілді. Тұтастай жалпыхалық, жалпыадамзат ғарыштық сана-сезімге қол жеткізе алмайды. Ал, жеке тұлға азамат ретінде ғарыштық санаға қол жеткізуібек мүмкін. Ондайдың жеке тұлғалығы, генийлігі сонда. Олжас Сүлейменов демекші, ол Украинада шыққан бір кітабына байланысты берген сұхбатында журналистің «Украинская власть все мается в поисках идеи, которая могла бы объединить народ. А у казахского народа

есть национальная идея?» деген сауалына ұзақ үнсіздіктен соң: «Национальная идея? У казахов? (Долго молчит). Проблема в том, что все эти поиски национальной идеи очень часто заканчивались обыкновенным национализмом. Это мы видели, видим и, возможно, еще увидим не раз. Противовесом национальной идее в таких многонациональных государствах, как Россия и Казахстан, должен стать интернационализм. Потому что иначе можно заблудиться и зайти слишком далеко, в тупик», – деп жауап береді. Осынау жауапқа Қазақстандағы кейбір өзін саясаткер санайтын Олжас Сүлейменовтің пікірлері қанағаттанып, оның осы бір тұжырымдарына қосылатын шығар-ау. Бірақ, біз оған қосыла алмаймыз. Ұлттық идея ешқандай да, ешкімді тұйыққа тірейтін құбылыс емес. Қайта ол ұлтты өздері қатарлы ұлттармен бәсекелестікке түсіріп, өркеніетті мемлекеттердің қатарына қосылуға бастайтын бірден-бір жол. Ол ұлт тұтастығын күшейтіп, заман, уақыт талабына сай өзгенің жақсысын қабылдау арқылы, оны эволюциялық жолмен бәсекелестікке лайық дамытып, ғаламдастыру дәуіріндегі өзінің күн астындағы орнын ешкімнен, ешқандай ұлттан кем емес дәрежеде алуына ықпал етеді. Оны орындауға ұйымдастырып, бас-көз болатын – мемлекеттік аппарат, әміршілік-әкімшілік жүйе. Ұлттық зиялы олардың кейбіреулері қорқатындай біз кезіндегі нацистік Германия мен фашистік Италия болмаймыз, бола алмаймыз да. Оған ешқандай да Керей-Жәнібектен басталған мемлекеттілігіміз бен ұлттық қадір-қасиетімізде себеп жоқ. Және менталитетіміз көтермейді. Оны уақыт дәлелдеген. Содан соң, ұлттық идея қатып, сіресіп қалған ұғым-түсінік емес. Ол уақыт, заман көрінісіне әрі талап-тілегіне орай эволюциялық жолмен дамып отыратын қадір-қасиет. Егер, мемлекетімізде әртүрлі ұлттық мемлекеттердің диаспоралары тұрса, оларды біз ешуақытта да сыртқа теуіп, қолдарын қағып, көңілдерін қалдырған емеспіз. Қайта олар бізбен бірігіп, ұлттық идея мен идеология қалыптастыруға көмектесуі керек. Өйткені қазақ зиялыларының ұлтшылдығы ешбіреуге қысым, қоқан-лоқы жасамайтын, үнемі

өзін-өзі қорғаумен, қорғаныспен келе жатқан ұлтшылдық. **ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ. ҰЛТШЫЛДЫҚ. ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ.** Осы бір сөз-сөйлем тіркестері *Ғ.Есім, О.Сүлейменов* қорқатын социалықты құбыжық па? Әрине, олай емес. Мәселе, олардың мән-мағынасын, мазмұн-мәтінін кім қалай түсінетінінде және қабылдайтынында. Ұнамаса, ендеше олардың өздерінің ниғыл-ниеттері ұлттық идея, ұлтшылдық, ұлттық мемлекетке теріс, ойлары арам. Ал, ұлттық идеяны іздеп, ұлтшыл болып, ұлттық мемлекет көздейтіндердің мақсат-мұраты, талап-тілегі, бағыт-бағдары өзге ұлттарға қысым жасайтын шовинистік түсініктегі іс-әрекеттер емес. Мұстафа Шоқай бұл туралы: «Шовинизм» деп басқа ұлттардың мүдделері есебінен тар ұлтшылдыққа бой ұруды, басқа ұлттардың өмірлік мүдделерін тек өз ұлтының мүддесі үшін құрбан етуді айтады. Шовинизмнің бой көрсетуі үшін шовинизммен айыпталып отырған ұлт өзі өмір сүрген елде үстем орынды иемденуі, мемлекеттік билікті қолында ұстауы шарт», – дейді. Құдайға шүкір, бізде әзірше жабайы, тұрпайы, біртоға ұлтшылдықтан бастап, өзгелерді мүлдем жоққа шығаратын ақсүйектік шовинизм жоқ. Жалпы, туа бітті, тұла бойы интернационализмге толы қазақтан ондай келеңсіз жайларды күтіп, оған күдікпен қараудың өзі – күнә. Оған Қазақстанды жайлаған әрбір ұлт пен ұлыстар өкілдері – диаспоралар куә. Ал, олардың ойларына «қиқым» салып, жақсы мағынадағы ұлттық идея, ұлтшылдық, ұлттық мемлекеттің қадір-қасиетін түсіргісі келетіндер – қараптан-қарап жүріп «қорыққан бірінші сілтейдінің» керін келтіріп жүргендер. Ондай пікірлерді қалыптастырып, елге таратып жүргендер – өздерінің батысшылдықтың балалық ауруымен ауырғандарын былай қойғанда, кенестік кезіндегідей коммунизм елесін қуалап жүрген жандар екенін білмейтіндер және өзінің туған халқының «қағынан» жерінгендер. Өз ана тілін білмей, өзгенің тілін де қарық қыла алмай жүрген жандар. Солардың қатарына Қанат Қабдырахманов дегеннің «Нацию сформируют русскоязычные...» деген пікірі де жатады. Ол мырза тіл ұлт ділінің (менталитетінің десе де болады – А.Ә.) басты көрсеткіші, табиғи-

тарихи болмысының ішкі-сыртқы сезім хабаршысы екенін білмей, өз айтуына қарағанда «алтыға» оқығанына таңғаласың. Сондықтан, тіл – ұлттың бары, ұлттық идеяның басты негізі. Тілсіз ұлт болмайды. Тілін жоғалтқандар – өз қағынан жерінген маргиналдар. Өзін жазушы санайтын осы бір автордың ауыл туралы тұжырымы да атүсті, сын көтермейтін сөздер мен сөйлемдер. Ауыл – мәдениеттің соңғы, тұяқ серіптiге келетін көрсеткіштерінің бірі, қала – өркениеттің шарықтау шыңы. Өркениет басталған жерде мәдениет шегінеді. Мәдениет – табиғи-тарихи, киелі құбылыстар мен құндылықтардан тұратын категория, өркениет тарихи-прогрестік ақыл-ойдың жемісі. Қала сезімді қатқылдандырып, адам арасындағы қарым-қатынасты салқындаттыратын, бірқалыпқа түсіретін «түрме» тәріздес болса, ауыл адамды табиғатпен астастырып, көңілін шетсіз де, шексіз кеңістік арқылы қиялын шарықтататын әлі табиғи болмысы қаладағыдай бұзыла қоймаған құбылыс әрі құндылық. Қанат сияқты өз ана тілдерін білмей, оны теріс көретіндер туралы Хасен Қожахмет «Санадағы сан ойлар» кітабында: «Олжас Сүлейменов, Нұрболат Масанов сияқты қазақтардың орысшылдығы – өздерінің еркін жүзуіне қолайлы орыстiлдi ортаның сақталуын қалайтын жеке басты эгоизм себебінен. Ал, елімізде орысшылдықтың жалғасып, қоғамның мынадай дүбәра күйінің созыла беруі қазақ ұлтына, Қазақстан тәуелсіздігіне қатерлі екенін олар өз эгоизмінің көлеңкесінен көруге шамалары жетер емес», – дейді. Бұлардың ең қауіптілігі сонда, олар қазақ тілінің еркін, табиғи дамуына барынша кедергі болып қана қоймайды, оған өзгелерді де үндейді, шақырады. Осы тұста менің есіме Мұстафа Шоқайдың «Батыс (орыс деп те түсініңіздер – А.Ә.) тәрбиесін алған зиялыларымыздың аянышты жері – рухани жақтан өз халқына өгей болып қалуы еді. Батыс тәрбиесі көптеген туыстарымызды халқымыздың жан-дүниесіне сіңген, ұлттық тарихымыздың он бойында жатқан шығыс зердесінен айырды. Олар, яғни, Батыс тәрбиесін алған туыстарымыз басқа жақтан жинаған білімдерін өз халқының өмірімен «шығыс зердесімен» бірлестіре

алмады. Біз, әрине, бұл арада «Шығыс рухы» дегеннің ғылыми, философиялық мағынасына тоқталып жатпаймыз. Біздің бүгінгі күресіміз үшін осы «шығыс рухы» «ұлттық рухымыз» болуын және біз қызметін атқарып, тілеуін тілеп жүрген халқымыздың тұла бойын осы шығыс рухы кернеп тұрғанын білуіміз жеткілікті» дегені тағы да түсіп отыр. Біздіңше, Олжас Сүлейменов, Қанат Қабдырахманов секілділерге осыдан артық айтатын сөз де жоқ. Өйткені, КСРО кезіндегі жалпыадамзаттық және жалпыхалықтық коммунизм елесіне айналған идея мен идеология ұлттың барлық қадір-қасиетін жоққа шығарып, Олжас Сүлейменов, Қанат Қабдырахманов сияқтыларды тәрбиелеген еді. Сол жолда жұмыс істеген Бұқаралық ақпарат құралдары туралы әңгіме өзінше бір төбе болары анық. Қазіргі адамның сана-сезіміне әсер етіп жатқан рухани және материалдық құндылықтар аясындағы қарама-қайшылықтар тым күрделеніп кетті. Материалдық құндылықтардың алға шығып, нарық қарым-қатынасындағы заңсыздық, ешбір тәртіпке бағынбайтын адами аралас-құраластықтың материалдық құндылықтарға ден алдыруы рухани құндылықтарды екінші планға ысырды. Ұлттық идеяның қалыптаспай, аш ішектей созылып, тек пікірлер қайшылығының негізі болып қалуының да сыры сонда. Сонымен бірге, мәселе әлі де болса бір кездегі социалистік жүйенің балалық ауруынан арыла қоймағандардың да оның орындалуына кедергі болып жүргендігін елеп-ескерсек, сондай-ақ, бір кездегі «халықтар достығының лабораториясы» атанған Қазақстан халқының ала-құлалығы, қолдан жасалынған қитұрқы саясаттың әртүрлі себеп-салдарларымен келіп қалған жұртшылықтың қазақты кіндік – мемлекет құраушы ұлт ретінде толыққанды мойындамауында болып отыр. Оған қазіргі әлемдегі жүріп жатқан «өркениет пен мәдениеттер соғысының» да ықпалы аз тиіп отырған жоқ. Сондықтан да, «Біз кіміз, қайда, неге бара жатырмыз?» деген сұраққа жауап беріп, сол жолдағы мақсат-мұратымызды, бағыт-бағдарымызды, ұстанымдарымызды анықтап алуға бірден-бір негіз болатын – **ҰЛТТЫҚ**

ИДЕЯ, ҰЛТШЫЛДЫҚ, ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ екендігін толыққанды және жақсы мән-мағынада түсінгенде ғана ілгері кеткен ел бола аламыз. Ресей мемлекетін қазіргі дәрежеге жеткізген «Москва – третий Рим», «Православия, Самодержавия, Народность», «За веру царя и отечество» деген ұғым-түсініктер болса, бізді де болашақта қалыптастыратын ұғым-түсініктер **«ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ, ҰЛТШЫЛДЫҚ, ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ»** деген сөздер болуы керек. Сонда ғана бізге Р.Юсупов сияқтылар: «...У нас (Қазақстанды айтып отыр – А.Ә.) не один, а целых три народа, только они называются по другому – жузы. Правда, время от времени один «народ» «подкусывает» другой, чтобы особенно не высовывался, но ничего, мы к этому привыкли. Поэтому назвать нас единым народом как-то язык не поворачивается. В итоге вместо «народности» почему-то выходит «жузовщина» демес еді. Әрине, егер қазақтың «шөптің басы жел тұрмаса қимылдамайды» деген қағидасына сенсек, пәленің бәрі өзімізден де бар. Руымызды біліп қана қоймаймыз – рушыл боламыз, жүзімізді біліп қана қоймаймыз – жүзшіл боламыз, атамызды біліп қоймаймыз – аташыл боламыз. Сондықтан да, бізге қарай Р.Юсупов сияқтылар еш қысылмай тас лақтырады. Біз жалпыхалықтық ұғым-түсінікке айналып кеткен «разделяй и властвуй» деген қағиданы ұмытып кеткенбіз. Әйтпесе, әлдебіреулердің аузынан шығып, көпшілікке тарап кеткен руды, жүзді былай қойғанда «батыс қазақтарының жалпы жиналысын өткіземіз» деудің өзі сол ұлт тұтастығына зиянын тигізетін бірден-бір қыңыр-қисық іс-әрекет емес пе? Бұл да ойланып, толғанатын жағдай. **Біздің руыңды біл – рушыл болма, жүзіңді біл – жүзшіл болма, дейтініміз сондықтан. Қазақстан – Еуразиялық кеңістікте орналасқан тәуелсіз де егемен мемлекет. Ол қазақтық-ұлттық негізін қалаған Керей-Жәнібек кезінде-ақ өзіндік өркениет пен мәдениетті қалыптастырған мемлекет ретінде алысты қайдам, он-солымыздағы Ресей мен Қытайға танымал болатын. Олар оның ішкі-сыртқы**

саясатымен таныс болып қана қоймай, оған үнемі қоқан-лоқы жасап, кілең қырына алып келген. Әлі де солай, бірақ, қазіргі саясаттары су асты ағыстарындай құпияға толы құбылыс. Сондықтан да, **ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ, ҰЛТШЫЛДЫҚ, ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ** **ҰЛТТЫ** тұтастыратын (*Қазақстанда тұратын жалпы халықты да – А.Ә.*) тетік қана болып қоймай, оны революциялық емес, эволюциялық жолмен ілгері дамытып, жайынкұлықты жұтып қоятын ғаламдастыру атты аждаһадан сақтап қалатын күш те болуы тиіс. Мұндағы басты міндет – сырттан келетін **РУХАНИ** және **МАТЕРИАЛДЫҚ** құндылықтарды сараптап-саралап, елеп-екшей алумен бірге, өзіміздегі қансінді **РУХАНИ** және **МАТЕРИАЛДЫҚ** құндылықтарды сыртқа шығаруда да өзіндік кескін-келбет, мазмұн-мән, сапалық-сандық қалыптарды арттырмасақ, кемітпеуіміз керек. Яғни, бұл ішкі-сыртқы саясатта да, экономикалық-мәдениеттік, қоғамдық тыныс-тіршілікте де өздерімізді өзгелермен ашық бәсекелестікке түсе алатын мемлекет болып қалыптастыруымыз керек деген сөз. Бір кезде Мұстафа Шоқай: «Біз бұрын патшалық Ресей, қазір Кеңестік Ресей деп аталған зынданның темір торларын аралап жатырмыз», – десе, енді біз «Шын мағынасындағы озық елу мемлекеттің қатарына қосылатын ел болатындығымызды дәлелдеп қана қоймаймыз, сонымен бірге, іргелі, ұйымшылдығы мен бірлігі жарасқан ұлт бола аламыз» деген мақсат-мұратпен, бағыт-бағдармен, ұстаныммен ғаламдастыру атты дәуірге кіретін мемлекет екенімізді ішкі-сыртқы саясатымызбен дәлелдеуіміз керек. Қазір одан басқа тандау жоқ. Бізге Алла патшалық Ресейді күйретіп, КСРО-ны таратып, енді іргелі ел-жұрт болатын мүмкіндік берсе, мұнан кейін ондай мүмкіндікті бермеуі бек мүмкін. Сондықтан, осынау Тәуелсіздік пен Егемендігімізді қолдан шығарып алмауға тиіспіз. «Руыңмен у ішпе, қазақ!».

«Жас Алаш». 30 желтоқсан, 2010 жыл



Серік АБАС-ШАХ,
тележурналист

ЕЛ БАСЫНА КҮН ТУСА НЕ ІСТЕР ЕДІК?.. немесе күркіреуі күшті, жауары аз қазақ намысы туралы үзік сыр

Журналымыздың №10 санында Сейілбек Мұсатаевтың «Қазақтың ұлттық намысының құны қанша?» және Айнұр Төлеудің «Намысты жоқтау...» атты мақалаларын жариялаған едік. Ендігі назарларыңызға ұсынылып отырған мына мақала да, жоғарыдағы айтылған авторлар тақырыбына орай өзінше ой-толғамдарын білдіреді.

Желтоқсанның бірдемесінші жұлдызы.. Аты мен анықтамасы бірдей қаладағы шуақты да кең кабинетте осы жолдарды жазып отырмын. Бас шаһардың бір ерекшелігі (артықшылығы да) осы: тұратын пәтерін де, қызмет істейтін кеңсең де (әдетте) жып-жылы. Сыртта Сарыарқаның әдемі ызғары күшіне еніп келе жатқаны байқалады. Қала көшелерін қарбасып жатыр. Мұндайда дүние қозғалып бара жатса да, оңайшылықпен қозғалғың келмейді. Дәл осы сәтте, сүйікті, супер ақындарымыздың бірі «Кісіге табын, ел енді» атты жаңа поэмасын көшенің қақ ортасында оқып жатыр десе де, орнымнан өре түрегелуім екі талай еді... Өйткені, мен де басқа қазақтар сияқты жалқауым, табиғатым жылыны қалайтындықтан, суықты онша ұнатпаймын. Иә, ақталуға себепті үйіп-төгіп тауып аламыз. Ал, бірақ... ел басына күн туса не істер едік? Қалған-құтқан (екі-үш ғасыр бойы ұйықтап жатқан) намысты қорғау керек болса ше?

86-дағы желтоқсан айында, аты-шулы Алматы оқиғасының болуы кездейсоқ емес, заңды құбылыс. Намысы шектеусіз тапталып, көкірегі барынша жаншылып, ұлттық болмысын жоғалтып бара жатқан халыққа жақсылап тұрып бір сілкініп алу әбден қажет еді. **НАМЫССЫЗДЫҚ!** Жайбарақат халықтың «жалын атқан қайғысы сол болатын». Дүр сілкінуге себеп табылды, халық дүр сілкінді... Бірақ, бір сілкінді де (халық қалаулыларының қазіргі көңіл-күйі секілді) тынып қалды. Кейбір шенеуніктеріміздің қағаздан тыс

қазақшасы сияқты тоқтап қалды. Жігер танытудың орнына, жер таяндық. Өйткені, аяқ астынан басталып кеткен күресті, тасқын судай тасыған намыстың қайнар бұлағын ары қарай ашуға, жалғастыруға ғасырлар бойы қанға сіңген үрей жібермеді. «Советтік Мәскеуден қайыр, қарағайдан шайыр кетті». Жергілікті шолақ белсенділер, оқиғаға қатысушы жастарды топырлатып оқудан (жұмыстан) шығарып жатты, үндемедік. Студенттердің көбі «үш әріптің» суретіне іліккені үшін ғана абақтыға тығылып, адамдық құқы тапталып жатты. Қысық көз «Понти Пилаттардың» шешімімен қаншама балғын тағдыр бүлінді? Оларға араша түсудің орнына, ас бөлмеге жиналып, өшімізді қара шәйдан алып, күңкілдеп әңгіме айттық. Көрпенің астына басымызды тығып, сары мысықтан үріккен бейшара қояндар сияқты бұғып жаттық. Үйіне келген қонағына (мейлі, ол шұршіт-келімсек болсын) ең соңғы қант-нанын дастарханға жайып күтетін меймандос халқымызға ұлтшыл деген қара таңба тағылып жатқанда, оттапсың деп өре түрегелмей, басымызды салбыратып отырдық. «Ұзын елдің иіріне, қысқа елдің қиырына» бас болып, қазақша ақыл айтып, немере-шөбересімен орысша шүлдірлесетін маңдайы кереқарыс ақын-жазушылар кітапханасынан шықпай отырып алды. Қажет кезде қалың дүйім жұртты орда бұзар ортаға бастап шығуға тиіс зиялы қауым қасқырдан қорыққан

ауыл иті сияқты үйшігіне жасырынды. Алаңға шыққан жастарды қолдаудың орнына, оларды «анаша шеккен, араққа тойған» азғындар деп айыптаған таны-мал ағаларымызға не жорық? Намыс туралы қозғамай-ақ қоялық, сол кезде олардың ұяттары сілесі қатып ұйықтап жатты ма екен деп ойлайсың? Кейін, олардың көбі «біз ештеңеге қол қойған жоқпыз, орталық комитет сыртымыздан біздің келісімсіз шешті» деп ақталып жатты. Пендешілік қой. Ал, бұл оқиға туралы нағыз шындықты бүкпаламай ашып айтқан Асанәлі аға Әшімов қана. Ол кісі 1999 жылы (осы тақырып бойынша дайындалған деректі фильмдегі) маған берген сұхбатында: «Бұлай болған, болып жатыр, бола береді», – деп мойындады. Бұл екінің бірі бара бермейтін батыл қадам... Асекең жігіт-ақ... Авторлық анықтама: *Осы айыптау материалын ұйымдастырған сол кездегі орталық комитеттің жауапты қызметкері В. Устиновтің сөзіне қарағанда, қол қойған адамдардың бәрінің де (телефон арқылы болса да) келісімі алынған.*

Коммунистік Мәскеу халқымыздың «астынан ит жүгіртті, үстінен құс ұшырды». Ел әділетке шөлдеді. Кейінірек, желтоқсанның құрбандығына қыршындай қылып Қайрат Рысқұлбековті шалып тындық. Онда да «сен тимесең, мен тимелеп» жатып алдық. Қаршадай жасты өлім жазасына кесіп жатқанда, сол арсыз соттың алдына барып, халықтың жасанды спектакльге деген үзілді-кесілді наразылығын білдіруге, тым құрығанда 20 шақты зиялысымақ, 100 шақты жігітсымақ табылмадық. «Отқа оранғымыз келмеді, суға сүрінгіміз келмеді». Осыдан жиырма жыл бұрын ғой деймін, аталмыш тақырыпқа арнайы деректі фильм дайындап жүргенде, осы сауалды Әбіш аға Кекілбаевқа қойған едім. Ол кезде (90-шы жылдардың басында) саясаттан гөрі әдебиетке көбірек бүйрегі бұратын Әбекең менің «ақымақтау сұрағыма» ептеп ренжіп қалды. «Отызыншы жылдары қазақ зиялысы жаппай ораққа түсті, олар бұл жолы да ораққа түсеміз бе деп аяғын тартты, қауіп қазанынан сақтанды» деп, дүлділ тілмен тарқатып түсіндіріп, уәж айтты. Әрине, (сол кезде) жұрт таныған рухани тұлғадан саясаттың белсенді қайраткерлігіне бүкіл болмысымен ауысып жатқан кісінің байламын түсінуге тырыстым, арада 20 жыл өтсе де, әлі тырысып жүрмін... Бірақ, санамды

қанша қинасам да, «жайлауымызды жау, қыстауымызды өрт алып жатқанда», «орақтан» бас сауғалап отырудың қажеттілігін ұға алар емеспін. Егер, ел-жұрттың басына қара бұлт төнген кезде пайдасы болмаса, ол бастарды кімдер үшін және қандай болашақ үшін сақтау керек болды? «Әшейінде би аға, түйе ауғанда қайда едің» болып жүрмей ме? Оның үстіне, 37-ші жылдардың қырғынына тек «зұлым» Сталин ғана кінәлі емес, жағалы ел болып көрмеген қазақтың (қазсаң, мұнай сияқты шыға беретін) кемшін қасиеттері де әсер етпеді ме деген запыран ой мазалайды кейде...

НКВД-ның «айтқаны өтіп, атқаны жетіп тұрғанда», аталмыш мекеменің халыққа істеген қиянатында есеп жоқ. Бұл туралы талай айтылды да. Бірақ, егер де, қазақтардың өзі бір-бірінің үстінен бұрқыратып арыз жазып, бірін-бірі жарыса сатпағанда, мұншама адам шығыны болмас па еді деген ақымақтау қиялым да жоқ емес. Басқа ұлттардың зиялысы қазақтарға қарағанда неге азырақ қырылды? Ойлаңыздаршы... Мұны біреулер Иосиф көке Сталиннің «өр» қазақтарға деген жеккөрініш сезімімен, оның қазақ зиялысына деген өшпенділігімен түсіндіреді. Меніңше, өз әлсіздігімізді ақтау үшін не бір себептер тауып алуға болатын сияқты. Ал, шындығына келсек, Совет басшылығының қазақ халқына ерекше шүйілетіндей, басқалардан гөрі бөлек қырсығатындай себебі бола қойған жоқ. Қойдан жуас халқымыз патша құлады деп, қазан бұзарлық қылық көрсете қоймады. Бай-манаптарымыз Қазан төңкерісіне қарсы кең ауқымды бас көтерулерге ұйытқы бола қойған жоқ. Кішігірім толқулар болмаса, көрші өзбектің басмашылары секілді ұзаққа созылған жаппай қарсылық қозғалысы да белең алмады. Зиялыларымыз Мәскеудің жүйкесін қоздыратындай ешқандай жасырын күрес жүргізбеді. Қайта кеңестік жүйе арқылы «қараңғы» халқымыздың «көзі ашылатынына» қуанып, жаңа үкіметке белсене көмектесті. Сондықтан, «37-нің» қазаққа әкелген кең ауқымды қанды зобалаңына «Мәскеудің озбыр саясаты» ғана емес, тақым бұрау, тар қыспақта бір-бірін сатуға даяр тұратын ұсақ мінезіміз де өз үлесін қомақты қосты деуге әбден болады (көңілдеріңізге тиіп жатса, кеірім сұраймын). Ал, 86-87-ші жылдары заман мүлде басқа болатын. Қанша қуғындаса да, желтоқсан қозғалысын қолдадың немесе ұлттық мүдденді қорғадың деп ешқандай

шенеунікті немесе жазушы-ғалымды қабырғаға тақап, атып тастайтындай қатер болған жоқ. Бәріміз жабылып қорғанда, марқұм Қайрат Рысқұлбековті де аман сақтап қалар едік. Басты, бірнеше қайтара шауып алса да, халық үшін ешқандай «орақтан» қаймығуға болмайды. Бірақ, өз кезегінде халық та әрбір зиялысын, әрбір тұлғасын қорғау үшін құшағын айқара ашып, азаматы үшін ештеңеден қайтпайтын өр мінезін таныту керек. Бірақ, бір Қайратын сақтай алмаған ынжық халыққа не өкпе айтасын? «Еркек тоқты құрбандыққа шалынғалы» жатқанда, халық арыстай азаматына араша түсе алмады. Бірнеше миллион қазақтың арасынан бір Қайраттың бойындағыдай қайрат табылмады. Бұға берсең, сұға береді.

87-88-ші жылдары Мәскеу қазақ еліне білгенін істеді. Бұрынырақта, Димаш ақсақалмен амандасқан қолдарын ырым қылып екі апта бойы жумайтын қазақтар, бұрынғы басшыны жарыса жамандасып, Г.Колбиннің көңілін тауып, өресі жеткенше жалпақтап жатты. Ойлау деңгейі облыс көлемінен аспайтын бірінші секретарь қазақша сөйлеймін деп уәде бергенде, бәріміз әкеміз екі «Жигулиді» қатар ұтып алғандай қуанып жаттық. Содан бері 25 жыл өтіпті. Осы уақыттың ішінде санамызда, жан-дүниемізде не өзгерді? Осыған кім таразы қоя алады? Баяғы сол, «бұйдалаған түйедей» мінезін жоғалтпаған шенеуніктер, «барына шүкір, жоғына сабыр» етуші момын халық, «көп сөйлеп, көбік сапырған» (жалтақ) зиялылар... Айтқан жерден аулақ, ертең басқыншылар ел шетіне басып кірсе немесе бүлікшілердің шағын ғана тобы бас қаламыздың орталығын басып алса, ел қорғау үшін ғұмырын қиюға дайын тұрған қандастарымыздың бәрі бет батылдығын көріп тұрған жоқпын. Әрине, әзірге ауызбен орақ орамыз, ал, іске келгенде.... Қайдам? Елімізді өркендету, елді біріктіру үшін күш-жігерін салып жатқан азаматтарға мақтау-мадақтауды тонналап төгетін шенеуніктеріміз, сол кісінің басына қауіп төнсе, оны аяғына дейін қорғауға шамалары жете ме екен? Жоқ, әлде әуежайдың шетінде алдын-ала дайындап қойған ұшақтарына отбасын тығып алып, қаржылары сақталып жатқан алыс шетелдерге таяды ма екен? Онда, ұлттық гимнді кеудесіне қолын қойып тұрып, құйқылжыта шырқайтын бүгінгі

шенеуніктің, шетелдегі Әбләзов пен Храпуновтардан қаншалықты айырмашылығы бар? Мені осы жағы алаңдатады.

Біз батыр халықтың ұрпағымыз деп жатамыз. Қайда біздің сол қайсар мінезіміз? Атан жілік, арқар мүйіз батырлардың шөберелері неге ұйықтап жатыр? Тақиялы көршілеріміз шекарадан күн көріс қамымен ары-бері өткен қандастарымызды қоян атқандай атып тастауда. Түк болмағандай кейіп танытамыз. Палау жегіштер елінде қазақтың үлкен бір отбасын шиеттей бала-шағасымен бауыздап қырып кетеді. Бұған жалғыз өзі күйіп-піскен қалаулы Амангелді Момышов қана. Басқалары Ислам ақаның тауықтарын түлкі жарып тастағандай бей-жай. Газет беттерінде, кейбір жеке ұйымдардың жұмысқа еуропалық нәсілдегі адамдарды ғана аламыз деген хабарландыруларын көзіміз шалады. Күркіреуі күшті, жауары аз қазақтар бұған да мән бермейді. Тоғыз қазақ отырған жерге бір ресми тілді келімсек келсе, Ұлы Абайды ұмытып, ұлы Пушкин тілінде сайрай бастаймыз. Өзгенің көзінше өз тілінде сөйлесең, балағаттың тілінде сөйлеп жатқандай ыңғайсыз сезінесің. Бұдан кейін тіліміз құрып бара жатыр деп еңкілдеп жылаудың қажеті бар ма? Жарымай жатқан санамыздың сиқы осы, жарытпай жатқан саламыз қаншама? «Ғарыштық державамыз», ал, сол ғарыштық технологияны меңгерген мамандарымыз неге аз? Космодромның қазақ жеріне орналасуы мен екі бауырымыздың ғарышта болып қайтуы бізді держава етіп жібермейді (*Бұрын, маймылдар мен иттер де көкке ұшты, қазір, көбірек көк қағазы барлардың бәрі ұшып барып келіп жатқан жоқ па?*). Біздің басты мақсат, ғарыш кемесіне міну емес, ғарыш кемесін жасау болғанда ғана алға басамыз. Болашағы бар елдің ұрпақтары «Мерседес» көлігіне мінудің көптігімен мақтанбайды, «Мерседес» көлігін жасай алатындардың көптігімен мақтанады. Автомашинаның сыр бергенде байқайтын шығарсыз, біздегі көлік жөндеудің кәнігі шеберлері де басқа халықтың өкілдері. Қысқы спорт түрлері бойынша өтетін халықаралық жарыстарда екі-үш қазақ (*кездейсоқ*) чемпион болып қалса, бұл табиғат заңдылығынан тыс құбылысқа тең. Ақ қарды омбылап, 14-ші орында шаңғы сүйрелеп келе жатқан қандасымызды көрсек, сүйікті үкіметіміздің (*қазақша телеарна ашу жөніндегі*) кезекті

уәдесін естігендей қатты қуанамыз. Қысқы Азиададағы (*келімсектер жасаған*) жақсы көрсеткіштер наукандық нәтиже болып қалмай, (*қаны барлар жалғастыратын*) тұрақты құбылысқа айналса, құба-құп болар еді. Әдетте, Қазақстанның туын көтергені үшін экс-ресейлік (*экс-қытайлық*) қыздарға (*жгіттерге*) қатты риза болып, өңшең сырттықтар ойнайтын «Барыс» командасының кезекті кездесуін «жуу» үшін, Фаррух Закировтің қандастары дайындаған дәмді дастарханымен ерекшеленетін мейрамханаға асығамыз. Мойындай салайық, біздің ұлттық тағамдарымыз да талғам мен сан-алуандылық жағынан әлі де болса байыта түсуді қажет етеді. Әзірге ешкіммен бәсекелес емеспіз.

Екі сөздің біріне Ұлы Шыңғысханды қыстыра беретін моңғол бауырлар сияқты, дастархан жайлы әңгіме қозғасақ, қазы мен қымызды айта береміз, дәмде де, басқада да одан бөлек мақтанышымыз жоқ. Көше-көшенің бәрін жаулап алған басқа ұлттардың дәмханаларында, бірі өзбектің, бірі немістің, тағы бірі қытайдың ұлттық киімін киіп алып, ләббай тақсырлық кейіппен қызмет етіп жүрген қазақ қыздарын көргенде, тәбетім қашып кетеді. Не айтарсыз, нарық заманы..? Бәрі де орынды. Бірақ, ішіңізден болса да шыныңызды айтыңызшы, әлгі қарындастарды көргенде, сіздің жүрегіңіз шым етпей ме? Қалған-құтқан, тот басқан намысымағыңыз оянбай ма, ағайын? Жоқ әлде, «намыс-камыстан» гөрі орекеннің арағы мен шетелдің шарабына тойып алып, «біздің қазақ әлемдегі ең күшті халық» екендігін айтып мақтану жүрекке жағымдырақ тие ме? Ғафу, қателесіпмін, сіз үшін «қазақтың мықтылығы» екінші орында екен ғой... Қалай ғана ұмытып кеттім? Ал, сіздің шыққан тегіңіз жататын (ұлы, орта, кіші) жүздің – ең супер жүз, сіз өніп шыққан рудың «дүниежүзіндегі ең ақылды, ең әділетті және ең жүрекжұтқан ру» екендігін ұмытып кетіпмін. Әрине, бұл жайлы «тарихи шындықты» тек сіз ғана жақсы білесіз. Тарихта қала түгілі көше салып көрмеген халқымызға, аузыңызбен Отырар мен Сығанақты салдырып, әл-Фарабиді пен Бейбарысты қазақ етіп, бесбармақты дүниежүзіндегі ең дәмді тағам екендігін жырлап айта бергеннен не шығады? Онда, түсіндіріңізші, ата-бабамыз суперқұрылысшы болса, неге осы күнге дейін кез

келген ғимарат құрылысына, мейлі ол үлкен үй болсын, дүкен немесе мешіт болсын, «үйренген» өзбегімізді жалдаймыз? Бас қаламыздағы күрделі құрылыстарды (бәрін дерлік) неге өзіміз емес, түрік туыстар салады? Естеріңізде шығар, өткен күзде, бас қаламыздың бас алаңында футболдан Қазақстан мен Түркия командалары кездесті. Жеңбесе де, өз алаңында тым құрығанда тең ойнайтын шығар деген үкілі үмітпен, 9 жастағы ұлымды ертіп бардым. Жиналған (оптимист) жұртпен бірге ұлым да «Қазақстан» деп айғайлап, еліміздің кішкентай жалаушасын желбіретіп, шабыт шақырып, желпініп тұрды. Бүкіл стадионда бірнеше мың адам «Қазақстан» деп айғайлағанда және әнұран ойнағанда, бойыңды үлкен бір күш-қуатпен шаттық билейді ғой, әсері өзгеше. Бірақ, қуанышымыз ұзаққа бармады. Есеп 0-2-ге жеткенде, ұлым «қайтайықшы» деді. Қайттық. Екеуміздің де ұнжырғамыз (кейбір зиялы тұлғалардың беделі сияқты) түсіп кеткен. Үйге жетіп, теледидардың екі тліді бағдарламасына үңілсек, есеп 0-3-ке ұлғайыпты. Баламның қатты мазасы кетіп, көпке дейін өзіне-өзі келе алмай жүрді. Бір кезде сырын ашты. «Папа, – дейді ол, – Мен Қазақстанды бүкіл әлем бойынша өте мықты ел деп сенетінмін, оны ешқашан ешкімнен жеңілмейді деп ойлайтынмын. Ал, мынау нағыз маскара ғой!». Сол кезде ғана мән-жайды (оның балаң ойын) ептеп болса да түсінгендей болдым.

Жалпы, менің де, оның да футболға деген құмарлығымыз шамалы. Достарымыздың ұсынысымен, осыдан екі-үш жыл бұрын ғой деймін, Алматыда өткен халықаралық футбол кездесуіне бардық. Қазақстан-Андорра футбол құрамаларының кездесуі 3-0 есебімен, біздің құраманың айқын басымдылығымен аяқталды. Сарыағаш қаласының деңгейіндегі команданы ұтқанымызға, Бразилияның құрамасын талқандағандай мәз болдық. Одан кейін, футбол ойынына аса қызықпаған соң, басқа кездесулерге де, теледидардағы ойындарға да назар салмағанбыз. Ұлымның содан кейінгі тамашалаған жарысы, осы қазақтар мен түріктердің ойыны болатын. Сірә, Андорраның әсерін жоғалтпаған ұлыма мектептегі ұстаздарының патриоттық әңгімелері қосылып, Қазақстан сөзі (*ел ретінде де, команда ретінде де*) әлемдегі ең мықты ұғымға айналса керек-ті. Ал, Түркиямен кездесуден кейін қатты түңіліп кетті.

Аталмыш ойынның оның патриоттық сезіміне қаншалықты нұқсан келтіргенін де білмеймін... *Иә, қатты ұятты болғанымыз рас. Бірақ, ойлап қарасақ, соншалықты қапаланатындай ештеңе жоқ қой. Шындығында, біз қандай нәтиже күтіп едік? Жалған намысты жыртып айғайлайтындай не болып қалыпты сонша? Ресми түрде, Қазақстан құрама командасы екені де рас, бірақ, онда жүгіріп жүрген қазақтың саны екі-үшеу-ақ. Ал, бұған неге намыстанбайсыздар? Футбол жарысы өтіп жатқан (осы бір алып та) әдемі алаңның құрылысын салған да қазақтар емес қой. Тіпті, футболшылар киген спорттық киім де бізде тігілмеген. Бұл сізді ешқандай ойларға жетелемей ме?* Сол түні бір-екі шумақ жазып, таныстарыма смс-пен жібердім. Мазмұны шамамен былай:

*«Бар намысты табанға жиып алып,
Басқаларға тоңқайып, сыйыналық.
Түрік салған алаңда далбаңдаймыз,
Түрік тіккен дамбалды киіп алып...».*

Өздеріңіз куә болып жүрген шығарсыздар, Алматымен Астананың көшелерінде қаптаған өзбек-ұйғыр кухнялары. Ал, Тәшкенде қанша қазақ кухнясы бар екен, білдіңіз бе? Өзбекстанда, өз ағамыз өзбектің қай қызы қазақтың ұлттық киімімен жүр? Мақтаншақ қазақтың күн сайын өтіп жататын тойының бәрінде тақиялы көршіміздің бой қыздырар әні мен биі ойналып жатады. «Ялла» мен өзбек эстрадасының жұлдыздары апта сайын Қазақстанда. Қазақ әншісінің мың теңгелік концертіне ақшасын қимайтын қазақ, Ресейдің жұлдыздарының 30 мыңдық билетін таласып алып жатады. Бұл келеңсіз құбылысты кім тудырып отыр? Олар ма, жоқ өзіміз бе? Ары қарай созбай-ақ қоялық... Бітпейді...

Бұл мысалдар басқа халықтың әртүрлі кәсіптегі, өнердегі мықтылығын ғана білдірмейді, ең бастысы, өзіміздің әлсіздігімізді, дарақылығымызды, дарынсыздығымызды айқындайды. Кемшіін тұстарымыздың көптігін аңғартады. Кейде Қазақстанда емес, шетелде тұрып жатқандай әсер аласың? Қазақша басылымдар, төртінші тоқалдан туған балалар сияқты. Биліктің көзқарасы бойынша, олар жалтақ, ынжық, білімсіз, өзіне-өзі сенімсіз. Биліктің пікірі дұрыс емес деп, екі бөлмелік тар пәтердің кухнясындағы ескі столды ұрғылауға болады. Бірақ, әйелің мен бала-шағаң ғана куә бола алатын осы бір «батырлығыңыздан» соң бірдеңе өзгере ме? Мықты журна-

лист болсаңыз, онда неге жалақыңыз төмен, онда неге екі тілді саясаткерлер мен бизнесмендер сұқбатын бірінші сізге емес, сіздің артыңызда тұрған орыстілді тілшіге беруге ұмтылады? Мықты басылым болсаңыз, онда неге таралымыңыз өте мардымсыз, онда неге сіздерге жарнама берушілер келмейді? «Балапан» телеарнасы ашылғанда екінші тәуелсіздігімізге қолымыз жеткендей мәзір емес болды. «Кеудесін ешкімге таптатпайтын халқы бар» тәуелсіз елде осындай көріністің болуын түсіндіру үшін қандай деңгейдегі ділмарлық керек? «Ауыл итінің құйрығы қайқы». Бірақ, Құдай сақтасын, екінші желтоқсан қайталанбасын деп тілейік. Өжет жастарымызды тағдыр тәлкегіне тапсырып, қайратты жігіттерімізді атып-асуға өз қолымызбен беріп, бет-бетімізбен тым-тырақай қашып кетсек, кейбір ішітар көршілерімізден қатты ұят болады, (86-шы жылғы) желтоқсанның алғашқы жартысына дейін Димаш ақсақалды пайғамбар санап, ал, екінші жартысынан бастап, оны пәлесі жұғып кетер зиянды зейнеткер ретінде қабылдаған шенеуніктердің опасыздығы, мына жаңа заманда жалғасын таппайды деп айта аламыз ба? Бұрын барлығын (жігерсіздігімізді, жалтақтығымызды, жағымпаздығымызды, сатқындығымызды, жүзге бөлінушілігімізді) Мәскеуге жаптық, ал, енді кімді айыптайды екенбіз? «Алты батпан, ала ауыз» елді жақсысын асырып, жаманын жасырып біріктіріп отырған бір кісінің беделі арқасында, әзірге қазақтардың «алар демі бір төбеден соғып тұр. «Үлкеюден» үміті бар кісілер, «сол демді» одан әрі соққыза ала ма? Арамыздан, елдің басын қоса алатын қасиеті бар адамдар көптеп шықса деп тілейік!

Арақ-шарап ішкеннің жөні осы екен деп маскүнемге, иманды болғанның жөні осы екен деп «бірдеме... итке» айналмайық. Ал, ортасын таба аламыз ба осы? Біз «орыс» емеспіз, «араб» та болмайық дегің келеді. Сынасақ – жамандамайық, мақтасақ – жаламайық дегің келеді. Тойды мақтану үшін емес, қуаныш істеу керек дегің келеді. Дей алмайсың. Айтсаң, өзіңе тиеді. Бірақ, сөйлемесең (жазбасаң), сөз атасы өледі. Айтпасаң, естімейтін саңыраулар көп, ашпасаң, көрмейтін соқырлар көп. Соңғы кезде менің басыма қазақтардың маңдайына жазылған айы желтоқсан ғана ма деген ерсілеу ой келіп жүр. Өйткені, ішкі жан-дүниеміз қысы-жазы тоңып жүреді.



Мұстафа ШОҚАЙ

Басмашылар қозғалысының бастауы

Әр нәрсенің өзіндік тарихы бар. Әрбір сөздің орны да солай. Этимологиялық көзқарас бойынша «басмашы» сөзі түркілердің «*basmak*» етістігінен пайда болған. Бұл «қысу», «басу», «бұзу» деген мағыналарды береді. Сонымен, өзбек тілінде «*basmaji*» – «басбұзар», «тонаушы», «қылмыскер» деген сөз. Әйткенмен, бүгінде бұл өзінің алғашқы мағынасын жоғалтты. Қазіргі кезде бұл сөз Түркістандағы Кеңеске қарсы ауқымды қозғалысты білдіреді. Түркістанда бұл «басмашы» сөзі өзінің (кеңестік емес қолдану түрін айтып отырмын) мағынасын жоғалтып, халықтық көтерілістің, кеңестерге қарсы күресте қарулы бас көтеруге белсенді қатысу синониміне ие болды. Ол мұсылмандар әлемінде ерекше маңызы бар арабтардың «*tusayid*» сөзінің мәніне айналды. Қазан төңкерісі «басмашы» (басбұзар) сөзінің қасиетті іс жолындағы күресуші деген мағынаға ие болуына ықпал етті.

Кеңес Одағының аумағындағы кеңеске қарсы қозғалыс түрлерімен салыстырғанда ең жандысы Түркістандағы басмашылар қозғалысы болды. Кеңес әскерлерінің Түркістан Қоқан Автономиясы (1918 жылдың ақпаны) үкіметіне қарсы қанды қақтығыс күндерінің жеңілісінен соң да басмашылар қозғалысы ұзақ жылдар бойы көптеген халықтар арасында танымалдығын сақтап қалды. Орталық Азияның әртүрлі аумақтарында уақыт кезеңдерімен шағын көтерілісшілер топтары бой көрсетіп отырды. Қазан «революциясының» он жылдығын мерекелеу қарсаңында Хиуа ханы Саид Асфендиярды тағынан құлатқан бұрынғы хиуалық түркімен көсемі Жунаид хан бандасының пайда

ТҮРКІСТАНДАҒЫ БАСМАШЫЛАР ҚОЗҒАЛЫСЫ

болуы кеңес үкіметін біршама әбігерге салды. Көпжылдық қақтығыстан соң кеңес үкіметі Жунаид ханмен келісімге барды. Бірақ, Жунаид ханның бұрынғы жақтастарын қуғынға салып, сонымен қатар, олардың кейбіреулерін дарға асқан соң ол қайтадан Кеңестерге қарсы көтеріліс туын көтерді. Оған қарсы барлық кеңестік Түркістан жұмылдырылды, теміржол бойын Кеңестер «қауіпті аймақ» деп жариялады. Революциялық әскери комитет шақырылып, большевиктерге қарсы қозғалысты басу және басмашыларға қарсы үгіт жұмыстарын жүргізу үшін өткендегідей Төтенше Комиссия құрылды. Кеңестік газеттер Жунаидқа қарсы күрес барысының нәтижесін атап көрсетіп отырды. Бірақ, кеңес өкіметінде қозғалысты толығымен жойып жібергендігі жайында сенім жоқ еді.

Жунаидтың да кез келген басқа құрбашы (атаман) сияқты кеңес әскеріне қарсы өзінің жорығын жаңартуға, қайта бастауға ешқандай мүмкіндігі болмады. Қызыл армияның жазалаушылық қимылдарының нәтижесінде мұсылман тұрғындары арасында көптеген жандар құрбан болды, ал, большевиктер болса Орталық Азияда өздерінің әскери жағдайын айтарлықтай нығайтып алды. Алайда, орыс әскерлерінің Орталық Азияны қайта жаулап алуы екі жаққа да өткен ғасырдың екінші жартысында орын алған жағдайдан айтарлықтай көп қырғын келтіргендігін айта кету керек. Түркістан мұсылмандары қарсылық ұйымдастырудың барлық мүмкіндігінен айрылса, ал, орыстар оларға үрей туғызуда басымдылық танытты. Осы жағдайда көпшілік мұсылман халқының оморфтық (құрылысы дұрыс түзілмеген формасы) қарсыласу күшінің кенеттен пайда болуы екі себеппен түсіндіріледі. Біріншіден – тәуелсіз халықтың құрылуы кезеңінде ұлттық сананың өсуімен; екіншіден – бұл ең маңыздысы, өзін өзі сақтау түсінігінің күштілігінен. Кеңес өкіметінің

«отаршылдық» қаталдығы тарихтағы ерекше және шектен шыққандық болды. Егер, мен «Қазан революциясының ерлік кезеңдері» деп аталатын уақыттағы большевиктердің Түркістандағы саясатын тек большевиктердің дерек көздері негізінде жазар болсам, онда жағдай одан бетер барлық «отаршылдық» соғыстар тарихындағы ешбіріне сай келмейтін үрейлі болып көрінер еді. Істің ақиқатына келер болсақ, «империалистік жаулап алушылық» деп аталатын басқыншылық әрекет барысында қырылған барлық адамдар саны кеңестік диктатураның Түркістандағы тек алғашқы екі жылында ғана орын алды. Бұл «Пролетариат диктатурасының өкілдері тек орыстар ғана бола алады деген теорияның практикаға енді енгізіле бастаған кезі еді» (1920 ж. 20 маусымдағы *«Московская правда»* газетін қараңыздар).

Орталық Азиядағы осы бір ерекше және теңдесі жоқ таптан тыс және ұлтқа қарсы қатты кеңестік режимде жалғыз ғана және даусыз да талассыз зымияндық сыр болды. Ол мұсылмандардың басмашылдық қозғалысының пайда болуында еді. Кеңестік әдебиетте басмашылық қозғалыстар туралы мәліметтер өте аз. Оған бар-жоғы бірнеше ғана кітапша мен газет мақалалары арналған. Екінші жағынан, басмашылар қозғалысы айтылмаған, Түркістан жайында байсалдылықпен жазылған бірде-бір мақала жоқ. Бірақ, осы кітапшалар мен газет мақалаларының бір ғана қарама-қайшылық ерекшеліктері бар. Атап айтсақ: большевиктер басмашылық қозғалыстың себебін табуға тырысады, бірақ, сол себептің Түркістандағы Кеңестік «ұлттық» саясаттан, кеңестік орталық агенттерінің әрекетінен туындағанын мойындаудан қашқақтайды. Соңғы уақытта басмашылық қозғалыстың «пайда болуы» себебін кеңес публицистері зерттей отырып «Түркістандағы мұсылман тұрғындары ескі тәртіп кезіндегі империалистік езушілік» өрісіне ұзақ экскурс жасайды. Олар бір жағынан «ұлттық жер иелері класы мен саудалық буржуазия» шағын өкілдерінің үлкен аумағын шоғылдандыруға алып келген майда жер иелерін меншігінен айыруда (экспроприациялауда), «сауда капиталының қиратқыштық күшіне» сілтеме жасаса, екінші жағынан патшалық үкіметтің отаршылдық саясатының

нәтижесінде жергілікті тұрғындарды аянышты да ауыр халге әкелгендігін көрсетеді. Майда жер иелерінің жерін алып қою және империялық режимнің талқандаушылық отаршылдық саясаты бұқараға әсерін тигізді. Бұл ешқандай да күмән тудырмады. Егер, еш таласы жоқ осы айғақтар басмашылар қозғалысының тууына тікелей себеп болса, онда кеңестік уақытта большевиктер өкілдеріне қарсы ешқандай да толқулар болмас еді. Олардың ойларының қыйсыны бойынша, жергілікті халықтың шексіз формадағы қанаушылыққа ұшырауына Кеңес өкіметі кінәлі емес. Керісінше, егер, халықтық толқулар большевиктер келгенше орын алса, шыға бастаған большевиктік декреттері және патшалық тәртіптің барлық әділетсіздіктерін жойып, Түркістанға толық бостандық беруге салтанатты уәде еткен «Түркістан мұсылмандарына» жолдауы қайда қалды. Ең бастысы, ұлттың өз тағдырын өзі шешу туралы декларациясы шығуымен барлық толқулар бірден тоқтатылуы тиіс болатын. Бірақ, толқулар кеңестік тәртіптің орныққанынан кейін басталды емес пе?

Ескі мемлекеттік құрылыс кезінде әлбетте, толқулар болды. Соңғысы түркістандықтар әскер қатарына шақырылмайтындығы жөнінде шыққан патша Жарлығына қарамастан 1916 жылдың жазындағы мұсылмандарды әскерге алу жөніндегі белгілі 25 маусым Жарлығына байланысты орын алды. Жаппай әскерге алу даладағы егіс жұмыстарының қызған шағында жүргізілді. Әскер қатарына 19 бен 43 жастар арасындағылар еш куәландырылусыз, жасы жеткендігі жайында еш құжаттар жинастырылмай-ақ шақырылды (*Түркістанда ол кездері туу туралы тіркеулер жүргізілмейтін*).

Ең бастысы әскерге мұсылман халқы ғана шақырылды да, Түркістанда тұратын орыстарға оның қатысы болмады. Олар сондай-ақ, әскери міндеттіліктен босатылды. Міне, осындай жағдайлар мұсылмандарды бей-жай қалдыра алмады, көтеріліс толқыны Түркістан мұсылмандарының арасына кеңінен тарады. Империя үкіметі өздерінің абыройын сақтап қалу үшін бұл істе Түркістандағы өкілдерін кінәлады. Осындай толқулардың қысымымен орыс үкіметі әскерге алудың жеңілдіктерін жасады. Мұсылмандарды тек окоп қазуға алып, соның нәтижесінде

толқулар тартылды. 1917 жылдың Ақпан оқиғасы кезінде көріністер қалай басталса, көтеріліс те солай тоқтатылды. Тек, Жетісу облысында үкіметтің саясаты нәтижесінде шыққан қырғыз-қазақтар көтерілісі орыс қоныстанушыларына қарсы ұлттық күреске ұласты. Орыс қоныстанушылары ұйымдастырған қырғыз-қазақ арасындағы бүлік күшейіп, кескілесуге жетті. Көмекке майданнан қашқан сатқын орыс «революциялық солдаттары» келді.

Ақпан революциясы кезінде басмашылар қозғалысы туындаған (Ферғана) ауданда тыныштық орын алған еді. Мұның басты себебі, Қоқан Автономиясының талқандалуы болатын. Бірақ, бұл бұрынғы режим саясатының емес Кеңес өкіметі әрекетінің салдары болатын. Бұрынырақ шыққан кеңестік ақпарат құралдары кей кездері басмашылық қозғалыстың пайда болғандығының себебін дәл әрі анықтап жазды. Түркістан мәселесін әртүрлі көзқараспен анықтап қараған Кеңес авторлары басмашылық қозғалыс өзін қорғаған мұсылман халқының мұсылманға қарсы саясатқа қарсылықтарының қажетті нәтижесі екендігі жөнінде бір пікірге келеді және оның шықпай қалуы мүмкін емес екендігін айтады. Оқырмандарды кеңестік деректемелердегі дәйексөздермен қажытқым келмейді. Олардың кейбіреулеріне ғана тоқталамын.

«Түркістандағы басмашылық қозғалыстың әлеуметтік табиғаты» мақаласының авторы Скалов «Қоқан Автономиясын талқандау, талан-таражға салу, «кеңестік партизан» мен «дашнактардың» қатандығының арқасында қалаларды, теміржолшыларды, жұмысшыларды, армияны және т.б. азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін дихандардың соңғы бір үзімдерін аяусыз реквизициялау мен тәркілеу дихандарды бүлікшілік жасауға мәжбүрледі» – деп жазды. Кеңес дәуірінің тағы бір авторы – Георгий Сафаров өзінің «Отарлау революциясы. Түркістан тәжірибесі» кітабында «басмашылық қозғалыс ұлттың тағдырын шешу жолындағы күрес, сондай-ақ, кезекті отарлау мәселесінің салдарынан пайда болды. Ол біріншіден, Қоқан Автономиясының талқандалуына әкелсе, екінші жағынан, оның пікірі бойынша соңынан Ферғана мақта өнеркәсібінің қирауы экономикалық дағдарыстан болған және өзбек-сарт буржуазиясы мен ұлттық шаруа бұқарасының кедейленуіне

жеткізген. Осының барлығы дәстүрлі өмір тәртібінің бұзылуына әкеліп соқтырған». Айқыны, екі жыл көлемінде жарық көрген екі большевик автор өздерінің еңбектерінде «Қоқан Автономиясының» талқандалуын, мұсылмандық Түркістан ұлттық орталығының күйретілуін» кеңес өкіметінің жіберген қатесі деп бағалайды. Сафаровтың пікірімен сайып келгенде бұл отарлаушылықтың қатесі. Басмашылық қозғалыстың пайда болуын Орталық Азияда аграрлық реформаны бөгеудің (кідіртудің) нәтижесі деп түсіндіруге тырысқан басқа да авторлар болды. Бұл аргумент ауыл шаруашылық деңгейі жабайы, индустриясы дамымаған Шығыс елдерінде революция тек аграрлы болуы мүмкін деген лениндік тезистен пайда болған. Түркия мен кеңестік Орталық Азия тәжірибесімен бұл тезистің қателігі дәлелденді. Бұл елдер аграрлық реформаға көшердің алдында ұзаққа созылған ішкі қайта құру кезеңін бастан өткізді. Алайда, кеңестік Орталық Азияның тәжірибесі күшті диктатуралық өкімет «аграрлық революцияны» жер реформасы жолымен жүргізуге қабілетті екендігін көрсетті. Есте қаларлығы сол, Орталық Азияда «аграрлық революцияны» жүргізе отырып, большевиктер фетваға шабуыл жасаудан, яғни, мұсылман діндарларын жазалаудан бастады. Өзбекстанда «революцияны» жүргізу кезінде Кеңес үкіметі «өзбек революцияшыл шаруаларына» қарсы қатал шараларды қолданды. Оларға берілген жерлерді бұрынғы иелеріне қайтаруға мәжбүрледі («Правда Востоканы» қараңыздар. 1928 жылдың 11 қаңтары, Ташкент). Демек, аграрлық мәселесінің басмашылар қозғалысымен ортақ ешнәрсесі жоқ екендігі айқын.

Қоқан Автономиясын талқандау.
Ақпан, 1918 ж.

Барлық кеңестік дереккөздерде басмашылар қозғалысы, Қоқан Автономиясының (ақпан, 1918 ж.) талқандалуы Түркістандағы уақытша үкіметтің қызметімен, оның ішінде басмашылық қозғалыстың ұйымдастырылуы осы мақала авторының (бұрынғы осы үкіметтің басшысы) есімімен байланыстырылады. Бұл шындыққа жанаспайды. Өйткені, тұтасымен алғанда басмашылық қозғалыстың ұйымдастырылуына не Қоқан үкіметінің, осы үкіметтің президенті ретінде не менің ешқандай қатысымыз

болған жоқ. Ол стихиялық жағдайда шықты. 1917 жылдың қарашасында Түркістан мұсылмандарының Төтенше Конгресінде Қоқан үкіметі сайланды. Оған орыс халқы да қатысты.

Қоқан үкіметінің, не қару-жарағы, не ақшасы болмады. Қоқан Автономиясының негізін қалаушысы біздер, орыс орталық үкіметіне, яғни, Петроградтағы Кеңес Үкіметіне қарама-қарсы келмей, орыс революциясының сеніміне зор арқа сүйедік. Олар ұлттың «өзінің мемлекет құрылысын өзі шешуге» түрткі болған революцияның уәжіне адал еді. Біз жергілікті басқаруға мұсылмандардың қатысу құқығынан айырған Түркістан Кеңестері ІІІ Конгресі айналасындағы қалыптасқан жағдайларға Кеңес орталығының көңілін бірнеше рет аудардық. Біз Сталиннен арандатушылық сипатта жауап алдық. Оның бізге берген жауабы: «Түркістанның жергілікті пролетариаты Түркістан Совнаркомын тарату жөнінде орталық кеңес өкіметіне жүгінуі тиіс емес. Олардың пікірі бойынша Түркістандықтар үшін бұл әскери доктринаға сүйенетін жат әрекет. Бұл үшін жергілікті пролетариат пен шаруалар күшін қолдану қажет. Ұлттардың өзінің мемлекеттік құрылысын өзі шешу құқы туралы Кеңестің мәлімдемесіне сенген қарусыз мұсылман тұрғындарына басынан аяғына дейін қаруланған және мұсылмандардың негізгі азаматтық құқығын сақтамаған орыс солдаттары мен жұмысшыларының қолдарымен қимыл жасаған Түркістан Совнаркомын күшпен тарату туралы ұсыныс жасау былайша айтқанда, қатерлі істі арандату болып табылар еді. Осы жауапты алғаннан соң, бірнеше күннен кейін, Қоқан Автономиясының қорғаушылары Қоқандағы кеңес өкіметінің өкілдерімен жанжалға түсті. Біздің жеңіске деген ешқандай сеніміміз болмады. 30-шы қаңтарда *(ескіше стиль бойынша)* большевиктер Қоқандағы мұсылман кварталдарына оқ жаудырып, дереу қаруларын *(аңшы мылтықтарын қоса)* тапсыруды және Автономия басшыларын ұстап беруді талап етті. 31 қаңтарда Қоқан қаласын кеңес әскерлері қоршап, оқтың астына алды. Автономиялы Түркістан өкіметі өзінің өмір сүруін тоқтатты.

Мұсылман халқының бас көтеруі ішкі себептерден басталды. Оның көшбасшысы Эргаш болды. Ол бұрын Сібірде айдауда болған, Қоқан мұсылмандарын қорғауды

ұйымдастыру үшін Түркістан Кеңесіне сайланды.

Бүлік шығарған Қоқан халқы жақын жатқан ауыл тұрғындарымен толықты. Тез арада жиналған еріктілер, сондай-ақ, көрші қалалардан да келіп жатты. Бір үзім нанды орыстармен қатар тауып жеу құқығынан айырғандарға мұсылмандар аңшы мылтығымен, ішінара ескі үлгідегі винтовкамен қаруланып қарсылық танытса, басым бөлігі қолдарына соқаларын, баптала-рын тіптен, таяқтарын ұстап шықты.

Кеңес әскері Қоқанды 1918 жылдың 19 қаңтарында *(ескі стиль бойынша)* басып алды. Төменде 1918 жылғы «Оқиғалар хроникасында» жарияланған дәйексөздерді келтірейік: «20 ақпан. Ферғана облысы. Қоқан Автономиясы үкіметі таратылды *(жойылды)*. Қоқан Автономиясы үкіметін қолдаушылар ішінара қарусыздандырылды. Оған келіспей, қарсы шыққандар саяси бан-дитизм кампаниясын *(басмашылықты)* жүргізуге дайындалды.

Ферғанадағы басмашылық қозғалысы

Автономия үкіметінің жойылуы мен басмашылар қозғалысының шығуы тек уақыт кезеңіндегі ұқсастық. Белгілі бір дербестік, мәнді саяси топ пен басмашылар қозғалысы арасында ешқандай да байланыс болған жоқ. Автономияны қолдауға шыққан басмашылар қозғалысы кезінде оның өмір сүруі, күрестің жалауына айналуы тоқтады. Автономия өзінің саяси мәнінен айырылды. Бұл «Кеңестік отарлаушыларға» қарсы қозғалыс ішкі себептер сипатына ие болды.

Бұл қозғалыстың төмен қарай құлдыраған кезеңі еді. Көтерілісшілердің әрбір көсемдері ең алдымен тек өздерінің мақсаттарын көздеді. Қоқан қабырғасында болған шайқас кезінде құрбашылар көтеріліс көсемі ретінде Эргаштың өкіметі мен күшін мойындады. Қоқан құлаған және Автономия үкіметі жойылған соң Эргашқа қарсы бүлік басталды. Оған Марғилан қаласы құрбашыларының бірі Мад Эмин қарсы шықты. Эргаш та, Мад Эмин де немесе басқа кез-келген басмашылар көсемдері белгілі бір саяси бағдарламаларды жасауға немесе енгізуге жағдайлары болмады. Олар тек бағдарламалары біркүндік күреспен шектелген ержүрек жауынгерлер еді. Эргаш пен Мад Эмин

басында басмашылар қозғалысының біршама ықпалды көсемдері болғанымен қозғалыстың мәнін «түсінбейтін» жетекшілер екендігін көрсетті. Бұл барлық басмашылар көтерілісінің көсемдеріне тән болатын. Кеңес Армиясының бірқатар бөлімдерін тас-талқан етіп жеңген олар кеңес үкіметіне қарсылық танытты. Басмашылар көсемдері ретінде олар кеңес үкіметінен мұсылмандар үшін шариатты қайта өрлетуге, сауда еркіндігін беруге, «Құрбашы» шенін тануға және өз жігіттерінің арасынан сенімді окқағарларын таңдап алу құқығын талап етті. Осы талаптары қанағаттандырылған соң олар ешнәрсе ойламастан, бірден Кеңестер туы астына кіріп, өздерінің жолын қуушыларға қарсы шықты. Мад Эмин өзінің соңғы күнін кеңес тыңшысы ретінде аяқтады. Ол өте ықпалды құрбашы Шир-Мұхаммедті (немесе Kur-Muhammed) большевиктер жағына шығуға үгіттеді. Шир Мұхаммед басмашылар қозғалысының жалғыз ғана белгілі көсемі болып қалған, ешуақытта да большевиктермен ымыраға келмейтін, кеңестік режимге бас имеген және Түркістан үкіметі мұсылмандарының сенімді майдандас серіктерінің бірі болатын.

Басмашылар көсемдерінің айналасына кейбір жергілікті зиялы қауым өкілдері жинала бастағанда ғана әлдеқандай саяси бағдарлама пайда болды. Өкінішке орай, осы жағдайды толығымен жазу үшін барлық қажетті материалдарды алуға менің жеткілікті уақытым болмады. Бірақ, Түркістан большевиктерінің жазғандарынан басмашылар қозғалысының жаңғырған саяси бағдарлама идеясын көз алдына келтіруге болады. Ресейде тәуелсіз экономикалық саясаттың ТЭС (1922) енгізілуіне байланысты біруақытта дерлік Түркістандағы кеңес үкіметі айтарлықтай саяси жұмсақтыққа жол беруге мәжбүр болды. Мен тек осы шегіністі атап өтемін. Оның барлығы Скаловтың «Түркістандағы таптың теңестірілу тәжірибесі» мақаласында толық берілген. Олар: шариғат сотының қайта өрлеуі, мұсылман діни қауымының бұрынғы қалпына келуі, жер реформасын енгізуді тоқтату. Сірә, осы шарттардың парасатты болғандығы соншалықты «қазан идеологиясынан» шегініс зор болса, онда Түркістандағы «қазан революциясының» жеңісі туралы айтудың өзі қиын.

Кеңес өкіметі өзінің өмір сүруін

жалғастырса, ол тек басмашылар қозғалысы көсемдерінің оны мемлекеттік өкімет деп тануының нәтижесі. Әйтсе де, бұл өкімет те мұсылмандар үшін оншалықты жайлы бола қойған жоқ. Басмашылардың көсемдері шын мәнінде кеңес өкіметін таратуды емес, олармен келісім жүргізіп, оның «бағдарламасын» өзгертуді талап ете отырып, оның мұсылмандар үшін ыңғайлы болуын жақтады. Кеңес өкіметі үшін мұсылмандарға шариғат сотын, еркін сауданы енгізуге уәде беру түкке тұрмады. Сол кезде кейбір көсемдер күрестің мақсатына қол жеткізді деп шешті. Бұл ставканың жасалынуында басмашылар қарсылық шеруден бас тартпағанның өзінде, кеңестер үшін уақытша болса да күресті тоқтатуға қол жеткізуді меңзеді. Көтеріліске шығушылардың нақты ұлттық идеологиясы мен Түркістанның ұлттық мемлекетін құру бағдарламасы жасалынған болса, лениндік идеологиядан шегініс жасаған большевиктерді жеңу ешқандай қиындық тудырмас еді. Басмашылар қозғалысы барлық бұқара топтары өкілдерінен, бірінші кезекте сауда әсерінен өздерінің әдет-ғұрпын жоғалтқан жұмыссыз шаруалар мен қала кедейлерінен тұрады десек, онда бұл әділдіктің орнатылуы деп білер едік.

Басмашылар қозғалысы үнемі қолдауда болды, әсіресе, оған сауда буржуазиясы мен мұсылман діни қауымдары өте белсенділік танытты. Сірә, осындай үлкен көлемде жүргізілген ұлттық қозғалыс кеңес өкіметін жеңіліске ұшыратуы айқын еді десек, бұл тек алғашқы алдамшы көзқарас қана. Фактілер басқаша айтады. *Бұл шын мәнінде ұлттық немесе ұлттық-саяси майдан болған жоқ.* Біздер, түркістандықтар үшін қол жеткен ең ірі табысымыз 1917 жылы Автономия болып жариялануымыз еді. Автономия деп айтқанымыз болмаса ол «бір жұтым оттегі» ғана болатын. Ол тек екі айдан сәл ғана өзін артық ұстап тұра алды. Дербестік алу жолындағы қозғалыстар Қоқандықтарды және Наманған, Марилан мен Скобелев (қазір бұл Ферғана ауданы) қалаларын қамтыды. Қалған аумақтар автономиялық үкіметке іш тарту білдіргенімен, бірақ олар барлығынан кесіліп тасталған еді. Барлық байланыс жүйелері теміржол қатынастары, телеграф, пошта, телефон байланыстары кеңес өкіметінің қолында болды. **Күрестің шын**

мәнінің ашықтан-ашық із-түссіз жоғалып кетуі, бұл жағдайда Автономияның құлауы, Қоканды ерлікпен қорғағандарға саяси «шалыс жасау», яғни, былайша айтқанда Эрғаш пен Мад Эмин сияқты экстремистік бандалар мен авантюрист құрбашылардың соқыр құралға айналуынан болды. Олар, мақсатқа жетуді ығыстырып тастап қана қоймай, сонымен бірге елдің кедейленуіне әкеліп соқтырды. Мысалы, Ферғана облысы «ықпал өрісінен тәуелсіз» болуы үшін бөлініп кетті де, әрбір құрбашы өз қалауынша билік жүргізіп, өзінен басқа ешбір өкіметті танудан бас тартты. Осындай жағдайда болған басмашылар көтерілісін жеңіп, басып тастау еш қиындық келтірген жоқ. Әлбетте, мұның өзі тез арада бола қоймағанымен, оның себебінің негізінде кеңес өкіметінің халықтың большевиктерге деген өшпенділік жолын қолдаған тонаушылық сипаты жатты. Басқаша сөзбен айтқанда, өз көсемдерінің сатқындық іс-әрекеттеріне, кеңестердің саяси қуғын-сүргіндеріне қарамастан басмашылар қозғалысы 1918 және 1919 жылдарға дейін өмір сүрулерін сақтай алды.

Бұхарадағы басмашылық қозғалысы 1920 ж.

1920 жыл Түркістан басмашылар қозғалысы үшін бетбұрыс жылы болды. Бесінші қыркүйекте Бұхара Кеңес өкіметінің билігіне ауысты, одан соң Халықтық республика атанды. Сөйтіп, Кеңес өкіметінің ықпалында барлық Орта Азия қалды. Бұрын басып алған Орталық Азия елдеріндегідей, большевизм басмашылар қозғалысының Бұхарада да өсуіне қозғау салды. Кеңестік «отарлаушылық саясатына» ымырасыздық білдірген бұқара халықтың жаппай қарсылық көрсету формасы ретінде басмашылар қозғалысының тұншығып қалуынан қауіптенген зиялы қауым өкілдері қозғалысқа терең қызығушылық таныта бастады. Жасырын конференциялар Ташкентте, Самарқанд пен Бұхарада өткізілді. Бұл конференциялардың мақсаты сырттың әсерінсіз туындаған басмашылық қозғалысқа саяси сипат беру болды. Ресейдің құрамында автономия болу тиімсіз идея еді. Мұндай жағдайдағы жалғыз мүмкіндік ұлттың тәуелсіздік идеясы болатын. Басқа ешқандай да ұран большевиктермен жүргізілген күресте табыс әкеле алмайтын. Бірақ, тәуелсіздікті жақтаушылардың жеткілікті

күші, нақтырақ айтқанда, қару-жарағы да, киімдері де, материалдық жағдайлары да жоқ еді. Орталық Азияның Біріккен Ұлт-Азаттық комитетінің Өкілдері – Садриддинхан, Керімов және басқалары 1921 жылы өздеріне көмек көрсету жөнінде Құлжадағы Британ консулына өтініш жасады.

Бұл жағдай Түркістанның кеңес өкіметіне қарсы күресіндегі бірден-бір көрініс сипаты болса керек. Әйткенмен, ол өтініш өз мақсатына жетпеді. Арнайы жіберілген жаушы Құлжаға барар жолда Әулие-Ата қаласында большевиктер тарапынан тұтқынға алынды. Оның соңы Ұлт-Азаттық комитетінің барлық мүшелерінің тұтқындалуына әкеліп соқтырды. Кеңестік прокурор шарифатты негізге ала отырып үкім шығарды. Исламға қарсы әрі жек көретін, мұсылмандардың Мекке мен Мәдина сияқты қасиетті жерлерін қорлаған ағылшындар елінен көмек сұрау мұсылманның шарифат нормасы мен міндетіне кірмейтін. Оларға Мекке мен Мәдина сияқты мұсылмандардың қасиетті орындарын масқара етті деген айыптар тағылды. Ұлт-Азаттық комитетінің мүшелеріне «дәлелденген кінәларына» қарамастан (кеңестік заңдарға сәйкес қозғалыстың жақтаушыларына өлім жазасы қауіп төнген болатын) әртүрлі ұзақ мерзімді түрмеге жабу жазасы берілді. Бірақ, олар ол жерлерден қашып шықты. Осы бір сәт басмашылар қозғалысының тарихындағы бетбұрыс болып саналады. 1921 жылы көтеріліске шыққан Ферғана, Самарқанд және Бұхара облыстары, сонымен қатар Орталық Азия Біріккен Ұлт-Азаттық комитетінің мүшелері Конгресс шақырды. Осы конгресте Түркістанды тәуелсіз Демократиялық Республика деп жариялау жөнінде шешім қабылданды. Бұл оқиғалардың барлығы – Азат ету комитетінің қызметі мен конгресс жұмысы өкінішке орай, кеңестік өкіметтің «ақ» майданды жою кезеңінде болды. Халық өз ұстанымын беріп қойды. Ұлттық сана әлсіздене бастады. Хандық билік ету тұсында халқымыздың ұлттық санасы күшті болғанмен алайда, құлшынысты қайта жаңғыртуға жеткіліксіз еді. Енді, басмашылардың көсемдері өздерінің «ықпал өрісінен» бас тартып, жоғарғы билік пен өкіметті тануға бет бұрды. Солардың қатарында болған «Шир-Мұхаммед» үлкен беделді иеленді (бүгінде ол тірі, Кабулда тұрады).

**Энвер мен Жемал.
1921-1922 жылдар**

1921 жылы Орталық Азияда басмашылар қозғалысы барысында басқа да айтарлықтай оқиға болды. Көтеріліске Энвер паша қосылды. Ол Бұхараға ойламаған жерден келіп, большевиктік ортаны үлкен толғаныста қалдырды. Шын мәнінде Энвердің Орталық Азияға ойда жоқта және кеңестік басшылардың келісімінсіз келуі большевиктер үшін ойламаған жағдай болды. Шығыс халықтарының атақты Баку конференциясынан кейін (1920 жылдың қыркүйегі) большевиктер Энверге сенімсіздікпен қарай бастады. Олар оны «өте қауіпті» деп санайтын. Сол уақытта Энвердің Бакуге келуі Әзербайжанда көптеген наразылық шеру толқынын туғызды. Шеруге шыққандар өздерінің қуаныштарын да, реніш-қайғыларын да оған жеткізуге асықты. Энвер пашаның Конгресс залында көрінуі бұрын-соңды болмаған әсер қалдырды. Мұсылман делегаттардың бар зейіні төрелік жасаған III Интернационалдың көсемдері Зиновьев пен Радеке емес, Энвер отырған жаққа болды. Ол кіріп келгенде мұсылман делегаттары оны кіші түркілердің көсемі ретінде қарсы алып, төрелік етіп отырғандардың тәртіпке шақырғандарына еш мән бермей, Энверге құрмет көрсетті. Большевиктердің қоршауында қалған Энвер өз орнында емес екендігін түсінсе де Конференцияға «Марокко, Алжир, Тунис, Триполи, Египет пен Үндістан революциялық ұйымдар Одағы атынан келген оған бұл маңызды сәт болды. Осы конференцияда Энвер Түркістандық делегаттардың аузынан соңғы үш жылда большевиктердің жасаған айуандығы туралы естіп, жасаған қиянаттары жайында хабардар болды. Кеңес тыңшылары халықтың бір тобын екіншісіне қарай айдап салып, арандатып отырғандығын, жергілікті шаруаларды қорлап, тіл тигізгенін, жерлерін тартып алып, жергілікті тұрғындарды ең төменгі тап ретінде (*конгрестің стенограммасынан, 227 бетін қараңыз*) қарағандығын Зиновьевтің өз аузынан естіп-білді». Әлбетте, бұл Энверді большевиктік Мәскеуден теріс айналдырып, оны Орталық Азияға алып келді. Мұнда Бұхара революциялық Үкіметі саяси басқаруда да, Мәскеуге деген өзінің көзқарастарында да белгілі бір пікірдің жоқ

екендігін көрсетті. Бұхараны кеңестік әскер жаулап алған соң Бұхара қазынасындағы барлық қазына-байлықтарын Мәскеуге «Бұхара ханының ризашылығы» ретінде алып кеткен. Большевиктерден билікті алған кіші бұхаралықтардың бір ғана осы айғақтың өзі көңілін салқындатты. Бұхара Халықтық Республикасы Орталық Атқару комитетінің Президенті Осман Ходжа Мәскеу оппозициясы қатарынан табылды. Оған Бұхараның әскери комиссары Абдулл Хамид және басқа да жергілікті кеңес өкіметінің көрнекті өкілдері кірді. Энвердің кенеттен келуінен олар тағдырдың көлеңкесінде жападан-жалғыз қалғандарын байқады. Көп ұзамай Энвер «аңға» кеткен тәрізді болып Бұхарадан аттанды. Бұдан соң Орталық Азиядағы кеңестік саясатқа қарсы шықты. Энвердің соңынан Осман Ходжа бастаған көптеген бұхара көсемдері ерді. Шығыс Бухария (Қазіргі Тәжікстан) Энвердің қимыл жасайтын алаңына айналды.

Үлкен ынтымақ қарсы алынған Энвер Орта Азиядағы орын алған жағдайды толық білмегендіктен орны толмастай қате жіберді. Өзінің билік құрған кезінде жауыздығымен және бүлік жасағандығымен ешкімге танымал бола алмаған бұрынғы Бұхараның әміршісі Саид-Мир-Әлім ханның қолынан Энвер «ұлы уәзір» лауазымын қабылдады. Ферғана мен Самарқанд басмашылары жексұрын бұқар әміршісінің уәзірін танудан бас тартты. Екінші жағынан бұрынғы кіші түркілер көсеміне әміршінің өзі де сенімсіздікпен қарады. Энвердің қолға алған қимылдары күйреді. 1922 жылдың басында ол Бандлиуван қаласы жанындағы шайқаста қаза тапты. Сөйтіп, ол өзінен кейін Орталық Азиядағы большевиктерге қарсы қозғалыс тарихында із қалдырмады.

Басқа қызықты жәйт Жемал пашаның басмашылар қозғалысын басқаруға әрекет жасауы. Оның жоспары біршама ерекше болатын. Ол басмашылар қозғалысын большевиктерге қарсы күрес деп қараған жоқ. Басмашыларды Үндістанға дейін баратын революция армиясының болашақ жауынгері қатарынан көрді. Мен Жемальмен кездесуімді есімде жақсы сақтап қалдым. Бұл 1922 жылдың көктемінде, осы Еуропада болатын. Энвер ол кезде тірі. Өзінің ескі досына алдында жағдайларды дұрыс болжай алмайды және Орталық Азиядағы кеңестерге қарсы жүргізіп отырған саясатына ренішін білдірген еді. Ол менен Түркістандағы

достарыма қазіргі саясатты өзгерту қажеттігі және «барлық мұсылмандардың жауына қарсы» яғни, ағылшындарға қарсы күш біріктіру жөнінде хат жазуымды өтінді. Басмашылардың көсемдері құрбашылардан да осы жағдайды өтінгені маған белгілі. Бірақ, оны ешкім тыңдаған жоқ. Керісінше, Ұлттық қозғалыс барысына араласпауына кеңес берді. Жемальдың Түркістан басмашылар қозғалысын өзінің мақсатына пайдаланғысы келген әрекеті жүзеге аспады. Осымен «Шығысты азат ету революциясы» аяқталды деуге болады.

Қорытынды: басмашылардың жаңа рухы

Негізгі көзқарасқа сәйкес Түркістан басмашылары қозғалысының қысқаша тарихы осындай. Бір тудың астында басталған Қоқан Автономиясын қорғау, Автономия үкіметі талқандалған соң барлық халықтық қозғалыстар ел арасында бейберекетсіздікке ұшырады. Бұл қозғалыстарды ұйымдастыратын және оның идеологиясын жүргізетін белгілі бір саяси орталық болмады. Егер, салыстырмалы тыныштық жағдайында 1917 жылы автономия туы астына біз халықты жинай алсақ, ал, қазір ондай мүмкіндіктер жоқтың қасы. Адамдар саяси бағдарламаны тыңдауға құлықсыз. Туындаған сезімдері, болашақ тәртіп туралы сөз таластырудан гөрі өздерінің большевиктерге деген қастық ызасын сыртқа шығару болды. Олардың пікірінше, Автономия үкіметінің жеңіліске ұшырауы қолдарына қару ұстап күреске шықпай, тек күту тактикасын ұстанып, келісімге келуге әрекеттену. Барлығы бос әурешілік деуге болады. Басмашылық қозғалыстың саяси ұйымы болуы үшін мейірімсіз қатаң жылдар керек еді. Оның үстіне өз күшімен елді азат ету мүмкін емес екендігіне көздері жетті. Сондықтан да, ағылшындарға хат жолдап, лажсыздан көмек қолын беруін өтінді.

Түркістандағы басмашылар қозғалысы – бұл біздің саяси әлсіздігіміздің куәсі. Халық большевизм мен большевиктерге наразылығын білдірді. Бірақ, олардың күшті ұлттық саяси санасы жоқ болатын. Адамдардың өздері шариғат сотын қайта қалпына келтіруге, еркін сауданы жүргізуге, мешіттер мен медреселерді ашуға ешқандай әрекет жасаған жоқ. Олардың орнына оны кеңес үкіметі жасауын талап етті. Басқаша сөзбен айтқанда,

кеңес органдарының орнына өздерінің жеке ұлттық институттарын ұсынбады. Оның орнына үкіметтен шешім талап етті. Осындай шешімді алған соң олар тыныштанды. Басмашылар қозғалысының осыншама ұзақ өмір сүруінің қорытындысы кеңес өкіметі Орталық Азияда көптеген қылмыстар жасады, оның ішінде қан төгуге дейін барды.

Басмашылар қозғалысы кей кездері ғана бой көтергені болмаса, қазір негізінен құрдымға кетті. Түркістан тыныш, кеңес өкіметі бейбіт өмірдің дәмін татып жатыр деп айтуға болмас. Тіптен, олай да емес. Оқиғаларды үнемі сырттай бақылап отырғандар, сірә, басмашылардың жаңа қозғалысы, кеңестерге қарсы күрес пен қарсылық таныту формасы қарсаңында екендігін көру қиын емес. Өйткені, большевиктер ұлттық қарсылық көрсетуге итермелеуді жалғастыра түсуде. Әлбетте, большевиктердің ұлттың қадір-қасиет сезіміне тиіп, керек десе, өздері ұлттық жаугершіліктің тұтана түсуіне ықпал еткендігінде еш күмән жоқ. Түркі халықтарының Түркістанда ұлттық орталығын құру мәселесі 1919 жылы Түркістан мұсылман коммунистерінің III Конференциясында алғаш ұсынылғанын еш ұмытуға болмайды. Мұсылман коммунистерінің бұл бастамасына жауап ретінде кеңес үкіметі барлық Орталық Азияны республикаларға бөліп, «ұлттық-тайпалық» шекараларды жасауға ниеттенді. Бұл шара сөз жоқ алғашқы кезде табысты да болды, Түркістан халқының ұлттық және саяси санасының өсуіне теріс әсер еткен жоқ. Орталық Азия республикаларында Мәскеуге ұлттық оппозициялары болды. Олардың қойған талаптары біреу ғана, ол Мәскеудің саяси билеушілігінен босану. Түркістан мен Қазақстандағы сияқты Өзбекстанда да олардың айтары біреу: кеңестік Мәскеудің отары болуды қаламайды.

Авантюристтік элементтерден тазаланған басмашылар қозғалысының көсемдері де, сондай-ақ, Түркістан коммунистері де Мәскеу мен кеңестік орталықтың басқару жүйесіне (централизм) қарсы күрестегі халықтың ерлігін ұғынып, бағалай бастайды.

*The Asiatic Review. London. 1928. XXIV.
Садықова Б.И. Мұстафа Шоқай. –
Алматы: Алаш, 2004. – С. 203-220.
Последние новости. Париж. 1924. 30.
VIII (№1333).*

**Мақаланы орыс тілінен аударған
Есенкелді ТӨРЕҚҰЛОВ**



Жанат АЙМУХАМБЕТ,
филология ғылымдарының
докторы, Л. Н. Гумилев атындағы
ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының
профессоры

КӨНЕ ТҮРКІЛІК ТАНЫМНЫҢ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭМАЛАРЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

**Е. Раушановтың «Ғайша бибі» поэмасы
туралы сыр**

Кілт сөздер: көне түркілер, мифология, салт-сана, дүниетаным, көркемдік ойлау жүйесі, көркемдік-эстетикалық құндылық, мазмұн, пішін, стиль, романтика, түркілер тарихы, фольклор, жыршылық мәнер, Талас, Ғайша-бибі, қаған, айтыс, ханша, жыландар жыры, қобыз, Күлтегін, үш түйме, түркілердің жеті белгісі, поэтикалық тіркес. Табиғатты құрмет тұтқан көне түркілер өзіндік мифология әлемін түзді. Түркі мифологиясынан біз табиғаттың құдыреттілігіне тәнті болған ата-бабаларымыздың салт-санасын, дүниетанымын аңғарамыз. Адамзат санасы дами келе мифологиялық таным поэтикалық ойлауға негіз болып, көркемдік қызмет атқарды. Қазіргі жазба әдебиетте де көне таным жаңа эстетикалық сипатымен орын алды. Бұл зерттеуде осы көне мифтік танымның бейнелілік қызметі сарапқа салынады. Мифтік танымның көркемдік ойлау жүйесіндегі маңызды орнын таныту – зерттеудің басты өзектілік сипаты.

Фольклорлық үлгілердегі қиссалар үрдісін, сондай-ақ, дастан сарынын жаңаша қалыпта түрленткен ақын Есенғали Раушановтың «Ғайша бибі» поэмасы құрылымы, көркемдік-эстетикалық құндылығы мен өзек еткен оқиғасы тұрғысынан алғанда өз алдына ерекше көркем дүние. Қазіргі қазақ поэмасының даму деңгейі, көркемдік-эстетикалық сапасы, поэма жанрының зор поэтикалық мүмкіндігі, тың ізденіс пен жаңашылдық төңірегінде ой өрбітсек, алдымен ойға оралып, назар аудартары – осы «Ғайша бибі» поэмасы. Мазмұндық,

пішіндік, стильдік тұрғыдан алғанда поэма жанрында көш бастарлықтай салмағы бар бұл туынды ақын Есенғали Раушановтың талантын жаңа қырынан танытқанын, оны таланты тегеурінді ұлт ақыны ретінде мойындатқанын айта кеткен абзал. Ең әуелі бұл поэманың романтикалық туынды екенін айтқан жөн. Романтизмге тән басты белгі ретінде ерекше жағдайда ерекше әрекет, мінездерімен танылатын ерекше қаһармандар екенін ескерсек, аталмыш поэмаға осы сипат тән. Сондай-ақ, әдебиеттанушы Е.Тілешев «**романтизм әдебиеті ... лиро-эпикалық поэмалардың өркендеуіне алып келді**» [1; 118], – деп атап көрсеткендей, әдістік тұрғыдан романтикалық туынды болып саналатын «Ғайша бибі» ұлттық әдебиетіміздегі поэма жанрының лиро-эпика деп аталатын саласының дүниесі. Ұлы ойшылдардың бірі Гегельдің романтикалық көркемөнердің негізгі стихиялық белгісі – лиризм деген тұжырымына сүйенсек [2; 243], ойымызды дәйектей түсеміз. Поэманың мазмұндық-құрылымдық сипаты өте күрделі болғандықтан, талдауды жекелеген бөлімдерге ретпен жүргізгенді жөн көрдік.

«Ділім – қанағат, дінім – табиғат» деген түркі мақалын эпиграф еткен поэманың «Тізгін қағарында» алда айтылар оқиғаға барлау жасалып, түркілер тарихынан сыр тартылады. Таласты таласа емген екі елдің – түркілер мен түркі еместердің тұрмысы мен салты, атағы мен даңқы, салтанаты жырланады. Сонымен, ең әуелгі сөз поэманың «Тізгін қағары» туралы. Ауыз әдебиетіндегі жыршылық мәнерді жазба әдебиеттегі көркем сурет, айшықты тіл, бейнелілікпен ұштастыра жырлаған

ақынның сөз кіріспесінің өзі оқырманды елең еткізерлік:

*Ғалайқұм-ассалаума бас қонаққа,
Сонан соң үлкен-кіші жас талапқа,
Ниетімді жырға бұрдым, жүзімді – елге,
Хиссасын Ғайша бибі бастамаққа [3;
318].*

Фольклорлық үлгілерде көбіне тыңдарманға әсер ету басты назарға алына-тынын ескерсек, ақынның бұлайша сөз бастауының өзі – шығарма мазмұнына оқырманның назарын аударту мақсаты. Ауыз әдебиетіндегі қисса жанрының қызғылықты да шым-шытырық оқиғасы болатыны белгілі. Оқиға желісіне өзек болған халық жадындағы аңыз ақын қолданысында мүлде жаңа қырымен танылып, басқаша бағытта тарқатылады.

*Бұл өзі жаңам емес, ескім еді,
Алыстан жаңғырығып естіледі.*

Мақал бар:

«Түлігім – жылқы, түбім – түркі»,

Ал, тарттық сол түркіден көшті бері – деген жолдардан ақынның қай тараптан, тарихтың қай тереңінен сөз қозғары байқалады. Түркілердің түп тарихын жыр тілімен өрнектей келіп, Көк Тәңіріне сыйынған сенімін, көшіп-қонып тірлік кешкенін тілге тиек ете отырып:

*Бір елдің өткені хақ көшіп-қонып,
Көк селдір, көркем дала бесік болып.*

Әлі ешкім алдымызға жайған емес

Сол көштің бума-теңін шешіп беріп, – деп, сол тарихтың ашылмай жатқан сырлары мен қырлары барын айтып өтеді. Ақынның поэмаға арқау етіп отырғаны – сол айтылмай, ашылмай келген түркі тарихының бір қыры. Ақынның тарихты терең білетіні әр шумақта бір ойдың қазығына айналған елдің салты мен ғұрпын, көне дәуірлерде салтанатты сап құрған қалаларды жырлау мәнерінен көрінген. Түркілердің төрт тарапқа кеткен даңқы:

*Бас ұрып түргеш-басмыл бұл табынды,
Саудаға Самарқаннан жұрт ағылды.*

Ыңыранып, керуен тартып Ұрым, Тибет,

Елпідеп елші салды Тұрпан, Үнді, – делініп жырланады. Түркілер тарихын шерте отырып, Таластың арғы бетін мекен еткен «кіл батырға билік берген» елді ақын шартты түрде «түркі еместер» деп алады. Бұл ел де осал емес:

*Ері көп, көп майталман алғыры да,
Аз емес арғымағы, заңды бұ да.
Көк тіреп сол қазанат тұрса керек,
Ортақ боп талай жұрттың
тағдырына.*

Екі жұртты бір-бірімен аңдысқан, шарпысқан халі:

*Біз айттық, екі жұрт та барыс дедік,
Барыстар бір-біріне иалыс келіп,
Аңдысып, айбат шегіп тұрмаушы ма ед,
Тайқуды, шегінуді намыс көріп.*

*Біз айттық, екі жұрт та арыстан деп,
Айқаспай арыстандар қалысқан ба ед?*

Әзірге жұлықласпай бірақ олар,

Бір-бірін аңди тұрсын алыстан кеп – деп беріледі. Ақынның айтпақ ойы, ұстанымы – адамдар арасындағы татулық пен адамдық ниет, ізгілік мәселесі екені осы тарауда айқын аңғартылған. Поэмадың әлқиссасында аңғартылған ой кейінгі тарауларда барынша терең тарқатылады.

«Жыландар жыры» тарауында Талас жерін мекендеген ордалы жылан тағдыры сөз болады. Адамдардың қара ниетінен отқа өртенген жыландар мен адамдар әлемі қатарластыра алынып, үлкен адамзаттық мәселе философиялық тұрғыдан көркем туынды заңдылығына сай зерделенеді. «Жыландар жыры» – адамдардың табиғатқа, сол арқылы өздеріне әкелген зауалын жыланның монолог-зары арқылы жеріне жеткізе айттып берген көркемдік тәсіл. Фольклорлық дәстүрдегі жыр үлгісін, ауызша және жазба әдебиеттегі ерекше әсер туғызған соңғы қайталау (эпифора) тәсілін пайдалана отырып, ақын жыланның зары арқылы күллі жаратылыстағы қайшылық пен қиянатты ақтарады. Ел жадындағы аңызда Айша қызды жылан шағып өлтіреді. Есенғали поэма-сында осы желі болғанымен, Ғайшаның өлімі, жыланның шағуы мүлде басқаша жағдайда өрбіген. Адамдар тағдырымен жыландар әлемін қатарластыра берудің өзінде көне танымды негізге алу бар. «Бұл мақұлық күні бүгінге дейін қазақ сенімінде маңызды орынға ие болып отыр. Жыланға қазақ құпия таным, тылсымдық сипат берумен қатар, көмекшілік қасиет те берген. Басқаша айтқанда, жылан культі – арғықазақ мифологиясының басты сипаттарының бірі» [4; 291] –

деп жазады мифтанушы С. Қондыбай. Жыландар – адам мен табиғат арасын байланыстырушы тылсым сыр иелері болып та ұғынылады. Жыланды культ санаудың ауыз әдебиетінде, тұрмыстық салт-ғұрыпта көптеген мысалдары бар. Әруақты қастерлейтін қазақ сол әруақтардың жылан кейпінде көрінуіне сенеді. Бұл сенімнің реминисценциясын Е. Раушановтың өлендерінен-ақ табуға болады. Ақын жыландар әлемін белгілі бір маңызды себептермен оқиға желісіне енгізген. Зерттеу еңбектерге, мифтанушы ғалымдардың пікірлеріне сүйенсек, дербес өмір сүретін рух жылан кейпіне ие болады, яғни, адам дүниеден өткенде оның жаны жылан кейпіне айналады. Сондай-ақ, өзіміздің қазақы түсінікте жер астына жасырылған қазынаның иесі де жылан болады деп есептелген. Поэмада Талас жерін мекендеген ордалы жыланды қағанат халқы **«жылан бауырына алтын басып ұйықтайды»** деп, ордаларын ойрандап, өртейді. Тотемдік қағиданы бұзған, киеге қарсы қол көтерген адамды қарғыс ұрады деген көне сенім тарихты, танымды қастерлеу мақсатында да өзіндік рөл атқарады. «Жыландар жыры» тарауындағы қасірет шеккен лирикалық кейіпкер дәрежесінде көрінген жыланның ішкі монологы – адамзат баласының адамшылық атаулыдан алыстап, табиғаттан алшақтауының түбі үлкен қасірет боларын аңғартқандай. Өрт ішінде аласұрған алтын бауыр ана-жыланның

Кереге бойым жиырылып,

Келте де болды-ау, ой заман.

Қызыл көз қоңыз шүйіліп,

Желкеме қонды-ау, ой, заман, – деп бас-талатын зары:

Үйімнің алды беткей-ді,

Беткейден түскен өрт дейді.

Осының бәрін жасаған,

Адамзат қалай көктейді, – деген жолдармен жалғасып, заман жылжыған сайын табиғаттан алшақтап, бұзылып бара жатқан адам баласының ниет-пиғылын паш етеді. Адамдардың табиғатқа әкелген зобалаңын зармен толғаған ана-жылан ұрпағын сақтап қалу үшін өрт ішінде арпалысып, екі жыланды аулаққа лақтырады. Жыландар қасіретін толғаған ақын оқиғаны ширықтыра оты-

рып, келесі кезекте «қағанаттағы жылан даусын еститін жалғыз адам» Ғайшаны таныстырады. Бұл тұста халықтық дастан-жырлардағы өлеңмен қара сөзді қиыстыра толғайтын тәсілді ұстана отырып, ақын Ғайша қыздың қандай жан екенін баяндайды.

Ғайша – бұрынғы-соңды қазақ поэма-ларында кездеспеген тың бейне. Өйткені, оның дүниетанымы, адамдар, өмір жайлы ойы мүлде басқаша. Поэмада оқиғаны баяндап беруші ретінде көрініп отыратын автор орайлы тұста кейіпкер туралы қосымша түсініктемелер береді. **«Ғайша кім еді?»** деген сауалға автордың хабарлау түріндегі мәліметтері толық жауап береді де, ақын осы тұстан қайтадан ана-жыланның зарынан үзілген оқиғаға тыңдарман назарын аударуды жөн көреді. Ана-жыланның зарын жүрегімен естіген Ғайша қыздың толғанысы терең мәнді астарлы сипатымен көрінеді:

Қайда бастап барады қабарған күн,

Кімді сөгіп, кімді енді жамандармын.

Түмен жылан өлген жоқ, өртенген жоқ,

Түсіп кетті ішіне адамдардың.

Орда жылан, от қойсаң мекеніне,

Өліп жатып, тіріліп кетеді де,

Ой-пейіліне көшеді өлтіргеннің,

Бір де бірі қалмастан көтеріле.

Болмады зой болмаспен белдескенің,

Жылан көшті жұртынан, сен

көшпедің.

Сыртың – адам болғанда ішің – жылан,

Не болады ертеңің, жерлестерім?

Адамзатқа деген нала-кекпен өртенген жыландар енді сол адамның өз ішіне көшкенде адамзаттың ертеңі не болмақ деген үрей қызды мазасыздандырады. Осындай ой құшағында отырған сәтінде інісі Алмастың қағанның айтыс өткізбек хабарын жеткізгені Ғайшаға ерекше әсер етеді. Оның мақсаты – жеңіп, тіккен бәйгені алу емес, көкейінде жүрген ойды жеткізу. Автор, осы жерде өзінің болған оқиғаны баяндаушы, айтушы ретіндегі міндетін естен шығармай, айтысқа сипаттама береді. **«Жапон халқы үшін Фудзияма тауының маңызы қандай болса, о баста түркілер үшін айтыс сондай еді. Ел кейін «айтыс ұсақтап кетті» деп жүрді. Ұсақтап кеткен айтыс па, жоқ ақындар ма?»**, – деп, бұл ұлттық өнердің мәдениет тарихында өте салмақты

орны бар екенін аңғартып өтеді. Поэма оқиғасына араласқан Қағанмен оқырман осы кезде танысады. Ол да айтыстың әуел бастағы мәнін жоғалтқанына күйінген жан екен. Ол да шындықты білмек болғанмен, біле алмай дал болады. Өзі саудагердің кейпіне түсіп, сан мәрте айтысқа шығып, сөзді Қағанға бұрып әкеліп тірегенмен, ақын біткен мадақтаудан, мақтаудан ұзай алмайды. Ғайшамен айтыспаққа өзі шыққан Қаған тағы да сол шындықты білмек. Бұрынғы-соңды қазақ поэмаларында кездеспеген авторлық стильдің ерекшелігі сонда – жоғарыда өзіміз айттып өткендей, тек болған оқиғаны айттып жеткізуші міндетін арқалап отырған ол «өкінішке орай айтыстың толық нұсқасы сақталмаған» дей келе, қыз бен жігіт айтысының кейбір тұстарын «сол айтыстың үзінділері деп ойлаймыз» деп ұсынады. Қыз бен жігіт болып сөз қағыстырған Ғайша мен Қағанның сөз саптаулары, айтқан ой-толғамдары, уәждері тамаша ұлттық поэтикалық тіркестерді, олардың зор көркемдік мүмкіндіктерін таныта алған. Бұл жерде, әрине, біздің айтпағымыз Есенғалидың нағыз ұлт ақыны ретіндегі тегеурінді таланты мен танымы. Ақын Ғайша қыз болып:

*Керме, керме, керме өлең,
Керіп тартишы көлденең,
Тұяқ біткен сүрінсін,
Тізе біткен бүгілсін...*

*...Қайқы қылыш – қара өлең,
Анаған да сермедік,*

Мынаған да сермедік – деп төгілтсе, енді бірде Қаған болып:

*Ал, айт десең айтайын,
Қаратаудың басынан,
Қайырайын өлеңді.*

Алатаудың тасынан,

Айырайын өлеңді – деп термелетеді.

Ақын айтысқа тән стильді толық сақтай отырып, екі айтысушының аузына замана, Қағанат жайлы күрделі мәселелерді салады. Ғайша тарапынан айтылатын Қағанның бойындағы келіссіз іс-әрекеттер шымыр тіркес, шынайы суретті сөздермен беріледі.

*Таққа Қаған мінген соң,
Айласы бар мекерлік,
Ақылы бар жетерлік
Кеңге салды қамалды,*

*Қырық шаһарды қаратып,
Жиырма төрт елді тағзы алды.
Қырды қырып, ойды орып,
Бәрінен күшті болсам деп,
Аш бөрідей жаланды* – деп Қағанды сынай отырып, сақтандыра сөйлейді:

*Әр Мұсаға бірақ та,
Бір перғауын табылар.
Арғы бетті жалмаған,
Түркіместің ханы бар.
Сүңгі найза біз болсақ,
Қырты найза ол болар,
Екі бүркіт шайқасса,
Қара халық – қарға-дұр,
Қар үстінде жсорғалар.*

Ақын қолданысындағы ауыстырулар сол замандағы халықтың ұғымына жақын, айтылар ойдың мәнін, астарын ұқтырарлықтай бейнелеулер. Ғайшаны өз заманының өресі биік ақыны, ерекше санаға ие жан ретінде танытқан ақын оның әрбір сөзіне, іс-әрекетіне сай ерекше поэтикалық тіркестерді қолданады:

*Солай деп орнынан тұрады қыз,
Шудағы нар қамыстың шұбары қыз...*

Қаған мен Ғайша қыз кешкен психологиялық ахуалдарды да ақын қапы жібермейді. Айтысқан жігіттің көздерінен бір гәпті аңдап қалған қырағы қыздың сезімталдығын, қыз бойындағы ерекше талантты, бөлекше болмысты таныған Қағанның ішкі халін ақын төмендегі жолдармен береді:

*Бір гәпті қырағы қыз аңдап қалды,
Сол гәпте зіл-батпандай салмақ бар-ды.
Толқын-жұрт сазан-қызды алып*

кетті,

*Қаба алмай, «қап, әттең»
деп қармақ қалды.*

Айтылар, баяндалар ойды бейнелеумен аңғартатын ақын осы шумақта біраз жайтты жеткізе алған. Ең әуелі қыздың қырағылығы мен сезімталдығы, қаумалаған көпшіліктің қызға деген қошеметі, сонан соң, Қаған жүрегінде бас көтерген тылсым сезім халі осындай тың көркемдік тәсілдермен беріледі. «Толқын-жұрт», «сазан-қыз» бейнелеулері оқиға ауқымына орайлас көркемдеу тәсілі болса, қаба алмай, қапыда қалған қармақ – Қағанның сезім-ықыласы. Ақынның көркемдеу тәсілінің өзі бір-бірін аша түсетін, бір-біріне желі болып

тартылатын, мағынасы тығыз үйлесімдікті сақтайтын сөздерден түзілген. Толқын, сазан, қармақ – бір-біріне қатысты детальдар болса, осы детальдар тұтасып, белгілі бір оқиға мезетін бейнелеген. Шумақтар арасында кездесетін тұтастай жолды қайталау поэманың саздылығын, ырғақ үйлесімділігін әрлендіре түседі. Қаған сезімін аңғартатын «Қаба алмай «қап, әттең» деп қармақ қалды» деген жолды ақын екі мәрте еспе қайталау түрінде қолданады. Айтысты тамашалап отырған тыңдармандардың қалпы да бір-бір жолға сыйдырылған:

**«Бибілеп» аңқау кемпір аруақтанды,
«Бала ойын, бақсы зікір неме керек»,
Соны айтып сақ сауысқан шал баптанды.**

Кемпірдің аруақтануы, шалдың сақтықты ескертуі, бәйгені талапайға салған көпшіліктің hareketін жырлай келе ақын:

**Сөздің де мойтабы бар, өткірі бар,
Оқушым, мұнда мағына көп-ті**

ұғынар.

Өлеңді мән деп емес, сән деп білу

Болған ба ол кезде де деп күліп ал, – деп, тағы бір ойды аңғартып өтеді. Өлең мен ақынға деген көзқарас, өлеңнің мәні мен мағынасына деген құрмет басқаша болу керектігі, алайда, мақтаншыл, айғайшыл түркілердің оны ұғына қоймаған дарақылығы ақын тарапынан сыналып өтеді. «Дәл өзіміздей» түркі халқының тағы бір қалпы Ғайшаның Алмас атты інісінің дорба толы алтынды бұлғақтатып, майханаға қарай тартып бара жатқандығы, сол майханадан «жерде – түркі, көкте – күн» деп ән салған мас дауыстардың шығуымен суреттеледі. Бұл шағын, сәттік суреттер – түркі Қағанатындағы халықтың тұрмыс қалпынан хабар береді. Ғайшамен айтысқа жігіт болып шыққан Қаған бейнесі әрі қарай тереңдей ашылады. Ғайша-қызға деген алмағайып сезімді басынан кешірген Қағанның психологиялық ахуалы оның ауру ханшасымен қатысты беріледі. Тағы да түркі халқы өртеген ордалы жылан ауызға алынады. Ханша өзі сезінген жайды түсіне кірген жыланмен байланыстырады. Қағанның ханшасының бөлмесіне шапаны мен мәсісін шешпей кіруінің өзінен сезімтал әйел біраз жайды аңғарған. Ханшасына дау айтқанмен, Қаған ойға қалады. Қағанның

ойын білдіретін ішкі монологқа құрылған шумақтар арқылы ақын үлкен заманауи мәселелерді, сондай-ақ кейіпкердің жан дүниесіндегі қайшылықтар мен толқуларды бейнелеген. Әуелі:

Мәлике-Маран дейді жылан пірі,

Мен дағы жылан болып шығам түбі.

Жылжыдым бауырым төсеп от

үстімен,

Жұрт етем деумен өңшең бұралқыны, – деп, халық қамын жеген билеуші ретіндегі мақсатын толғаса, келесі шумақта ханшамен арадағы байланыс айтылады:

Алам-ай, сүймеймін зой, сүймеймін зой,

Бұл байғұс соны бүгін білгені ме?

Түркі халқының жақсы атағы шықсын деп қам жеген Қаған:

Ел болам, емен-жарқын еркін күлген,

Сол болды өзіме айтқан сертім

бірден.

Түркі үшін тұншықтырдым қанша ойымды,

Қаншама сезімді өлтірдім мен, – деп толғана келе, есіне Ғайша қызды алады. Өзін сынаған Ғайшаның сөздері есіне оралғанда, билеушіге тән өктемдікпен іштей кек тұтады. Дегенмен, жан дүниесіндегі екінші бір сезім еріксіз аян болады:

Көзінен өткізсем бе керегенің,

Тұрса зой дар алдына көрер едім.

Бұл пәле бірде алыстап, бірде таяп,

Кетпейді көз алдымнан неге менің.

Қағанның өз-өзімен сөйлескен халін аңдаған ханша Қағанның өзі түсінбей дал болған ойын бекіте түседі:

Ұмытып қалытсың зой сүюді де,

Ғашықсың, ғашықсың сен, пірім, – деді.

Ақын осындай психологиялық мезеттерді іліп алып, кейіпкер бейнесін таныта түседі. Әйелінің дәл айтқан дәлеліне қарсылық білдірмек болған Қағанның көз алдында ханша жыланға айналып сала береді. Бұл – дүниедегі соңғы үміті үзілген, ең ақырында Қағанның өзіне деген ешқандай сүйіспеншілік сезімі қалмағанын түсінген сәттегі баз кешу қалпының суреттелгені. Фәниден бақиға өткен адам баласының рухы екінші бір тіршілік иесіне, яғни, мақұлыққа, жәндікке ауысатыны туралы мифтік сенімді ақын көркемдік мақсатта қолданады. Мифтік құбылушылық желісінің қазіргі поэзиядағы

көркемдік тұрғыда қолданылуының бірден бір мысалы ретінде осы тұсты атауға болады.

Поэманың «Майхана» деп аталатын тарауында дарақы думанның қалпы суреттеледі. Майханаға қарай ағылған жұртқа ілескен Қаған ондағы аласапыран думанды, айқайшуды көреді.

*Айғырды ақталаса – азбан болар,
Жігітті құмар алса – азған болар.
Азбан да, азған да бар осы топта,
Бұл топта өзіне көр қазған да бар.
...Бұлаңы лаң сынды түлкі қыздың,
Осы ма келешегі жұртымыздың.
«Көкте – күн, жерде – түркі»...
қайдам...қайдам,*

Сықпыты мынау болса түркіміздің.

Майханадағы дырдуды көрген Қағанның осындағы дарақы топтан таяқ жегені, олардың мұны түркіеместің тыңшысы деп, тепкінің астына алғаны, даурыққан жандардың ойсыз іс-әрекеті Қағанның хәм оқырманның жанын ауыртады. **Қағанның тұлғасын таныта түсетін тағы бір оқиға – оның Күлтегінмен жауаптасуы. Поэмада автор айтпақ болған негізгі идея Қаған мен Күлтегіннің, Ғайша қыз бен Мұхаммед Пайғамбардың тілдесетін тұстарынан айқын көрінеді. Автордың бұл тәсілі поэманың мазмұнын тереңдете түскен.**

Қағанның Қағанат қамын ойлап, жаны күйзелгені оның Күлтегіннен медет сұрауынан көрінеді:

*Қағанаттан мият кетті,
Қара орманнан ұят кетті,
Қағаныңнан қайрат кетті,
Ақ ордадан айбат кетті,
Уа, Күлтегін баба,
Медет бер!*

Қаған аузынан айтылатын кешегі күндей күркіреген түркі Қағанатының бүгінгі халі тарихтағы Қағанаттың әлсіреген кезеңінен хабар бергендей. «Қырық шаһарды қаратып, жиырма төрт елді түгел алған» Қағанның қасіреті не? Неге Қаған:

*Мен үйірлеп жинадым,
Түркі қара бақ болды,
Басқа жаманат қонды, –
деп, немесе:
Мен іргені кеңейттім,
Тынысым тарылды, бірақ,*

*Сен отырған елді көшірдің,
Оңдырдың.*

Мен көшіп жүрген елді қондырдым,

Қор қылдым, – деп налиды? Бұ сауалдардың жауабын ақын Күлтегіннің аузына салады. Түркі Қағанаты үшін «түн ұйықтамаған, күндіз отырмаған» даңқты батыр Қағанның қателіктерін санамалайды. Жан-жақтағы елді түркіге қосқанмен, ділі қосылмағанын, іргені кеңейткенімен, қорыққандар мен үріккендер амалсыздан дос болғанын айтып келіп:

*Жүректерді жаулайтын жол бар деп ем,
Сен іргені кеңейттің қорғанменен.
Жалған тарих әдем шынжыр сынды,
Тез үзілер, әдемі болғанменен.
Неге бердің бұлдасаң көмегіңді,
Тек төр жаққа сүйрейсің неге еліңді?
«Қор болма» деп жазғанмын тасқа*

өсиет,

«Зор болу» деп оқыпсың сен онымды, – деп, Қағанның басты қателігін көрсетеді. Күш, зорлық, әділетсіздік өктемдік еткен кезде дұрыс жолдан адасу болатынын Күлтегін шегелей айтады. Ең алдымен керегі – рух еркіндігі дегенге меззейді.

*...Көшкен елді қондырдың – мұның
да шын,*

*Өзі қонуы керек-ті бірақ оның.
Түркі үшін төсектен безіндің де,
Ақылға ердің, ұмтылды сезім мүлде.
Сен қорладың өзгенің бәрін, бәрін,
Сорлаганың сол, балам, өзіңнің де.*

Қағанатты нығайтам деп жүріп, өрескел қателіктер жіберіп алған Қағанға Күлтегін осылай тіл қатады. Түркі жұрты үшін таусылып жүрмін деген Қағанға Күлтегін енді бір мезет былай дейді:

*Іргеңді көрдім – жарадың,
Ішіңе қарай келейін.
Түркінің жеті белгісін
Түгендеп берші, Қағаным.*

Күлтегіннің бұл сауалына Қаған жауап бере алмайды. Енді, осы белгілерді Күлтегіннің өзі санамалап, таратып түсіндіреді. **Күлтегін айтқан түркінің бірінші белгісі – үш тілі: ана тілі, дос тілі, дұшпан тілі. Дұшпан тілі – жау келіп қысқан күні керек, күштімен күшті арқылы тіл табасын; жауын сыйлай білмеген досын да сыйлай алмайды, сондықтан, дос тілін қадірле; ана тілі – өзін, сен ешкімнен**

зор да емессің, қор да емессің дейді. Екінші белгісі – үш серігі: қылышы, қобызы, шақпағы. Ақын бұл үшеуін сипаттағанда:

Қайсысы артық?

Қылышы болар, балкім,

Ата жауға білінер содан нарқың.

Бірақ, қылыш сөз алса, отың сөніп,

Қобыз болып боздайды

бодан халқың.

Қобыз болар жақыны күміс үнді,

Күміс үнмен ұйытқан ұлысыңды.

Жетім зой ол бірақ та, кімге керек

Отың сөніп, тот басса қылышыңды..

...Мына қапас жалғанда ең жарығы,

Ең сыйлысы шақпағы шығар мүмкін – дейді. Түркінің бұл үш серігі ақын тілінде «Артық та емес, кем де емес, үш қоңырым» деп мадақталады. Күлтегін айтатын үшінші белгісі – үш түймесі: тамағында, жүрегінде, кіндігінде. Тамағындағы түйменің серті:

«Көк Тәңірі, қолдай гөр, жебе мені,

Ас арамы болады, сөз арамы,

Тамағымға берікпін» дегені еді.

Жүрегіндегі түйменің серті:

«Көк Тәңірі, қолдай гөр, жебе мені,

Тамағымнан өтсе де серт түймем бар,

Жүрегіме жетпейді» дегені еді.

Кіндігіндегі түйменің серті:

«Көк Тәңірі, қолдай гөр, жебе мені,

Жүрегімнен өтсе де, серт түймем бар,

Ұрпағымға кетпейді» дегені еді.

Түркі халқының бірлігі мен берекесін сақтау үшін айтылған бұл белгілердің қай-қайсысы да ұлттық рухани құндылықтар. Бұдан әрі айтылатын белгілер де солай. Ақын ұлттық таным мен салт-ғұрыптарға тереңдей үніле отырып, оның тарихын жаңа сипаттармен танытуға ұмтылады. Қағанға Күлтегін айтатын белгілердің барлығы да осы мақсатта туындаған. Халық өзінің шыққан тегін, танымының бастауларын тәрк етсе, бақытсыздыққа ұрынбақ. Осы ойды қазық ете отырып, Күлтегін төртінші белгіні сипаттайды. Ажалдың бары ақиқат, ертең өлген күні кеуденнен ұшқан рух жәндікке немесе аңға қонбақ. Мифтік танымдардан бастау алып, кейіннен діни түсініктерге негіз болған рухтың мәңгіліктігі туралы сенім поэтикалық тұрғыда ұлттық рухтың

жасампаздығын ишаралайды.

Тәрк етіп қара моланы,

Ұшады рухың самғай бір.

Самғай бір барып қонады

Жәндікке, аңға қандай-дүр.

Ол, балкім, жылан, қарға-ды,

Жоқ, жыртықши тіпті арам ол.

Біреуін таңдап ал дағы,

Үйінде бағып-қаға гөр.

Рухты қастерлеу идеясының астарында өткенге құрмет, тарихқа тағзым жатқанын аңдау қиын емес. Рухың зәрлі ме, әлде нұрлы ма – бәрібір балаңа, яғни, ұрпағына қалар мұра. Осы ойды толғай келе Күлтегін:

«Қош» деген сәтте өмірге,

Рухың солай көшеді.

Төртінші белгі: төрінде

Қандай аң жатыр? –

Осы еді – деп, төртінші белгіні түстеп көрсетеді. Осы ойды жалғастыра отырып, тегі – бөрі болып, бөрілі байрақ көтерген түркілердің сол бөріні қастер тұтып, тегін ұмытпауы керектігін ескертеді. Бесінші белгі – осы бөрі, рухы көшкен аңмен бірге бөріге төрден орын берсе, екі аң тату боп өссе дейді.

Даланың еркін өр елі,

Бөрідей жауды қоршаған.

Түркінің түбі бөрі еді,

Бөрілі байрақ – ол содан.

...Тегін ұмытар болса адам,

Несі артық оның жәндіктен, – деген жолдар арқылы ақын түп-тамырдан қол үзбеуді насихат етеді. Алтыншы белгі:

Түркіде тағы салт бар-ды,

Ұстанар түгел дос-туыс.

Ес білген кезде баптар-ды,

Екі әбзел, екі ат, қос қылыш.

«Анда үшін!» дейтін біреуін,

Тигізбей тегі басқаға.

Айтатын сосын тілеуін:

«Андамды жауға тастама!»

Андасының қамын өзінен артық ойлар азаматтық – түркі жұртына тән хас белгілердің бірі болып бағаланады. Түркіге лайық көшелі белгілерді санамалап, түсіндірген Күлтегін – елдікті, ұлттық болмысты сақтау жолындағы үлгі боларлық тұлға. Рухқа тағзым еткен түркілер үшін ол – архетиптік бейне дәрежесіне көтерілген. Күлтегінді поэма оқиғасына араластыра отырып, ақын оның

осы сипатын басты назарда ұстайды. Халқының майханаға жиналып, масаң күй кешкен қалпына налыған кездегі Қағанның медет тілеп, жүгінері де осы Күлтегін болады. Түркінің алты белгісін санамалап берген данқты батыр жетінші белгіге келгенде жұмбақтауға салады:

*Адам боп тұып-өстің бе?
Осы бір шыңға жет, ерім.
Жетінші белгі...ешкім де,
Айтпайды оның не екенін.*

Осы жетінші белгіні табам деп, талайлар тарлауыт асқан екен. Адам баласы ол жетінші белгіні таппақ түгіл әлі өзін танып болған жоқ. Күлтегінмен тілдескен Қаған:

*Көз емес, көзім көр болды,
Көкірегіме шер қонды.
Іздемей келдім неге мен,
Көмулі жатқан көмбемді?!
Жеті белгіні түзелдей,*

Сақтаңдар деймін елге енді, – деген тоқтамға келеді. Күлтегін оны түгел сақтау мүмкін емес, өйткені, ол түркі мен бұл түркі бір емес, олардың заманы басқа, өткенге қызықпа, келер күнге құлақ сал дегенді айтады. Жетпейтін бір нәрсе бар. Ол не? Күлтегін ол туралы:

*Уай, не дейін саған, балам?
Оны мен де таба алмағам,
Оны мен де таба алмағам, – дейді.*

Бас қаһарман Ғайша еңбегіне «Жалқы мен жалпы» атты трактат қосуды жоспарлайды. Жалқы дегені – Әлем, жалпы дегені – Адамдар Аллаға құлшылық еткен Ғайшаның халін ақын сәтті детальдық оқиғалармен берген Поэмада екінші рет қайталанатын «Жыландар жыры» (*дұрысында тарауатығана қайталанарды*) оқырманды қайтадан бастапқы оқиғаның жалғасына жетелейді. Алтын бауыр ана жылан өрттен алып, алысқа лақтырған екі жылан шаһарға оралып, жылан тілін түсінетін жалғыз жан (*түн ішінде жарығы жанып тұрған жалғыз үйдің иесі*) – Ғайшаға келіп жылайды. Бұл екі жыланның жылағаны фольклорлық поэтикаға сай, жыр тілімен берілген. Жыландар тілімен төгілген зар, адамзаттың табиғатқа әкелген зұлматы осы тұста айтылады. Түркілер еліне қашып, түркіестер жеріне барған екі жылан мұнда да Мәлике-Маран әулетіне адамдар тарапынан қырғын келгенін

көрген екен. Екі жыланның зарын ақын әсерлі тілмен бейнелеп жеткізген.

*...Екі бұрымың болайық, ана,
Екі де бірдей шерменде.
...Екі сырға ғып тағып ал, ана,
Нан берші бірақ бір үзім.
...Екі білезік салып ал, ана,
Екі қолыңа мүбәрәк!*

Ғайшаға осылайша зарланып, ішке кірмек болғанда інісі Алмас құйрықтарынан ұстап, сыртқа қарай лақтырып жібереді. Поэма оқиғасында сирек көрінгенімен, өзінің бүкіл іс-әрекеті, сөзімен халықтың бұзылып бара жатқан пиғылын танытқан бұл кейіпкердің де бар мақсаты – түркіестерді қырып салу. Туған інісіне де сөзі өтпей, амалы құрыған Ғайша Қағанға келіп, ақыл салмаққа бекінген. Келсе, Қағанның да тірлігі – осы. Түркіестердің тыңшысы деп, бір жігіттің аяқ-қолын байлап қойған. Жиналған көпшіліктен оған кесілетін жазаны сұрап отыр. Ғайша енді сол тұтқын жігітті сауғаға сұрайды. Ниеті – аман алып қалу:

*Дұқпан Хакім – ақылдым,
Еңсегей бойлы ер Қаған,
Алдыңда тұрған пақырдың,
Құл басын қиып бер маған.*

Осы жерде оқиға оқыс өзгереді – тұтқын жігіт жыланға айналып сала береді. Жыланға айналған жігіттің монологы да жыр түрімен өріліп, оның көзіне керісінше, қаумалаған көпшілік те, өзіне ара түсіп тұрған қыз да жылан болып көрінеді. Осы тұста автор тарапынан берілетін түсініктеме де маңызды орын алады. Автор Қаған мен Ғайшаның кездеспегендігін, ол кезде ел билеушілер мен ақындардың таным-түсінігі, тұрмыс-тіршілігі екі басқа болғанын хисса айтады деп баяндайды. Ғылыми дәйектеме деп келтіретін қисыны да тың әрі оңтайлы тәсіл.

Қаған мен Ғайша әңгімесін екі бөлек айтуды жөн санаған автор әуелі Қағанның психологиялық толғанысына орын береді. Ішкі монолог немесе сана ағымы тәсіліне жақын бұл толғаныс кейіпкердің күллі болмысын танытады. Өзінің нәзіктігін қаталдықпен бүркемелемек болып, оңашада боз бұлау болып жылайтын Қағанның кәдімгі қарапайым адам ретіндегі халі, өзінің

жалғыздығын сезініп, досының жоқ екенін түсінгендігі, сөйте тұрып, кіші халықтарға айбат көрсетіп, ұлы Қағанат ретінде түркі жұртын артық санауы Қағанның өзінің ішкі үнімен берілген. Жалғыздық мұңын шаға отырып, Ғайша туралы да ойлады. Өзінің қыз алдындағы дәрменсіздігіне дал болады. Қызбен сөйлеспекке бекінсе де Қағандық менмендігі ұстап, ол қадамға бармауды шешеді. Не істерге білмей басы қатып, енді бірде зұлымдыққа өзін де, өзгені де жақындатып жүргенін мойындайды. Әр түрлі ойға салған бұл толғаныстардың барлығы да – Қағанның ішкі ойы ғана. Бұл тұстарда поэманың психологизмі тереңдей түскен. Ақынның эстетикалық талғамының биіктігі, таным кеңдігі осындай ішкі толғаныстарды бейнелеуде де аңғарылып отырады. Романтикалық сарындағы лиро-эпикалық туындыға психологиялық талдау тәсілі мен сана ағымын сәтті үйлестіруі – Есенғалидың үлкен жаңалығы, суреткерлігінің бірегей бір қыры. Бұл тұста модернистік әдебиетке тән сана ағымы арқылы кейіпкер психологиясын, оның ерекше болмысын таныту тәсілі бұл поэмаға да жат емес екенін айтқымыз келеді. Д. Затонский айтқандай, кеңестік дәуір әдебиетіне де тән болған модернизм [5; 22], ғалым Б. Майтановтың ойынша «әрбір әдеби дамуда болуы тиіс постмодернизм [6; 150] романтизммен терең тамырласып, жаңа көркемдік ізденіске жол ашқан.

Артық дарақылық, жат пиғыл адамдарды үлкен зобалаңға әкелгені «Жыландар жыры немесе қара нәпсі» тарауында баяндалады. Баяғы екі жылан айналып қайта Ғайшаның үйіне келіп, одан пана табады. Жыландар жырында түркіестердегі қаралы жай, «қара нәпсі» індетінің тарағаны, адамдардың басы денелерінен алмай бөлініп түсіп, сұмдық қазаға ұшырап жатқаны айтылады. Бұл хабарды естіген Ғайшаның есіне «Төрт кітаптан шыққан бір кітап» түседі. Көз алдына елестеген Қаған «кітабыңның жүзінші тұжырымын таптың» дегендей болады. Жыландарды ақ матаға орап, сандығының түбіне сала жүріп, адам мен заман туралы өзінің зарын төгеді. Түркіестер мен түркілерді жаппай

қырған «қара нәпсі» індетінің қайрын сұрап, аспанға жалбарынады. Індеттің құрбаны болған халқын жоқтайды:

*Арыстан елім, ер елім,
Етіңе құзғын тойды зой.
Құдай бола ма деп едім,
Құл бауың түспей қойды зой.
Қырылармысың, сұмдық-ау,
«Қара нәпсінің» өтінде,
Қолыңда емес, қыл бұрау,
Қыл бұрау сенің ниетіңде.*

Ғайшаның көз алдында базардан алтын арқалап шыққан Мәстекбайдың да басы денесінен бөлініп, ұшып түседі. Үй тола тышқандарды көрген соң сандық түбіндегі екі жыланды алып, жылай отырып, жырлаған Ғайша оларды тышқандарды қууға жұмсайды:

*Тарасын менің денеме,
Сүр болып кеткен уың бар.
Шықты зой тышқан төбеге,
Қуыңдар, кәне, қуыңдар.
Ініне қайта тығыңдар,
Қаумалап жүрген жсыртқышты.
Бәрін ал, тіпті жсырымды ал! –
...Соны айтып Ғайша сылқ түсті.
Сылқ түсті, бітіп қалды дем,
Ақырет сәті келді оның.
Оянған жылан алдымен,
Шағады көзі көргенін.*

Поэма финалында халықты құтқарсам деп арпалысқан өресі биік, ортасынан оза туған дана қыз осылайша қаза болады. «Сөз қаңтаруда» «Адамзат ойының нашар дамығаны сонша – олар тек болған соғыстардың ғана тарихын жазады, ал, болмай қалған соғыстар қаншама? Олар туралы біз білмейміз» делінген жолдардың өзі поэма арқалаған жүктің қаншалықты салмақты екенін аңғартады. Оқиға соңында не болғанын жыршы рөлін атқарып отырған ақын:

*Осылай жетіп піскен толғағына,
Сол соғыс болды ма, жоқ, болмады ма,
Ел мен жер не күн кешті,
Қаған қайтты?
Қайтадан мамыр заман орнады ма?
Не болды «қара нәпсі» зобалаңы?
Айтпайды хисса бірақ одан әрі... – деп*

толғайды.

Поэманы философиялық-психологиялық мәні терең, мифтік сарында

жазылған деп айта алсақ та, жалаң тарихи тақырыптағы туындылар санатына қоспаймыз. Адамзатты аман сақтауға ұмтылған Ғайша, түркі Қағанатының даңқы мен еркіндігін сақтау үшін арпалысқан Қаған – тарихи сипаттан гөрі символикалық мәнге ие бейнелер. Белгілі бір тарихи кезең оқиғасы назарға алынғанымен, ақын адамзат қоғамына тән мәселелерді арқау етеді. Поэма оқиғасына үңіле қарағанда, өзіміз өмір сүріп отырған қоғамға тән әрекеттерді де андағандай боламыз. Осы тұрғыдан туындының философиялық астарының бір қырын ұғуға болады. Жалпы, поэмадағы кейіпкерлерді тізбелесек, олар – орталық кейіпкер Ғайша, Қаған, Ғайшаның ақын досы Мәстекбай, інісі Алмас, сондай-ақ бұрын-соңды көркем жазба шығармалардың кейіпкерлері ретінде көріне қоймаған Күлтегін мен Мұхаммед Пайғамбар. Бұл аталған кейіпкерлер поэмада өзіндік орын алған. Қағанмен тілдесетін Күлтегін – ұлттық рухтың ишарасы болса, Ғайшамен жауаптасатын Мұхаммед Пайғамбар күллі адамзаттық рухани құндылықтың бейнесіндей. Ақындар бейнесінің өзі екі кейіпкер арқылы екі түрлі дәрежеде танылады. Ғайша – ортасынан озық туған, танымы дара, жоғары саналы жан. Оның ақындық дарыны адамзаттық ұлы мұраттармен сабақтасып жатыр. Екінші ақын Мәстекбай – өресі өз ортасынан аса қоймаған, өлең мен ақындықтың мәні мен қадірін түсіне қоярлықтай түсінік аясы жоқ жан. Автор Мәстекбай арқылы тайыз танымымен мақтау мен дарақылыққа елтіген жандардың айналасындағы дарыны кем шығармашылық иелерін танытады. Оның жырлары жалпы жұртқа түсінікті, солар керек еткен дәріптеуді қарабайыр түрде түсініктеріне сай жырлап бере алады. Ал, Ғайша өз ортасына түсініксіз. Себебі, даурыққан, дарақылыққа бой алдырған, елдің ертеңін есінен мүлде шығарған көпшілік оны қабылдай алмайды. Ғайшаның жан-жүрегін ауыртқан мәселелер олардың санасына кір-

мейді де. Түркі жұрты үшін өмір сүріп жүрмін деген Қағанның өзі Ғайшаның дәрежесінде емес.

Ойымызды тұжырымдай келе, күллі поэманың мәні мен мағынасын танытатын ақынның мына шумағын тілге тиек етеміз:

*Аулақпыз атасы арзан бөлжамдардан,
Жұртында әр ғасырдың олжаң қалған.
Жамият, біздің тарих – алтын шынжыр,
Әр жерден жүйі үзіліп, көп жалғанған* [3; 374].

Е.Раушановтың бұл поэмасында астары терең, салмақты көркем де бейнелі тіркестермен, төгілген кестелі тілмен түзілген жыр жолдарының қара сөзбен аралас келуі, автордың жыршы міндетін атқарып отырғандай көрінуі, қосымша беріліп отыратын түсініктемелер, бір-біріне мән үстеп, мағына қосып отыратын шумақтар, сөздің саздылығы мен ырғағы, үйлесімді қайталаулар мен сөз термелеу поэманың көркемдік маңызын арттыра түседі. Халық жадындағы аңызды, көне түркілік танымды негізге алып, оны мүлде басқа арнада дамытқан ақынның ұлттық және адамзаттық мұраттарды биік көркемдік деңгейде жырлай білуінің өзі ақындық қарымның қаншалықты кемелге келгенін дәлелдейді. Әрине, түрлі тақырыптағы поэма үлгілері XX ғасыр әдебиетінде көптеп саналады. Солардың ішінде шоқтығы биік тұрған «Ғайша бибі» поэмасы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Тілешев Е. Суреткер және көркемдік әдіс. – Алматы: Арқас, 2005. – 278 б.
2. Гегель Г.Ф.Н. Эстетика. В 4 томах. – т. 1. – М., 1968. – 512 с.
3. Раушанов Е. Қара бауыр қасқалдақ. – Алматы: Жалын, 1995. – 384 б.
4. Қондыбай С. Арғы қазақ мифологиясы. 4 кітап. – к. 3. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 478 б.
5. Затонский Д. Постмодернизм: гипотезы возникновения// Иностранная литература. – М., 1966. – № 2.
6. Майтанов Б. Сөз сыны. – Алматы: Ғылым. 2002. – 344 б.



Бахтияр АЛПЫСБАЕВ,
Тараз мемлекеттік педагогикалық
институты «Дінтану» орталығының
қызметкері

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДА ИСЛАМНЫҢ ОРНЫ ҚАНДАЙ?

Қазақ жастарына дұрыс рухани тәрбие беруіне, олардың бағытты дұрыс таңдауына, сондай-ақ, діннің тек сыртқы шарттарын ғана емес, рухани кемелдік қағидаларын, адамгершілік құндылықтарын меңгеруіне және оларға өзге діни ағымдардың зияндылығын түсіндіру жұмыстарына байланысты қоғам болып атсалысуымыз керек. Өйткені, жастар еліміздің болашақ тірегі.

Қазіргі таңда Елбасының діни саясатын жүзеге асыру, жастар арасында дәстүрлі діни танымды қалыптастыру, қазақ жеріне ислам дінінің келуі және оның қалыптасу ерекшеліктерін түсіндіру жұмыстарын жаңғыртуымыз керек. Ислам дінінің қазақ жеріне келіп орналасуы да өзі тарихи кезеңдерден тұрады:

- 751 жылы Талас шайқасы деп аталатын арабтар түріктермен қарақытайлар әскерін талқандауы;

- 999-1212 жылдары Қараханидтер хандығы 200 жылдай қазақ жеріндегі Ислам мемлекетінің болуы.

- 1312 жылы Алтын Орданың Исламды қабылдауы: 1. Исламды қабылдаған алғашқы Алтын Орда ханы – Берке (1257-1266). Ол Бату ханның інісі еді. Жаңа хан жас кезінен мұсылмандықты қабылдады. Берке хан болған кезде Исламды мемлекеттік дін ретінде жариялады. Әйтсе де, ұлы даланың көшпенді халқы мұсылмандыққа тек Өзбек хан (1312-1342) тұсында толықтай өтті. 2. Өзбек хан мен оның ұлы әз Жәнібек ханның (1342-1357) тұсы Алтын Орданың көркейіп, гүлденуінің ең жоғарғы сатысы болып саналады. Өзбек хан Исламды екінші рет Алтын Орда империясының мемлекеттік діні деп жариялады. Ол өз

патшалығының аумағында мешіттер мен медреселерді көптеп салдырды.

- 1460 жылдары құрылған Қазақ хандығы өзінің 400 жылдық тарихында қазақ халқының бойына мұсылман дінін берік орнатты. Демек, ата-бабаларымыздың жүріп өткен жолы исламмен байланысын ешқашан да үзген емес, тіпті Ислам дәстүрлерінен қазақ мәдениетін елестету де мүмкін емес.

Қазіргі уақытта еліміздегі дін мәселесінің күн тәртібінде тұруына бір ғана себеп бар. Ол сенім мен танымға байланысты. Сенім Исламда бір, ол барлық әлемдегі мұсылмандарға ортақ. Яғни, Алла бір, Құран шын, пайғамбар хан. Ал, танымға келсек әрбір мұсылман адам болсын, халық болсын өзінің ұлттық дүниетанымдық көзқарастарымен таниды. Біздің ата-бабаларымыз да осы әдістерді қолданған. Осы дәстүрлі діни таным дегенде – бұл қазақ халқының ғасырлар бойы өзінің болмысына сай қалыптастырған рухани құндылық. Оның өзегінде Ислам діні жатыр. Өйткені, дін халықтың мәдени, рухани болмысы мен әдет-ғұрып, салт-дәстүрін қалыптастыратын негізгі қайнары көзі. Жалпы, дінге қатысты төрт мәселе бар: діни таным, діни сана бұларды қамтамасыз ететін діни сенім мен діни тәжірибе. Осы төртеуі де қазақта бар. Біздің діни танымымыз фикһта Әбу Ханифа мәзһабына, діни сенім де Матуриди ақидасына және діни тәжірибеде Яссауи хал ілімінің қабаттарына негізделген. Оның негізін біздің ойлау жүйемізден, дүниетанымдық қабаттарымыздан, әдет ғұрпымыздан, салт дәстүрімізден көруге болады.

Яссауидің хал ілімі дегеніміз – адам туралы ілім, адамның ар-ожданы, жеке тұлғаның өз жандүниесіне үңіліп, өз бойының мінін түзететін ар ілімін қалыптастыруымен ерекшеленді. Сондай-ақ, адамның кемелдікке жетуі теориялық (**шариғат**) және практикалық (**тарикат**) таныммен өлшеніп қана қоймай, оны басынан өткеріп, өзінің халі арқылы рухында сезініп, ол үшін адамның Жаратушыға махаббат ар-

қылы жетуіге міндетті. Қоғамдағы моральдық-этикалық нормалардың бұзылуы – Иманның әлсіздігі мен нәпсінің үстемдігінің көрінісі, ал, оны қалпына келтірудің негізгі жолы – махаббат. «*Ғашықсыздардың иманы да, жаны да жоқ, олар – хайуан*», – деген Яссауи адамды тікелей рухани құндылықтарымен тәрбиелеу арқылы иман нұрымен ақиқатқа жетелеу керектігін уағыздайды. Өкінішке орай, қазіргі таңда Ислам дінін құндылықтарын насихаттауда көптеген методологиялық қайшылықтар болғандықтан көпшілік арасында дінді түсіну қиынға соғуда. Әсіресе, жастар арасында дәстүрлі діни танымынан ауытқып, дінді дәстүрден алшақтап, өз тарихы мен мәдениетін терістеу «бидғат», «ширк» деген сөздерді жиі естиміз. Діни танымды анықтайтындар әрине – жастар. Жастар дінге бет бұрып жатса, онда мемлекет тарапынан кері ағымдардың жетегіне кетпеуінің алдын-алып, дұрыс және тиісті бағыт-бағдар беру керек. Бұл тек жастар емес, тұтас ұлттың проблемасы деп қараған жөн.

Шәкәрім ағамыздың сөзімен айтқанда: «Жаман тәпсір жайылып жер жүзіне, дін десе тұра қашты есті азамат» кейпінде қалмауымыз керек. Елбасы Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде: «Қазақ даласында ислам дінін орнықтырғандардың бірі – данышпан бабамыз Ахмет Яссауи осы жағдайларды ескере отырып, түркі жұртындағы ислам дәстүрлерін қалыптастырды. Осы дәстүрмен, мінеки, ата-бабаларымыз ғасырлар бойы өздерінің ұлттық санасеміздерін қалыптастырып келеді» – дей келе, халықтың мәдениеті қай бағытта дамитынын айқындайтын – осы діни таным мен діни тәжірибесі. Егерде, кез-келген халық өзінің дәстүрлі діни таным мен діни тәжірибе негіздерінен ажырайтын болса, онда ол халық өзінің рухани мәдени болмысынан ажырайды. Дін мен дәстүр үндескенде ғана дін дамып, дәстүр байды.

Түрік ғалымы, профессор Исмайыл Жақұттың: «Қожа Ахмет Яссауи болмағанда, бүгінгі түркілердің нендей дінге ие болып, қандай сопылық жолдың ізбасары болатындығын елестетудің өзі қиын», – деп жазғанындай, сопылық ілімінің арқасында түркілер бір тарикаттың жолына негізделді.

Қазақ халқының мұсылмандық діни түсінігі шешендік сөздері, діни-дастандары, мақал-мәтелдері, кешегі жыраулар поэзиясы мен би-шешендердің

нақыл сөздерінің мазмұнына да көз жүгіртсек, әрине, аят-хадистерге барып тірелетініне және рухани құндылықтарымен негізделуіне куә боламыз. Қазақ даласында қиссашылдық дәстүр тамыр жайып, Кеңес өкіметі орнағанға дейін қазақтардың интеллектуалдық танымына қатты ықпал етіп келді. Ғалым Алма Қыраубаева қиссаларға «Қазақ ренессансының қайнары» деген баға берген. Мәселен, Алтын Орда кезеңінде араб, парсы мәдениетінің тасқыны түркінің төл дәстүрін, менталитетін айтарлықтай әлсіретті. Бұл кезде түркі тілі шеттетіліп, «поэзия тек парсы тілінде жазылады», «ғылым тек араб тілінде орындалады» деген пікір қалыптасты. Сол дәуірде ең алғаш Әли есімді ақын «Жүсіп-Зылиха» қиссасын түркі тілінде жырлайды. Оған басқа шайырлар үн қосып, пайғамбарлар қиссасын ана тілінде жырлауды дәстүрге айналдырды. Содан бастап, жойылға шақ қалған түркі тілі жанданып, көркем сөз жанры қайта өрлейді. Жалпы, қиссалар – адамды дін догмасына ұрындан сақтайтын бірден-бір рухани иммунитет.

Түрік халықтары рухани мәдениетінің қалыптасу, даму тарихының көрнекті тұлғалары Махмұд Қашқаридың «*Диуани лұғат ат-түрк*», Жүсіп Баласағұндың «*Құтты білік*», Ахмет Яссауидің «*Диуани хикмет*», Сүлеймен Бақырғанидың «*Ақыр заман кітабы*», Ахмет Йүгнекидің «*Ақиқат сыйы*», Бурхануддин Рабғұзидың «*Қиссасул әнбия*», Сейф Сарайдың «*Гүлистан бит-түрки*» сияқты Қарахандықтар билігі мен Алтын Орда тұсында дүниеге келген жәдігерлердің шығармалары соның жарқын дәлелі. Бұл шығармалары қазақ поэзиясының исламдық-эстетикалық негіздері болып саналады. Ислам тарихына байланысты жырланған жыр-дастандар ұлттық әдебиетіміздің нағыз халық табиғатын танытатын маңызды шығармалар болып табылады. Сондай-ақ, ғалымдардың пікірлеріне назар аударсақ:

Б.Әзібаеваның пікірі бойынша «Біріншісі, Ислам дінін таратушылардың іс жүзіндегі (мешіт, медресе) үгіт-насихат жүргізуі арқылы жүзеге асса, екіншісі – ақынжанды дала тұрғындарының жан-жүрегіне тасқа басылған жыр сөздермен (діни дастандар) әсер ету арқылы орындалған тәрізді», сенім екі жол арқылы халықтың көкейіне қонып отырды. Әсіресе, соңғы «жол» қазақтың Иманының күшеюіне қатты әсер етті. Себебі, бұл аталмыш діни дастандар, қисса, жыраулық дәстүрі қазақтың

рухани сұранысын қанағаттандырып қана қоймай, сонымен бірге сырттан келген діни миссионерлерге, рухани экспанцияға да қарсы тосқын бола білді. Алайда, Кеңес үкіметі кезеңіндегі қазақ зиялылардың діни-рухани мәндегі туындылары жарық көрмей және рухани мұраларын жою, құрту қатігездікпен іске асырылған. Дегенменде, қазақ дүниетанымындағы Исламды түп тамырын жоя алмады, сол үшін ұлттық дүниетанымды сақтап қалу үшін қайта жаңдандыру қажет.

Сан ғасырлар бойы халық көкірегінде жатталып, біздің дәуірімізге дейін жетіп қазақ топырағында қалыптасқан жыраулық дәстүрдің үлкен екі мектебі болған. Олар XV ғ. бастап, XX ғ. дейін Маңғыстау өңірінде «Тіл таңбалы Адайдың ақындары» (Абыл Тілеуұлы, Қалнияз Шопықұлы, Нұрым Шыршығұлұлы, т.б.) және Сыр бойындағы «Сыр сұлейлері» (Асан, Бұхар, Қарасақал Ерімбет, Шал ақын, Шалкиіз, Мәшһүр Жүсіп, Кердері Әбубәкір т.б.) қазақ халқының мұсылмандық дүниетанымын таратқан тұлғалары. Дәстүрлі діннің негізгі қағидаларын ашып көрсететін Құран аяттары мен Хз. Пайғамбардың хадис құпияларынан сыр шертетін, әрі танымдық тұрғыда жазылған еңбектер де жеткілікті. Халқымыздың рухани мұрасы дастандар мен жырлар діни құндылықтардың далалық философия мен ұлттық тәрбиенің негізіне айналып, ұлт мүддесіне қызмет етті. Хз. Пайғамбардың (с.а.с.) «Дін – насихат» деген қағидасын еске алсақ, онда қазақ ақындары бұл өсиетті өз деңгейінде орындаған. Сонымен, Ислам діні негізінде пайда болған сопылық VIII ғасырда өмірге келе отырып, қазірге дейін қазақ поэзиясына өзіндік әсерін тигізіп келеді. Сыр бойындағы ақын-жырауларының сопылық поэзиясына әсері болған. Сондықтан, олардың жыр-дастандарында сопылық сарындар көрініс беріп отырған. Сопылық поэзияны айта кету – біздің қазақ әдебиеттану ғылымы үшін де мәні бар. Себебі, ортағасырдағы әдебиеттің үлкен бағыты – сопылық поэзия болып есептеледі.

Қазақ даласында пайда болған сопылық әдебиет дегеніміз – адамзаттың дүниетанымын тәрбиелеу, Аллаға деген ғашықтық және ішкі-сезімді жырлау. Мұнда шартты түрде берілетін сопылық тіркестер мен символдар (*нәпіс, зікір, шариғат, тариқат, ақиқат, мағрифат, мағшұқ, пірмұған, сұхбат, фә-нәфилла және т.б.*) кездескенімен де, терминдер ұшыраспайды, әрі, сопылық

жолға үгіттемейді. Осы негізгі тіркестер мен символдық атаулардың шығарма ішінде көрініс беруі – сопылық әдебиеттің алғышарты деуге болады. Сондай-ақ, шығарма мазмұны жағынан айтылар негізгі ой астарланып, тұспалданып беріледі. Оны аллегория, метафора, теңеу сияқты әдеби терминдермен байланыстыруға негіз бар. Кез келген ақындардың ойлары барынша жұмбақтала түседі. Мысалы, Шәкәрім қажының түсінігінде, Хақты көру үшін пенде зікірге мас болып, жүректі тазалау керек:

*Көрем десең Жарымды, мас бол,
жүрек тазала.
Өртеп жібер барыңды, Қарсы
ұмтыл қазаға.*

Шәкәрім қажы бұл өлеңінде Жаратушыны – Жар деп алған. Ал, Яссауи оны көбінесе, Хақ атауымен берген.

*Хақ жамалин курай десаң
фана болғыл,
Фана болып, хақ жамалан
курим ман-а.*

Сондай-ақ, Әбубәкір Кердерінің төмендегі өлең жолдарынан байқай аламыз:

*Сопылық деген ауыр жол,
Пендеге зарар етпеген,
Ұстап жүрсең тәуір жол
Сопылықты іздесең
Дүние қуып кетпеген...
Оқыған көп ғалым бол.
Аллаға ғашық дос болған,
Атқан оққа төзгендей,
Шайтанменен қас болған,
Қара тастан қалың бол, –*

деген екен. Осыған ұқсас өлең тармақтары бірнеше ақын-жырау шығармаларында кездеседі. Әрине, жырауларының барлығы бірдей сопылық жолда болған, пірге қол беріп, зікір салған деп айта алмаймыз. Бірақта, олардың жыр-дастандарында сопылық сарындар көрінісі байқалады. Қасиетті Құранның «Ниса» сүресі 103-аятында «**Намаздарыңды өтегеннен кейін Алланы тұрып та, отырып та, жантайып та еске алыңдар (зікір етіндер)**» осындай аяттарға байланысты ақын-жырау Ақтан Керейұлы:

*Шариғат шамын жандырған,
Кәләмға көңіл қандырған.
Жамағат жисан алқалап,
Салауат айтқан Аллалап.
Зікірмен зарлап түн қатып,
Нәпсісін шапқан балталап.
Шайтанды сеспен қашырған,*

Көкірек көзі ашылған, – деп қазақ халқының діни танымы сопылық арқылы қалыптасқандығы белгілі. Демек, сопылық танымды жоққа шығару деген сөз, бүкіл қазақ халқының дүниетанымын, тарихын,

мәдениетін және діни тәжірибесін жоққа шығарумен тең болады. *«Сыр сүлейлері»* деп аталатын сырбойы ақын-жырауларының бірі болған Қарасақал Ерімбеттің:

*Әуелі сұра, тілім медет Хақтан,
Талайлар медет тілеп жәрдем
тапқан.*

*Сен кімге Хақтан өзге сиынасың,
Халық еткен бұл әлемді бар мен жоқтан* – деп жырлаған. Қазақ поэзиясында шығыстық сарындағы ақын жыраулардың ішінде Сыр өңірі жырауларының алатын орнына көптеген зерттеушілерде жоғары баға берген. Мәселен, А. Байтұрсынұлы пікірі бойынша: *«Қазақтың өлеңді сөзді сүйетін мінезін біліп, дінді халыққа молдалар өлеңмен үйреткен. Дін шарттарын, шарият бұйрықтарын өлеңді хикая, өлеңді әңгіме түрінде айтып, халықтың құлағына сіңіріп, көңілдеріне қондырған»*; М. Әуезовтың: *«Ол замандағы сұлу-сымбатты өнер, өлең, жыр түгелімен құдай жолына істеген мінәжат сияқты жүрек қанын ағызған өлеңмен, күніренген бәйітпен жаратқан иесіне дұға оқитын. Ол кездегі ақындық өнерінің өзі де құдайға істеген құлшылық болатын. Жақын күншығыста әдебиет өнерінің бір ұзақ дәуірі осы бәйітпен өтеді. Бұның мысалы, Физули, Қожа Хафиз, Мағари, Қожа Ахмет Яссауи, Сопы Аллаяр», «Қазақ ортасына Ислам дінінің тарауына көбінесе қазақтың ақындықты сүюі себеп болды деген дұрыс пікір. Елге не жайылса да, әдебиет өлшеуінің біріне түскен соң ғана жайылатын болған. Өлеңсіз, әңгімесіз, сұлу сөзсіз келген құрғақ үгіт болса ондайды ел тыңдамаған да ұқпаған, ықылас қоймайтын болған. Сондықтан мұсылманшылық дін де қазақ елінің табиғатына, ыңғайына қарай ұйысып келген»*; Өзбек ғалымы Х. Кароматовтың: *«Ислам дінін қабылдаған халықтардың тарихы өзгергенімен де, Құранның мәтіні өзгермеген. Құран тексі мезгіл және мекенмен үндес жүріп, әр халық дамуының белгілі бір кезеңдерінде одан үнемді пайдаланып отырған әрі құрани дүниелерді әдеби шығармаларға алып келген. Сондай, ұлттық әдебиеттің Құран мәтінімен синтезі нәтижесінде көркем және діни-дидактикалық шығармалар жаратылған»*, – деп жазғанында қазақ даласында пайда болған діни қисса-дастандарды меңзеген.

Қазақ әдебиеті тарихының X-XI ғасырлар-

дағы кезеңі *«Ислам дәуіріндегі әдебиет»* деп аталынады. Бұл кезеңдегі қазақ әдебиеті тарихын құрайтын ақындардың мұралары түрік халықтарына ортақ болғанымен, біздің төл әдебиетіміздің кейінгі дамуына жалғасқан исламдық дүниетанымының негіздері сол кезеңде қалыптасты. Ислами әдебиетті жүйелеуде ғалымдар төртке бөліп қарастырған: дәстүрлі ислами әдебиет, ислами астар алған әдебиет, сопылық әдебиет және сопылық астар алған әдебиет. Мәселен, Хз. Пайғамбардың (с.ғ.с) *«Құлдың жүрегі түзелмейінше, иманы түзелмек емес. Ал, тілі түзелмейінше, жүрегі түзелмейді»* өсиеттеріне сай, қазақ зиялылардың бойындағы мұсылманшылық парыздарын тілімен де, жүрегімен де насихаттағанын байқауға қиын емес. Мұсылманшылықтың абзалы жүректегі Иманның дүние тіршілігінде көрініс табуында екендігін жақсы түсінгендіктен Әбубәкір Кердері:

«Мұсылманшылық кімде жоқ

Тілде барда, ділде жоқ» – деп, ар тазалығына негізделген Имани іліміне адал болған. Демек, адамның ішкі жан-дүниесі сыртқы дүниенің негізі және сыртқы дененің әрекетінің қозғаушы күші болып табылады. Жаратушының негізгі талаптары – білім үйреніп, өмірдің рухани және материалдық заңдылықтарын игеру, соның негізінде өзінді жетілдіре отырып, ақиқатты танып білу. Абай атамыздың айтқанындай: *«Жүректің көзі ашылса, Хақтықтың түсер сәулесі. Іштегі кірді қашырса, адамның хикмет кеудесі»*, – дегендей осының бәрін орындауда білімділікті, сабырлықты, еңбексүйгіштікті қамтамасыз етіп және қоғамға қызмет етуді талап етеді.

Қоғамдағы жат ағымдардың идеологиясына қарсы *«Уды у қайтарады»* дегендей, алдын алу жұмыстарының ең белсенді, әрі ықпалдысы – дәстүрлі рухани құндылықтарды жаңғырту керек. Жан тазалығына, ар тазалығына негізделген, сыртқы көріністегі емес, жүректегі Иманды қасиет тұтқан ұлттық рухани құндылықтарымызға оралу, оларды кеңінен насихаттау арқылы жат ағымдардың идеологиясына тосқауыл қоюға болады. Қазіргі таңда жастарымыздың жадында дәстүрлі діни сана мен ұлттық идеологияның қалыптасуына, діни таным мен ғылыми таным арасындағы үйлесімділік пен тепе-теңдікті жаңғыртуына байланысты күн тәртібіндегі өзекті мәселенің бірі.



ТАУЛАРҒА ТАБЫНҒАН АҚЫН

«...Ес біліп, оңым мен солыма қарай бастағанда алғашқы түйсігімді түртіп оятып, таңдай қақтырып таңғалдырған таулардың заңғар биіктігі еді. Сол таулардың ақ бас шындарына күні бойы қарап отырсам да жалықпайтынмын. Тау мен үшін өзіндей биік арман, шетсіз-шексіз қиял еді. Сол таулардың ұшар басына шықсам, қолдарыма жарғақ қанат байлап алып төменге секірсем, неге сонау еркін самғап ұшып жүрген құстарға ұқсап қалықтамасқа?!»

Әй, балалық қиял-ай десеңші, мен сонда бар жоғы жеті-ақ жаста едім. Қазір жетпіске жақындаппын. Бірақ, сол балалық қиялдан әлі күнге арыла алмай келемін. Тауларға қарап тамсанғанымды, адам өресі жете бермейтін тау құпияларына табынуымды қоя алмадым. Таулар мені биіктікке құмар етті, кендікті, сұлулықты бағалауға үйретті».

Бұл жолдардың авторы – ұзақ жылдар өзге салада қызмет етіп, поэзия әлеміне кештеу келсе де, өлең өлкесінде өзіндік өрнегін сала білген, өмірлік ұстанымын адамгершілік деген ұғымға сыйғыза білген Тұрсынбай Шыңғысов. Мамандығы экономист болса да, табиғаты ақын болып жаралған ағамыз алғашқы тырнақалды туындысын «Тауларға сәлем» деп атапты. Өлеңдері шынайы өмірмен біте қайнасып, астасып жатқан Т.Шыңғысовтың есімі, әсіресе, Алматы облысы, Райымбек ауданындағы жырсүйер қауымға жақсы таныс. Жастар жағы, асабалар той, думандарда өлеңдерін жатқа айтып жүреді.

Қазақы ойлап, тың өлең жолдарын туғызған, елеусіз жүріп, елге кештеу танылған талант иесі табиғаттың

құбылыстарын терең сезініп, көркем жыр жолдарымен оқырманға жеткізе біледі. Қысы-жазы қала мен дала халқы ағылып бір тынбайтын, тау қойнауына сұғына кірген құралайдың көзіндей мөп-мөлдір «Көлсай» – Райымбек ауданының маңдайына біткен ырысындай өлең-жырдың тақырыбы, жақсы мен жайсаңның өрісі, махаббаттың мекеніне айналған ғажап көріністі мекен. Осы Көлсайға арнаған өлеңінде:

...Көл бетіне шоршып шыққан

балықтар,

Тау бүркіті көлді айнала қалықтар.

Кеудемдегі кеңістікпен егіздей,

Көлге төнген жармас дейтін

алыптар.

Майда толқын бірте-бірте бәсеңдеп,

Көл бетінде тау суреті төселген.

Тылсым дүние ойға батқан бұл сәтті

Қай ақын да жеткізе алмас әсерлеп,

– деп, көңіл-күйді табиғатпен үндестіре суреттейді. Тамсандырған сұлу көлдің әсемдігін сол күйінде қағаз бетіне көшіре қояды.

Тұрсынбай ағаның өлеңдерінің көбі ауыл, ауыл адамдары, табиғат туралы. Сезімін оятып, шабыт беретін туған елдің сұлу табиғаты, кіршіксіз таза жүректі ауылдың аңғал адамдарының пейілі мен берекесі, ізденістері мен жетістіктері, ашындырып ашуға булықтыратын «әттеген-айлар» қоғамдық талас-тартыстар екендігіне көзі жетіп, өлең шумақтарына айналдырған:

Қоңыр салқын ауа кәусар тап-таза,

Шоқылар тұр бұлтты жарып көкке оза.

Қарағайдан қамзол киіп жасанған,

Қарт «Жалаңаш» көріледі бой жаза.

«Көлбастаудың» тамсанамын

*көркіне,
Тәтті ететін кісен салып еркіңе.
Ырғалатын қарағайдың ұштарын
Ұқсатамын ару қыздың бөркіне.
Бөктерлерін кереге тас торлаған,
Жиегіне аршалы ою орнаған.
Ұлы беткей ұқсап жатыр батырдың
Кеудесіне елін жасудан қорғаған.*

*Күн жсалаған ақша бұлттар
алтындай,
Тау шыңдарын жсанап өтіп
жалтылдай.
Бөктердегі сәуле сүйген таңғы шық
Ақ моншақпен орап қойған
алқымдай.*

Түрсекең сексенінші жылдары Алматы халық шаруашылығы институтын бітіріп, Кеген (қазіргі Райымбек) ауданында шаруашылықтың бас экономисі болып, тәжірибе шаруашылығын ұйымдастыруға қатысыпты. Ауданның ауыл шаруашылығы басқармасында басшы қызмет атқарыпты. Кейін сол аудандағы Ақай Нүсіпбек атындағы колхозды он жылдан астам басқарып, колхоз тарағанға дейін жұмыс істепті.

«Біз Кеңес үкіметі кезінде қайшылықтарға толы қоғамда өмір сүріп, еңбек еттік. Өзгені айтпағанда, тілге, дінге байланысты қаншама қиыншылықтар бар еді. Бар-жоғы төрт-бес орысы бар ауданда бүкіл құжат біткен орысша толтырылатын. Бірде ауыл ақсақалдары жиналып келіп, ауылдан мешіт салып беруімді өтінді. Мен біздің атеист екенімізді, Компартия мешіт салуды қылмыс деп қарайтынын айтқаныммен, іштей қарсы болмадым. Ол кезде дүниеден өтіп кеткен әкем де намаз оқып, ораза ұстаған діндар адам еді. 1991 жылы Кіші Жалаңаш ауылына мешіт салғыздым. Сол жылы жаз айында арнайы комиссия келіп, мал қыстатуға мал қораларының дайындығын тексерді. Аупарткомның бюросында қатаң сөгіс алдым. «Басың істейтін төраға болсаң, мешіт салуға жұмсалған қаржыға елу мал қорасын жөндеуден өткізбедің бе?» — деп, бірінші хатшының қаһарын төккені әлі есімде. Алай-

да, сол жылы біз 28 мың қой төлдетіп, әр жүзінен жүзден асыра қозы алдық. Бұл аудан көрсеткішінен көп жоғары болатын.

«Райымбек ауданының Жалаңаш, Кіші Жалаңаш, Қарабұлақ, Саты, Күрметі ауылдары – биік таулардың баурайына орналасқан суы мол, шөбі шүйгін, қарасаң көз тоймайтын табиғаттың төл туындысы. Көлсай, Қайыңды көлдері – Алланың берген сыйы, Жетісудың нағыз қазынасы. Мені өлең әлеміне әкелген – осы өлкенің табиғаты», – дейді Тұрсынбай аға. Алайда, табиғаттың тозып, тау аруы қарағай мен аршаның аяусыз кесіліп, жұтаң тартып бара жатқанына ақын жүрек атойлап қарсы шығады, өкінішін жыр жолдарымен өреді:

*Етектен бастап көкке өрлер,
қайдасың ару қарағай?!
Түбірді көріп оталған, түңіліп
тұрмын қарадай.
Адамнан қашып сағалап, сай-сайды
қуып кетіпсің,
Сен тұрған жердің беттері – жазыл-
май жатқан жсарадай.*

Түрсекең тоқсаныншы жылдардың қиын-қыстау кезеңдерінде Алматы облысының облыстық жекешелендіру комитетінде ауыл шаруашылығы саласын басқарып, кейін Т.Рысқұлов атындағы экономикалық университетке қызметке ауысқанда да қоғам, адам тағдыры, табиғат туралы ой-толғаулары өлең жолдарына айналып, қағаз бетіне түсіп отырыпты.

Жастық шағында гүлдей үлбірек сезімді жүректен өткізіп, тілге өлең жолдары оралып, мазасыз күй кешкен кездері көп болғанымен, тіпті, осы таяу жылдарға дейін қолына қағаз бен қалам алып жазған кездері сирек.

*Зейнеткермін, мен – бүгін
зейнеткермін,
Бір кісідей тер төгіп, бейнет көрдім.
Жастығымның бағында жазған
жырлар,
Қай бетінде қалды екен қай
дәптердің?*

Бұл – оның имандай шыны, кештеу қозғалып, кейіндеу қолына қалам алғанына деген шынайы өкініші. «Ақын болу құ-

зырлы қызмет, биік мансап емес, ол менің ішкі дүнием, сырым, құпиям, ешкіммен бөлісе бермейтін өз әлемім екенін түсінгендеймін. Бірде тұнжыраған тұманды, бірде жарқыраған шуақты түрге енетін ауа райы секілді, менің де бірде жаймашуақ жадыраған, бірде көңілсіз түнерген кездерім сол өз әлемімдегі ақындық сезімнің көрінісі шығар», – дейді ол ағынан жарыла. «Талантсыз жүректен талғамсыз жыр туады», – деп тұжырымдайды.

Отырарды өртегенде осылай,

Бір жұтаған бізде кітап әлемі, – дей келіп, халтураның қара тасқыны қаптап кеткен қазіргі кездегі кейбір мән-мағынасыз, сапасыз кітаптар жөнінде:

*Жоқ-жоқ, кітап аман қазір
өртеуден,
Аптап қойған іші-сыртын
көркемдеп.*

Іске алғысыз оқимын да шатпақты,

Бетті басып ұяламын ертеңнен, – деп қиналады. Сондай-ақ:

*Міне, осылай ата тегін мақтаған,
Мағынасыз, арам шөптей қаптаған.
Бір әулеттен басқаларға қызықсыз,*

Кітап жетім, оқырманын таппаған, – деп, қазіргі кейбір кітаптардың мағынасының кеміп, жүгінің жеңілдеп кеткенін өткір сынға толы өлең жолдарымен жеткізеді.

Түрсекең сексенінші жылдары Қарқара жайлауының баурайында Мұқағали Мақатаевқа жолсерік болып, жанар-жағармай таситын автокөліктің кабинасында қысылып отырып малшыларды аралағанын естелік қылып айтады. Сол бір ұмытылмас жарқын күндерді жыр шумақтарына да арқау етіпті:

*...Қарқараның сағасын ел жайлаған,
Мезгіл еді кеш батып, көз
байланған.*

*Төкен шалдың үйіне Қызыр қонып,
Аттанғанын сол кезде кім
ойлаған?!*

*Бір адамдық орыны қоңыр «газик»,
Отыруға қолайсыз аяқ жазып.
Қара жолдың борпылдақ қою шаңы
Демде қуып жетеді кетсең озып.*

*Қыспайын деп отырмын бір
қырымнан,
Таудың жолы табанда сан
бұрылған.*

*Шөлдесем де келемін батыл жетпей,
Сұрап ішсем сусындар бал жсырынан.
Шабыттанды сол жолы жсырын*

*оқып,
Жырдан кілем, алаша, өрмек тоқып.
Қара шекпен кие алмай қара
өлеңнен,*

Інісі едім мен де бір жеген опық.

– Біреудің қас-қабағына қарап, лауазымды адамның аузынан шыққанды қағып алып, жырына арқау еткен ақында пәтуа болмайды. Ана тіліміз – бала тіл болып, әлі толық шыққан жоқ. Қазақ пен қазақ орыс тілінде сөйлеседі. Оразаны денсаулық үшін, артық салмақты кетіру үшін ұстайтын, намаз оқуды аяқ-қолға пайдалы, дене шынықтырудың бір түрі деп түсінетін мұсылмандар жеткілікті, – деген азамат ақын халқымыздың тілін, дінін, әдет-ғұрпын ерекше қадірлейді. Тоқырау кезеңіндегі көріністерді боямасыз сипаттайды:

*Беттерінде тарихтың ізі қалған,
Кездер болған дәстүрді бұзып алған.
«Қыз ұзату – ескінің қалдығы» деп,
Құда түспей, қалыңсыз қызын алған.*

Қоғамдағы керітартпа көріністерге бей-жай қарай алмайтын Т.Шыңғысов өлең жолдарына ащы сынды аяусыз арқау етеді. Ақындық байқағыштығы келеңсіз көріністерді қаламынан сырт қалдырмайды. Өмірден көрген-түйгенін кейінгі ұрпаққа өсиет қылып қалдыруды да көздейді:

*Қуана білгін әрнеге,
тірліктің құнын бағала,
Ініге жасап қамқорлық,
құрмет көрсет ағаға.
Қалдырма көңілін жақынның,
шындықты ұста ту етіп.
Алдау мен арбау, жалғандық –
жабысқан пәле жағаға.
Күндердің күні болғанда
жағаңды жсыртар айырып,
Есіңді алып жалғандық,
жсайратып кетер жай ұрып.*

*Әр минут қымбат тірлікте,
алмайсың патша болсаң да,
Өмірдің өткен шағының
бір сәтін қайта қайырып.
Табаның тиген қара жер –
бақытың шығар ол-дағы.
Тірліктің құнын сезіну –
байлығың, барың қолдағы.
Ісінді Алла оңғарып,
жол тосып жүрген бір бақыт;
Кездесе қалса кенеттен,
Қыдыр деп білгін жолдағы.*

Шыңғысов Тұрсынбай еңбек жолын өзінің төл мамандығы бойынша Ауыл шаруашылығы министрлігінде аяқтап, зейнеткерлікке шыққаннан кейін поэзиямен көбірек айналысуына мүмкіндік туды. Соңғы он шақты жылдың бедерінде жемісті еңбек етіп, бірінен кейін бірі «Тауларға сәлем» (2007 ж.), «Сағынып жүрмін ауылды» (2008 ж.), «Қас қағым» (2009 ж.), «Сыр-сандық» (2012 ж.), «Қоңыр күз» (2014 ж.) атты жыр жинақтарын шығарды.

*Үілдей соғып, тынбайды бір сәт
сар желі,
Шомылтып мұңға, түсіріп еске әрнені.
Жұлынбай қалар жұлқыған желдің
өтінде,
Жапырақ-ғұмыр жетсе егер оған
дәрмені.*

- Келесі жылы жетпіске толам, өмірдің де көктемі мен жазы өтіп, күзі келіпті. Осыған байланысты «Қоңыр күз» атты кітабым жарыққа шықты, – деп біраз үнсіз қалды. Ақын ағаның жүзінен әлде өкініш, әлде алдағы күндеріне деген бір толқудың белгісі байқалғандай болды.

Тұрсынбай Шыңғысовтың бойындағы елі мен жеріне деген ыстық сезімі, ықыласы айрықша секілді. Ол өзі танып-білген тіршілікті, замана өзгерістерін, қоғам құбылыстарын, ішкі сезімінің тіл жетпес тылсымын ешкімге ұқсамай, өзінше жырлайды. Тұрсынбай ақынның шығармашылық көкжиегі мен қарым-қабілеті де осынысымен құнды, осынысымен бағалы.

Қыдырәлі ҚОЙТАЙ

Дэвид Кристал Тіл ажалы

Автор туралы қысқаша түсінік. Д. Кристал 1987 жылы «Тілдердің Кембридж энциклопедиясын», 1995 жылы «Ағылшын тілінің Кембридж энциклопедиясын» шығарған. 1997 жылы «Ағылшын тілі – әлемдік тіл» деген еңбегі жарық көрді. Д. Кристал – жазушы, журналист, лектор, профессор. Британияның Уэлс аймағының азаматы, оның төл тілі де жойылып бара жатқан тілдер санатына жатады. Бұл – аталмыш кітаптың «Ана тілі» газетінде (18.11.04) жарияланған нұсқасынан үзінді.

... Әлемде 6000-нан астам тіл болса, солардың 600-не ғана жойылу қаупі төнбейді екен (2700 – негізгі тіл, 4000-ға жуығы – сол тілдердің диалектісі). Кейбір болжамдар бойынша ХХІ ғасырдың аяғына таман үркердей топ – негізгі тілдер ғана қалып, қалғандары жойылып кетпек.

... 1980 жылғы есеп бойынша, тірі тілдердің саны 6000-мен 7000-ның аралығында. 1992 жылы шыққан халықаралық лингвистикалық энциклопедияның мәліметіне сенсек, 6300 тірі тіл бар деп жазылған. «Әлем тілдерінің жартысы өледі» деген тұжырым дұрыс болса, ол – 3000 тілдің ажалы деген сөз.

...Тілді ажал аузында деп қай кезде айтуға болады? Сол тілде сөйлейтін жас ұрпақ одан безінген кезде. «Ал оны өлімнен сақтау үшін неше адам ол тілде сөйлеуі керек?» деген сауалға, тіпті 500 адам сөйлесе де, ол тілді ажал аузынан аман алып қалуға болады деп жауап берген болар едім.

... Әлемде 100 миллионнан астам сөйлеушісі бар 8 ірі тіл бар. Олар – қытай, испан, ағылшын, бенгал, хинди, португал, орыс, жапон тілдері. Осы 8 тілде 2 миллиард 400 миллион адам сөйлейді. Алайда осы 8 тілдің қатарына 12 тілді қосып, 20 тілді «ірі тіл» деп атаса, сол 20 тілде бүгінде 3 миллиард 200 миллион адам сөйлейді екен. Яғни, жер бетіндегі халықтың жартысынан көбі.

... Бүгінде жер бетіндегі «тірі тілдердің» 4 пайызында әлем халықтарының 96 пайызы сөйлейді екен. Сөйлеушілері 10000-нан аспайтын тілдердің саны 6000 болса, оның жартысының 1000-нан аспайтын ғана сөйлеушісі бар. Мәселен, 500 тілдің әрқайсысының небәрі 100 адамнан, 1500 тілдің сөйлеушісі 1000 адамнан аз. Сөйлеушісі 10000-ға жетпейтін тілдер – 3340 екен.

... 20000 сөйлеушісі ғана қалған тілдерді қатер төнген тілдер деп атасақ, дәл қазір әлемнің 4000 тіліне тікелей қара бұлт үйіріліп тұр. Соның ішіндегі 51 тілде тек бір-бір адам ғана сөйлейді. Оның 28-і – Австралияда, 8-і – Америкада, 3-еуі – Оңтүстік Америкада, 3-еуі – Африкада, 6-уы – Азияда, 3-еуі Тынық мұхит аралдарында екен.

... Лингвист Майкл Краустың пікірінше, адамзат тілінің 90%-ы өледі. Әлемде 600 тіл қалады. Ал осы ғасырда тілдердің 50%-ы ғана қалмақ. 3000 тіл өмір сүруін жалғастырады. Оның айтуынша, 100 жылда 1200 ай болса, әр айда 2 тіл өледі екен. Краус: «Солтүстік Америкада 187 жергілікті тіл бар. Сол 187 тілдің бәріне қазір ағылшын тілі қауіп төндіруде. Яғни олар жойылғалы тұр» дейді.



Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ,
филология ғылымдарының
докторы, ҚазҰУ-і филология,
әдебиеттану және әлем тілдері
факультетінің деканы

ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰСТАЗЫ

XX ғасырдағы тарихи ғаламаттарға толы ұлы өзгерістерден ұлт тағдырына қатысты ой түйген ғұлама ғалым, ұлт болашағының қамын ойлап, шәкірт шыңдаған ұстаз, ұлтының ұлылығын тануда көшелі көрегендікпен көш басында жүрген санаткер, адалдықтан тамыр тартқан адамдық ардың айнасы іспетті Тұрсынбек Кәкішұлын біз ең алдымен ұстаз ретінде таныған едік.

Ұстаз! Осы бір құдіретті сөз бен қасиетті ұғымның шын бағасына лайық жанда арман бар ма екен дейсің кейде пендешілікпен. Бар-ау, неге болмасын! Бірақ, ұстаз бақыты аялаған арманын аяғына жеткізетіндігіне деген сенімділікте. Алла бұйыртқан шектеулі жасы жетпей қалған өкініштің орнын шәкірт атты ізбасарының толтыратындығы. Сондықтан, ұстаз рухы мәңгілік. Ол – ұрпақ рухының ғасырдан ғасырға жалғасар ту ұстаушысы, ар мен азаматтықтың тат шалмас асылы. Адамдықтың биік тұғыры. Келер ұрпақ өмірін білім жарығымен нұрландырған, қараңғылықтан жарыққа жөн сілтер бағдар шам. Ендеше, Шәкіртке жаны жайсаң, ары таза, азаматтық болмысы биік ұстаздан артық жан бар ма?! Өмір-тағдыр атты алып айдын толқындарының қақпақылына айналып, жанымызды желкен қылып келе жатқалы бері талай ұстаздың алдын көріп, ақылын алып, тәлімін тәбәрік еттік. Жан сүйсініп, қадыр тұтқанымыз сиректеу де, көңіл қалып, жерінгеніміз жетерлік. Сиректеулер арасынан тұлғасы ерекше көзге түсетін, менің ұстазым деп мақтануға да, мақтауға да тұрар бір ұстазды айрықша айтуға болады. Ол – XX ғасырдағы тарихи ғаламаттарға толы ұлы өзгерістерден ұлт тағдырына қатысты ой түйген ғұлама

ғалым, ұлт болашағының қамын ойлап, шәкірт дайындаған ұстаз, ұлтының ұлылығын тануда көшелі көрегендікпен көш басында жүрген санаткер Тұрсынбек Кәкішұлы. Аяулы ұстазбен таныс-біліс, шәкірт-ұстаз, әріптес іні-тәлімгер аға сынды қарым-қатынаста болғанымызға да 30 жылдан астам уақыт өтіпті. Өмірде өзіндік із қалдырған бұл жылдар бір адамды танып-білуге аздық етпесі кәміл. Сонау XX ғасырдың 70-інші жылдарының орта тұсында бағымыз жанып, ҚазМУ атты қара шаңырақтың студенттері атандық. Еліміздегі мандайалды оқу ордасында атақ-даңқы жер жарып тұрған, елге белгілі, жұртқа танымал біраз ұстаздарды оқуға өмірлік тәжірибе жинап кеп түскен біз сияқты «тіс қаққандар» сырттай шырамытып, жазбай танушы едік. Солардың бірі Сәкен жайлы кітаптарын қызыға оқып, баспасөздегі өткір де ойлы мақалаларын жібермей қарайтын аяулы ұстаз Түрсекең болатын.

Ұстаз жоғарғы курстарға дәріс оқитындықтан да, алғашқыда университет дәлізінде ғана көріп қалып жүрдік. Жұзтаныс болмасақ та, өзіне деген үлкен құрметіміздің белгісі ретінде ізетпен берген сәлемімізді ұстазымыздың жылы қабылдап, күлімсірей бас изеп өткеніне мәз болатынбыз. Ол кезде біздерде қазіргі студенттердей тарпаң мінез жоқ. Ұстазды Құдайдай көріп, қадыр тұтатын кез еді. Алыстан сәлем алысқанға арманымыз орындалғандай қуанатынбыз. Біздің, яғни, әдебиетке, ғылымға жақындау жүргісі келетін жігіт-қыздардың бірінші курста екі бақыты болды деп білем. Оның **біріншісі**, «Әдебиеттануға кіріспе» пәнінен әр сабағын кемерінен асып төгілген кемел ойларымен байытып жататын Зекең – Зейнолла Қабдоловтың дәріс оқуы. **Екіншісі**, талапты жігіт-қыздарды топтастырған Түрсекеңнің – Тұрсынбек Кәкішұлының ғылыми үйірмесі. Шіркін-ай! Сол кездегі ұстаздардың шәкіртке, әсіресе, талапты шәкіртке білім беру мен ғылыми ізденіске баулуға деген құлшыныстары мен үйретуден

жалықпас қасиеттеріне танданбасқа шараң жоқ-ау. Данышпан Абайдың «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» дегені сол кездің ұстазына, «Білімдіден шыққан сөз – біліктіге болсын кез» деген арманы сол тұстың шәкіртіне арнап айтылғандай.

Түрсекеңнің үйірмесіне бірінші курста мені аяулы Алма апай – Алма Қыраубаева алып келген еді. Өзі дайындық бөлімінде берген «Біржан-Сара айтысының зерттелуі» атты тақырып бойынша университеттің ғылыми конференциясына қатысады деп, Тұрсынбек ағайға арнайы кеп табыс етті. Ғылым атты тылсым дүниенің ғажайып әлемнің табалдырығын солай имене аттаған едік. Кейіннен, есейген соң, сол бір ғылымның әліппесін қолға ұстаған ұстаздың төл шәкіртіне айналдық... Әр аптаның бейсенбі күні ұстазымыз Киров пен Панфилов көшесінің киылысындағы бас корпусың астыңғы қабатындағы 107 дәрісханаға жинап алып, екі сағат бойы, кей кездерде төрт сағатқа созылып кететін ғылыми үйірме жұмысын бастай жөнелетін. Мен сол тұстан бастап Тұрсынбек ағай бойындағы ұстаздық қасиеттерді, ұлық ұстазға тән ұлағаттылықты, әдебиеттану ғылымына деген адалдықты танып біле бастадым десем, өтірік айтқандық емес. Ұстаздың талапты мен талантқа жол ашқан ізгі мейірімі, адал көңілден тұратын азаматтық биік парасаты, шәкірт үшін жасаған әр жақсылықтан жаны рахат табатын ұстаздық іске шын берілген шынайы болмысы айрықша қасиеттер ретінде өзіне үйіре тартып тұратын. Бірінші курстың «сары ауыз балапандарымен» төртінші курстың дүниенің төрт бұрышын түгел білген «ғұламаларына» дейін бас қосқан бұл «жиынды» Түрсекең өз уақытын аямай, шәкірт жанын аялай өткізуші еді. Ұстаз төзімінің сырын кейін ұқтық. Ол әр студент жасаған баяндамадан жылт еткен ұшқынды дәл аңғарып, талқылаулар тұсында айтыла қалған өткір пікір, тапқыр ойды жіті саралап, биік талғамды дәл танып бағалайтын. Әр шәкірт бойындағы бұғып жатқан ұяң да бұйығы талант пен дарын көзін дер кезінде ашуға ұмтылып, балауса жастың бойындағы әлі бұзыла қоймаған ғылымға деген тазалық пен адами мінез-құлықтың тұнба тұнықтығын сақтап қалуға тырысатын. Сөйтіп, ұстаз қай баланың неге бейім, нендей бағыт-бағдар ұстарын ерте аңғаратын-ды. Кейіннен үлкен курстарда өз үйірмесіне қатысып, әдебиетке

деген ерекше ықыласын танытқан, еркін пікірлі, алғыр ойлы, студентті қанатының астына алып, әдеби зерттеуге бейімдей бастайтын. Өз бойындағы жақсы қасиетімен көзге түскен, назарға іліккен ізденімпаз студент ұстаз мейір шапағатынан тыс қалған емес.

Өткен ғасырдың 1968 жылынан жүргізе бастаған осынау үйірмеде болған шәкірттерінің көбін Түрсекең қолынан жетектеп әкеп, ғылымға қосты. Бүгінде әдебиеттану ғылымының көрнекті ғалымдарына, асқарлы азаматтарға айналған Шәкір Ыбыраев, Жанғара Дәдебаев, Құлбек Ергөбеков, Серік Негимов, Балтабай Әбдіғазиев, Болатжан Әбілқасымов, Бақытжан Майтанов, Анарбай Бұлдыбаев, т.б. әр жылдарда Тұрсынбек ұстаздың әлгіндегідей ғылыми ұстаханасынан шыңдалып шыққан, Ұлттық ғылым академиясына өзі ертіп апарып, ғылымға қосқан қанатты жігіттер. Ұстаздың уақытты текке өткізбегенінің белгісі болса керек бұл. Менің бұл жайды тәпшітей жазып жатқаным, Түрсекеңдей ұстаздың өзгеден ерек өзіндік бір қырын ашуға тырысқаным ғой. Жалпы алғанда, Тұрсынбек Кәкішұлы – ұстаздығы мен ғалымдығы, адамдығы мен азаматтығы, санаткерлігі мен қайраткерлігі тұтасып кеткен тұлға! Ұстаз бойында біте қайнасқан осынау қасиеттерді бөліп жаруға, бөлшектеуге әсте болмайды. Оның бірінің бағасын сәл кемітсең, Түрсекеңдей тұтас тұлғаның бір бүйірі босап қалғандай көрінеді. «Екі кеме құйрығын – ұста жетсе бұйрығың!» деген сөзін ұлы Абай осындай жандарға арнаса керек-ті. Ең алдымен ашып айтарымыз, Тұрсынбек Кәкішұлы бойындағы бар қасиеттің басын қосып, ыдыратпай ұстап тұрған ұлы құдірет – оның ұлт руханиятына деген шексіз құрметі. Өйткені, ол – ұлт руханиятын, сол арқылы ұлттық рухты көтеруге саналы ғұмырын түгел бағыштаған азамат.

Тұрсынбек Кәкішұлының ұлт руханиятына деген сүйіспеншілігі жүрегінен бала кезден орын тапқан. Қасиетті Арқа мен көрікті Көкше бір-бірімен шектесер жерде дүниеге келіп, туған табиғаттың бар асылын бойға жинап бұла өскен, сұлу да сымбатты жас жігіттің еңбек жолын өнерден бастағаны тегінен-тегі болмаса керек-ті. Алланың салған жолы шығар, Ұлы Отан соғысы аяқталар тұста мектеп бітірген бозбала қазақтың әйгілі әншісі Қосымжан Бабақовтың жөн сілтеуімен, қазақ қыздарынан алғаш шыққан өнер қарлығаштарының бірі Зағифи Тіналинаның

көмегімен Ақмола облыстық театрына артис болып алынады. Сөйтіп өзінің өмір жолын өнермен өзектес етіп өре бастайды. Сан өнердің басын біріктіріп, сөз бен саз, сурет пен қимылдан тұратын жанды өнер театр өмірі, әсіресе, жас баланың бойындағы сөз өнеріне деген құштарлықты арттыра түседі. Сөйтіп, жанын әлдилеп, өзгеше бір әлемге еліктіріп жүрген құпияның сыры ашылады. Ол өзіне «жүрегінің түбіне терең бойлаған» күдіретті сөз өнерін мәңгілікке қалап алады. Көңілді қытықтаған қиялдың жетегіне еріп, Алматыға келеді... Оқыды, тоқыды... Көрді, білді... Еліктеді, еркін кетті... Арманның ақ жолын тапты, өзіндік биікке жетті... Ол биікке Түрсекең Алла берген талант пен дарынды талмас талаппен ұштастыра отырып, іргелі ізденіс, ерен еңбектің арқасында шықты. Ал, ардақты азаматты халқы дана танып, ел абызына айналдырған қасиеттерінің асылы қайсысы десеніз, ол шындықты мойындаған туралық дер едік. Ол кісінің бүкіл тірлігінің тірек күші осы шыншылдықтан қуат алған туралықта жатыр. Бұған Тұрсынбек Кәкішұлының өмір жолы куә.

Шындықтың ауылын іздеген жастық жігер ғылым атты айдынға ақ желкенін көтертіп, тәуекел қайығын салғызды. Білгенімді бөлісsem, «адамдықтың дәнін сепсем» деген үміт ұстаздық жолға түсірді. Мыңдаған шәкіртінің жүрегіне жаққан шындық шырағы нұрлы сәулеге айналып, санасына жарық түсіріп, елінің ойын оятты. Бұл күнде иісі қазақ атын білетін азамат тұлғаға айналды. **Сан қырлы саңлақ санаткердің саналы ғұмырында ғылымның орны ерекше-ақ! Ғалымның зерттеушілік әдіс-тәсіліне тән сипаттың ең бастысы әдебиет тарихы мен тарихтың жігі ажырамастай бірлікте көрініс табуы деп білеміз. . «Қолындағы қаламы жылжып жерге түскенше, күймесіне үміт пен күдікті қатар жегіп жүре бергенді» арман еткен жас ізденуші «Ә» дегенде-ақ әдебиеттану ғылымындағы өз бағытын дұрыс тандап, тап басып тани алған секілді. Ал, енді, бағдар тура болғанда, істің нәтижелі болары бесенеден белгілі. Түрсекең – өз сөзімен айтқанда, «осыны мықтап ұғынған» жан. Сондықтан да, Тұрсынбек Кәкішұлының алғашқы тандаған тақырыбы – ғылымға келіп қалған соң, ала салған «Суға кеткен тал қармайдының» тақырыбы емес, бейнетінің кермек дәмі сезіліп тұратын «тереңнен маржан термектің» ізденісі. Тұңғыш зерттеу жұмысы «Қазақ**

совет әдебиетінің қалыптасу дәуіріндегі идеялық-творчестволық мәселелер (1917-1929)» атты аты айқайлап тұрған еңбегінің өзінде-ақ әдебиетіміздегі күрделі де қиын кезеңге бой ұрып, айтыс-тартыстың отына шарпылмай, тұжырымды ойларымен әдеби-ғылыми органы мойындатты. Содан бергі уақытта желілес қос ғылым – әдебиет пен тарихтың бірлігінен шындық іздеген әдетінен әсте жаңылған емес.

Тұрсынбек Кәкішұлы қандай еңбек жазбасын, тіпті, кішігірім мақала жазса да, әуелі тақырыпты әбден игеріп, қажетті материалдардың бәрін білдім, енді ешбір қоспасыз ой қозғауға болады деген сенімге ие болғанда ғана іске кіріседі. Сондықтан да, ғалымның ғылыми еңбектеріне тән тағы бір қасиет – шындықтан ауытқымай, шырайландыра жазу. Өзін-өзі сыйлайтын азамат үшін бұл бір үлкен ғанибет. Шығармашылық жолында «барды, барынша ашық та айқын баяндау» принципін қалыптастырған ғалым, ұстанған бағытынан еш айнымастан келеді. Бұған дейінгі 35 кітаптың өн бойына желі болып тартылған шыншылдық, кейінгі туындылардың да негізгі арқауы боларына сенім мол. Аңғара алған адамға Түрсекеңнің ғылыми зерттеулері ауқымды да арналы үш саладан тұрады. Олардың жеке-жеке алғанда әрқайсысының өзіндік сыры жетерлік. Жалпы, ғалым адамға өзінің мінез құлқы мен жігер-қайратына үйлесім табар тақырыптарды таңдай алудың берері мол-ақ. Бұл тұрғыдан алғанда, Түрсекең тағы да бағы жанған жан. Өйткені, әдебиеттегі «ақтаңдақтарды» айту үшін, бірбеткей мінез, қайтпас қайсарлық керек. Ертеректе 1917-1930 жылдар арасындағы әдебиет тарихын арқау еткен еңбекке кіріскенде-ақ, кейін заңғар зерттеушіге айналуы мақсат тұтқан жас жігіт «ақтаңдақтар әлемінің» табалдырығынан аттағанын сезген-ақ болар. Сөйтіп тұрып, өзіне сенген де болар. **Қалай деген де ғалым Тұрсынбек сол алғашқы адымнан бастап қазақ әдебиетіндегі «ақтаңдақтар» Құпиясын ашумен келеді десек, артық айтқандық емес. Өйткені, ғалым өзіне «бәсіре» етіп алған әдебиет тарихының кең ауқымы XX ғасырдағы қазақ әдебиетінде алыптар мен арыстар, биіктер мен бәйтеректер бірде қанаттаса, бірде айтыса-тартыса жүріп, ұлт әдебиетіне өлшеусіз еңбек сіңірген кезең. Арыға барсақ, Абайға, беріге келсең Мұхтарға бастайтын баспалдақ бұл. Ендеше, Тұрсынбек Кәкішұлының әдеби-**

ғылыми ізденісінің алғашқы саласы – әдебиет тарихының көзден таса тұстарын назарда ұстау болып табылады.

Әдебиет тарихының «ақтаңдақ» беттеріне үңілу – Тұрсынбек Кәкішұлы сынды ғалымның ғылыми ізденістерінің бастау көзі. Оның бүкіл ізденімпаздық табиғаты осыдан тамыр тартып жатады. Тереңіне сыр тартқан сын тарихынан қос кітапты шығарса да, сан кітапқа жетерлік азық тапты. Дүние кезек екенін түсінген ғалым, тірнектеп жинап, там-тұмдап жазып, қалғанын сырт көзден таса ұстап, қаттап жинай берді. Өйткені көп ойға жол ашылар күннің келеріне іштей сенімді еді. Ғалымның сын саласындағы аз жазса да саз жазған еңбегі текке кеткен жоқ. Әдебиет зерттеудегі тың бағыт сын жолы үлкен даңғылға айналып, қазақ әдебиет зерттеу ғылымындағы жаңа сала ретінде қалыптасты. Міне, бұл – Тұрсынбек Кәкішұлының ғалымдық ізденісінің екінші саласы.

Адам баласы өмірге деген көзқарасы қалыптасып, біліктілігі артып, айналасына кейде құптай, кейде сыни оймен қарай бастаған тұстан бастап, біреуге еліктеп, біреуге ұқсап бағуға тырысары шындық. Кейбіреуге бұл – өткелең кезең, кейбіреуге мәңгілік. Бірақ, ол құр еліктеушілік дәрежеде қалып қойса, әрине, өкініш. Сырттай ұқсауға тырысудан гөрі, ішкі жан дүниесі үндесіп жазса ғой, шіркін! Тұрсекең алдыңғылардың көшірмесі болуға ұмтылмай, дара тұлға болып қалыптасқанмен де, іштей еліктейтін бір жан бар. Ұқсағысы келеді-ақ, ұқсауға тырысады да. Ол кім десеңіз, ақиық акын – Сәкен Сейфуллин. Сондықтан да болар, осы бір «жұмбақ жанның» жұмбағын шешуге өмір бойы ұмтылып келеді. Бұл тақырып – Тұрсекеңнің ғалымдық парызынан, азаматтық қарызынан жаралған ізгілігі мол, ілімі кең, өнегесі ұрпаққа аманат қастерлі еңбек пен зейнет көмбесі. Олай болса, бұл – ғибраты мол ғұлама ізденісінің үшінші саласы.

Тұрсынбек Кәкішұлы ашқан «ақтаңдақтар» әлемінің алғашқы бастауын Сәкеннен тартсақ орынды. Сәкен әлемі шыншыл ғалым үшін тек Сәкен бейнесімен дараланып қалмайды. Біле білсек, Сәкеннің қысқа ғана ғұмыр жолы – бүкіл зиялы қауымның, бүкіл шығармашылық тұлғалардың XX ғасыр басында зұлмат зобалаңның талқысына түскен тар кезеңдегі қилы тағдырының көрінісі. Сәкеннің азаматтық тұлғасын таныту, бүкіл бір дәуірдің тарихи өзгерісін айқындау болып табылады. Өзінің Сәкендей тұлғамен алғаш «танысуы» жөнінде ғұмырын сәкентануға

арнаған ғалым былай деп жазады. «1944 жылдың қысында Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешуін» қазақтың үлкен әншісі Қосымжан Бабақовтың үйінде оқып ем. Арқаның атақты әншісі маған тісіңнен шығарма деп, мықтап ескертіп еді». Сәкенді оқымай өскен ұрпақ өкілі сөйтіп 17 жасында Сәкен рухымен сырласып, «Сәкеннің аяулы атын жүрегінде аялай өскен жастың біріне» айналады. Жүрек түкпірінде жатқан бұл бұйығы сыр кейінгі тұстағы екі жағдайдың арқасында сан ізденіске жол ашып, сан кітапқа өріліп түсті. Оның біріншісі – алғашқы оқиғадан төрт жылдан соң, Сәкеннің сүйген жары Гүлбаһраммен жүздесуі, екіншісі – Есмағамбет Ысмайылов сынды ұстазбен бірлесе қызмет атқаруы. Біздіңше, Тұрсынбек Кәкішұлының сәкентануға қосқан ең зор үлесі Сәкен өмірі мен шығармашылығының «ақтаңдағын» ашу болып табылады. Яғни, акын шығармашылығының табиғатын тануға ең алдымен адамдық болмысын, азаматтық тұлғасын зерделеу арқылы қол жеткізу. Акын да бір «сүйек еттен жаралған пенде» екенін еске алсақ, ақындығын тану үшін адамдығын тану қажет-ақ. Сәкендей аты аңызға айналған, бір кезде «қара тақтаға жазылып», халық жауы атанған, одан соң «қызыл тақтаға» көшіріліп, қызыл сұңқар танылған ақынды бүгін де зиялы қауым қай тақтаға жазарын білмей тосылып тұрған шақта Тұрсекең жазған еңбектердің айбыны асқақтай түседі. Себебі, ғалымның ыждаһатты ізденісінен туған «кезең шындығы» Сәкен тұлғасына көлеңке түсіре қоймасы хақ.

Тұрсынбек Кәкішұлының Сәкен жайлы жазған әрбір кітабы, ұлы ақынды үнемі жаңа қырынан ашып келеді. Желісі ортақ, ойы өзектес болғанмен, әрбір жаңа кітапта Сәкен өмірінің бұрын айтылмаған, айтылса да сөз арасында ғана айтылып кеткен жай-ларын шындықпен шырайландыра отырып жеткізеді. Мәселен, «С.Сейфуллин» (1967), «Қызыл сұңқардың» (1968) негізгі желісі – революция от-жалыны жылдарындағы Сәкен өмірі. Ал, «Сәкен Сейфуллин» (1976) Сәкеннің ақындығын, адами қасиеттерін, азаматтық тұлғасын жан-жақты ашумен, тыңнан қосқан соны деректерімен құнды. Осы кітаптарда Сәкен туралы бәрі айтылатын секілді, бірақ, еңбеккер зерттеуші бұнымен тоқтап қалмайды. Ізденісін жалғастыра отырып, Сәкен өмірінің қилы кезеңдеріне, бірде алшаң бастырып, бірде тақсіретін тарттырған

тағдырының сан тарауына үңіледі. Үңіледі де «өтірік пен шындықтың» арасы екі-ақ елі екенін көреді. Көреді де шарқ ұрып шындықты іздейді. Ізденісі жемісті болып, «Сәкен және Гүлбаһрам», «Сәкеннің соты», «Сәкен аялаған арулар» атты тақырыптар жеке-жеке зерттеу еңбектерге айналады. Сәкен өмірінің «ақтаңдағын» ашу деген осы еме пе?! Бір адам өмірінің мұншама «жұмбағын» шешу бір ғалымның ғұмырына аздық етпесі кәміл. Қаншама құпияның сыры ашылды, сөйтіп барып Сәкендей арыстың азаматтығын танытар толыққанды тұлғасы сомдалды. Тәуелсіздік тұсында жазылған «Кер заманның кереғар ойлары» кітабының «Дарындар – сын додасында» атты тарауында қазақ поэзиясы әлемінің қос жұлдызы Мағжан мен Сәкен тағдырларын желілес ала отырып, ғалым оларға тағылған «киянпұрыс сындардың» қилы сұмдығын ашады. Өзінің бір кездегі Мағжан туралы біржақты пікірлерін «Мағжаншылдар мен жанжалшылдардың» құрбандығына шалмау үшін **«Пенделік пиғылдың әсерін жоққа шығармаймыз, бірақ, оның шешуші сипаты қоғамдық-әлеуметтік көркемдік себептерге байланысты екенін ұмытпаған абзал»** деп ескертеді. Ал, уақыты келгенде айтар ойын еш бүкпесіз ашық айтады. «Мағжан – бірден жарқырап шыққан жұлдыз. Оның 1912 жылғы алғашқы жинағының «Шолпан» аталуының символикалық мәні бар. Мағжан шолпан болуға ұмтылды, ниет қылды және болды да. Елі, халқы үміт артты». Мағжан жайлы «ақтаңдақтарды» көреген ғалым оның өмірі мен творчествосынан емес, Мағжан жайлы шындықты айтқан Жүсіпбек мақаласы мен өзге солақай сындардың өресін салыстыра отырып ашады.

Ғалым XX ғасырдың соңына қарай Сәкендей сұңқарға қағысты «Мағжан-Сәкен» (1999) атты жаңа еңбегін жазды. Бұл кітабында ғалым Сәкен мен Мағжанның өмір кезеңдерін қатар ала отырып, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі ақтаңдақтардың қыр-сырын терең ашуға ниет қылады. Және оны жалаң сөз қылмай, тарихи-әдеби шындықты мұрағат құжаттарымен негіздеп, кеңестік кезеңге дейінгі және кеңес тұсындағы қоғамның әлеуметтік ахуалын, қос ақынның шығармашылық бәсекелестігін салыстармалы түрде зерттеп, творчестволық ерекшеліктің өзіне ғана тән болмысын ашады. **Жаңа ғасырдың поэзия аспанында жарқырап жанған қос жұлдыздың «Шолпан» мен «Өткен күндер» өлең жинақтарының**

көркемдік әлеміне, идеялық ұстанымына, ақындық қуатына салыстырмалы зерттеу жүргізуі қызықты да әрі тартымды. Құтты ғалым идеологиялық майданның екі жағында тұрып-ақ ел деп еміренген Мағжан мен Сәкеннің өнер жарысындағы іргелі туындыларының жазылу тарихы мен бір-бірінен шабыт алған қуат күшінің сырын аша алған. Әсіресе, «Батыр Баян» мен «Көкшетау» дастандарын салыстыра, шендестіре талдауы – ғылыми эстетикалық тұрғыдан алғанда, қазақ әдебиеттануындағы жаңа сөз. Зерттеуші Мағжан, Сәкен ақындығын салыстырмалы түрде зерттеу арқылы алашшылдар мен төңкерісшілер арасындағы идеологиялық күрес қазақ әдебиетінің кеңге қанат жаюына игі әсер еткенін нақты деректер арқылы дәлелдей алған. Өз заманының шын мәніндегі заңғар ақындарының ұстанған ұстанымына сай келетін әлемнің озық үлгідегі әдебиет өкілдері шығармашылығына еліктеуі, сол дәстүрдегі дүниелерді жарыққа әкелуі жас әдебиеттің дамуына өзіндік үлес болып қосылғандығын нанымды түрде көрсетіп бере алды. Блок, Бальмонт, Мережковскийлерге еліктеген Мағжанның, Троцкий, Маяковский, Фадеевтермен идеялас болған Сәкен шығармашылық ізденістері арқылы өзі өмір сүрген кезеңге жат емес дүниелердің туғызғанын ойлы талдаулар арқылы орнықты жеткізеді. Өмірлерінің соңғы сәтінде қос алыптың арасындағы достық дәнекердің пайда болуын екі ақынның өзара алысқан хаттары мен соңғы жылдарда жазылған жырларындағы ортақ сарындастықтан іздестірген ғалым тұжырымдары да көкейге қонымды. Түйіндей келгенде, 450 беттен тұратын осынау ғылыми-эссе – әдебиетіміздің ұлы классиктерінің өмірі мен шығармашылығын өзек ете отыра белгілі бір кезеңдегі қазақ қоғамының ащы шындығын ашқан көркемдік талдаулары арқылы қазақ әдебиеттану ғылымындағы тарихи таным мен эстетикалық талғамды жаңа белеске шығарған шынайы ғылыми еңбек.

Тұрсынбек Кәкішұлының сын тарихын зерттеудегі ізденістерінің қазақ әдебиеті ғылымындағы зор табыс болып табылатындығы айтылып та, жазылып та жүрген жайт. Біздің айтпағымыз, бұл бағытта ұлы төңкеріске дейін бізде сын болған жоқ деп жүрген «көппен бірге адаспай, жалғыз жүріп жол тапқандығы». Және де

кезінде зерттеулері екі кітап («Сын сапары», «Оңаша отау») болып басылып шықса да, «заман түзеліп, енді оқушы түзелер» сәтте тың деректермен байытып 25 баспа табак «Қазақ әдебиеті сынының тарихын» жазып, одан соң оны екі томдық етіп шығаруы уақытпен нақты үндесуі болып табылады. Бір қараған адам бұрынғыларын қайта бастырды дер. Жок! Бұл – тың дүние деп атауға әбден лайық, уақыт талабына орай жаңғырған ойларға толы, бұрын ат үсті аталып кеткен асыл қазыналарды мейлінше терең талдауға ұмтылған сонылығы басым кітап. Ондағы «Қазақ» газетіндегі сыни материалдарды ғылыми айналымға қосуының өзі неге тұрады. Бір кездегі «Сын сапары» тақырып тың болуымен, «Дала уалаяты» мен «Түркістан уәлаятының» беттерінен бастап, «Айқап» журналының беттеріндегі әдеби-сыни материалдарды сұрыптаумен, ондағы сыни ой-пікірлердің қазақ әдебиетін өркендетуде атқарған ұшан-теңіз қызметін айқындаумен құнды еді. Мына жаңа зерттеу қазақ әдебиетіндегі сыни ой-пікірдің қалыптасу, даму, өрістеу құбылыстарын жинақтаумен құнды. Әр тұстағы әдеби айтыс-тарғыстар мен өрістес келіп жатқан ой-пікірлердің ақ-қарасын айқындауға ұмтылумен бағалы.

Тұрсынбек Кәкішұлы соңғы жылдары шыққан кітаптарының бірінде «Тарих бетінде әркімнің атқарған ісі, жасаған қатесі, шалыс басқан қадамы түгелдей айтылып, жазылуға тиіс... Қазақ интеллигенциясының тағдыр-талайында ғана емес, бүкіл халық тарихында қағидаға айналып кеткен қателіктерді түзетуіміз керек» деп жазды («Санадағы жаралар»). Бұл бір сөздің сәні үшін айтыла салған лебіз емес. «Алла деген сөз жеңіл, ауызға ол жол емес» деп, Абай айтқандай бұл туралықтан таймаған ғалымның өмірлік мақсаты, ғұмырының мәні. Сонау «Октябрь өркенінен» (1967) тартылған зиялылар тағдырына деген жанашырлық әлі күнге дейін жалғасын тауып келеді. «Әр дарынның өз орны бар» деп түсінетін зерттеуші сол дарындардың ұлты үшін атқарған қызметін айрықша көрсетуді өзіне міндет етіп алғандай. Бұл тақырыпқа үнемі айналып соғып, әдебиет пен мәдениетте елеулі еңбегі бар, әрқилы жағдаймен белгісіз болып келген талай тұлғаларды жұртшылыққа таныстырып жүр. Заман тыныш, өмірдің өзгеріссіз өтіп жатқан тұсында Жиенғали Тілепбергенов, Елжас Бекенов сияқты қазақ әдебиетіне азды-көпті

еңбек сіңірген қаламгерлерді жеткен биігінен төмендетпей оқырманға жеткізген Тұрсекең екенін жоққа шығара алмаспыз. Ал, «замана бір желмая, қалмасаң халқым жақсы еді желмайдан жығылып» (Әбубәкір Кердері) дейтіндей уақыт келгенде ұлыларын ұлтына қауыштыруда өндірте еңбек етіп жүрген тағы да Тұрсекең. Басқасын былай қойғанда «Санадағы жаралар» (1992), «Кер заманның кереғар ойлары» (1995), «Толғам» (2004) кітаптары осы мәселеге арналған.

Еңбексүйгіш ғалымның соңғы жылдардағы ғылыми ізденістерінде өзгеше үрдіс бар екенін аңғару қиын емес. Көбіміз жекедара тұлғаларды зерттеп, кейде әсіре мақтап, кейде істемегенін істеді, болмағанын болды деп жатқанымыз шындық. Осы тұста бұған бір-екі мысал келтіре кеткен орынды. Мәселен, бір кезде «Айқап» журналын жабыла мақтап, «Қазақ» газетін ауызға алмай, ауызға алсақ даттаумен болғанымыз шындық емес пе? Ал, енді қазіргі зерттеулерде керісінше «Айқапты» аласартып, «Қазақты» асқақтату басым шығып жатады. **Қазіргі әдебиетіміз бен мәдениетімізде орны бар, ортамызға оралған ірі тұлғаларды бір-бірден иемденіп зерттеп жатырмыз. Бірақ, бір өкініштісі әркім «өз тұлғасына» тартып, асыра мақтаудан әріге аса алмай жатқанымыз рас. Өмірдегі мінезі мен ғылымдағы мінезі бір иірімнен шығып жататын Тұрсекең үшін бұл жат нәрсе. Турашыл ғалым қашанда шындықты іздейді, әділеттік айтуға тырысады. Тұрсынбек Кәкішұлының тағдырдың қилы талқысына түскен қазақ зиялыларының азаматтық ажары мен парасат әлемін бөлмей-жармай бірлікте қарауға ұмтылуын біз осылай қабылдаймыз.**

Соңғы еңбектерде «Біздің бүкіл тарихымызда, әсіресе, әдебиет саласында Ақпан мен Қазан революциясындағы кезеңнің жүгі ауыр» дей отыра ғалым Ақпанға дейінгі, Қазаннан кейінгі кезеңнің тарихи шындығын айтуға күш салып жүр. Мұнда ғалым басты үш нәрсеге көңіл аударуда. **Біріншісі** – «Айқап» пен «Қазақ» топтарының ара-қатынасы және сол екі топтағы ірі тұлғалы ақын-жазушылар мен кеңестік топтағылардың ара-қатынасы, творчестволық байланыстардағы шындық. **Екіншісі** – «Алаш» зиялыларының тағдыр-талайы, олардың іргелі істері мен шалыс басқан қадамы. **Үшіншісі** – уақыттың ұранымен кеңестік дәуірдегі әр ақын-жазушыларымызды «бір шыбықпен айдап шығуға»

ұмтылушыларды әділеттілікке шақыру. Мұның қай-қайсысында да, дәлелді деректермен, орнықты ойлармен, өткір пікірлермен әділін айтып келеді. Ғалымның Кеңестік ақын-жазушыларға көрсетіліп жатқан «әпербақан» қылықтарға қарсылық ретінде жазған соңғы еңбегі – «Сәбит Мұқанов» (2005) атты зерттеу (Күләш Ахметовамен бірігіп жазған). Бұл кітаптың дайындығы ұзақ жылдарды қамтығаны байқалады. Сәбенің көзі тірісінде де, кейін де ол кісі туралы түрлі сипаттағы мақалалар жазып жүрген Түрсекең ЮНЕСКО шешімімен дүниежүзілік тойға айналған Сәбит Мұқановтың 100 жылдығы тұсында (2000) ұзақ жылдық ізденістерінің жемісі іспетті мақалалар топтамасын жиі жариялады. Соның нәтижесінде сәбиттануға біржола бет қойып, 2000 жылы «Қазақ университеті» баспасынан Сәбене арналған екі жинақ шығарды. Ал 2005 жылы «Арда» баспасынан «Сәбит Мұқанов (әдеби-ғылыми ғұмырнама)» атты 304 беттік әдеби-ғылыми ғұмырнамалық еңбекті бастырды. Бұл баяғы «Өнегелі өмір» сипатында жазылған, Сәкен жайлы кітап дәстүрінде туған дүние. Қазақ әдебиетінің алыптарының «кәдімгі» Сәбит Мұқанов туралы осы бір зор тебіреніспен, еркін толғаныспен жазылған шыншылдығы басым сырлы еңбек ғалымдық ғұмырдың биік бір белесі.

Атақты жазушыны кейбір «жаңашыл-сымақтар» ағаш атқа мінгізіп жатқан уақытта дәуір шежірешісінің тырнақалды талапты ізденісінен бастап, «Аққан жұлдыз» атты диалогиясына дейінгі шығармашылық ғұмырнамасын жан-жақты зерттеп, уақыт табына суарылған әділдігін айту оңай шаруа емес. Қаламының желі бар зерттеуші жазушының қилы заманы мен қиын да қызықты тағдырын ажырамастай бірлікте алып, қамшының өріміндегі әдемі киюластырады. Өлеңге қызығушылық талабын оятқан дарынның қасиетті қара өлеңнің қызулы көрігінде пісіп-жетіліп, қазақ әдебиетінің классигіне айналу жолы, шығармашылық ерен еңбегі саты-сатылай отырып, біртіндеп ашылады. «Майға сәлем», «Сұлушаш», «Ботагөз», «Балуан Шолақ», «Мөлдір махаббат», «Өмір мектебі», «Аққан жұлдыз» т.б. жанры әр алуан, тақырыбы әр түрлі шығармаларындағы Сәбенің ақындығы, жазушылық шеберлігі қилы қырынан ашылып, дархан жүрек, дала көңіл, абыз қаламгердің адами болмысы жайылып

сала береді. Сәкеннен гөрі Сәбитті жазудың Түрсекеңе бір жеңілдігі бар. Ол Сәбенді көзі көріп, рухани сырлас болуы. Ендеше, бұл кітапта Сәбендей теңдессіз тұлғаның жазушы ретінде де, азамат ретінде де бүгінгі қоғамдық-әлеуметтік өмірімізде алатын орны туралы нағыз шыншыл, әрі турашыл көзқарас білдірілген. Ғалымның көздеген басты мақсаты - әдебиеттің қай кезеңіне болмасын, ең алдымен, ақыл-парасат азаттығы тұрғысынан келу. Дәуір шындығының бүгінгі көзқараспен бірге жазушы өмір сүрген кезеңдегі идеологиямен де үндесуін бағамдау. Өйткені, қазақ зиялыларының қай-қайсысы да қандай ұран көтерсе де, не істесе де ұлт қамы үшін істеп жүрмін деп ұқты. Өз кезіндегі уақыт үрдісінде дұрыс деп түсінген кейбір істері уақыт өте келе бұрыс боп шығып жатса, азаматтық тұлғасына қара күйе жағып, тарихтан сызып тастау әділеттік пе?! Түрсекеңнің ел сүйіктісі Сәкен мен Сәбиттің бедерлі бейнесіне көлеңке түсірмеу жолындағы күресін осылай ұғынуымыз керек. Осылай бағалауымыз керек.

Тұрсынбек Кәкішұлындай тұғырлы тұлға туралы сөз қозғағанда, ол кісінің азаматтық келбеті туралы айтпай кетудің реті жоқ. Өйткені, жоғарыда айтып өткеніміздей, Түрсекеңді тұтастырып тұрған Ұстаз, Ғалым, Азамат атты үш таған бірлік. Ұстаздың азаматтық келбеті оның ұлтжандылығымен айбынданып тұрады. Түрсекең бойында азаматқа лайық мінез бен азаматтық сана біте қайнасқан бірлік танытады. Сондықтан да, ол ұлтжанды. Жеке бастан гөрі, ұлттың ісін үнемі алға қойып отыру ғадетіне айналғалы қашан. Сонау жас кезінен-ақ ол ұлтым деп «ұлтшылдығын» танытты. Сол бір қасиеттен айнымай-ақ келеді. Елуінші жылдардың ортасында «Қазақ әдебиеті» газетінде қазақ тілінің мәселесі көтеріліп, қазақша оқытудың жайы алқалы ортаның талқысына салынғанға тұста, алғаш болып үн көтергендердің бірі осы Түрсекең болатын. Ол кезде Қазақстан компартиясының орталық комитетіне қарайтын Партия институтында істейтін жас жігіт көп қудалауға ұшырап, ақыры кетіп тынып, Академияның аспирантурасына түсуге мәжбүр болады. Өзі қызмет істеп жүрген партия институтының саясатына қарсы шыққан мұндай ерлікті батылдық демей, не демейміз, батырлық демей не дейміз! Ал, сол батылдық пен батырлыққа

итермелеп тұрған ұлтжандылықтың қуатты күші еді. Мәскеуден соң жолда-мамен Жезқазғанға барып бір жылдай қызмет істеп, Алматыға қайта оралған соң, ғылыммен айналыспақ болып, өзім танитын атақты ұстаздарымның біразына жолығып, ақылдасқан жайым бар-ды. Алғаш барып жолыққаным, студент кезімнен ғылымға жетелеген Тұрсекең еді. Ол кезде ұстазымыз Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің деканы болатын. Ол кісі маған менің шамам келмейтін қиындау, қадымша оқуға тура келетін тақырыптарды ұсынды. Маған сенбегені ме, әлде өзінен алыстатқысы келгені ме, ол арасын біле алмадым. Сонан соң басқаларға қарай бет бұрдық. 1987 жылы Зекең (Қабдолов) ұсынған «Ш. Айтматов шығармашылығындағы қазақ тақырыбы» атты зерттеу жұмысына тоқтап, ізденіп жүргеніміз де, Зекең аспирантураға шақырып, сонда түстік. Аспиранттар тақырыбын бекіту кезіндегі кафедра отырысында менің аспирантураға түскенімді көрген ардақты ұстазым Тұрсынбек Кәкішұлы: «Бұл жігітті маған бер, Шыңғысты зерттейтін қырғыз-орыс көп, бір қазақ тақырып алмай қалғаннан оның ештеңесі кеміп кетпес, Өмірханды білем, мұны алаш әдебиетіне салу керек», – деп отырып алғаны. Тұрсекеңдей әріптес досының көңілін қимай, Зекең бізге Тұрсекеңді жетекші етіп бекітті. Мен отырыс аяқталғаннан кейін Тұрсекең: «Аға, мен арабша оқи алмаймын, маған бұл тақырып тағы да қиын соғады», – жайымды айтып едім, ол кісі: «Сен ақылға кел. Мен сені болмайтын іске тартып отырған жоқпын. Уақыт солай, егер түсіне білсең, Алаш саған өмірлік азық болады. Болашағыңды ойла. Шыңғыстан ұтарың шамалы. Әлем болып зерттеп жатыр ғой. Алаш әдебиетін зерттеу қазір өте керек және қажет. Мен саған сенгеннен беріп отырмын. Одан қашпа. «Ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүруге» әуес болмасаңдаршы. Ғылыммен шынайы айналыспаса болмайды. Архив ақтарып, бұрын ешкім айтпағанды айтуға, білмегенді табуға талпынған жөн. Сонда ғана еңбегің жанады. Алашты түгел қамтуға шамаң келмейді десең, кандидаттығыңа бір шығармашылық тұлғаны ал. Қалғанын докторлықта көрерсің. Одан үмітің бар ғой? Мен саған сенгеннен кейін осы тақырыпқа тартып тұрмын. Көрерсің, осыдан сенің бағың жанады. Сырғақтама. Екі-үш күнде ойланып,

біреуіне тоқта. Ары қарай тақырыпты нақтылармыз», – деп тоқ етерін айтты. Мен бұл ұстаздың көптен ойланып, сенім артар адам іздеп жүрген кесіп-пішіп қойған ісі екенін сезінген соң, келіспеске шарам қалмады. Ұстаздың алаш әдебиетін зерттеу мен зерттеу үлкен мақсаттарының бірі екенін сол тұста анық байқағанмын. Кейін ол кісі алаштануға үлкен еңбек сіңірді. Ол көкейінде әу, баста-ақ, жүрген мақсат болатын. Тек уақытын күткен-ді. Зекеңе барып жолығып едім, ол кісі: «Қарағым, бәріміздің ортақ ісіміз ғылымды көтеру. Тұрсынбек дұрыс айтып отыр, Алаш тақырыбы қазір ұлтымызға өте қажетті шаруа болып отыр. Тарихшылар қазір оны құлшына бастап кетті. Академиядағы жас жігіттер бұл тақырыпты бөліп алыпты деп естіп отырмын. Бізде оған баратын адам жоқ болып тұр еді. Тұрсынбек сені ұсынды. Саған сеніп отыр, қалай қимайын. Айналып келгенде кафедраның ортақ ісі ғой. Бұрынғы жұмысым қалып қалды деп өкінбе, жазған-сызғаныңды кейін бір керегіне жаратарсың. Мынаған бел шеше кіріс. Жалпы алаштық әдебиетке ортақ мәселені алма, сол алаштықтардың біреуінің жеке творчествосын ал. Менің ойымша Ахмет Байтұрсыновты алғаның дұрыс. Ол әдебиетіміздің бас кітабын жазған кісі ғой, жұмысыңа менің де көмегім болады. Әңгіме кімнің жетекші болғанында емес, сенің нәтижелі еңбек еткенінде. Меніңше Ахаң саған абырой әпереді. Тың тақырып қашанда адамға өмірлік ғылыми азық. Осыны ұқжын. Менен кетіп қалдым деп қамықпа, бірге жұмыс істейміз. Қашанда көмекке әзірмін, қарағым», – деп шығарып салды. Ертесіне өздерінің ақыл-кеңесінен кейінгі менің ұсынысыммен екі ұстазым бірлесіп тақырыпты «Ахмет Байтұрсыновтың әдеби-публицистикалық мұрасы» деп бекітіп берді. Бір жетіден кейін Тұрсекеңе 30 беттік план-проспектімді алып келдім. Аударыстырып көрген Тұрсекең: «Мынауың тәуір екен, қазір менің лекциям бар, сен 3-курс студенттеріне тақырыбыңды ашып, дәріс ретінде оқып бер, өзім қатысамын», – деді. Сөйтіп Ахмет Байтұрсынұлы туралы студенттер алдында 90 минут баяндама жасадым. Ұстаз бастан аяқ тыңдап, студенттермен бірге сұрақ қойып, риза болып шықты.

Менің алаш тақырыбына келуім туралы кезінде Тұрсекең өзі де жазды. «Менің Өмірханға құштар болуым оның I курста оқып жүрген кезінен басталады.

Студенттердің ғылыми үйірмесінде белсенділігімен қатар білімділігін танытқан жастан үш-төрт жылға көз жазып қалған ем. Мәскеу университетін бітіріп келгеннен соң біраз өмір тәжірибесін көріп, біздің аспирантурамызға түсіпті. Оған жанкұрбым Зейнолла Қабдолов жетекші болмақшы екен. Зейноллаға келсем Өмірханға бірдемені түсіндіріп, басын шұғытып қойғанын көрдім де, «Әй, Зейнолла, сен әдебиет теориясының анасы-мынасы деген бір жансыз саласына салайын деп отырсың ғой. Мына баланы маған бер!» деп ем Өмірханды қинала-қинала маған қиды. Қолынан жетектеп отырып өз кабинетіме алып келдім де, ай-шүйге карамай «Қазақ» газетін зерттейсін. Алаш қозғалысы, оның ұлы қайраткерлері ақталып жатқан шақта алдымен өзімізді жоқтайық дегенімде «арабша оқи алмаймын ғой» дегенін елемей, зерттеу тақырыбын айқындап бердім. Жан қиналған уақытта арабшаны үш-төрт айда үйреніп алуға болатынын өзімнің басымнан өткізгендіктен талапкер жасты ғылымға ғана емес, қазақ тарихының сүбелі саласына салуды көздедім.

Не керек, үш жылдың ішінде Өмірхан диссертацияны 400 беттей көлемде жазып, алдыма қойды. Ахаңа қатысты артық деректер мен қызықты ойларын қысқартып, «бұларды жыртып тастама, түбінде керек болатын дүниелер» деп ем, жетелі жігіт «Қазақ» газеті мен Ахаң қазақтың бүкіл рухани дүниесіне ортақтығын ескеріп, «Ұлт-азаттық идеяның XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіндегі көркемдік мәні және жаңашылдық сипаты» деген докторлық диссертацияға айналдырды. Абыройлы қорғап шыққаннан соң Ахаңның ғұмырнамалық хикаясын жазып, 2007 жылы елді қуантты» (*«Жаяусалдың серуендері»*. – Алматы: «ГЛОБУС» Баспа үйі, 2009. – 560 б. – 526-бет.)

Ал, енді осы ғылыми жұмысты жасау барысындағы Түрсекеңнің ұстаздық тәлім-тәрбиесіне қатысты бір оқиғаны әңгімеге арқау ете кетейін. Жұмысты аяқтап, Түрсекең оқып шығып, енді кафедра талқылауынан өтейін деп жүрген күндердің бірінде Түрсекең маған: «Сен ана «Қазақтағы» әдеби-сыни мақаларға қатысты жинағаныңды маған алып келші, мен «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» деген оқу құралын шығарайын деп жатыр едім (Оқу құралы 1994 жылы жарық көрді), соған материалдарың қажет

болып тұр», – деді. Ертеңгісін бар жиған-тергенімді, бір кішкене 48 беттік, екі үлкен 56 беттік жалпы дәптерге бөленбай уақытымды жіберіп түсірген әдебиетке қатысты материалдарды алып, ұстаздың Шағабутдинова-Кированың қиылысындағы үйіне бардым. Сәлемдесіп, шәй-пәй ішіп болған соң, аға үлкен залына алып келді. Үлкен столдың үстін жауып жатқан сарғайған қағаздарға аса көңіл бөле қойған жоқпын. Жазар кітабына қажетті дүниелер шығар дедім де қойдым. Орындықтарға жайғасқан соң, ұстаз материалдарды сұрады. Мен әкелгендерімді қолына бердім. Түрсекең әрі-бері аударыстырып отырды да, бір кезде мендегі материалдармен үстел үстінде жатқандарды салыстыра бастады. «Мынау бар, мынау бар», – дей отырып, мендегіден 5-6 ғана материалды алды. Ол кісі салыстыра бастаған кезде әлгі қағаздарға назар аударсам, сарғайып кеткен қағаздардағы мәшіңкеге басылғандардың бәрі «Қазақ» газетінің материалдары. Ішінде әдебиетке қатысты, қатыссызы да толып жүр. Таң қалдым. Қағаздардың сарғайып және қыстырғыштарының тат басып кеткеніне қараған да, бұл материалдар Түрсекеңде бұрыннан болғаны ғой. Сонда өзінде «Қазақ» газетінің мен төтеншеден қиналып оқып, іздеп жүрген материалдардың барлығын ол кісінің маған айтпағаны ма?! Егер айтса, мен олардың бәрін іздемей, жоқтарын ғана қарастырмаймын ма? Іштей ренжіп қалып, ол кісіге осының бәрін айтып салдым. Ұстаз сәл жымиып күлді де: «Егер мен саған бұлардың бар екенін айтсам, осының бәрін берсем, онда сенің нең ғалым. Өзің тер төкпей, біреудің тапқанын малданған не еңбек болады. Мен берейін-ақ, сонан-соң сен ары қарай ізденбейсің ғой. «Дайын асқа – тік қасық болу» ғылымға жат. Өзіңнің ізденісің арқылы қаншама нәрсеге қол жеткіздің. Ол саған аз байлық па? 400 бетке таяу еңбек жаздың. Соның бәрі ізденістің арқасы. Ғылымға келдің екен, біреудікің өзіндікі қылудан аулақ бол. Қазір енді мен де бар, сен де бармен ары қарай бірге ізденіп, бірге жұмыс жасауға болады. Ешкім ешкімнің еңбегін жемейді. Солай, бала», – деді. Мен ойланып қалдым. Шынында да, Түрсекеңнің тәрбиесі балапанын ұшуға үйреткенде, шың басынан тастап жіберіп, жерге жеткізбей қағып алатын сұңқар тәрбиесіндей қатал тәртіптің тәлімі екен.

Кейіннен белгілі болғанындай, әлгі «Қазаққа» қатысты материалдарды ұстазымыз докторлық диссертациясына

дайындық кезінде жинаған екен. Ол кезде «Қазақ» туралы жақсы да, жаман да сөз айтуға болмайтындықтан, негізінен революциядан бұрынғы баспасөздегі сол кездегі идеологияға жат деп саналмайтын баспасөз материалдарын жинай жүріп, түбі бір керегіме жарар деп, «Қазақтыда» қоса іле кеткен ғой. Оларды сол кезде мәшінкіге бастырып, көзге түсе бермес жерге тығып қоя берген. Бұл аса қауіпті іс еді. Сонда да шындықтың алдында тақ тұратын Түрсекең осы қауіпті іске барған. Ал, «ақтаңдақтар» ашылған тұста Тұрсынбек Кәкішұлы кейбіреулерге ұқсап менің тығып жүргенім бар деп, жаһанға жария салмай-ақ, өз ісін жасай берді. Тіптен оларды жеке-жеке жариялаған да жоқ. Шынын айтсам, Түрсекеңде «Қазақ» газетінің материалы барын менен басқа жан білмейді. Міне, ғылымға қанат қақтырар шәкіртіне ұстаз талабы осындай. Менің ғалым болып қалыптаса бастағаным көзі жеткеннен кейін Түрсекеңмен бірлесе талай жұмыс жасадық. Ол кезде өзіне әріптес ретінде қарап, қолында барын, тереңге тыққанын талай пайдалануға бергені бар. Бұндай шығармашылық байланыс, әсіресе, қазақ әдебиетінің 2 томдық қысқаша тарихын жазған уақытта жемісті болды деп ойлаймын.

Түрсекең архивтерді ғана ақтарып қоймай, ғылыми ізденіс мақсатымен – сапарға көп шығатын, ел-жер көруге құмар жанның бірі. Бірақ, ол қызықтың, «атың барда ел танының» адамы емес, әр сапардан елге пайда келтірер, ұлт мүддесіне тиесілі нәрсені жүзеге асыруды көздеп отырады. Өткен ғасырдың 60 жылдарының аяғы 70 жылдарының басында Түрсекең Қазан, Уфаға сапарлайды. Сол сапарда керексіз деп табылған ескі кітаптарды жоюға деген дайындықтың үстінен түседі. Ішінде революциядан бұрын шыққан қазақ кітаптары да көп болса керек. Дереу Қазақстанға хабар жіберіп, әлгі кітаптарды елге әкелуге рұқсат алып, бөлен қапшық кітапты арқалап қайтады. Әңгіме ескі кітаптарды арқалап қайтуды емес. Әңгіме сол кітаптардың көбінің ол кезде оқу түгілі, атын атауға болмайтын кітаптар екенінде... Соның бірі Міржақыптың «Бақытсыз Жамалы» болса, көп адам көрсе тұра қашатын осы кітаптың бір данасын Жақанның күйеу баласы аудармашы Әбен Сатыбалдин арқылы туған қызы Гүлнар Дулатоваға береді. Ал, бұны ерлік емес деп, қалай айтарсың. Еліміз жанадан тәуелсіздік алып, шеттегі бауырларымызға енді көңіл бөле бастаған тұста, Т. Кәкішев әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінде

Ғылым мен жаңа технология министрлігінің шешімімен «Қазақ диаспорасы әдебиетін зерттеу» лабораториясын ашты. Сөйтіп, Республика Премьер-министрінің сол кездегі орынбасары, Ғ. Әбілсейітовтың қолдауымен Монғолияға ғылыми іс-сапар ұйымдастырды. Қазақстаннан ҚазМУ бөлген кішкентай автобуспен Монғолияға жол шеккен Түрсекең де жүрек жұтқан-ау. Жанында Ілия Жақанов, Зұфар Сейітжанов және бір топ жас ғалымдар бар Түрсекең бұл жолдан олжалы оралды. Том-том қолжазба, бөленбай кассеталық ән таспасы, ауыздан жазылып алынған сан дәптер қазақ әдебиеті үшін үлкен байлық еді. Ал, енді мұны ұлтжандылық емес дей аламыз ба?!

Тұрсынбек Кәкішұлының азаматтық тұлғасының айқын бір танылған тұсы – қазақ зиялысына сын болған 1986 жылдың желтоқсаны. Онда ұстаз ҚазМУ-де факультет деканы еді. Ол сол күндері студент жастардың жай-күйін жаны күйе ойлады. «Ұрда-жық» саясаттың құрбаны болып кетпеулерін қадағалады. Астыңғы қабаттағы журналистика факультетінің жаңа ғана сайланған орыс бастығы арнайы комиссия құрып, қазақ жандайшаптары арқылы 2 студентті оқудан шығартып, 5 студентке қатаң сөгіс жариялап жатқанда, филфак аман-сау шықты. Өйткені, алдына жайып салған суреттерден декан өз студенттерін «танымай» қалған-ды. Ал, бұл ұрпақ қамын ойлап, қауіпке бас тіккен үлкен азаматтық! Ұлтшыл мінездің айқын көрінісі! Айта берсек, Түрсекеңнің ұлт үшін еткен еңбегі ұшан-теңіз. Бәрін айттып тауысу мүмкін емес. Өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастаған қазақ тілі үшін күресі әлі күнге жалғасын табуда. Ұлт мәселесіне, елдікке қатысты құнарлы ойларын үлкен мінберлерден жасқанбай ашық айтып келеді. Мемлекет мүддесі үшін жасалып жатқан іс-шаралардың басы-қасынан табылып, реті келсе, алдыңғы сапында жүреді.

Ұстаз туралы толғанысымызды түйіндей келе айтарымыз, бүгінде қалың елі – қазақ жұрты Тұрсынбек Кәкішұлын білімпаз ғалым ретінде, жас ұрпақ «ұқсап бағуға» тұрарлық ұстаз ретінде, сындарлы кезеңде күлбілтелемей, айтарын ашық айтатын, ой-сананы оята білетін санаткер ретінде бағалайды. Ең жақын шәкірттерінің бірі ретінде осынау ел құрметіне адал еңбегімен ие болған ұстазға біз ұстаздығыңыз ұлағатқа, ғалымдығыңыз өнегеге, азаматтығыңыз үлгіге айналып жасай беріңіз, Тұрсынбек аға, демекпіз! Асқардан асқарға, биіктен биікке өрлеңіз ары таза, абыз жан!



Зәкір АСАБАЕВ,
жазушы

Бір майданда жұмыстанып, бір айдында қатар жүзетін әріптес-замандастар ішінен біртіндеп жакындасып, ыстық-суыққа ортақтасып, мұң-сырынды бөлісетіндердің біртіндеп іріктелетіні түсінікті. **Кешегі өткен қайран Тұқаң, Тұтқабаймен де біртіндеп танысып, табысып, ұзақ жылдар дәм-тұздас, пікірлес болған, бір жүріп, бір тұрған шақтар ұмытылар ма? Небір атаулы кеш-жиын, салтанатты бас қосулардағы оның айтатын аталы сөздеріне таңырқап, тамсанатын, ризалық білдіретін үлкен-кішілердің қадыр-құрметінде шек жоқтай көрінетін кездер енді түү...у алыста қалған сағым-елеске ұқсайды, беу, жалған-ай!**

Тұқаң, Тұтқабай о бастан ұзданы таза, жаны мөлдір, майдалықтан ада, табиғи таза жаратылыс иесі-тін. Солай екенін менен басқалар да бес саусақтай білетініне шәк жоқ. Өз басым ол сөйтіпті дейтін қыжыр сөз естімегеніме құдай куә (деуге бармын). **Кім-кімге де тек болса екен дейтін қайырымды, қарапайым, тіпті, аңғал, дәрменсіз, қорғансыздау көрінетін Тұқаңның тал бойында қаламгерлік қарым, алғырлық, нәзіктік, байқампаздық дегендер тасып-төгіліп жатпаушы ма еді? Ұтқыр ой, жүйелі сөз жазғандарынан да айқын аңғарылатын. Сөйте тұра, кейде қанға біткен зипалық, жұмсақтық биязылықтан ба, әлдебір өзімшілдерге жеме-жемде айтарын кесіп айта алмай, жеткізе алмай, қипақтап, бүгехектенкіреп қала беретіні болатын. Басы-қасында көріп-біліп, куә боп отырған соң қалай қаның қызбайды. «Ау, неге үндемейсің? Сыбағасын бермейсің бе дұрыстап», – дегенге: «Мен сіз құсап айта алмаймын ғой», – дейтін жымыып қана (жасымыз қарайлас болса да, неге екенін қайдам, маған «сіз» деп сөйлейтін. Бірер**

ӘНДЕРІМЕН ДЕ ТАНЫЛҒАН

жазушы Тұтқабай Иманбеков

жайлы бір үзін сыр

жас кіші Сабырхан Асанов, тіпті, «сіз»-бен қоса «көке» дейтін марқұм).

Міне, сол Тұтқабай туралы енді ол өмірден өткелі он бес жылдан асқанда сөз қозғауға тура келіп отыр. Амалсыздан. Себебі, естелік жазу да, жазбау да ауыр, екеуі де оңай емес. Әйтсе де, тірісінде сыйласқан бауыр-дос жайлы білгенді ортаға салу, мір кем лебіз білдіру артық емес, парыз да. Аруақ үшін, ұрпақ үшін, Тұқаңның рухы үшін.

Бүгінде есімі ел жадында сақталып, мектеп, көшелерге аты берілген Тұтқабай Иманбеков ең алдымен жазушы, анау-мынау емес, қазақ әдебиетінде ойып тұрып алған орны бар дарынды, көрнекті жазушы, қабырғалы қаламгер, дарқан мінезді, кең жүректі азамат! Момындау болмысына сай талай рет шок басып, жүндеу-түрткі де көрген жайсаң еді-ау, **жарықтық.** Тұтқабайдың шетсіз де шексіз шығармашылық әлеміне тоқталмаймыз, өйткені, **біріншіден**, оған онша тіс батпаса, **екінші**, бұл жолғы мақсат ол емес. Замандас, әріптес, адам, кісі, дос, жолдас, бауыр ретінде қандай еді, кім еді, сол тұстарды өз білігімізше мәнзалдап көруге құмбылмыз.

Алдымен Тұтқабайды – өзіне талай айтқан – алғаш қалай білгенім жайлы бірер сөз. 1958 жылы жазда «Лениншіл жас» газетіне жұмысқа тұрып, бөлім меңгерушісі Камал Смайыловтың қоластында қазіргі классик жазушы Қалихан дос Ысқақов екеуміз әдеби қызметкер боп істеп жүрдік. Аядай бөлмеде үйме-жүйме боп отыратын Камалдан басқа Сейдахмет Бердіқұлов, Медеу Сәрсекеев, Хайдолла Тілемісов, Бүркіт Ысқақовтай бөлім меңгерушілерінің қарамағында бір-екіден әдеби қызметкер болады. Күн сайын қарша борап келіп жататын хаттардың жарамдысын қорытып, «мал болмайтындарына» жауап жазып, саралап, реттеп отыру – әдеби қызметкерлер еншісінде. **Шамасы, күздің ортасы болу керек, маған тиесілі жаңадан келген хаттар ішінен ескілеу торкөз дәптердің**

бірнеше бетіне маржандай тізіп жазған біреуі бірден назарға ілікті де, әп-сәтте оқып шықтым. Байқауымша, қырнап-сырнап өңдейтін, не өзімізше қорытып, қайта жазатын ештеңе жоқ, бірден машинкаға бере салса болатындай. Жазған екі автор: Тұтқабай Иманбеков, Кенжебай Бөгембаев. Және хат Алматы емес, әлдебір облыстың әлдебір ауданынан жолданыпты. Бірақ, жазба иелері өздерін Қазақ университетінің 3-ші не 4-ші курс студентіміз, қазір ауыл шаруашылық жұмыста жүрміз депті. Мақала іркілген жоқ, машинкадан шығысымен оқып, Камал ағаға бердім, ол бастықтарға ұсынып, ұзамай жарық көрді. Сол шақтарда студент Әбіш Кекілбаевтан да сондай хаттар жиі келетін. Камал аға оларды бізге билетпей өзі қарап, редакторға ұсынатын да, кідіріссіз жарияланып жататын (*аптасына 6 рет бірнеше бет боп шығатын үлкен форматты газетке материал шақ келмейтіні белгілі*).

Әне, солайша (сырттай) танысқан Тұтқабаймен кейін жақын араласып, «шында да бірге, сында да бірге» жүретін болдық. Рас, екі жылдан соң мен Сарыағашқа барып, біраз уақыт аудандық газетте жұмыстандым. Сонда жүргенде Тұтқабайдың кейбір жаңа шыққан кітаптардың редакторы екенін көзім шалатын да, баспалардың бірінде қызмет істейтінін шамалайтынмын. 1964 жылы көктем шыға Алматыға қайта оралып, Сапар аға Байжановтың арқасында сол кездегі атағы аспандаған «Мәдениет және тұрмыс» журналына әдеби қызметкер боп орналасқан соң, ұзамай Тұтқабаймен танысып, ол маған өзі редактор болған І.Есенберлиннің «Қаһар» романын сыйлады. Ол кітаптың кезінде қазақ әдебиетінің елеулі табысы болғаны аян. Редактор ретінде автор Ілияс Есенберлиннен бастап, сол кездегі талай игі жақсылардан жылы пікір естігенін де айтып жүрді. Кітап сын тезіне іліккен тұстарда таяқтың өзіне тиген бір ұшын да көтере білді. Өз қаламынан шыққан әңгіме, повесть, романдарымен де танылды.

Баспа, газет-журналдарда жұмыс істеген Тұқаң қара сөздің майын ішкен, өткір де жеңіл әзіл-қалжың, афоризм іспетті қанатты сөз тіркестерін табан астында тауып айтуға шебер, өз жанынан шығарған кәдімгі қазақы бата-тілектерді шағын-шағын екі кітап етіп

бастырған сегіз қырлы, бір сырлының нағыз еді. Әндері радио, теледидардан берілетін, белгілі әншілер орындайтын композиторлық қыры өз алдына. Көрнекті әнші, композитор, өнер өкілдерімен етене араласты. Қазақ қыздар педагогикалық институтында өткен ән кешінде солоқу орнының атақты «Айгүл» ансамблі мен өзге де әншілері оның небір ғаламат әндерін шырқады. Композитор Мыңжасар Маңғытаевпен жұптары жазылмайтын. Бақиға аттанардан бір-екі күн бұрын күнұзақ Мыңжасардың үйінде отырғанда тосаптан ауырып, үйіне әрең жеткенін кейін естідік.

Жан дүниесі көлдей кең Мыңжасар, егер, Тұқаң арнайы музыкалық білім алып, соңына түскенде бізді жолда қалдырардай композитор болары тұрған гәп еді деп айтудай айтып жүретін. Ал, Тұтқабай ол қырын онша көп білдірмей, жабықтау ұстайтын (*тек жоғарыда айтқандай, Қыздар институтында өткен бірді-екілі ән кеші демесе. Оған Шымкенттен Қуаныш Төлеметов бастаған бір топ азамат арнайы келген болатын*). Өз басым кейбір әндерін сөзім өтетін басылымдарда нотасымен жариялауға сеп жасап, «Әттең тонның келтесі-ай» дейтін әнін баса насихаттауға талпындым. «Сәл серпіліп, композитор екенінді жұртқа білдірсейші» деп қамшылайтынмын. Ол күлетін де қоятын. Есесіне, кемелденген жазушылық беделі биіктеген үстіне биіктеп, әдебиеттен лайықты орнын алды, бірегей қаламгерлердің бірі атанды. Бұған ешкім таласа алмаса керек. Өмір соқпағы қашанда бұралаң, кедір-бұдырсыз болмайтыны аян. Тағдырдың ешкімге қылдай қиянаты жоқ, дос-жаран, жанашырлары барынша жуас, момын деп ойлайтын Тұтқабайға да күнілгері құрған торы, тәшпін-тауқыметтері алдан шықпай қалған жоқ. Солардың әлі ешкім ауызға алмаған, өзім бес саусақтай біліп, куә болған бір-екеуіне тоқтала кеткен көптік етпес деймін.

Тұтқабай өмірден өткенше баспа, газет-журналдарда істеді (*дедік қой жоғарыда*). Бір жолы жұмыс орнымдағы мен отыратын бөлмеге аяқ астынан кіріп келді де, түсі сәл алабұртып: «Осы жаққа келіп қалдық», – деді мырс етіп. «Келмей жүрген жері емес, бұл не сөзі» деп онша мән берген жоқпын. Соны аңғарды ма екен, «Араға» келдім, – деді ізінше. «Жай ма?» – деппін. «Жауап

ты секретарлыққа шақырып болмаған соң, оны да көрейін дегенім де». Сонда барып санама бірдене жеткендей: «Немене, қызмет ауыстырдың ба?» – дедім. «Иә, жүріңіз, кабинетімді көріңіз», – деген соң 9-қабаттан 8-ші қабатқа түстік. Таныс кабинет. «Құтты болсын». «Жұмыс бітісімен соғамын. Бір жерге барып... нетіп», – деп ол қала берді, мен өзіме кеттім.

Демек, Тұқан «Араға» келіпті. Бірінші бастық қазақ, орынбасары басқа ұлттан, сонда жауапты секретарь Тұтқабай үшінші басшы. Мұнысы дұрыс па, бұрыс па? Өзі дұрыс санаған соң, әрине, дұрыс. «Ара» емес, «Ара»-«Шмель» деп аталатын журнал ресми тұрғыдан Орталық партия комитетінің органы боп саналады. Екі тілдегі тиражы 600 мыңнан асады. Оның сын садағына іліккендердің аман қалатыны сирек. Қызметкерлері шетінен мықты, азулы. Бірақ, жұмыста редактордан бастап, ешқайсысы құтаймайды. Тұңғыш редактор Ғабит Мүсірепов, одан кейінгі Қайнекей Жармағамбетов, ұжымды он жыл басқарған азуы алты қарыс Жүсіп Алтайбаевтан кейінгі редакторлардың бірде-бірі ұзақ отырмай, көп болса, екі-үш жылда табандарын жалтыратып жатады. Себеп пе? Жоғарғы орындар өздері қояды да, бірер жылдың о жақ, бұ жағында өздері сондарына шырақ алып түседі. Редактор тұрмақ, орынбасар, жауапты секретарь, жай қызметкерлер де солай. Себеп пе? «Ара»-«Шмель» ешкімді мақтамайды ғой. Кіл сынайды. Сыналғандар қарап жата ма? Іштерінде дүмі диірмен тартатын дәйлердің бірі болмаса, бірінің «Ара»-«Шмельдің» бастығын да, басқаларын да тоңқалаң астыруға шамасы жетеді (*әрине, Орталық комитетке жол тауып, уәж айтып, тіпті, бармақ басты, көз қыстымен болса да*).


Оның үстіне, кез-келген ұжымның өз ішіндегі алакөздік, бақастық, көре алмау, күндестік, аяқтан шалу да болмай тұрмайды. Сондай-ақ, Жүсіп Алтайбаевтан кейін «Араға» редактор болғандардың ешқайсысы бұрын бұл салада істемеген, сатирадан мақұрым болса. Мұны «Араға» бастық боламын деп ешқашан ойлаған емес едім» дейтін кезекті редакторлардың бірі Қалдарбек Найманбаев та жасырмайтын. Бірақ, ол көп ұзамай орнын тауып, баспаға директор боп кетті. Тағы бір редактор Нұридин Муфтақовты жауапты секретарь болуға шақырғанда, «қабілеті өзімнен

төмен адамға бағынышты бола алмаймын» деп бас тартқаны да шындық-тын.

Мен үшін о баста неліктен, қалай келгені қараңғылау Тұтқабай осындай ортаға тап болып, ақыры өзі шақырған басшының қасақана қудалауына төзбестен қызметтен кетті. Жай кеткен жоқ, көпе-көріне жала жауып, партиядан шығармақ болған (пенсияға шығуға тоғыз ай қалған) бастықты да қапысын тауып, бірге ала кетті. Ала кеткенін қайтейік, науқасқа шалдығып, отыз кило салмақ жоғалтты. Бұл ұзақ әңгіме. Әлдебір күтілмеген қырсық атаулылар ол денсаулығы біраз оналып, «Қазақ әдебиеті» газетінде істеп жүргенде де соңынан қалмады. Сол шақтарда кімде-кім демеуші тауып, мекемеге қаржы түсірсе, 25 пайызын алады деген науқан болмап па еді? Сол тұстарда ойдан-қырдан іздеп тапқан атымтай жомарттардың «қызығын» ептеп болса да, бәріміз де көргенбіз. Тұтқабай 500 мың қаржы түсіріп, 25 пайызы тұрмақ бір тиын ала алмай пұшайман болса, екінші рет газеттің мерейтойына алыстан жылқы сойып, басқа да сый-сияпаттарын алып, артынып-тартынып келген қонақтарға сөз берілмей, мейманханадан орын болмай, салқын қабақ танытылғанына ренжіді. Себебін түсіне алмай дал болды. Бірде редакторға орынбасар боп істеп жүрген қызметі қысқартылды деп, жұмыссыз қала жаздағанда, одақ басшыларының араласуымен құдай сақтап аман қалды. Осы бір жайсыздау әңгімелерді неге деген сұраққа жауап іздеп емес, Тұқан сан рет өз аузымен айтып, мұң шаққанына куә болғандықтан ауызға алып отырмыз. Неге деген сұраққа жауап іздеп қажеті де жоқ. Жауап табылмайды. Өтті-кетті, салауат.

Қой аузынан шөп алмайтын пәк жаратылыс иесі, өзін әрдайым сабырлы да салиқалы ұстайтын, кең пейіл, кешірімді, дарынды жазушының артында бай мұрасы қалды, көңілге медет етер басты жұбаныш сол. Атаусыз емес. Аттестат алған орта мектебі өзінің атында, басқа игіліктер де баршылық. Алда болмағаны болып, толмағаны тола жатар деп сенейік. Тұқанды қадірлейтін ел-жұрт, қалың қазақ орнында емес пе, шүкір. Лайым, солай болғай.

Мәңгілік ұйқың тыныш, иманың жолдас болсын, аяулы Тұқа! Нұрың пейіште шалқи берсін, бауырым!



Игілік ӘЙМЕН,
жазушы

ПРОЗА ЖӘНЕ ПРОЗАИКТЕР

...Әдебиеттің құдіреті сонда: әуелім намысыңды оятып, шабытыңды ұштап, шарықтатып, содан соң – сені көз жетер-жетпес көгілдір көкжиектерге қарай еріксіз дедектете сүйрелеп, арқаңнан итермелеп, жаныңды қоярға жер тапқызбауы керек; еліттіріп, есіңнен тандыруы керек; аспандатып, тұңғыықтатып, жылатып, күлдіріп, нәтижесінде – жсмақта жүргендей немесе тозақта шығжғырылғандай да халге түсіруі керек! АВТОР.

* * *

Біз бүгінгі әңгімемізде «проза» деген не еді өзі» деп, атамзаманнан белгілі байғұстың басын қатырып жатпаймыз («Байғұс» дегенде – көркем сөздің, жалпы сөздің қадірін әбден кетіріп біткендігімізді айтудамыз-да). Прозаиктер туралы, олардың прозасы жайында сөйлейміз. Сөйлегенде – ерекше ескертеріміз – біздің бүгінгі мақсатымыз: Прозаны талдап, тарақтап, шашақтап та шошақтап беру емес; – қандай да бір үлгі боларлық прозаның қай дәрежеде екендігін, оның тұғырын белгілеп көрсету, тізімдік нұсқау ғана.

Біз өткенді де, қазіргіні де есептен шығарып, көк есекке теріс мінгізуден аулақпыз. Білген шындығымызды айтамыз («Бірдеңе» десек – сын айта бастасаң «шап!» ете қалатын қазақы ағайындарға ескертпеміз). Деген де, әңгіменің ашығы – шындықтан аулақтап, сыннан қашақтап, «жабайы-тұрпайыланып» алғандығымыз рас та зой...). Сөйлегенде – шынайы жоғары, идеальді, концептуальді, пафосты прозаны іздейміз. Тауып, атын атап, мақпаздаймыз. Өлшемнің ең жоғарғы сатысы – Биік Пафос! Осы биік пафосты – «Шедевр» дейміз. Пафос – Шедевр (Искусство не допускает к себе отвлеченных философских, а тем менее рассудочных идей: оно допускает только идеи поэтические. Вот эту поэтическую идею и называем – страстью или пафосом. Итак, каждое поэтическое произведение должно

быть плодом пафоса, должно быть проникнуто им. Без пафоса нельзя понять, что заставило поэта (писателя) взяться за перо и дало ему силу и возможность начать и кончить сочинение. Поэтому выражения: в этом произведении есть идея, а в этом нет идеи, не совсем точны и определены. Вместе этого должно говорить: в чем состоит пафос этого произведения? или: в этом произведении есть пафос, а в этом нет. В.БЕЛИНСКИЙ).

Сонымен, біріншіден – Әлем (Батыс) прозасы.

Бальзак, Жюль-Верн, Мопассан, Драйзер, Гамсен, Скотт, Фолкнер, Цвейг, Голсуорси, Твен, Д. Лондон, Хемингуэй, Кафка, Камю, т.т.т. Осы аталғандардың, аталмай қалғандардың, бәрінің де – әлем классиктері екендігі баршаға да белгілі. Мәселе сол, осылардың прозасының ішінен «Шедеврді» анықтап белгілеуіміз керек боп тұр, – «Құдайға ең жақындай түскендерін» (Әдебиет – Құдайдың бір аты). Бальзак – «Шагренуовая кожа». Осы роман – шедеврге жата ма? «Кешегі жалаңаяқтар бір мәментінде ісініп шыға келді. Уақыт өтті. Бір мәментінде бәз-баяғы қалыптарына түсті...» Романның идеясы, концепциясы туралы айтып жату артықтау шығар, – пафосы жайында мүлдем де. Бұл роман – өз заманының болмысын барынша көрсете білген, көркемдігі жоғары, классикалық туынды. Болды, бітті. Драйзер, Гамсен,

Голсуорсилердің концепциялары мықты. Голсуорсидің әсіресе әңгімелері, оның ішінде «Стойкость», «Мода» сияқтылары – «мини-шедеврлер». **Джек Лондонның** «Мартин Иден», «Морской волк» романдарының пафосы бар, бірақ, керісінше идеясы мен концепциясы бұлыңғыр. Джекiмiздiң бiр шедевр әңгімесі – «Любовь к жизни». Идеясы да, концепциясы, пафосы да – «өмір мен өлім...». **Цвейгтің** новеллалары, оның ішінде көптегені шедеврлер. **Хемингуэй.** «Прощай оружие» романының идеясы да, концепциясы да, пафосы да жетерлік; бірақ, бірдеңесі... аздық ететіндей көрінеді де тұрады. Эрнестің үш шедеврi – «Старик и море», «Снега Килиманджаро», «Индийский поселок». Біріншісінің бар сөлі – «Человека можно убить, но нельзя победить» деген жалғыз ауыз сөзде – пәлсапада тұр; екіншісінікі – өмірден әбден сілікпесі шығып, баз кешкен адам; үшіншісінікі – «жалған дүние қасіреті». **Камюдің** «Посторонний» романының жөні бөлек. Нағыз шедевр – осы! Оның нағыз шедевр екенін романның соңында – финалында – түрмеге кетіп бара жатқан басты герой мен священниктің арасындағы диалогтан ғана білесіз.

Жалпы, батыс прозаиктерінің бірінікі – уақыт суреттері я болмысы болса, екіншісінікі – сарай интригалары; үшіншісінікі – махаббат драмалары; төртіншісінікі – тарихи баяндар; бесіншісінікі – бесстселлер, мистика... Айтпақшы, Шекспир ғұлама қалып барады екен ғой. Шекспир – негізінен, ойшыл кісі (Сонеттерінен байқаңыз). Драмаларына келсек – бәрі де бұрындары болған, айтылған базбіреулердің қолымен хатқа түсіріліп те кеткен жәйттер (Біздердің «Қыз-Жібегіміз», «Ер Тарғынымыз», «Алпамысымыз» сияқты). Шекспир тек қырнап, қоюлап, сахнаға ыңғайлаған. «Гамлеттен» басқалары («Ромео-Жульетта», «Отелло», т.т.т.) – ортаңқол дүниелер. Ал, енді, «Гамлеттің» жөні – жойқын! «Зұлымдық – онымен қалай күресуге болар да екен-ау?...» **Бұл – ескірімес те таусылмас ШЕДЕВР.**

Орыс классикалық прозасы.

Гоголь, Тургенев, Чехов, Бунин, Л. Толстой, Булгаков...

Гогольдің «Тарас Бульбасы» – «эпикалық жыр» (Белинскийді қараңыз). Бірақ, бұл да тарихта болған оқиға, автордың өзінің ойлап тапқаны емес. Жалпы, Гоголь – иро-

ник, саркастик. **Тургенев** – сыпайы, сырбаз, мәдениетті жазушы. Үнемі Белинскийге қарап, өзін тексеріп отырған. Прозаларының бәрі де өз-өз орындарында. **Л. Толстой** – кең құлашты энциклопедист. Шындықтың құлы. Оның екі шедеврi – «Хаджимурат» романы, «Набег» әңгімесі. Бұл екеуі – **«Құдайшылық жолмен толығынан жүре білген прозалар».** **Бунин.** «Бунин» дегенде – көзге баттып, бақырайып та тұратыны – «Жизнь Арсеньева». Бұл – роман ба... әлде не? Мұның анықтамасын оның зерттеушісі Паустовский де тап басып айта қоймаған. Біз өзімізше айтып айдарласақ – «толғау». Міне, осы «автобиографиялық» толғау проза – ШЕДЕВР. Сосын, Бунинде шедеврдің де шедеврi бар – «Легкое дыхание» деген екі-үш беттік қана әңгіме-миниатюра! Екі прозаның да **биік пафосы** өте-өте тереңде. **Булгаков.** Бұл өзі дәрігер болған кісі екен. «Египетская тьма» деген әңгімесі – шедевр. «Мастер и Маргаритасы» – «икс-шедевр». Олай деуіміз – түп-негізде *шала (түсініксіздік)* бар сияқты. Себебі, **«Иса пайғамбар крестке керілмеген...»** (Қараңыз: Құран-Кәрім.3-Әли ғымыран сүресі. 54-аят; 63-ші аят).

Ия, ұлы ақындар Пушкин, Лермонтов жарықтықтардың прозалары жайлы да бірер сөз. Пушкин «Капитанская дочкасын» былайша жаза салған сияқты. Сонысының өзі – классика. Ал, Лермонтов «Герои нашего времени» «автопортретіне» шындап шұқшиса керек. Шедеврдің – шедеврi! Бұл прозаның да идеясы, концепциясы, пафосы – жеті қат жер астында. Ізденіп, еңбектеніп, таба біліңіз («Шайнап берген ас болмас»).

Енді, өзімізге – негізгі мәселемізге – қазақы прозамызға келелік.

Қазақ қара сөзіне, шартты айтқанда – 100-ақ жыл. Осы аралықта «топ жұлдыздарымыз» болды, «тоқ жұлдыздарымыз» болды. Топ жұлдыздарымыз жанып, сөніп жатты. Ток жұлдыздарымыз жарқырап тұр (Бірақ-та... жадсыз да керіағар халықпыз ғой...). Алғашқы тоқ жұлдыздарымыз – Жүсіпбек Аймауытов, Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезов, Саттар Ерубаев. Кезінде, өздерінің оншақты жас үлкендіктеріне қарамастан Мұхандар Саттарды қолдап, қостап, ал, кейбірлері «ағалап» та, жолына қарайлаған екен (*Мұның анық-қанығын білгісі келетіндер – қазіргі көзі тірі Тұрсынбек Кәкішов ақсақал-могиканға соқсын*).

Саттар бар-жоғы 23 жыл (бір деректерде 24) ғұмыр кешіпті. Ленинградта жоғары оқу бітіріп, аспирантурада дәріс алыпты. Қазақ жазушыларына, оқырмандарына әдебиеттің бар саласында там-тұмдап болса да жазып, үлгі-өнеге көрсетіп кеткен. Әттең «қызыл уақыт» болмағанда, әттең тағы да біраз өмір сүргенде... Әттең! Әттең! Қу әттең-ай!.. «Менің құрдастарымның» – «қызыл» жағын есепке алмайық. Саттар сол кезеңде ғұмыр кешсе, оған кімнің қандай шарасы бар?.. Тағы бір сормаңдай әттең – роман аяқталмай қалған... Саттардың «мәңгілік өмір» туралы новеллалары, балладалары – классика. Кімде-кімде, Саттарда «пафос» дегеніңіз жетіп-артылып, асып-жығылады.

Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын батыстық білгірлер «этнографиялық роман» деп атаған көрінеді. Біз де соған қосыламыз. Мұханның кең пономрамалы көркемдігіне ешкімнің шәгі жоқ болар. Ал, идея, концепция жағына келгенде... Мұхтар Әуезовтің повестері – классикалар. Биаған – Бейімбеттің прозасы сом табиғи классика. Әдебиетке – әңгіме жанрына жаралған, Құдай өзі құйып қоя салған. Алғашқы қарлығаштардан кейінгі классиктер – Тәкен Әлімқұлов, Асқар Сүлейменов, Қарауылбек Қазиев, Оралхан Бөкеев, және де, бүгінгі – Дидахмет Әшімханұлы, Рахымжан Отарбаев. Бұл тізімге – Бердібек Соқпақбаевты, Сафуан Шәймерденовті, Ақан Нұрмановты телуге болар-ды...

«Ау, анау қайда? – мынау қайда? – онау ше?..» дерсіздер жапа-тармағай, өретүрегеліп. Айталық: анау «Ғаббас көкемдер» – көркем баянгерлер; мынау «Қаббас жәкемдер» – қарабайыр баянгерлер; онау «Сәббас үкемдер» – «ерінбеген етікші боладылар»; қалғандары, жаппай – тарихи да шежіреәуи жазбагерлер. Ия, тілге тиек етерліктер, өз бет-бейнесі барлары бар, болған, бола да береді. Бірақ, біздің бүгінгі әңгімеміз олар турасында емес қой... Деген де, бүгінгі сөзге тұрарлық бірді-екілерін атар болсақ, олар – Тынымбай, Таласбек, Нұрғали, Ділдар, Заря, Айгүл... Осымен, шегінісімізді аяқтап, негізгі әңгімемізге оралалық.

Тәкен – текті де түбірлі тұқым. Тұғыры биікте. Бұлақ та түбінде теңіз болса ғана атқылап шығады ғой; сөйтіп, кемерінен асып, жан-жағын нәрлендірер де нұландырар. Асыл да нәсіл жаратылған

ағамыздың бар прозалары – классикалар ғой. Әсіресе, оның күйші-қобызшы дана аталарымыз жайлы жазылған сериалды повестері – тұнып тұрған «эпикалық жырлар». Ал, «Қараой» әңгімесі – Тәкен тұғырының шоқтығы! «*Мықты рух мәңгіліктен қауышады...*» БИІК ПАФОС – ШЕДЕВР!..

Асқар Сүлейменов. Асқардың «Бесатары» («Бесін») – сол кездің жаңалығы (Қазір де, келешекте де құнын жоғалтпайтын). Біріншіден – ойы; екіншіден – композициясы. Ғабит Мүсірепов көкеміз ескерткендей аздап қыландары бар... Асқар – «*жалт етті де жоқ болды*» (жақсы мағынасында) – біртуар тұлға. Оралхан Бөкеев те дүниеге бір келе қалған ардағымыз. Тәкен, Асқар, Қарауылбек сияқты – Оралхан да «қызыл саясатқа» ұрынбай, жаңбыр-жаңбырдың ара-арасымен болса да жүріп-тұрып, адалынан жазып, арқасына таза дүниелер қалдыра білді. Тек «*көптеу*» жазып қойды ма екен-ә?..

Қарауылбек Қазиев. Шіркін-ай, қандай кірпияз да кішіпейіл, таза жан еді!.. Ойға орала қалған бір мысал: «Иманжапырақ» повесін алып қараңыз. Тексеріп шығыңыз. Диалогтарында бір де бір «*деді*» деген (біздің өзіміз «деген»-ді қосып отырмыз ғой) шылау сөз жоқ қой!.. Қарауылбектің «Иманжапырағы» да, екі беттік қана «Ақ бантик» эталон-әңгімесі де – һәм классика, һәм шедевр. «Иманжапырақтың» алапат пафосы повестің он бойында гейзерлі жерлердің жынысындай бүлкілдеп қана тұратын болса, «Ақ бантиктің» пафосы – мызғымас, сірескен сендей!..

Рахымжан Отарбаев – қазіргі өндіріп те өсіріп жазып жүрген («классиканы») бірден бір прозаигіміз. Оның «Аспандағы ақ көбелектер» әңгімелер жинағы қай-қай сыйлығыңызға да әбден лайық еді. Жолбикелерден жол тиер емес. Рахымжан – кең құлашты, терең тынысты жазушы. Оның «Бәйтерек» әңгімесін оқып отырғанда – кең форматты кино-эпопея көріп жатқандай әсерде боласыз. Үш-төрт беттік әңгіме – былайғылардың үш-төрт томынан садақ. Рахымжан таза ұлттық – халықтық жазушы, – тілі бай, ойы өрелі, зейіні зерек. Сонысымен бірге, тілі ащы да. Өте ащы! Ащық та, жабық та шағады. Енді қалай? «*Қу өмір...*» Баяғы сол, атаңыз: «*Ұлы сия, ащы тіл – не жазып кетсең өзің біл*».

Дидахмет Әшімханұлы. Кәдуілгіөзіміздің Дидаш ағамыз. Бірден айталық – ар-

ұяттың, намыстың, жауапкершіліктің адамы. Қаншама жылдарын сарп еткен – қаншама шығармаларын лақтырып тастаған. «Оңайлықпен» дейсіз бе? «Іштен шыққан шұбар жыландарыңызды» Сіздер сөйте алар ма едіңіздер?.. Осы күндері сирек жазады. Сирек те болса – дөп те нақ жазады. Таза – қылау-шылаусыз жазады. Стилист!.. Дидаш ағамыздың қа-а-а-йбір жылдарғы «Самырсын сазы» әңгімелер жинағы – классикалық дүниелері де елеусіз қалды-ау дейміз. Өткен жылдары екі проза берді. «Ақшоқы», «Жынды жел» әңгімелері. Екеуі де классика – шедевр. Әсіресе, «Ақшоқы» – **ӘЛЕМДІК СОМ ШЕДЕВР!** «Ақшоқының» пафосы – **аспандық пафос!**..

Мінеки, Сіздер мен Біздер үлгі алар, өнеге тұтар – Әлем, Орыс, Қазақ прозасының тізімдік нұсқасы. Ендеше, «Сәт-сапар!» дейміз-дә. «Дейміз-дә» деп екіұдайлана сөйлеуіміздің себебі... жә, тыңдаңыздар, «напоследок»:

Біз бүгінгі бұл әңгімемізді не үшін қозғадық? Не себептен?.. Маңдайының соры бес елі, қасіретті қазақы қара сөзіміз үшін!.. *(Шынайы шығарма «жоқ» болса – бір сәрі зой. «Бар» зой – бар! Көрмейміз – қасақана көргіміз келмейді! Өзіміз көрсоқыр я қасақана көрсоқыр болсақ – халық бейшараны да танауынан сақиналап, мақау қылып, ыңғайымызға жүгіндіріп алғанымыз тиймді-дә... Осындайда есіңе түсіп, көз алдыңа арман боп елестейді екен – сонау Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Белинский... әруақтар: Құдай берген шығармашылық қуаттарының арқасында Ресейде «крепостнойлықтың» жойылуына орасан себепші болып, халықтың көзін ашқан).*

Қараңыздаршы – бір сәтке де болса аспан тұңғиығына үңіліп алып, Құдайшылық көзбен қараңыздаршы: Бүгінгі (бұрынғыны қойдық) әдеби басылымдарымыздағы үздіксіз жарияланып жатқан «қарасөздер» не өзі? Проза ма?.. Егер де, соларды «проза» дер болсақ, онда, барар жеріміз белгілі («сабанхана») боп қалған екен... Біз «үлкен кітапты» ұстап тұрып-ақ айтар едік: Бүгінгі әдеби басылымдарымыздағы «проза» айдарымен үздіксіз жарияланып жатқандардың **98 пайызы – «ХАЛТУРА!»** Құдайым-ау, болар елдің тірлігі ме бұл?! Ал, біздікі

өтірік болар болса, «Құдай өзі шауып алсын»... Бір-ақ мысал, қайбір жылдары «Қазақстан» телеарнасының «Шынның жүзі» бағдарламасында талантты жорналшы Қасым Аманжолұлы Қабдеш Жұмаділов көкесіне: *«Көке, сіздің «Бұқаиштың бұқасы», «Құдайдың күркесі», «Жемдеген қырғылар», т.т.т. толып жатқан «әңгіме» деп дабырлатып жүргендеріңіз – «кәдімгі көкқасқа мақалалық дүниелердің өзі» емес пе? Қапелімде жаңылысып кеткен жоқсыз ба?..»* деп тігінен де төтесінен сұрақ қойды. Сонда, Қабдеш көкесі (бір Қабдешкеңнің ғана атын атап жатсақ – барша «бәкен-жәкендерге» де бағышталып тұр екен-ау деп тұрасынан түсініңіздер) не деді дейсіз ғой. Үдеріп, қозғалақтап, қолдарын серместеп, орнынан қанатсыз-ақ ұшып кетердей боп: *«Жоқ-ә! Олар менің бұл өмірді суреттеген ұлыауи шедеврлерім зой!!!»* деді. Енді, қалғанын өздеріңіз түсіне беріңіздер...

Топ, топ, «корпоративтік» белең асқынып барады. Жәкелерін жағалайтын жандайшап жағымпаздар жетерлік қой, – осы күндері жәкелеріңіз жалдап, алдап, зорлап жаздыратын (мадақтататын) болды. Со-о-о-нау бір жылдары, бүгіндері селкілдесе де бақуат жәкеміз, өзіміздің «Герағамызды» Аралдың бір пұшпақ аралына апарып бір ай қамап «шедеврін» орысшаға аудартқан екен. Енді, мыналар біздерді де зорлап, қамайды ма?.. Қорқатын болдық-ау. Жақында ғана бір «ер де өр» үкеміз телефонда: *«Жазбасаң» – КЕТ!* деді, – о баста «өле-өлгеніше бірге боламыз» деген ақтық сөзі болса да нан ұстап тұрып айтқан. *«М-м-м, қайда кетеміз? Біз кете қалғандайда жерлері кеңіп, жетісе қалар ма екен, ә-а???»* («Жазбасаң кет» дегіш үкелерімізге, басқа да «корпоративтік» көке-жәкелерімізге ораламыз әлі-ақ Құдай қаласа. Жақсылап тұрып ораламыз!.. «Күрес! Мәңгілік күрес – сайтандықпен!..»)

Біз бұл әңгімемізді біржағынан үмітпен де жаздық. «Үмітсіз – сайтан». Себебі, «Өнері, Әдебиеті өлген (саудаға түсіп кеткен) ел – ешқашанда ел болмайды». Мұны айтқан біз ғана емес, біздерден де бұрынғылар...



Тұрсын ЕЛЕУСІЗҰЛЫ,
жазушы

Алғы сөз

Сағати көзбен болашағыма барлау жасасам шалғайдағы Италияның айнасы Тосканианың гүлбағы – Флоренцияда боламын деп осал талматүсіме де кірмеген еді. Сапарнамам сәрауар– пір, үлгі тұтатын қасиетті кенжем Динараның әкесіне деген құрметі арқасында іске асты! Ол жарық дүние есігін ашқанда:

*Жайдарлы үніңмен,
көңілімді аулайсың.
Айналдым өзіңнен –
өзімнен аумайсың!
Баптаған гүлімсің,
ауламда қаптаған.
Жазбаған жырымсың,
ұйқасын таппаған.
Боларсың данышпан,
ойлайтын тереңнен.
Даңқыңды алыстан –
армандап келем Мен! –*

дегенім бар-ды. Соның аз да болса іске асқанына, Алла тағалама тағзым етемін! Соның қамқорлығының арқасында Алматы әуежайынан сондай-ақ, Еуропаның мәдени астанасы – Ыстамбул мен Боливия қалалары арқылы Флоренцияға аяқ басқанымды иншала басқаларға гибрат етемін.

Алғы сөздің басталуы осы!

**Өмірдің мағынасы ән ұраны –
аңыз, ертегіден тұрады**

**Пролетариаттың ұлы жазушысы
Максим Горький патшалық Ресейдің
қудалауынан пана іздеп, 1906-1913 жылда-**

ИТАЛИЯ ТУРАЛЫ АҢЫЗ БЕН АҚИҚАТ

ры Италияда жүргенде автордың сөзімен айтсақ, XX ғасыр басындағы Италиядағы өмірдің нақты суреттерінен сыр шертегін ертегін жазады. «Ертегіде» кітаптың басты кейіпкерлері еңбекқор халық екенін қарасөздің күдіретімен нақты түйіндеген. Өнер алды қызыл тілмен, хас жүректен шыққан ішкі сезім әуенін сыбызғыдан шыққандай сыңғырлатып, Италиядағы қатал шындықтың бет пердесін ашыпты. Табиғат дарытқан өнерінің алдында тұрмыс-тіршілігінің көрінісі арқау болыпты. Иә, көңілдегі орыс қаламгеріне еліктеген ой-тілегімнің қайсыбірін айтайын. Одан да содан бері ықылым кезеңдер өтсе де қаламгердің кейіпкерлерінің шырқау биіктерге көтерілгенін оқып, олардың бүгінгі әлеуметтік-қоғамдық қатынастары, салт-дәстүрінің өресіне танданып, ұлы қаламгердің 1911 жылы жазған «Үйлену» деген әңгімесі ойға оралады. Онда Рим мен Генуей коммуналары арасына қатынайтын пойызға мен сияқты жасы ұлғайған қарт кіріп, жайғасқан соң:

– Қайда барасыз, – деген сауалға жымия күліп, тіссіз аузын асқита ашып:

– Үш аялдамадан соң түсемін. Немеремнің үйлену тойына бара жатырмын! – деп басынан өткен қиыншылықтарын: он үш жасында әкесі қайтыс болып, анасы сырқат екен, содан дәрі-дәрмек пен қарыздарын өтеу үшін әкеден қалған жер мен үйін сатып, күнкөрісі қыл үстінде тұрған шақта өмірге құштарлығы мен жастық шақта кез келген жұмыс атқара алатынын танытып, он тоғызға толғанда өзі сияқты кедей Идаға үйленіп, сондай-ақ, тегеурінді, ісі мығым жұбайы отбасы, ошақ қасы функциясының шеңберіндегі шараларға орысша частушқасы:

«... Я и лошадь, я и бык,

Я и баба, и мужик...» айтып, әзілге беріліп, ыйықтарындағы ауыр жүкті әйел мен еркектің сезім махаббатымен жеңгендерін айтып, Солтүстіктегі Лигуриец тұрғыны ширақ қимылмен пойыздан түскен. Мен де лигуриецтік шалдай әлі де мығым, өмірге құштарлығымды және қызымның отбасылық тұрмыстық жайын өз көзіммен көруге құмартқаным – ақын Олжас Сүлейменов айтқан: «Қазақтар нағыз толстойшыл халық» дегеніне қарсылығым емес, өзімді қысқа әңгімелерімен жанымды баурап алған, оқиға желісінің мәйегін шаққан чеховшылар қатарына жатқызамын. **М. Горькийдің «Сказка об Италии» кітабын біріне-бірі ұқсамайтын, алайда эмоциялық әсері жадынан қалмайтын жиырма жеті шығармалары ішіндегі ең үздігіне жатқызамын! Осы әңгіме санамды сан жаққа жүгіртеді. Сезім-түйсігімді қайшылағандай қиялымды желпілдетеді. Ақырзаман туралы көп айтылатын кезеңдегі Ғаламшардағы мемлекеттердің ішкі саяси өзгерістері, әлеуметтік процестері, АҚШ-тың мұсылмандарға деген көзқарасына байланысты қайшылықтар, әртүрлі діни секталардың жетегіндегілермен күрес – әмбесі бір тамшы көздің жасындай горькише болашақты жорамалдап жаза алатындай кейіпкерлерінің де айта алатындай сөздерінің жетіп жатқанын аңғартады. Мен де сондай кейіпкерлердің бірі екенімді қатты сезінгендеймін. Бас құдам, қызымның жанжары Франческоньң әкесі Агостиноға, оның екінші ұлы Робертоға қазақи шапан кигізуге асығып келемін. Сондай-ақ, жиендерім, орысша-қазақша сөйлеуді анасынан үйренуге талпынған Марко мен Андриэнің бетінен сүюге құсша желпінемін.**

Тамыздың 29-да таңертең Алматы әуежайынан Ыстамбулға бағыт алған әуе кемесіндегілерше сыртқа қарасам: арайлап атқан таң шапағының бояуына кенелген табиғат жыл тәулігіне екі мәрте гүлдейтінге ұқсайды. Жазғытұрым айнала-төңірек ақ ұлпадай гүлге бөленсе, ал, қазір сары-қызылт гүлдер құлпырған, әсіресе, өрік ағашына дүрбімен

қарасам жапырағы түгел гүл болып кеткендей. «Қып-қызылау, қып-қызыл!» деп мен таңғалғанымша әуе кемесі бұлттың үстіне көтеріліп, жер-әлемнің бетіне ақша бұлт шымылдық жапқандай...

Бес-алты сағаттан соң бай мәдени мұрасының арқасында әлемдік метрополиялар арасында ерекше орын алған Ыстамбулға қонғанымызда әуежайдың айналасы алтын сәулеге шомылған, үлбіреп мизам ұшқан, ашық реңге малынғандай әрлене, шымқайлана түскен әсем көрініске тап болдық. Жиын-терінің соңғы айы қазанға дейін бар шаруасын жайлай алмағандарға табиғат қосымша мәулет бере алмайтындай. Піл сауырлы қара жер барын бергендей, рахат құшағында дамыл тапқандай. Ырызқты даланың думаны тәмамданып, ендігі жерде екбеккер елдің сапардағыларын көңілді қарсы алатын сабан тойы басталғандай түс береді. Әуежайдағы ығы-жығы халықтан аяқ алып жүргісіз, тек түрік тілінде ғана сөйлесетіндерден онды жауап ала алмай, орыс тілінде немесе қазақша тілдесетін жан таба алмай түн жарымға дейін қатты қиналдым... Содан жас кезімдегі бастан кешкен жетімдігім ойға оралып, көпшіліктен бөлектену, оңаша Болонияға ұшатындарды тіркейтін жердегі жолаушыларға қосылып, жолсапарда серігім болған, 1977 жылы Саратов қаласында жарық көрген М. Горькийдің «Италия туралы ертегі» кітабын ақтарып, ойымды кейіпкерлердің шытырман оқиғаларына бұрдым. Жазушының рухани кеңістігі мен интеллектуалды танымдылығы, нағыз сенсациялық ізденістерінің шындыққа айналғандарын көңілге тоқыдым. Италия туралы тәмсілдерінің өресі аса ауқымды, бояуы қалың палитрасы «Пармы балалары» әңгімесіндегі теміржолшылардың жалақыны арттыру туралы Гену қаласындағы бекет алаңына жиналғандар арасындағы теңізші, генуелік Христофор Колумб (1446-1506) ескерткіші маңында, ол Американы қалай ашқаны жөнінде таласып, сөз жарыстырып жатқанда Италиядағы ұлт-азаттық көтерілістің көсемі Гарибальди Джузепп (1807-1882)

туралы Гимн әуені шырқалып, әуезге қосылғандарын өткір тақырыпқа айналдырып, шынайы шығарма жазып қалдырғаны, қажыған ойымды сергітті. Ақыры түн жарымда әуе кемесіне жайғасып, Ыстамбулды артқа қалдырдық. Жерорта теңізінің үстімен етіктің қонышындай көрінген Италия аспанында қалықтап, Сицилия тұсынан Болония әуежайына қондық. Жолаушылардың соңында тысқа шықсам мұндағы жаз шалғыны мол өскен жоталар мен күйкалы қойнаулар маған ашық рең танытқандай әрлене түскен. Өне, алғашқы әсерім сол-ақ екен неше түрлі: негр, мулат, тағы басқа ұлттардың арасынан Динарамның ұшқан құсша желпініп:

— Көке, «коме стай?!», — деп құшақтағанын байқамай да қалдым. Мен де италянша:

— «Милле грация!» Рахмет, жақсы! — деп екеумізде қуанышқа бөлендік. Ол жеңіл мәшинесіне жабдықтарымды салып, әуежайдан жүз шақырымдай Флоренцияға жол тарттық. Маңайыма қарасам мұнда да ерсілі-қарсылы ағылған жеңіл және жүк мәшинелер толқынды теңіздегі шағалаларға ұқсайды. Рульдегі қызым мығым, көңілі шалқыған, тым көңілді. Мен болсам шыбын жанымды шүберекке түйіп алғандаймын: «О, Жаратқан! Өзің сақта жол апатынан, ағылған көліктегілердің бәрі де аман-есен калаған жерлеріне жетсе екен!», — деп іштей мұсылмандығыммен жан эволюциясының негізіне басамын.

Шынында, Италия жайдарлы қысы мен тамылжыған жазы өзгермейтін, өсімдіктері әртүрлі, жоталары таулы-тасты, ғажап көлдері көп екен. Егістіктерінде жүзім, жүгері, қауын-қарбыз көрдім. Флоренциядан он екі шақырымдағы үйлеріне жақындағанда күйеу балам Франческо «Папа» деп, жиендерім Марко, Андриэ өрістен қайтқан төлдерінің аналықтарына маңырап жүгірген қозылардай «Аташка, привет!» деп қарсы алды. Білген италянша-орысшамды қосып мен де: «Нон чэмале, неплохо!», — деп беттерінен сүйіп, жиендеріммен қауыштым. Олар: «Прэго!» (Пожалуста, проходите!)

деп жеміс ағаштарының саясындағы екі-үш қабатты үйіне кіргізді.

Италиядағы кездесулер Еуропа өркениеттілерінің нағыз ертегісіндей күй кештірді. Соның ішінде, Флоренция қос жанарымды баурап, әсем көріністерге деген ыстық сезімдерімді оятып, әдемі әйелдерге құмартқандай ерітіп әкетті. Қайта өрлеу дәуіріндегі сәулет пен мүсіндеу өнері озат талабынан туындаған заманауи мұражайлар, бейнелеу өнерінің кейіпкерлері тіріліп келгендей қиыла қарап: «Мені де еске ала жүр, саяхатшы?!» дегендей қиял-қанатыңды оятады. «Біз де сендей одүниелік болғанда, бізді ешкім елемес» деген қазымыр ойға батырды... Әлемдегі бизнестің қарыштап дамып, рухани жетістіктерді екінші орынға сырғытқанына қарамастан италияндықтар өз мәдениеті мен салт-дәстүрін таза сақтағанға ұқсайды. Неше түрлі ұлттың қаны мидай араласқандықтан болар, шетінен алғыр да іскер, әдетіне салты сай тез өркендегені байқалады. Жаңадан өркен жайған айдай әлемді ғажайып құрылыстары, болашақ бағдарламаларымен таңдандырған Қазақстан Республикасы дегенде ынтымағы жарасқан елімізге ықылас-пейілдері жарқын және де шетінен үйірле кетеді...

Қызым екі ұлы мен мені мәшинесіне отырғызып қаланың көрнекті жерлерін көрсетуге шыққанда жол-жөнекей күртік мұрынды жыбырлаған шомба қарт жолығып, жол шетіндегі егістігіндегі қауын-қарбызынан дәм татырды.

Сосын, бетіме бадырайып қарап:

— Ұлттың кім? — деді.

— «Ио парло лилальяно!» — дегенімде ол қалайша, — деді таңданып.

«Я говорю по-итальянский» деген орысша жауабымнан басқа ұлтқа баласа керек...

— Қазақ деген көшпенді халық, бүгінде бүкіл әлемге танымал. Еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ширек ғасыр бұрын тәуелсіздігімізді жариялады.

Ол:

— Онда үлкен коммуна ма? Қандай

дінді ұстанасыздар? – деп сұрақтарын жалғастырды.

– Жеріміз ұшан-теңіз, оған бірнеше Франция немесе бірнеше Еуропа мемлекеттері сыйып кетеді. Мен мұсылман.

– Бұрын жалшылық шаруа мен шұғылданған көпшілігіміз құл болғанбыз. Ал, қазір барлық дәулет, жер мен су да – халық игілігінде. Көп сөйлеп кетсем сөкпе? Ел-жұртындағы мен сияқты шаруаларға сәлем. Италиянша: «Аррив эдэрчи!» деп қоштасты. Ол орысша «Досвидания» деген тілегіне менен бұрын жиендерім қуанды. Жұмыр жердің сонау бір шетіндегі католик дініндегі бүтіндей басқа бір жаратылыстағы елдің көпті көрген қайраткер шалымен сұхбаттасу көңілімді рахатқа бөледі! Құдайға шүкір, жанымдағы жиендеріме де лұғат әсерін танытқандай болды.

Мұнда жыл бойы жаз. Өсімдіктер көгереді де тұрады. Қызыл-жасыл гүлдері құлпырған ағаштардың бір бұтағы сәл солғын тартса, қаңтарда қайта шешек атады. «Шіркін-ай, Қазақстандағы бар түбектер үнемі осындай солмай көктеп тұрса ғой деп армандадым». Оңаша ойым отаным деген сүйіспеншілігімді оята түсті...

М.Горькийдің «Италия туралы ертегісінен» оқып, көңілге тоқығандай әр шығармадағы кейіпкердің өз кезеңі барлығын ұқтым. Иә, М.Горькийдің шығармасында бәрі де айтылып, қағазға түскен сияқты. Оның мана жолыққан кейіпкерімен менің де сезімтал жүрегім қоса соққандай. Неге солай толғап жаза алмай келе жатқаным үш мың жылдық тарихы бар көшпенділігім кінәлі емес, өзімді қитарқы сындармен жерден алып, жерге саламын. Дөмегілігім басылып, арда туған дана қаламгердің данағой рухына бас иемін! Орыстың ұлы қаламгерлері: А.Блок, Ф.Достоевский, А.Герцен, Н.Гумилев, А. Ахматова, композитор П. Чайковский шабыттың шырқау биіктеріне «Ойпырмай, ә!» Флоренцияның Арно өзенінің бойында қанат бітіргендеріне әлі қайран қаламын! Соған қоса Пиза қаласындағы Санта-Ма-

рия сарайындағы көздің жауын алған суреттері. Атақты Рафаэль мен Пьеро делла Франческо мен Боттичеллидің бояулары келісті қыл қаламның полотниолары – өнердің нағыз меккесіне айналған! Жерге ауып, құлағалы тұрған Пизан мұнарасына сүйеніш болғысы кеп ынтыққандар қаншама! Ал, мен байқұс Бауыржан Момышұлының баласы Бақытжан Момышұлының «Восхождение к Отцу» кітабын ұстап, Ұлы Отан соғысы кезіндегі Мәскеуге 200 шақырым қалған фашистерді тойтаруға бар күші мен намысын жаныған қазақтың нағыз ер жүрек Батыры Бауыржан Момышұлының ерлігі туралы жанымда тұрған Молдавиядан келген Наташа Андронинаны сөзге тартқанымда ол: «Кітапта 28-гвардияшы-панфиловшылар ерлігі туралы жазылғанын оқығам. Өткен жылы Алматыдағы туыстарыма қонаққа келгенде олардың атымен аталатын саяжайдағы соларға арналған алау – ескерткішке гүл шоқтарын қойғам» – деді. Қазағымның даңқты Батыр ұлы Бауыржан Момышұлының ерлігін мақтанышпен қасындағыларға әңгімелеген Наташа қазақстандықтарға аман-есендік тілеп қоштасты.

Флоренцияның оң жақ беткейіндегі Физаоладағы ауласында алма, жаңғақ, алмұрт, тағы да басқа жеміс ағаштары мен әр түрлі гүлдері құлпырған жасыл желектерге су құйып, ауланы тазалап жүрген қос жиендеріме қосылып, шиден жасалған сыпырғымен шаң-тозаңды сыпырып қолқабыс жасадым. Қоян-қолтық көршілестер, көшелерде әрі-бері жүргендер жатырқауды білмейді. Ақ жарқын күлімдеп тұрған адамдарды көрдім. Мейірлене. Флоренция маңындағы саяжайдағы жас-саулы дастарқанда Франческоның әкесі, менімен күрдас 78-ден асқан Агостина мен оның екінші ұлы Робертоға қазақ шапан жауып, бастарына бұрынғы хандарымыздың қалпағын кигізіп, ұялы телефоныма салтанатты сәтті бейне көрініске түсірдім. Тағдыр қосқан құданың жұбайы Жулия, екінші ұлының

жұбайы Венильда сөздерінде Италия мен Қазақстанның қарым-қатынасындағы өзара экономикалық қатынасқа ұлт пен дәстүр айырмашылығымызға қарамастан мәдени ынтымақтастығымызға саймаса келетін, «заманақыр таяп қалды» деген алып қашпа сөздерге тұсау қоятын құда-жекжаттық қатынасымыз нығая түсіп, біздің де әлемді таңғалдырған Тәуелсіз Қазақстан Республикасына барып, құрмет көрсетер күнді асыға күтеміз деп қысқа да мағыналы тілектерін білдірді.

Халық көп жиналатын әкімшіліктің алдындағы сәулетші Алимондо Чиампенидің (1876-1939) барельефі сонадайдан көз тартады. Шамамен 17948 тұрғыны бар мұндағылардың көпшілігі екі қабатты бау-бақшасы бар, өз күшімен салған үйлерді паналап, тиімді ауыл шаруашылығы дақылдарын егумен айналысады екен. Жүзімдіктен жиналған мол өнімнен дәмі ауыздан кетпейтін шараптарын басқа мемлекетке шығаратын болыпты. Бау-бақшадағы шұғыл жұмыстарын тындырып болған соң қарттардың көпшілігі шағын көше шетіндегі демалыс кафелерінде бас қосып, теледидардан әр түрлі қызық оқиғаларды тыңдап, футбол жарыстарын көріп, әлемге аты-жөні мәшһүр суретші Гаспаро Насуто, тағы басқалардың өнерлері жөнінде естігендерін басқаларға айтып, газеттегі суреттерін көрсетіп, жерлестерінің табыстарына ризашылығын бала-шағаларына үлгі етеді. Мысалы, 2013 жылдың жазында Алматыда өткен қуыршақ карнавалында суретші Гаспаро Насуто «Ең үздік әртіс» атағына ие болғанын қасындағы қуыршақ өнеріне мән бермейтін дилетанттарға айтып, таң қалдырғанның куәсі болдым қастарында отырып, газеттерін ақтардым. Тілдерін жөнді ұқпасам да жымыйып күлімдедім.

Соңғы шегініс немесе көргендерімнің жалғасы

Италияны іштей ұнататындардың қатарында ақын И.Бродскийді ерекше атап өтуге тұрарлық. Ол бұл жердің әсем өзендері мен жанынды рахатқа бөлейтін табиғат көркіне ерекше ғашық болған. Оның жырларымен

қазақтың Мұқағалиындай дүл-дүл ақыны Аманхан Әлімұлы таныс па, жоқ па білмедім. Алайда, отандасымның жас кезінде жазған «Алма ағашы бүр жарғандағы» төмендегі шумақтары:

Табиғаттың бұлжымайды заңы кіл,

Ақпан өтіп шешек атты тағы гүл.

Өзендердің бүйректері бүлкілдеп,

Еркіндікті аңсап жатқан шағы бұл, – деген алғашқы шумағы И.Бродскийше жырлағандай әсер етеді... «Көңілім заһирасына салдың ұя» деп Абай айтқандай, осындай жырлар жазған қос ақынды Ғазизаға балаймын, ғибадаты мол ғайнол-хаят мәңгілік жыр бұлағындай көремін! Раунақ нұрдан жаралғандай сезімді селт еткізетін қос елдің ақындарын өресі биік индивид, әрі дербес уникалға жатқызамын!

Композитор П.И.Чайковский дөкілше (алғыр құстың бір түрі) мәттақам, әрі сәруар пір жел соққанда қамыстың әуезін тыңдайтын қайым еліктегіш болған. Ән шығаруға қолайлы жерім деп Флоренциядан бауыры Модестуға жазған хатында ішкі эмоциясын тежей алмайтын сәттерін ашық айтқан. Бірінші би – халық, екінші би – тарих екенін қатты мойындаған италияндықтар шет елдіктердің жағдайына көңіл бөлетіндері, қолайлы жұмыс табуына мүмкіндіктер жасауға, тілді меңгеруге тегін курстар ашып, қоғамға жедел сіңіп, адаптациялануға септесетіндігі көңілге қонымды! Соған қоса жоғары оқу орындары мен орта білім алатын ұжымдар жанынан орысша сыныптар ашылған. «Радуга» сыныбындағы оннан аса балаға Ирина Владимировна Двизова дәріс береді. Орыс тілін тез де жетік меңгеруде шәкірттерінің ата-аналарының көмегі зор екенін, олар балаларына кешкісін жатарда орыс ақын-жазушыларының шығармаларынан өлең, тақпақ және ертегілер оқып, үй тапсырмасын орындауларына жәрдемдесіп тұратынын айтты.

А.Пушкин, М.Лермонтов, А.Фет, Ф.Тютчев, Н.Некрасов шығармаларынан үзінділер келтіріп, түсінбеген жерлерін италиянша айтып отырған Динар ұлдарының ұйқыға кетер алдында Марко мен Андриэни беттерінен

сүйіп, шамды сөндіргенін байқадым. Орыстың ұлы ақыны А.Пушкиннің де өзін аялап, баптаған нянясы Арина Родионовнаны жақсы көріп, ол да кітап оқығанда, ертек, әңгіме бастағанда маужырап ұйқыға шоматынын еске алдым. Қазақ киностудиясы түсірген «Қыз Жібек» фильмінде басты рөлде ойнаған актер Меруерт Өтекешованың 1986 жылы 23 сәуірде тосыннан жүздесіп қалғанымызда қасымда тұрған Динарама: «Бақытты бол!» деп қолтаңбасын бергені, оны мен көзімнің қарашығындай сақтап, Италиядан қайтарда қызыма жеке суреттер альбомына жапсырып: «Болашақта ұлдарына айтуын өтіндім. Кинодағы Меруерттей айдай таза, күндей нұрлы қыз тапсаң атын саған қолтаңбасын берген актердің атымен ата?!» – деп өтіндім.

Қаланың әшекейлі дүкендерінің бірінде алматылық Елене Еругловаға жолығып, мән-жайды сұрағанымда, оның Виржиния деген қызы да орыс тілін оқытатын сыныпқа барады екен. Кейде алматылық таныстарына Виржинияға «Дружные ребята» газетін алдыратынын айтты. Еленаның тәуелсіз Қазақстанның Президенті, Қазақ елі мемлекетінің тұңғыш көсемі Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа деген ыстық сәлемін жолдап, тұйықтан жол тауып елін, жерін барша әлемге танытқан Елбасымызға ұзақ ғұмыр тіледі. Айтқандарын ұялы телефоныма түсіріп алдым.

Азия – Еуропа – Қазақстан және Италия десек, қос мәдениет пен екі әлемдегі әлеуметтік жағдайды көз алдымызға келтіреміз. Қазір біздің азаматтарымыз визамен барып-келіп, өздерінің ыңғайына сай жұмысқа орналасудың жолын тапқан. Мысалы, алматылық суретші қыз Фарида анасы, М.Әуезов атындағы Академиялық қазақдрама театрында қызмет атқаратын актер анасы Раушан Дәулетшинаның рұхсатымен Флоренцияда қалып, алдымен мейрамханада жеңіл-желпі жұмыстар атқарып, Италия тілін меңгерген соң мейрамхананың директорылығы қызметіне тағайындалған. Мұндағы жерлестеріміз бір-бірімен өзара ынтымақты, әрі бауырмалдығын айғақтағандай қонақ асын

беріп, қазақтың ән-күйлерін айтып, ақаршақар думан кешінің сәнін келтірді. Неше түрлі ұлттың қаны мидай араласқан ел болғандықтан шетінен өнерпаз, алғыр да іскер, әдетіне салты сай тез өркен жайған Қазақстанға ықылас-пейілдері жарқын, шетінен үйіріле кететін жандармен жүздестім!

Ертесінде Пьяцалле Микеладжело ескерткішінің көшірмесі Давидке қарап, адам еркіндігіне, жас балаша періште қалпына, денесіне қызықтым. Осы алаңнан Арно өзені бойын жағалаған қолөнер шеберлерінің, суретшілердің сатуға әкелген бұйымдарын көріп, жас кезімде Жаркент қаласында балалар үйіндегі тәрбиешім Ыбрайымжан Кішіковты еске түсірдім. Оның да өзіндік өнері: сурет салу және кішкентай фото аппаратымен тәртіпті, елгезек Шәкірттерін суретке түсіріп, асханадағы кіре беріс дәлізге іліп қоятыны, мектеп мұғалімдеріне көрсетіп: «осы балаға оң көзбен қараңыз!» деген өтініш тілегін еске түсірдім. Нағыз өнерге айналған фотограф сырын жетік білетіндерге бұл қазір табыс көзіне айналған. Алаңға келушілерге: «Қарашы, қандай әдемі шықтыңыз! Пұлын беріңіз! – дегені фотокамера – қас-қағым сәтті бейнелеу құралы екеніне сүйсіндім. Сондықтан, М.Горькийдің Италияның жастары туралы шығармасына моноспектакльше үндесіп кейіпкердің зайырлы қоғамдағы асқақ сезімнің сұлулығын негативке қалдырғандай суретке қиял-қанатын желпіндірген. Рафаэльдің Мадоннасы мен Леонардо да Винчидің әйгілі Джокондасын тамашалап, Флоренциядағы күндерім аяқталарда олардың футбол жарыстарында елінің намысын халықаралық кездесулердегі шаттығы мен жеңілістегі сәтсіздігін нағыз жанкүйерлерше ерекше сезініп, Алматыда өтетін ашық аспан астындағы теңбіл доп додасына асығып келемін.

«Гүлзарлардағы өсірілген алуан түсті айшықты гүл әбден суық түсіп, қазанның аяғына дейін құлпырып тұрса екен!», – деп тіледім.

Алматы – Ыстамбұл –
Флоренция – Алматы

АҚСАРАЙ АҒЫЗЫ

Сахиб тура он екіде қақпаны жабады...

Тұла бойым дір етіп, оянып кеттім. Сағат екіні соққан екен. Бозғылт сүттей кілкілдеген сағымда ақмәрмәрлі Тәж-Махал ғажайып бір сиқырлы елес секілді болып көрінеді. Сауырағаш бұтақтары арасынан жұпаргүл тәрізді он екінші туған ай жұмбақты түрде жымияды.

Енді, қазір, қақпаның бәрі жабылып қалған шығар, оларды таң атқанша ашпайды ғой деп ойладым, мен. Көңілім бұлдыр тұман, біртүрлі құлазып қалған, ал, құлағымнан қатты ескерткен күзетшінің үні әлі де кетер емес.

Күні ұзақ Агра шаһарын аралап қызықтаудан қолым тимеді, жарық ай сәулесіне шомылған Тәж-Махалды армансыз бір көру үшін бұ жаққа кешірек, түнделетіп барып келдім. Менің қиялым айтуға тіл жетпейтін түпсіз тұңғиық сезімге малтығып қалды да, ай нұрынан құрылған таңғажайып бір үлгілдеген нәзік өрмекке шырмалып, қалың түнде ұйықтап кеткенімді өзім де байқамаппын. Оянып көзімді ашқанда, сағат екіні соқты.

Мен тағы Тәж-Махалға, оның сұңғақ мұнараларына көз тастадым. Осынау сарқылмас қазына тек менің ғана билігімде, әбден толысып жетілген, осы бір сырлы дүние жалғыз маған ғана тиесілі деген ойдан ет жүрегім шым етіп, елжіреп сала берді.

Мен одан көз жазбай ұзақ қарадым. Осынау сөнбес сұлулықты барлап, мәңгі отыра бергім келді. Тәж-Махал алдындағы тоғам фонтандарының, шапшыма атқын-ағындары жарқ-жүркі етіп, аялы ай сәулесін де тұсап тастағысы келетін тәрізді, со мезет мен жарық пен көлеңкенің құбылмалы ойынынан жаңа бірденені байқадым. Сол арадан беймәлім бір елес ың-шыңсыз ағып өткендей болды.

Таң салқыны мені тұман тілімен бір жаппап қалды. Денем тоңазып, түршігіп кеттім. Тосын шайқалыстан басым тақтатасқа тиді. Тәж-Махал ішінен, әріден басқан аяқтың

тысыры естілді, ол бірте-бірте жақындай түсті. Тоғам бетіндегі фонтандар көлеңкесі дір етіп, сауырағаштардың қою бүрлі бұтақтары теңселіп кетті де, таңғажайып сарайдың есігі жайлап ашыла берді. Мен көзім бақырайып, сілейіп қатып қалдым.

Есіктен ұзын бойлы біреудің сұлбасы көрінді. Өлгі кісі сыртқа шығып тоқтады да, бұрылып сарайға қарады. **Мұнара көлеңкесінен оның ұзын тік мұрыны, селдір сақалы мен иығына құлап жатқан толқынды бұйра шашы күңгірт көрінеді. Үйіріле соққан жел оның шекпенінің етегін жалп еткізіп көтеріп түсірді, бір сәт күмістелген кебісінің сүйір тұмсығы жылт етті.** Тағы да үн-түнсіз, қимыл-қыбырсыз тыныштық орнады. Тек сауырағаш бұтақтары ғана әлсіз теңселіп тұрды. Кенет қолым дір етіп, жазылып кетті де, қара ағаш таяғым жылжып, тақтатастар үстіне түсті. Тырс еткен дыбыс тылсым түн тыныштығын найсап тасырлықпен бұзып жіберді. Ол жалт бұрылып:

– Кімсің, кәне? – деді.

Мен ештеңені көрмесем де, оның өзіме қарап тұрғанын сездім.

– Жолаушымын.

– Жолаушы? Сені осындай беймезгіл уақытта мұнда әкелген нендей шаруа?

Жауап бола қоймаған соң, ол қайтадан Тәж-Махалға қарай бастады. Бұ жолы ай сәулесі оның эппақ шөлмектей қатал жүзін ап-анық көрсетті, кенет менің кеудемді бұған қорқыныш із-түзсіз ғайып болды.

– Мен ай нұрына шомылған таңғажайып Тәж-Махал көркіне көзім тоймай таңырқап, тамсанып тұрып, елеусіз ұйықтап кетсем керек. Күзетшілер, тегі, мені байқамай қалған секілді. Ұйқыдан оянып кетіп қарасам, күллі қақпалар жабылып қалыпты. Сөйтіп, лажсыздан осында қалдым, – дедім мән-жайды түсіндіріп.

– Қорықпай-ақ қой! Мен саған сендім. Мен өзіңді осы арадан көргеніме, тіпті, қуанып та тұрмын. Сен секілді жолаушыны бұл маңнан көптен бері көрмеп едім, – деді ол.



Тәж-Махал

Оның мейірімді үні, сүйкімді сөзі мені бір түрлі сиқырлап тастағандай болды.

– Тәж-Махал саған ұнады ма?

– Ұнағанда қандай! Оған қанша қарасаң да көз тоймайды. Қарай бергің келеді де тұрады.

– Мұның дұрыс. Ендеше, Тәж-Махалға қараған кезінде нені ойлайсың, көз алдында қандай сурет пайда болады? – деді ол маған.

– Мен ол туралы айта алар ма екем? – дедім абыржып. Осынау теңдесі жоқ сұлулық пен бұрын ешқашан да болмаған махаббат тарихын қалай сыпаттарсың? Мен Тәж-Махалға қараған сайын ажал тұзағына түсіп, жантәсілім етіп жатса да, қасиетті махаббат шуағынан ақша жүзі нұрланып жатқан Арзуман-Бануды²¹ көремін. Арудың мұң-шер мен арпалысқа толы жанары мені өртеп жібергендей болады. Өзінің шексіз де адал махаббатының құдыретті қуаты мен көз жасынан сәулет өнерінің мынадай өлмейтін де өшпейтін жауһарын жасаған император Шаһ-Жаһанды есіме аламын. Лайымда, оның, ұлы патшаның даңқы арта берсін...

– Демек, сен тек Шаһ-Жаһанды, оның Арзуман-Бануға деген сүйіспеншілігін ғана еске алады екенсің ғой, солай ма?

Оның келемеждей айтқан сөзіне кәдімгідей шамданып қалдым.

– Мұның өзі басқаша болғаны ма, сонда? Тәж-Махалдың ұлы махаббаттың символы екенін күллі әлем біледі емес пе?

– Әлемде ес бар ма...Сіздер Тәж-Махалға қарайсыздардағы, падиша мен оның құмар-құштарлығын еске аласыз. Ал, сіздер осынау ертегідей сарайдың

бүткіл бейнесін жүрегінің тереңінде аялап ардақ тұтқан бір бейкүнә жан жайлы, өзінің ыстық көз жасымен оның түрпішінін құйғаны жайлы, оның ғұмыры мен тынысы сол сұлу сарайдың жалынында жанып кеткенін ілуде бір болса да, ойлап көрдіңіздер ме? Жок! Сіздер, тіпті, оның атын да ұмытып қалдыңыздар. Иса, Иса шеберді! Сен әйтеуір бір кездері сол кісі туралы бірдеңе естідің бе?

– Иса шебер дейсіз бе?

– Иә, Иса. Әрбір бөлшегі ел-жұртқа қуаныш сыйлайтын осынау салтанатты сарайды өз қолымен тұрғызған жанның, мына, сен, тіпті, атын да білмейсің. Ол байғұс барша қозғалатын және қозғалмайтын дүниелер көркін асыл таспен мәңгілік етіп бейнелеп, тіпті, жанаргүлдің күлтесі мен бұлбұлдың нәзік тандайына дейін даралап, бедерлеп кеткен ғой. Сен оның аты-жөнін естіген жоқ па едің?

– Ол өзі кім болған? – дедім мен дауыстап.

– Табиғаттың сұлулығынан соқыр болып қалған есерсоқ сорлы еді бір. Иә, есерсоқ болатын.

Мен әліптің артын бағып үндемедім. Ол маған отыр деп белгі берді де сөзін сабақтай түсті.

– Иса, Түркістанда, даңқты құрылысшы-ісмерлер отбасында жалғанның жарығын көреді, құрылысшы кәсібіндегі асқан өнері үшін, жұрт оны жағалай жақсы көріп, зор құрметпен «Иса шебер» деп атаған кезде, ол әлі жиырманың беделіне де жетпеген еді. Бірақ, Исаның өзі болса, қолымен жасаған жұмысына – тас пен балшықтан қалайтын қарапайым үй-жайларды қанағат тұтып көрген емес. Оның кеудесінде уа, қайран дүние, сеңгір таудың текті тастарынан сұлулығына ел-жұрт қайран қалатын, қашықтан қарағанда, ауада қалқып тұратындай болып көрінетін таңғажайып сарай салсам деген бір арман маздап жатын. Күндердің бір күнінде ол түсінде Тәж-Махалды көрді. Шебердің көңіл-көкірегінде болашақ туындысының нобайы бірте-бірте баяулап жетіле берді. Енді, Иса содан басқа ештеңеге мойын

бұрмады, содан басқа ештеңені де ойламайтын болды. Жылдар зулап өтіп жатты. Ақырында салтанатты сарай бейнесі әбден пісіп жетілген кезде сағыныштан сарғайған шебер со заматта оның нобайын қағаз бетіне сызып түсірді. Бұл – Исаның бір бақытты күні еді.

Ол үлкен үмітпен өз елінің сұлтанына қарай жол тартты. Сұлтан атақты шеберді ынта–ықыласпен қарсы алды, Исаның аңсай күткен арманы жөніндегі хикаясын оң қабағымен тыңдады, бірақ сол сарайды салу үшін қанша ақша тұратынын есептей келе, ұялғанынан ұнжырғасы түсіп кетті; бұған оның әл-дәрмені жетпейтін еді.

Бұ жолы меселі қайтса да, Иса көп торығып, күйректікке салынбады. Ол өзге жерлердегі аса бай, құдыретті елдер жайын есітіп, со жаққа жол салғанды жөн көрді. Иса Иран еліне келді, аяулы арманын кемеліне келтіріп, келістіре айтып, самал сарай суретін көрсетіп, Иран Шаһының көз жауын алды, бірақ, оны бұл арада да бедірейме сәтсіздік күтіп тұр екен. Сол сапарында талай Шаһтар, патшалар мен сұлтандар алдынан өтті, бірақ, олардың бірде-біріне Құдай тағала сол арманды жүзеге асыруды жазбаған болып шықты.

Хош, сонымен бір күні Исаның құлағына Хиндустанның ертек–аңыздардағыдай сарқылмас қазынасы туралы хабар жетеді, бір өлең-жырдан көркем өнердің жомарт қолдаушысы, кең пейілді Шаһ-Жаһан жайын есітіп біледі, біледі де, өшкен үміті қайта жанып, ат басын Делиге қарай бұрады. Бірақ, Шаһ-Жаһан астанада жоқ екен. Осыдан сәл ғана бұрын падишаның ең сүйікті әйелі Арзуман-Бану ақырғы сапарға аттанған екен. Шаһ-Жаһан сол Аграда қалып, қамығып, зарығумен күн-түнін өткізіп жатқанға ұқсайды. Тек өткен өмір естеліктерін дәтке қуат санаған бекзат ғұмыры біртіндеп сөніп бара жатса керек. Бұ хабар Исаны алып соқты да, ол сары уайымға салынды.

Алайда, көп ұзамай шеберге Шаһ-Жаһанның өз махаббатын мәңгі есте қалдыру ниетімен ғашық әйелінің мүрдесіне салтанатты сәулетті мазар сал-

дырғысы келетіні жөніндегі хабар да жетті. Өзінің айдай арманы кісі қасіретіне қызмет етіп, мәңгілік мұң-шердің қайғылы ескерткіші болып қалады-ау деген бір кермек ой оның жанын жегідей жей бастады. Бірақ, ол өзі көрген ғажайып түсті тек Шаһ-Жаһан ғана анық шындыққа айналдыра алатынын жақсы білетін, сол себепті де бұлқыныстағы бұла жүрегін тізгіндеп, падишаның құзырына көріну үшін жолға шықты.

Исаның сөзін ықыласпен тыңдаған Шаһ-Жаһанның жауабы әзір екен:

– Сен маған алыс жерден үлкен үміт артып келген екенсің. Аһ, қайран дүние-ай, қайғының қаратасы құлап түспесе етті, мен бейбаққа!.. Енді маған сәулетті сарай емес, қайғының қытымыр ғимараты керек. Бұ пәнидің ешбір сәулетші құрылыскері менің тілегімді жүзеге асыра алмай ма деп қорқамын. Жүр кәне, ер соңымнан. – Шаһ-Жаһан оны мекен-жайына ертіп келді.

– Міне, қара мыналарды, – деп падиша Исаға алыста жатқан жұрттардан келген шеберлердің алуан түрлі сызықтарын көрсетті. – Сенің ойың мыналардан да асып түсе ме?

– Иә, – деді Иса зор сеніммен.

Шебер алақанын сарт еткізіп еді, дәйекшісі жетіп келді. Иесінің жарлығын естісімен, ол зып етіп шығып кетті де, төрт жібекпен бүркелген бір үлкен патнасты әкеліп қойды. Иса бүркеуішті бір сілкіп сыпырып тастап еді, падишаның көз алдына таңғажайып сарайдың саздан мүсінделген бейнесі шыға келді. Иса именіңкіреп, Шаһ-Жаһанға қарап еді, ол үн қатпады. Таңғажайып туындыдан көзін алмай, тесіле қарап тұрып қалыпты. Әне, оның көзінен жас көрінді де, булығып жылап тұрып:

– Бану! О, Бануым менің... – деп сыбырлады. Сосын Шаһ-Жаһан көз жасын сүртіп, Исаны құшақтап тұрып: – О, Иса, бұл менің арнам. Сен ұлағатты шеберсің! – деді.

Мұндай марапатты Иса сан рет есіткен! Осындай сөзден кейін оның үміт-сенімі талай рет күйреген. Тағы да торығып қалмасам болғаны деп қорыққан жігіт:

– О, ШаһинШаһ! Мендей әдепсізді шын сөзіме бола жазалап жүрмеңіз. Осынау арманға хисапсыз көп байлық қажет. Бәлкім, сіздің күллі қазынаңызды сарп ететін шығар.

– Сененді оны ойлап мазасыздануыңды қой. Бұл – менің қам-қарекетім. Осы бір түсім қашан өңіме айналғанша, енді, менің жаным сірә да бір тыным таппайтын шығар.

Сол түні Иса тұңғыш рет алаңсыз ұйықтады. Ол бірақ, осы бір түн өз ғұмырындағы ең соңғы бақытты ұйқысы екенін білмейтін еді.

Келесі күні Иса падишаға қайтадан тағы келді. Ол Тәж-Махалдың шағын нұсқасына сүйсіне қарап отыр екен. Иса келіп отырғаннан кейін, Шаһ-Жаһан бұдан:

– Иса, мен сенің көкейіңдегі арманыңды іске асыруға келіскеніме қуандың ба? – деп сұрады.

– О, ШаһинШаһ! Мен өзіме енді бұ пәниде бекер ғұмыр кешпеген екенмін дей аламын. Сізге шексіз алғысымды қалай білдірсем екен? – Иса! Мен Моғолдардың бар қазынасын жұмсаудан тайынбаймын, бірақ, осы сарай әлемдегі толысып жетілген ең сұлу, ел-жұрт таңырқап, таңдайын қағатын ең ғажайып сарай болуға тиіс. Лайымда, ол, Арзуман-Банудың өзі сияқты, айдай сұлу арусарай болғай-ды.

– О, тыныштықтың панасы! Мен оған өнерімнің, ісмерлік шеберлігімнің бәрін де саламын да, сенің тілеу-қалауыңды толығынан орындаймын.

– Орындайсың ба? – деді Исаға Шаһ-Жаһан, оған шаншыла қарап. Тіпті, құрбандыққа бару қаупі төнсе де ме?

– Уа, билеушім, мен со бір арманым үшін үй-жайымды, отбасымды, отанымды құрбан еттім ғой. Менің тағы нем қалып еді?

– Ана қолдарың ше?

– Менің қолым? – деп дауыстап жіберді шебер.

– Иә. Сенің қолың бар, – деді падиша қатуланып. – Сен Тәж-Махалды салып болғаннан кейін, қолыңды шауып тастайды. Соған риза боласың ба?

– Ол кімге керек, әміршім?

– Иса! Ол сарай Арзуман-Банудың жәдігері. Ол күллі әлемдегі ең ғажайып туынды болуға тиіс және сұлулығы жағынан ештеңе, ешқашан да онымен бәсеке-жарысқа түсе алмауы керек. Ойлан, Иса! Сен өз қолыңмен қоштасатын боласың әлі.

Иса пәлен күн бойы көп ойланып, көп толғанды. Көкірегіндегі таңғажайып қиялын өмір шындығына айналдыратын қолынан айрылатынын ойлаудың өзі жан төзгісіз азап-тозақ болатын. Дегенмен, бұның бір білетіні: қолын аяса – арманы ажал жемі. **Ақырында шебердің жұлдызы оңынан туды!**

Енді, Иса көкейіндегі Тәж-Махал үшін Агранның түскей бетінен, Жамна өзенінің жағасынан көркіне көз тоймайтын сұлу жерді таңдап алды. Қымбат бағалы мәрмәрді Жайпұрдан тасыды, тау болып үйіліп қалған қалың тас ішінен ең тандаулы тұтас бөлшектерін – сарғыш шандырлы ақ мәрмәрді іріктеп-сұрыптап барып алатын болды. Жер-жиһанның әр-әр мүйісінен мыңдаған ісмер құрылысшылар жиналды. Күнді күн қуалап, жыл соңынан жылдар жылжып өткен сайын марғау мінез, мимырт қимылмен бір басқышқа ілесе екіншісі жасалып, Тәж-Махал еңсесін көтере берді.

Нұр сәулетті сарайды тұрғызуға тым ұзақ жиырма екі жылдың қажырлы да қайсар еңбегі қажет болды. Шикра мен Фатехпурдан шағылып алынған қызыл тастан ғимарат айналасының қоршаудуалы мен бас қақпаны қалайды. Ақыр соңында Тәж-Махалды падишаның өзі келіп көреді. Кәріліктен тізесі дірілдеп, аяғы әлсіреген ол осынау теңдесі жоқ сұлулықты көрген сәттен бастап, бойына соны бір күш-жігер қосылғандай болып сезінеді. Ол кестелі шымылдықты бір серпіп ашып, паланкиннен түсіп, Тәж-Махалға келіп кіреді. Сарайдың төрт қабырғасына түгелдей асыл тастар шашырата қадалыпты. Оның дәл ортасындағы тас төбешікке екі сағана тұрғызыпты: оның біреуі – Арзуман-Бануға қойылса, екіншісі – Шаһ-Жаһанның өзіне арналған. Арзуман-

ханымның қорымына асыл тастармен Құран Кәрімнің аяты бедерлене жазылыпты. Падиша тағы да қайғысына қамығып, жаралы жүрегі қансырап, тұншыға жылап жіберді. Жұрттың бәрі жым-жырт болып, бақытсыз билеушісіне мұнайып қарай берді. Сезім еркімен елжіреп кеткен падиша бойын жиып, көзін сүртті де сарайдан шығып кетіп қалды.

Шах-Жаһан бас қақпа алдына шығуы мұң екен, сол араға жиналған сан мың адам: «Шах-инШах жасасын! Падишаның даңқы артсын!» — деп үш мәрте қиқулап, дуылдасып жатты. Шах-Жаһан құрылысшылардың бәріне асқан жомарттықпен сый-сияпат жасады: әрбір жұмысшы қолына алтын сақина салса, әрбір шеберге асыл тастарды тарту етті. Ал, Исаны Шах-Жаһан айқара құшақтап:

— О, Иса! Мен саған нені тарту етем? Нені сыйлаймын. Одан да не тілейтініңді өзің-ақ айтшы, — деді тебіреніп.

— ШаһинШах, маған байлық та, бағландық та қажет емес, атақ, дәрежеден де аулақ жүрсем деймін. Маған — қолым ғана...

— Жоқ! Жоқ, Иса, жоқ! Оны сен сұрама, мен — естімедім.

— Мені аясаң еді, әміршім! — деді Иса қиылып. — Менің мына қолдарым енді қайтып Тәж-Махал тәрізді дүниені ешқашан да сала алмайды.

— Жоқ! — деді Шах-Жаһан даусын көтеріп. — Үніңді өшір, Иса. Менің тәуекел етер жайым жоқ. Тәж-Махал — Арзуман-Банудың ескерткіш мазары, мұнымен тепе-тең түсетін ештеңе болмауға тиіс. Сен қайғырма да қамықпа, Иса. Сен қолыңнан айрыласың, бірақ, ешқашан да ештеңеден мұқтаждық дегенді білмей өтесің. Сен менің сарайымда тұратын боласың, саған Жер-ананың ең ұлы шеберіне лайық құрмет пен қошемет көрсетіледі.

Исаның еңсесі түсіп кетті. Жанарынан жас парлады. Соған қарамастан Шах-Жаһан оған:

— Иса! Қолың шабылмай тұрғанда, сен тағы да жақсылап бір ойланшы алып, Тәж-Махалда жетілмей қалған

бірдеңе жоқ па екен, соны айтшы? — деді кекірейген күйі.

Иса басын әзер көтеріп, өзінің сүйікті перзентіне жаны ашығандай қамыға бір қарап шықты да:

— Мен бір нәрсені ұмытыппын. Рұқсат болса, соны өз қолыммен жасайын, — деді ол бәсен үнмен.

Шах-Жаһан басын изеді. Иса балғасын алып, сатымен жеделдетіп өрмелей жөнелді. Күмбезге жеткеннен кейін, ол бір қолымен оның төбесіндегі айорақтан ұстап, қолындағы балғамен, шеге қаққандайын бір жерді үш рет соқты. Сосын, ол бір сәт қимылсыз тұрып қалды да, төменде жиналған қалың нөпірге, өзін қалт етпей бақылап тұрған Шах-Жаһанға қарап, көзінің жасын сүртті. Со елге ол енді қазір төмен секіретіндей болып көрінді.

— Онда не істелмей қалған екен? — деді Шах-Жаһан.

— Күмбездің төбесінде жартыкеш айдың жанындағы бір тас сылқылдап тұр екен. Соны бекіттім.

Падиша жендетін шақырды. Иса ақырғы рет өз қолына абайлап қарады да, бар күшін бойына жинап, тасметін кейіппен дарағашқа барып қолын төседі. Жендет құлашын жазып бір сермеп, оның қолын шынтағына дейін шауып тастады.

Тәж-Махал алдындағы тоғам фонтандары атқылап қоя берді де, оның теңеуге тіл жетпейтін сұлулығы жайындағы атақ-даңқы жалғанның жарығына жайылып жүре берді.

Сыбырлап жаңбыр жауды. Оның бірерлай тамшысы күмбезден өтіп, Арзуман-Банудың зиратының үстіне тамыпты. Падиша дереу Исаны шақырды, анау жайсыз хабарды естісе де селт етпеді, сабырлы қалпын сақтады.

— Әміршім, — деді ол. — Сол бір соңғы күнде мен осындай жәйт болсын деп әдейі істегенмін.

— Дәтің қалай барды?! Падиша ашу-ызадан дірілдеп-қалшылдап кетті.

— Неге? Неліктен? — Иса қырылдап күлді де қойды. — Әлемнің асыраушысы ашуынды бас! Арзуман-Бануға деген

махаббатың сенің көкірек-көзінді соқыр етті. Сен өз махаббатыңды мәңгі есте қалдыру үшін Тәж-Махалды салдырдың. Бірақ, сенің сүйіспеншілігің қараниет-қарау махаббат болатын, сен мардамсыған менменсің, сол себепті де жер бетінде Тәж-Махалдан өткен таңғажайып ештеңе болмасын деп тіледің. Ал, сен сұлулықтың қатыгез қолда солатынын, дөрекі зорлыққа, қысымға төзбейтінін білесің бе? Мен бір Тәж-Махалдың жолына бәрін де құрбан қылдым, менің махаббатым риясыз пәктұғын. Тіпті, сол үшін қолымнан да айрылдым. Және ең ақырғы ісімді де Тәж-Махалға бола істедім.

– Тәж-Махалға бола?

– Иә, ШаһинШаһ. Сен бұл дүниеде қожайынсың. Ал, егер күні ертең табиғат сенің текірек-көкірегіңді басып тастағысы келетін болса, сен оған қарсы тұра алар ма едің. Тәж-Махалды қасқағымда тып-типыл сыпырып кететін қаптай соққан қара дауылға қарсы қалқан болар қауқарың бар ма? Оны әп-сәтте от-жалынды тілімен бір жалап жоқ қылатын найзағайға не істей алар едің? Тап сондай кезде мына шолақ қолыммен мен оны қайта сала алар ма едім? Соны ойлаған кездері зәре-құтым қалмады. Міне, мен оған бәле-мәтер мен бақытсыздықтан сақтайтын таңба-белгімді қойдым. Енді, бұдан былай жауынды күндері Арзуман-Банудың сағанасына тамшылар таматын болады, ол – менің аққан көз жасым. Мен жаратушы жан иемнен асылымды қорғай гөр деп жалынам, оған басым жерге тигенше тағзым етіп: «Менің сұдан тұнық туынымды мүсірке, күллі ғұмырымның арман-мұратын құрта көрме. Менің ыстық көз жасым – саған шалған мәңгілік құрбандығым. Менің Тәж-Махалымды сақта!» – деп мінәжат етемін.

Исаның нұрлы жүзін көз жасы айғыздады. Беті күйіп, іштей абыржып, Шаһ-Жиһан тұр сілейіп. Сол сәтте аспаннан тағы көкала бұлт сөгіліп, жаңбыр төгілді, Тәж-Махалдың күмбезінен

тағы да тамшы тамды. Бұл Исаның қан жылаған жүрегінің тамшылары еді.

Содан бері қарай да жаңбыр талай рет жауып, талай рет басылды. Қызыл қорғанда Шаһ-Жаһан семіп бара жатты. Қашан актық демі үзілгенше ол Арзуман-Банудың мазарынан көз жазбады. Падиша да о дүниелік болып, ғашық жарының жанынан жай тапты. Иса көз жұмғаннан кейін оған арнап, Жамнаның жағасынан мазар салды, бірақ, өзен буырқанып бір тасығанда, оны жуып кетті. Содан бері қарай Иса бейбақтың жаны жай таппай сергелдеңге түскен. Дауыл ысқыра соғып, найзағай жарқылдап жатқан көздері Тәж-Махал төңірегінде тентіреп жүреді. Күмбез саңлауынан жауын тамшылары тамады, ол Исаның:

– Шолақ қолды шебер байғұсты мүсірке! Дәрменсіз дәруішке кектенбе, оны мүсірке! – деп Тәңірге жалбарынатын мұң-зары. Тап сондай сәттерде дауыл толастайды да, Тәж-Махал бұрынғыдай жер-жиһанға ажар-көркін беріп, жайнап тұрады...

Өңгімеші сөзін үзді. Аз ғана үндемей қалды да, баяу, қоңыр үнмен қайта сөйлей бастады.

– Сен Исаның тарихын көңіліңе тоқып алдың ба? Тәж-Махал падишаның өшпес-өлмес махаббатының гимні емес, ол – Иса шебердің ұлы еңбегі мен құрбандығы жөніндегі қасиретті де қасиетті жыр... Енді, жөнел. Жолаушым. Таң ағарып келеді. Мен кеттім. – Ол кетіп қалды. – Тоқта! Сен бұл тарихты қайдан білесің? – деп айқайлады мен оған. Ол тек мойнын бұрып бір қарады да, жүрісін жылдамдата түсті. Менің тұла бойым түршігіп, селкілдеп кетті. Мен оның қолын көріп қалған едім оны шынтағына жеткізе шауып тастапты.

Аударған
Әбілмәжін ЖҰМАБАЕВ

²¹ Арзуман-Бану (1627–1658) – Ұлы Моголдар әулетінен тараған Шаһ-Жаһан патшаның әйелі, оның тағы бір есімі – Мұхтаз-и-Махал.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ЕСІМІ ЖАС ҰРПАҚТЫ ПАТРИОТТЫҚ РУХТА ТӘРБИЕЛЕУ ҚҰРАЛЫ

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін, осы тәуелсіздіктің тұрақтанып нығаюында экономикалық қуаттылық, саяси-әлеуметтік тұрақтылық сияқты көздермен бірге қазақстандықтардың патриоттық рухын қалыптастырып, дамыту мәселесі де басым бағыттар қатарында саналады. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев: «**Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін қалыптастыру – басты міндеттеріміздің бірі**», – деп айтқанындай, жас ұрпақтың бойында патриоттық рух қалыптастыру және дамыту аса өзектілікке ие болуда.

Отанды сүю, туған елге деген сүйіспеншілік – халқымыздың ежелден қаймағы бұзылмай келе жатқан тарихи дәстүрі, өмір ережесі. Көшпелі өмір салтын ұстанған қазақ халқының арғы-бергі тарихына көз салсақ, бір күнде, бір мезгілде ата ұранымен жиналып, топтастырылатын сарбаздар, негізінен, сыртқы жаудан қорғайтын, қорғану мақсатында ұрысқа шығатын, ал, соғыс біткен күні тарап кететін ерекшелік тән. **Тарихта қазақ халқының өзге елге басқыншылық соғыс жүргізгені болған емес. Ал, өз елі мен жерін қорғау жолында қазақ сарбаздарының көзсіз батырлығы мен қайталанбас ерлігін, Отанын жанындай сүйіп, көзінің қарашығындай қорғайтынын жаулардың өздері де мойындаған. Тіпті, Ұлы Отан соғысы кезіндегі қазақ жауынгерлерінің нағыз патриоттық ерлігі туралы көрнекті жазушы И. Эренбург өзінің 1942 жылы жарық көрген «Қазақтар» деген очеркінде бойлары 160 см төңірегіндегі қорқу дегенді білмейтін қазақ жігіттерінің қайсар ерліктері мен табандылығы фашистерге қатты үрей туғызатынын жаза келіп: «Бір фриц маған: – Бізге қарсы аса қорқынышты солдаттар тап болды – оларды ешқандай оқ та, от та тоқтата алмады, олар тура бізге қарсы жайпап кетерліктей жүгірді», – деді деп ерекше таңданып жазған еді.**

«Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» дейтін қазақ халқының ерлік рухы мен дәстүрі – елге деген сүйіспеншіліктің биік құндылық етіп санауында болса керек. Бұл тұрасында Елбасымыздың мына сөздері дәйекті ақиқат бола алады: **«Менің бабалары батыр, аналары дана халқым бар. Тағдырдың талай тауқыметін мойымай көтерген, өмірдің небір шыр-**

ғалан кезеңдерінде небір аласапырандарды басынан кешірген төзімді халқым бар... Талай жаудың меселін қайтарып, ел іргесін сөгілтпей, жерін жауға бермей, аман алып қалған батыр халқым бар». Елбасымыздың бұл тебіреністі сөздері қазақстандықтарды патриоттық рухқа шақырады. Патриотизм дегеніміз – әке-шешенді құрметтей білу; ауыл-аймағыңды ардақтай білу; өз ұлтыңды сүю, ана тіліңді ардақтау; өз халқыңның өткен жолын (тарихын) құрметтеп, оған тіл тигізбеу; өз отаныңды жаудан қорғау екендігін кезінде Бауыржан Момышұлы ұрпаққа өсиет етіп кеткен.

Елбасымыз отандастарымызды патриотизмнің қоғамдағы тұрақтылық кепілі екеніне баса назар аудара отырып, оның өзі жаңа қазақстандық патриотизм екенін атап айтты. **Қазақстандық патриотизм – кен, ауқымды ұғым. Ол Отанды сүюдің неден көрінетінін анықтайды. Атап айтқанда: қазақстандықтардың бірлігі, ынтымақтастығы, татулығы; ана тілді, төл мәдениетті, халықтық дәстүр-салтты, туған жерді сүю; өзгехалықтардың тіліне, мәдениетіне, дәстүр-салтына құрмет; құқықтық мәдениеттілік, сыбайластыққа, жемқорлыққа қарсы күрес, діни экстремизмдерге және түрлі қоғамға жат ағымдарға берілмеу, шынайы рухани-адамгершілік туын биік ұстау, экологиялық мәдениеттілік, экономикалық сауаттылық, төзімділік, өз бетінше өмір сүре білу, өз бетінше адал еңбек ету, өз бетінше шешім қабылдай білу, өз бетінше үздіксіз білім алу дағдыларын меңгеру, нарықтық қоғамның даму заңдылықтарын білу, бәсекеге қабілетті болу т.б.** Бұның бәрі де, түптеп келгенде – патриотизмнің құрамдас бөліктері. **«Патриотизм – Отанға, елге деген махаббат!», «Адам болу – қасиет, азамат болу – міндет, патриот болу – парыз»** деген Бауыржан Момышұлының сөздері бар.

Бауыржан Момышұлының өмірі – өнеге, жазған мұралары – патриоттық өсиет. **Бауыржан Момышұлының өнегелігі сол, ол – елі мен туған жерін нағыз сүйген, оған қашан да адал қызмет еткен, сын сағатта оны жан аямай қорғаған және қол бастап, жауды жеңуге ерен үлес қосқан ер.** Бауыржан Момышұлы өмір сүрген заман аяқас пен шайқасқа толы дүрбелең еді. Ұлы Отан соғысы тап болды. Соғыс – елдік пен ерлікке сын. **Бауыржан халқының ерлік, адамгершілік, әділдік рухымен өзі де қаруланды, сарбазда-**

рын да сол рухқа шақырды. Оның адалдығы азаматтығымен ұштасып жатты. «**Ар, намыс, адамгершілік, ақ ниет, адалдық – алдымызда темір қазықтай жарқырап, шөлдегенде сусын, қалжырағанда қайрат, шаршағанда шабыт, ашыққанда арымызға ақ малтадай азық, белімізге тірек, көңілімізге көрек, болдырғанда ұстап мінген төл атымыздай болды**», – деп жазды батыр-жазушы. Қазақ халқының жауынгерлік салт-дәстүрі, жаужүрек батырлығы мен ерлігі, қаһармандығы, қолбасшылық қабілет-дарыны, әскерлерді ерлік жасай білуге жұмылдыра білу қасиеті, шешендігі мен әмір ете білу құдіреті Бауыржанның қолбасшылық тұлғасында ерекше толымдықпен көрініс тапты.

Даңқты батыр Бауыржан Момышұлы өзінің «**Москва үшін шайқас**», «**Генерал Панфилов**», «**Қанмен жазылған кітап**» т. б. кітаптары арқылы ұрпақтарды отансүйгіштікке тәрбиелейтін бас тәрбиеші де бола алды. Оның «**Ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жұмылып қызмет ет**», «**Тәрбиелі адам – тәртіптің құлы, тәртіпті адам – елдің ұлы**», «**Отан үшін отқа түс – күймейсің!**» т. б. өсиеттері Отанды қастер тұтуға шақырады. Батыр Бауыржан жастарға адамгершілік пен ерлікті өсиет етіп, келешек ұрпақтың елін, Отанын, халқын шын сүйген ерлер болып қалыптасуын қалады. Атақты генерал И. В. Панфилов Бауыржан Момышұлының халқына, еліне адалдығын, шынайы отаншылдық сезімін құрметтеп, мақтан тұтып кетті. Орыс жазушысы Александр Бек соғыс кезінің өзінде-ақ «**Арпалыс**» («*Волоколамское шоссе*») романын жазып, патриотизмнің үлгісі ретінде Бауыржан Момышұлының мәңгі өлмес қаһармандық бейнесін жасады.

Халық батыры Бауыржанның тау тұлғасы оның 2010 жылы мерекеленген 100 жылды-

ғына орай жарияланған өзінің 30 томдық шығармаларында айқын танылса, ұлы Мұхтар Әуезовтың «**Намыс гвардиясы**» атты пьесасына, үлкен қаламгер Тахауи Ахтановтың Бәукеңнің Мәскеуді қорғаудағы ерлігіне арналған романына, Әзілхан Нұршайықовтың «**Ақиқат пен аңыз**» романына, белгілі жазушы, батырдың қандыкөйлек майдандас досы Дмитрий Снегиннің Бәукең туралы кітабына, т. б. көрнекті шығармаларға арқау болды.

Біздің Республикамыздың бүгіндері әлем таныған қуатты елге айналуы, әлемдегі дамыған елу елдің қатарына көтерілуі, ендігі жерде ең озық отыз ел сапына бағыт алған Даму Стратегиясының жүзеге асырылып жатқандығы, 2012 жылғы олимпиада ойындарында 200-дей елдің ішінде он екінші орыннан көрінуі, «**ЭКСПО – 2017**» әлемдік жаңа технологиялық көрменің Астана қаласында өткізілу құжын жеңіп алуы, өмір сапасының еселеп артуы, тағы басқадай табыстарымыз – ұлы патриотизмнің жемісі. Елбасымыздың «**Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ!**» атты Қазақстан халқына жаңа Жолдауында айқындалған Даму Стратегиясы – алдағы патриоттық рух салтанатының көзі, жеңістеріміздің кепілі! Н. Ә. Назарбаев: «**Отанға деген сүйіспеншілік – еліміздің келешегіне, оның кемел ұрпағына біздің аманат етер ең қасиетті өсиетіміз деп білейік. Отанын Бауыржан Момышұлындай сүюді өнеге етіп қалдырған басқа қаламгер жоқ**» – деп айтқандай, Бауыржан Момышұлының отаншылдығы патриоттық тәрбиеде баға жетпес құнды құрал болып табылады.

Зәріп САБЫР,
№ 225 қазақ орта мектебінің мұғалімі.
Қызылорда облысы,
Қазалы ауданы

ИСМАИЛИТТЕРДІҢ ОРТА АЗИЯҒА ТАРАЛУЫ

Орта Азия – Азияның ішкі аумағында орналасқан табиғат аймағы. Оның батысы мен солтүстік-батысында ТМД елдері (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан), солтүстігінде Моңғолия, Қытайдың солтүстік-батыс бөлігі орналасқан. Оңтүстік-батысы мен оңтүстігін Ауғанстан, Пәкстан, Үндістанның солтүстік бөліктері, орталығы мен шығысын Қытай алып жатыр.

Исмаилиттердің Орта Азия елдеріне таралуына байланысты сөз айтпас бұрын ол жайында қысқаша мағлұмат берген жөн. Смайыл Сейтбековтың «**Мәзһабтар тари-**

хы» атты еңбегінде Исмаилиттер ағымы жайында мынадай мәлімет берілген.

Исмаилиттер – шииттіктің асыра сілтеуші тармақтарының бірі. Ол Имамияның алтыншы имамы Жағфар әс-Садық (765ж.) қайтыс болғаннан кейін пайда болды. Яғни, имамия шиғасы жетінші имам ретінде Мұса әл-Казымды аталса, исмаилер Жағфар әс-Садықтың үлкен ұлы Исмаилды жетінші имам деп таныды. Жеті имамды қабылдайтындықтан оларды «жетішілдер» (сабғина) деп атайды. Исмаилдың ең жақын досы Әбул-Хаттаб (138-755) Исмаилия атымен шыққан ба-

тыни сектаның діни сенімдері мен жалған құрылымын қалыптастырған адам болып табылады.

Исмаилдың өлімінен кейін (774ж.) басына Абу ал-Хаттабты әкелді, одан кейін Мәймун әл-Қаддах пен балалары Абдуллаһқа пен Мұхаммедтің айналасына жиналған Исмаилдіктер жұмыс басына абу ал-Хаттабты әкелді. Одан кейін Мәймун әл-Қаддах пен баласы Абдуллаһтың билігі жүрді. Бұл адамдар көне Орта Шығыс діндері мен жаңа Эфлаттн (Платон) философиясына жүргізіп, батыни діни ұйымын құрған.

Құрылғаннан бастап 150 жыл бойы имамдары жасырын (ғайып) болған исмаилияны үгіт жүргізушілер басқарған. Олар Куфа, Йемен, Ирак және Солтүстік Африкада әрекет жасап, үгіт жүргізді. Бұл имамдар өз мазһабтарының көзқарастарын таратты. Бахрейндегі үгітшілер басқару істерін өз қолдарын алып, сол жерде Кармати мемлекетін құрды. Зұлымдық пен қысым басым болған бұл дүниеге әділдік орнататын құтқарушы (Мәһди) келетінін, оның залымдардан өш алатынына сенген адамдар саны көбейе түсті. Сол кездегі әкімшілік тәртіпке қауіпті болған Исмаилдік үгітшілер Йемен мен Солтүстік Африкада да жетістіктерге жетті.

1171 жылы айюбилер тарапынан жойылған фатимилер ұзақ уақыт Йемен, Мысыр, Сирия, Хиджаз және Солтүстік Африканың маңызды бөлігін өз қолдарында ұстады. Исмаилия әл-Мустансирдың халифалығы кезінде (1036—1094) Низари және Мұстами тобы болып екіге бөлінді [1/1086].

Осыған байланысты профессор Сабри Хизметлидің «Орта Азия түрік республикаларындағы ағымдар және миссионерлік» атты кітабында: «Алдымен имамия шигасы болған Хасан Саббах үгітшілердің жұмысының нәтижесінде Исмаилдік болды. Низардың имамдығына қолдау көрсетті. Көтерілісші және батыни пікірлерімен Ислам әлемінде батыни сенімдерді таратушы болды. Уақыт өте келе Йеменнен басқа аймақтардағы Исмаилдіктер де Низардың қасына барып, низарилік көптеген аймақта үстемдік етті.

Исмаилиттер басқарушысын «нағыз үгітші» деп атаған. Низари Исмаилдіктері қазіргі кезде дүниенің көптеген аймағына тараған. Үндістандағы Бохра деп аталатын батыни сеніміндегі топ бұлардың бір бөлігі болып табылады. Мұндай топ Хасан Саббах тарапынан Иранда да құрылды. Ол 1090 жылы Казбин маңайындағы Аламут қаласын басып алып, Иран Низари Исмаили мемлекетін құрған. Гашиш берілген қорғаушылар осы мемлекет көмегімен Исмаилдікті Ирак және Сирия мен қоса Анадолыда да таратуға тырысты. Уақыт өте

келе Ираннан Үндістан және Ауғанстанға келген Низари исмаилилігі 1840 жылы Ағхан I Әли-шаһпен Үндістанда жаңа кезең бастады. Аға Хан III сұлтан Мұхаммед-шаһ кезеңінде үлкен жеңіске жетіп, Аға-хан IV болған Кәрим-шаһ Әлидің басқаруымен қазірге дейін жеткен», – деген [3/856.]. Бұдан Исмаилиттер ағымы біздің заманымызға дейін келіп жеткендігіне көз жеткіздік. Исмаилиттер Орта Азияға алғаш қадам басуы Мұхаммед ибн Исмаилдың (158-197/775-813) Тәжікстанмен шекаралас Ферғана өңірінде паналағаны жайлы деректер бар. Ол кезде Ферғананың гүлденген шағы, «Түркістан қақпасы» деген атауымен танымал болатын. Ал, қазіргі таңда бұл жер Өзбекстан мен Тәжікстан аймағында жатыр. Кейіннен Орта Азияның таулы аймағы Бадахшандағы Памирге қоныс аударғандығы жайлы деректер табылды [5].

Исмаилиттер Орта Азияда елдерінің бірі Ферғана қаласынан бастау алып Тәжікстандағы Таулы аумақ Бадахшандағы Памирде тамыр жаяды. Демек, 1256 жылы Низариттік исмаилиттер мемлекеттің құлауы ирандық исмаилиттердің ортағасырлық тарихының жаңа кезеңінің басталғандығын білдіреді. Бұдан әрі олар өз саяси ықпалын жоғалтып, тек Персия, Ауғанстан және Орта Азиядағы діни азшылық қауымды құрады. Бұл қауымдардың Аламут кезеңінен кейінгі екі ғасыр тарихы толық мәлім емес.

Моңғолдардың Персияға шапқыншылығы нәтижесінде низариттер құлдырауға ұшырап, басылып тасталды. Нәтижесінде Рудбар мен Кухистанда олар толық жойылды. Моңғол шапқыншылығынан аман қалған низариттер Ауғанстан мен Бадахшан және Синд аудандарына қоныс аударды. Көптеген низариттік қауымдар алыс аймақтарда қалып, бір-бірімен байланыстарын үзіп алды. Олар ассимиляцияға ұшырап, саны жағынан өзінен көп басқа конфессияларға қосылып кетті. Низариттердің Аламутта болған орталығы басқарусыз қалды. Аламут құлағаннан кейінгі екі ғасырда низариттер Персия, Ауғанстан, Бадахшан, Сирия және Үндістанда жергілікті даилардың басқаруымен жеке-жеке дамыды.

Низариттік діндарлардың бір тобы Рукн ад-Дин Хуршахтың кіші ұлы исмаилиттік имаматтың мұрагері Шамс ад-Дин Мұхаммедті аман алып қалды. Оны Әзірбайжанға алып кеткенге ұқсайды. Ол өмірінің соңына дейін сонда болып, өзін тігінші ретінде көрсеткен. XV ғасырдың екінші жартысына дейін жиырма сегізінші имам Шамс ад-Дин Мұхаммедтің Персиядағы мұрагерлері туралы ешқандай мәлімет жоқ. Шамс ад-Дин Мұхаммед шамамен 1310 жылы қайтыс болған. Оның мұрагерлері туралы дау низариттердің имамдар

тізбегін екі топқа бөліп жіберді. Олар кейіннен мұхаммадшахи және қасымшахи деген аттармен белгілі болды. Дайлам мен Бадахшанда көптеген жақтастары болған мұхаммадшахи тізбегі 1786 жылдан үзіліп қалды. Қасымшахи тізбегі әлі күнге дейін сақталған. XIX ғасырдың басында осы тізбек имамдары «Аға-хан» атағымен әйгілі болды.

Орталық Персияда орналасқан Кум мен Махаллатқа жақын аймақтағы Анджудан елді мекенінде қасымшахи тізбегіндегі низариттік имамдар ғайыптан қайта пайда болды. Бұл Аламуттан кейінгі низариттік исмаилиттердің қайта жандануына әсер етті. Имам әл-Мустансир биллах осы тізбектің бірінші имамы болды. Ол Анджуданда орын тепті [6/1756.].

Қазіргі исмаилиттер қауымы имамының бас пәтері Женева қаласында орналасқан. Исмаилиттердің қырық тоғызыншы имамы ұлы мәртебелі Кәрім әл-Хусейн Аға Хан VI 1967 жылы құрылған өзінің қайырымдылық қоры арқылы исмаилиттер қауымының гүлденіп дамуына жағдай жасап, олар көп орналасқан аймақтарды қамқорлыққа алып отыр [7/36.].

Қазақстанда шииттік исламды Әзербайжан ұлтының өкілдері ұстанады. Алматы қаласы бойынша бір шииттік мешіт қызмет етеді. Соңғы уақыттарда республика көлемінде шииттік әдебиеттер жарық көруде. Бұл іс-шаралар көбіне сол елде білім алып келген студенттер мен Иран Ислам Республикасы Елшілігінің Алматы қаласындағы Мәдени орталығы арқылы жүзеге асуда. Дегенмен, исламдағы бұл бағыттың даму қарқыны жоғары емес. [2/67бет].

Сондай-ақ, аталмыш ағымдардың Орта Азиядағы түркі тілдес республикаларда басқару органдары, кооперативтері, білім беру ұйымдары, баспасөз органдары және қорлары арқылы жұмыстарын белсенді түрде жүзеге асыруда. Олардың қомақты қаржылық күштері болғандықтан, бұл елдерде осыған асқан қызығушылық танытуда және адамдарымен оп-оңай қарым-қатынас құрып, өздерінің көзқарастары мен ағымдарын таратуда. Аға хан тарапынан ұсынылып отырған исмаилиліктердің ең ірі саяси қолдаушысы Англия болып табылады. [3/67бет]

Қазіргі таңда Исмаилиттер көсемдері Орта Азия елдеріне толық кіре қойғаны жоқ. Өйткені, тарих баяндаған Исмаилиттердің діни наным сенім негіздері әлемдік діндер өлшеміне сай емес. Алайда, оларды бұрмаланған секта ретінде қарастырған дұрыс. Өйткені, Исмаилиттер Тәжікстан, Қырғызстан және Қазақстан елдеріне жоғарғы оқу орнын құру мақсатында өткізілген дипломатиялық мемлекетаралық келісімдері сәтті аяқталғанымен дінтану

мамандары жан-жақты наразылықтарын білдіргендері жайлы бұқаралық ақпарат қызметтерінен көруге болады. Алайда, осы аталмыш елдермен қоса Ауғанстанды да қосуға болады. Ал, Өзбекстан, Әзірбайжан, Түркменстан елдері Исмаилиттер көсемі Аға Ханмен VI дипломатиялық кездесулермен ғана шектеледі. Ал, одан әрі қарым-қатынастары жалғаспағаны анық. Ендеше діни көсемі, имамы атанған Аға Хан VI туралы тоқтала кеткеніміз жөн болар. Аға Хан тілдік мағынасы парсы тілінде: **نارخا** – «қожайын» және «хан» сөзінен шыққан – исмаили-низарилердің діни қауымының көсемінің атадан балаға қалатын атағы. Иран шахы Аға Хан атағын өзінің күйеу баласы Мұхаммед пайғамбардың қызы Фатиманың ұрпағынан саналатын Керман әмірі (1800-1881) Әбул-Хасанға (Аға-хан I) берді. Бірақ, Аға-хан I-ші 1838 жылғы сәтсіздікке ұшыраған Ирандағы көтерілісті басқарғаннан соң Ауғанстан мен Синдке қашуға мәжбүр болды. Ол Ұлыбританияның көмегіне сүйеніп, Үндістанның Бомбей қаласында тұрақтады. Әбу ал-Хасанның немересі Сұлтан Мұхамед Шах, Аға-хан III (1877—1957) Үндістанның саяси өмірінде маңызды роль атқарды. Ол мұсылман халық пен Британ Үндістанның колониалды үкіметін қолдауына, әсіресе, Бүкіл үндістандық мұсылман лигасының басшысы болғаннан соң, қол жеткізуді мақсат етті. Ханзада Карим-шах (13 желтоқсан, 1936 жылы туған) — қазіргі Аға-хан IV өз қызметіне 1957 жылдың 11 шілдесінде 21 жасында енді. Ол Исмаилиттердің 49-шы имамы саналады, әрі Гарвард университетінің түлегі. Енді, оның қазіргі рухани көшбасшысы Кәрім Аға Ханға келетін болсақ ҚР-ның «Жас алаш» газетінің тілшісі Жанболат Мамайдың мақаласында: «Аға Хан IV – әлемдегі ең бай адамдардың бірі. Оның меншігінде ондаған қонақ үйлер, компаниялар, демалыс орындары бар. Аға Хан қорының жылдық табысы 300 – 500 миллион долларды құрайтыны жайында да айтылады. Ең қызығы, Аға Хан Батыс елдерінде білім алып, сонда тұрады. Оның діншілдігі де аса байқалмайды. Ол зайырлы дәстүрде өмір сүріп, Батыс мемлекеттерінің басшылығымен жақсы қарым-қатынаста. 1957 жылы Ұлыбритания патшайымы оған «ұлы мәртебелі» атағын берді», – деп жазған.

Сондай-ақ, Аға Хан IV бастаған Тәжікстан, Қырғызстан және Қазақстан елдерінде халықаралық Орталық Азия жоғарғы оқу орындарын ашу жоспары 2000 жылы бастауын алып, әлі күнге дейін жүзеге аспады. Өйткені, тарихтың куәлігімен бізге дейінгі мұсылмандардың ортақ бір сенім төңірегінде бас қосулары,


бұрмаланбаған таза сенімнің аркасында болғандығын көреміз. **Исмаилиттер – Шии́т ағымының** бір тармағы, жауыздығымен, лаңкестік әрекеттерімен Ислам тарихында өшпес із қалдырған, қаншама ғалымдар мен бейбіт тұрғындардың өміріне балта шапқан, адасушы зиянды ағым екендігінде күмән жоқ. Бұлар алғашқы кезде шын мәнінде «шиит» сөзіне лайық болатын. Шынында, олар Хазіреті Әлидің Хазіреті Пайғамбарға (с.а.с) ең жақын туысы әрі хақ халифа ретінде қолдаған еді. Олар мұсылмандар арасында бүлік шығармады, дінге дінде болмаған нәрселерді енгізбеді, тек тұрашылдықты ұстанды. Дегенменде, бертің келе Ислам дінін әлсірету, мұсылмандар арасында бүлік шығару үшін осы атты жамылып, өз мүдделеріне пайдаланған саяси топтар бой көтере бастады. Саяси топтағы арандатушылар әһлу бәйттің өшін аламыз деген жалған ұранмен халықты билікке айдап салып отырды. Кейбір саяси оқиғалардан кейін осы ұранды ұстанушылар саны артып, аяғы үлкен күшке айналды.

Қорыта келгенде Пайғамбарымыз (с.а.у.): «**Үмбетім бұқара көпшілік болып адасуда болмайды**», – дегеніндей өткенімізден тәлім ала отырып күніміздегі мұсылмандар арасындағы ауызбіршіліктің кепілі Құран мен сүннетке негізделген және ғалымдардың ғылыми зерттеулерінен туындаған дұрыс сенім екендігіне көз жеткізудеміз. Бір діннің, әсіресе, сенім мәселесінде сан алуан ағымдар мен тармақтарға бөлінуі еш уақытта жақсылыққа бастамаған. Діндегі дұрыс сенімнің және бағыттың қайсысы екендігін, байқап қарасақ тарихтың өзі көрсетіп отыр [8].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Смайыл Сейтбеков – Мәзһабтар тарихы, Алматы 2012.
2. Ғарифолла Е. Байтенова Н.Ж. – Қазақстандағы діндер, Алматы 2008.
3. Сабри Хизметли – Орта Азия түрік республикаларындағы ағымдар және миссионерлік, Алматы 2006.
4. Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2010.
Ismaili.NET - Heritage F.I.E.L.D. Исмаилизм арнайы сайты.
5. Фархад Дафтари. Краткая история исмаилизма. Москва, 1998г.
6. Куслий П. Ассасины у границ России. Статья. 2003г.
7. ҚазАқпарат баспасы. Марлен Жиенбай мақала. Астана 2012ж.

**Сералы ПАРМАНОВ,
Серік ТАДЖИБАЕВ**



**Сықақшы
Толымбек
ӘЛІМБЕК-
ҰЛЫНЫҢ
әзіл-оспақ
беті**

Толымбек ӘЛІМБЕКҰЛЫ

АҚЫРЗАМАН

Естуімізше ақырзаман болғанда
Онда тірлік оңған ба?!
Аспан айналып жерге түседі
Оның салмағы елге түседі.
Жер аспанға шықпайды,
Құлдилап барып көрге түседі.
Ауаның температурасы
Не көтерілмей, не төмендемей,
Нөлге түседі.
Мал адам болады да,
Адамдар мал болады.
Шалдар кемпір,
Кемпірлер шал болады.
Қыздар ұл болады да
Ал атпалдай ұл қыз болады.
Жұлдыздар әртіске айналып,
Әртістер жұлдыз болады.
Күндіз түнге ауысып,
Түн күндіз болады.
Ертеректе жұлдызды
Шалқадан жатып көретінбіз.
Мынау – сенікі, анау – менікі деп,
Тең бөлгендей бөлетінбіз.
Қазір соның бәрі
Ағып түсті ме, лағып түсті ме –
Жерде қаптап жүр.
Қол жетпейтін көктегі жұлдызды
Ел бүгінде аяғымен таптап жүр.
Оңға қарасаң да – жұлдыз,
Солға қарасаң да – жұлдыз,
Ойға барсаң да – жұлдыз,
Тойға барсаң да – жұлдыз,
Жатсаң да – жұлдыз,
Тұрсаң да – жұлдыз,

Көзінді ашсаң да, жұмсаң да – жұлдыз!
Қысқасы, жұлдыз, жұлдыз, жұлдыз!
Жұлдыздан аяқ сүрінеді,
Сонда біз қайда жүрміз?
«Жұлдыздар отбасы»,
«Жұлдыздар әлемі»,
О, құдайдың салған әлегі!
«Екі жұлдыз»,
«Жұлдызбен тілдесу»,
Тілдесе алмай мұң кешу,
«Жұлдыздар шақырады»,

ҚАЙРАН, БАСТЫҚ! (Кененше)

Келін кетті тілді алмай, керден басып,
Бауыр да жүр шіреніп, белден басып.
Оны көріп басқалар барды басып,
Кетіп жатыр шетінен елден қашып,
Қайран бастық!
Қыздар тілді алмайды шолжаң басып,
Күйеулер де кетті әне, талтандасып.
Әйелі де соларға ілесіп ап,
Қалар ма екен, ойпырмай, жанжалдасып,
Қайран бастық!
Ынтымағы сөгіліп, шетінеген,
Осылардың басталды шеті неден?
Тындағат алмай жүргенде жақындарды,
Депутаттар кетер ме бетіменен,
Қайран, бастық!

СЫНАҚ

Шәкірті, інісі Қанат Ескендіров журна-
листика факультетінің соңғы курсында
жүргенде бір сабақтан сынағын ала алмай
қалады. Ұстазы Мектептегі Аманқос екен. Ол
– Толымбектің курстасы. Қанат Төкеңе айта-
ды да екеуі университетке барады. Аманқос
табылмайды. Толымбек бір жапырақ қағазға
мынадай жолдарды түзеді:

Жоқ екенсің Мектептің Аманқосы,
Дос болып, шаруа айтқан жаман ба осы?
Қойып бер сынақшасын Ескендірдің
Інім де, шәкіртім де, балам да осы.
Аманқос сөзге келмей қойып беріпті.

ҚҰТТЫ БОЛСЫН АЙТЫҢЫЗ!

Толымбек Айгүл Иманбаеваның үйіне
барады. Есігінде құлып тұр. Айттың кезі
екен. Толымбек бір жапырақ қағазға мынадай
жолдарды түзеді:

Құтты болсын айтыңыз!
Қаңғырмай, үйге қайтыңыз.

Жұлдыздар аһ ұрады.
Жұлдыздар түшкіреді,
Жұлдыздар пысырады.
Жүйкем қолын аузына салып ысырады.
Не боп кетті?
Алқымдап, тақымдаған,
Осы ма ақырзаман? -
деп қабарып қайғым отыр.
– Ана бір жұлдызды қарашы!
– Кетші әрі!
Жүрегім айнып отыр!

АЙЛЫҚ

Ж.Елебеков атындағы республикалық
эстрада-цирк колледжінде сабақ беріп
жүрген Толымбектің бір айлығын директор
қысқартып тастайды. Себебі болса керек.
Келесі айда Наурыз келеді. Директордың
жаңа бұйрығы шығады. Онда «Наурыздың
сценарийін Толымбек Әлімбекұлы жа-
зады, бұйрықпен танысып, қол қойсын»
деген жерге Төкең қол қояды да мынадай
жолдарды артынан тіркейді.

Бұйрықпенен таныстым, айтарым бар:
Өткендегі айлықты қайтарыңдар!

Келесі айда кесілген айлығы түгелденіп,
қолына тиеді.

ҚҰТТЫҚТАУ

Жәркен Бөдешов Қазақмыстың бас
бәйгесін жеңіп алады. Қалтасына ко-
мақты ақша түседі. Толымбек бір шумак
құттықтау береді:

«Ақша жоқта жолығасың» деуші еңіз,
Бүгін енді түспесінші еңсеңіз.
Оразаның мезгілі ғой керемет
«Қой» демейміз жүлдеңізден бөлсеңіз.

БАЗАРДА

Базарда жүрген Толымбекке сатушы
қыздың бірі шаршап отырғанын айтады.

– Не болды бесіктен белің шықпай
жатып шаршайсың? – дейді Толымбек
ренжіп.

– Ой, ағай қартайдық қой, – дейді.

– Қыздың жасын сұрамаса да сұрайын,
қартайып, қаншаға келдің?

– Елуге! – дейді ол да шімірікпей.

– Сен елуге келсең, онда біз өлуге кеп
қалған шығармыз, – депті Толымбек.

СОДЕРЖАНИЕ

Жусипбек АЙМАУЫТОВ. Особенности характера казахов.

Жанабек ЖАКСЫГАЛИЕВ. «Любить казахскую историю - это и есть любовь к казахскому народу!».

Жания АБДИБЕК. Кому в мире выгодна исламофобия?

Амангелди АЙТАЛЫ. Исламский феномен и исламофобия.

Мнения пользователей социальной сети Facebook об исламофобии.

Бакытжан САТЕРШИНОВ. Исламофобия и стереотипы.

Сейлбек МУСАТАЕВ. Какая душа у казаха?

Серик ЕРГАЛИ. Казахская нация, род и генеалогическое древо.

Аманхат АЛИМУЛЫ. Национальная идея, Националистическое чувство и Национальное государство – это то, к чему мы должны стремиться.

Серик АБАС-ШАХ. Что бы мы сделали если нагрянет беда?

Мустафа ШОКАЙ. Восстание басмачей в Туркестане.

Жанат АЙМУХАМБЕТ. Художественно-эстетическая функция древнетюркского познания в современных казахских поэмах.

Бахтияр АЛПЫСБАЕВ. Роль ислама в казахском национальном мировоззрении.

Кыдыралы КОЙТАЙ. Врожденное человеческое достоинство не стареет.

Омирхан АБДИМАНУЛЫ. Всем учителям учитель.

Закир АСАБАЕВ. Он был не только знаменитым писателем, но еще был знаменит своими песнями.

Иглик АЙМЕН. Проза и прозаики.

Турсын ЕЛЕУСИЗУЛЫ. Правда и кривда об Италии.

Ранжит ДЕСАИ. Легенда Аксарая.

Зарип САБЫР. Имя Бауыржана Момышулы должно служить примером в воспитании нового поколения в духе патриотизма.

Сералы ПАРМАНОВ, Серик ТАДЖИБАЕВ. Распространение исмаилитов на территории Центральной Азии.

Сатирическая страница Толымбека АЛИМБЕККУЛЫ.

Содержание журнала на русском и английском языках.

CONTENT

Zhusipbek AYMAUYTOV. Features of Kazakhs' character.

Zhanabek ZHAKSYGALIYEV. "To love the Kazakh history is to love Kazakh people!"

Zhaniya ABDIBEK. Who benefits from Islamophobia in the world?

Amangeldi AITALY. Islamic phenomenon and Islamophobia.

Opinions of Facebook users on Islamophobia.

Bakytzhan SATERSHINOV. Islamophobia and stereotypes.

Seilbek MUSATAYEV. What kind of soul do Kazakhs have?

Serik ERGALI. Kazakh nation and genealogical tree.

Amankhan ALIMULY. National idea, National feeling and National State is what we need to have.

Serik ABAS-SHAN. What would we do if misfortunes come?

Mustapha SHOKAY. Basmachi movement in Turkestan.

Zhanat AYMUKHAMBET. Artistic and esthetic function of Old Turkic perception in modern Kazakh poems.

Bakhtiyar ALPYSBAYEV. Role of Islam in national world view of Kazakhs.

Kydyraly KOITAI. The congenital human dignity doesn't grow old.

Omirkhan ABDIMANULA. The teacher of teachers.

Zakir ASABAYEV. He not only was a well-known writer, but also was famous for his songs.

Iglik AYMEN. Prose and prose writers.

Tursyn ELEUSIZULY. The truth and falsehood about Italy.

Ranzhit DESAI. Legend of Aksaray.

Zarip SABYR. The name of Bauyrzhan Momyshuly has to be served as a fuleman in upbringing of new generation in the spirit of patriotism.

Seraly PARMANOV, Serik TADZHIBAYEV. Spread of Ismailis in the territory of Central Asia.

Satirical page of Tolymbek ALIMBEKULY.

Table of contents of the magazine in Russian and English languages.

Редакцияның мекен-жайы: 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй, 6-қабат.

Байланыс телефоны: 394-42-63. Факс: 8 (7272) 394-37-62. электронды адрес: akikat1921@mail.ru
www.akikatkaz.kz

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2006 жылғы 4 маусымда № 7347-Ж куәлігі берілген. Журнал айына 1 рет шығады.

Басуға 25. 10. 2014 ж. қол қойылды. Көлемі 70х108 1/16. Қағазы газеттік. Офсеттік басылым. Есептік б. т. – 10.15. Таралымы Тапсырыс ?

Журнал редакцияның компьютерлік орталығында теріліп-беттеліп, «Дәуір» ЖШС-нің Республикалық полиграфиялық баспа комплексінде басылып шықты. Мекен-жайы: Алматы қаласы, Гагарин даңғылы 93 а. Тел: 394-39-27, 394-39-24.

КОМПЬЮТЕРЛІК ОРТАЛЫҚ: Техникалық редактор – Гүлжан ОРАЗБАҚҚЫЗЫ, Корректор – Айгүл МАҚАТАЕВА, Компьютер операторы – Эльмира ЕРҒАЗИНА.

КЕЗЕКШІ РЕДАКТОР – Ораз ҚАУҒАБАЙ.

Мұқабаның бірінші бетінде:

Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, кері қайтармайды.

Журнал материалдары басқа басылымдарда көшіріліп басылса, «Ақиқатқа» сілтеме жасау міндетті.